


АШЫҚ
ПЕРСПЕКТИВАЛАР 2021

ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП





1

ГЛОССАРИЙ

стр. 3

2

HALYK BANK
ҚЫСҚАША ШОЛУ

стр. 5

3

БИЗНЕС-ҮЛГІ

стр. 8

4

ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІ
ТӨРАФАСЫНЫҢ СӨЗІ
стр. 11

5

БАСҚАРМА
ТӨРАЙЫМЫНЫҢ
СӨЗІ
стр. 15

6

ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІ

стр. 19

7

БАСҚАРМА

стр. 22

8

НЕГІЗГІ
ОҚИҒАЛАР

стр. 25

9

МАРАПАТТАР

стр. 30

10

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МАКРОЭКОНОМИКАСЫНА
ЖӘНЕ БАНКТІК
СЕКТОРЫНА ШОЛУ
стр. 32

11

ҚАРЖЫЛЫҚ
ҚЫЗМЕТТІҢ
НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ
стр. 37

12

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ
БАҒЫТТАРЫНА
ШОЛУ
стр. 40

13

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ
БАСҚАРУ

стр. 52

14

КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ ТУРАЛЫ
ЕСЕП
стр. 59

15

ӘЛЕУМЕТТІК
ЕСЕП

стр. 75

16

ЖАУАПҚЕРШІЛІК
ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

стр. 82

17

ДАМУ
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

стр. 84


18

2021 ЖЫЛҒЫ АУДИТТЕЛГЕН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК
(ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІН ҚОСА АЛҒАНДА),
2021 ЖЫЛҒЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
стр. 87

19

АКЦИОНЕРЛЕРГЕ
АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

стр. 190







ГЛОССАРИЙ

«Altyn Bank» АҚ	«Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd EB)
АЖЖОК	Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы
АЖ	Ақпараттық жүйе
АҚ	Ақпараттық қауіпсіздік
АПКОМ	Активтер мен пассивтерді басқару комитеті
АТ	Ақпараттық технологиялар
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ББ	Бөлшек бизнес
Бизнесің жол картасы-2025	«Бизнесің жол картасы-2025» кәсіпкерлікті қолдау мен бизнесті дамытудың бірыңғай бағдарламасы
«БЖЗҚ» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
БКК	Бас банктің Бөлшек кредиттік комитеті
«Даму» қоры	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банк
ЕКҚК	Есептік-кассалық қызмет көрсету
КАБҮ	Қазақстан Халық Банкінің кұмәнді және үмітсіз активтерді басқару жөніндегі «Халық Жоба» еншілес ұйымы» ЖШС, «Халық Актив» ЖШС, «Халық Актив 1» ЖШС, «КУСА Халық» ЖШС
КБ	Корпоративтік бизнec
ҚД	Банктің Коммерциялық дирекциясы
ҚҚЗ/ТҚ	Заңсыз жолмен алынған кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
ҚНРДА	Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
ҚОЖ	Қашықтықтан оқыту жүйесі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚРҮБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ОБ	Орта бизнec
ОПЕРБ	Операциялық басқарма

ОФ/ӨФ	Облыстық филиал / Өңірлік филиал
ҰКП	Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ҰҚ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Қоры
ФЖКК	Филиал желісінің кредиттік комитеті
ФКК	Филиалдың кредиттік комитеті
ФШКК	Облыстық/өңірлік филиалдың шағын кредиттік комитеті
Halyk Bank, Банк	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
«Halyk» тобы, Топ	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Компаниялар тобы
ШБ	Шағын бизнec
ШҚО	Шешімдерді қабылдау орталығы
ШОБ	Шағын және орта бизнec
ШОКС	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі
ІАД	Ішкі аудит департаменті
GDR	Global Depository Receipt / Жаһандық депозитарлық қолхат
KASE	Қазақстан қор биржасы





2

HALYK BANK
ҚЫСҚАША ШОЛУ



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН НЕГІЗДЕ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	31.12.2021		31.12.2020	
	млн теңге	млн АҚШ долл.*	млн теңге	млн АҚШ долл.*
Клиенттерге берілетін заемдар	5 872 228	13 604	4 446 275	10 563
Активтер жиынтығы	12 091 370	28 011	10 387 832	24 679
Клиенттердің қаражаты	8 473 407	19 629	7 455 977	17 714
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	499 812	1 158	778 192	1 849
Кредиттік мекемелердің қаржысы	1 071 642	2 483	300 727	714
Меншікті капитал жиынтығы	1 573 604	3 645	1 493 261	3 548

Көрсеткіш	2021		2020	
	млн теңге	млн АҚШ долл.**	млн теңге	млн АҚШ долл.**
Таза пайыздық кіріс	517 077	1 214	372 575	902
Қызметтер мен комиссиялар бойынша кіріс	138 389	325	124 121	301
Операциялық шығыстар (қаржылық емес активтердің құнсыздануынан шығындарды есепке алғанда)	(182 437)	(428)	(150 959)***	(366)
Таза кіріс	462 378	1 085	352 654	854

Көрсеткіш	2021	2020
Меншікті капиталға орта есеппен қайтарым	29,7%	25,5%
Активтерге орта есеппен қайтарым	4,2%	3,6%
Таза пайыздық маржа	5,2%	4,7%
Операциялық шығыстар/операциялық кірістер	24,6%	25,8%
Операциялық шығыстар/активтер	1,7%	1,5%
Негізгі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (CET)	19,3%	24,4%
Бірінші деңгейлі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті	19,3%	24,4%
Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті	19,9%	25,5%

Клиенттер/шоттар саны

Көрсеткіш	31.12.2021	31.12.2020
Бөлшек клиенттер (белсенді), мың	9 025	8 367
ЕКҚК-дағы ШОБ-тың белсенді клиенттері, мың	201,7	165,6
Корпоративтік клиенттер	3 034	2 858
Төлем карталары, мың дана	15 501	12 507
Бөлшек кредиттер, мың дана	1 640	1 037
Ипотекалық кредиттер, мың дана	29	33
Өзге тұтынушылық кепілді және кепілсіз кредиттер, мың дана	1 611	1 004
Интернет-банкингті пайдаланушылар саны, мың		
- жеке тұлғалар	7 999	6 187
- заңды тұлғалар	273	215

* Тиісті күнге ҚРҰБ ресми бағамы бойынша аударғанда.

** Тиісті кезең үшін ҚРҰБ орташа ресми бағамы бойынша аударғанда.

*** 2020 және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін есепті ұсыну нысанына сәйкес келтіру үшін өзгерістер енгізілді, өйткені ағымдағы жылдың есебін ұсыну нысаны Топтағы қаржылық нәтижелері туралы негізгі нақты түсінік берді. Қайта жетізу Банкі картондық операциялар бойынша клиенттерге бонустар есептейтін ниеттестік бағдарламасымен байланысты, олар өз кезегінде 15 ЖҚЕС (IFRS) сәйкес "түсімнің азаюы" ретінде, яғни көрсетілуі тиіс. Бұл жағдайда комиссиялық табыстың азаюы. Сондықтан, 2021 жылдың аяғынан бастап клиенттерге төленетін адалдық бағдарламасының бонустары қызметтер мен комиссиялардың кірістеріне қосылды. Барлық алдыңғы кезеңдер сәйкесінше қайта жеткізді.

ТАРАУ ЖЕЛІСІ

HALYK BANK	589 қызмет көрсету орны, оған қоса:
	- 24 облыстық және өңірлік филиал
	- 120 аудандық басқарма
	- 337 дербес сервис орталығы (ДСО)
	- 3 VIP-сервис орталығы
	- 52 банктік қызмет көрсету орталығы (БҚКО)
	- 20 есептік-кассалық бөлімше (ЕКБ)
	- 33 бизнес орталығы (ЗТ қызмет көрсету)
	4 526 банкомат
	148 351 POS-терминал
	970 төлем терминалы

«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ	18 филиал, 190 артық сауда орны
«Халық-Life» АҚ	18 филиал, 1 аумақтық кеңсе және 7 өкілдік
«Halyk Finance» АҚ	1 филиал
«Halyk Инкассация» ЖШС	19 филиал, 36 бөлімше
«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ	10 филиал, 12 жинақ қассасы, 17 көшпелі касса
«Халық Банк Грузия» АҚ	8 филиал
«Москоммерцбанк» КБ (АҚ)	2 филиал, 5 қосымша кеңсе
«Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ	2 филиал
«Tenge Bank» АҚБ	16 филиал (2 БҚО және 14 БСО), 6 әмбебап касса
«Қазтелепорт» АҚ	22 өңірлік басқарма
«Халық Жоба» ЖШС	Ресей Федерациясында 1 филиал
«КУСА Халық» ЖШС	Ресей Федерациясында 1 филиал

«Налук» Тобы қызметкерлерінің саны 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жұмыспен толық қамтылу баламасында 17 038 жұмыскерді құрады.


«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ-ТЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН ЖАЙ АКЦИЯЛАРЫНЫҢ (БҮДАН ӘРІ – АКЦИЯ) КЕМІНДЕ 5%-НЕ ИЕЛІК ЕТЕТІН «НАЛУК» ТОБЫНЫҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ 2022 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША МӘЛІМЕТТЕР¹

Атауы	Иеліктегі акциялардың жалпы саны, дана	Иеліктегі акциялар иналымдағы акциялардың %-і түрінде
Жарияланған акциялардың барлығы	25 000 000 000	-
«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ	7 583 538 228	69,6%
ЖДҚ ұстаушылары (ISIN: US46627J3023/US46627J2033)	3 119 831 600	28,6%
Басқалары	192 635 022	1,8%
Айналымдағы акциялардың барлығы	10 896 004 850	100%
Банк құнын өтеп сатып алған акциялар	(2 539 270 930)	-
Топ компаниялары ұстап тұрған акциялар	(12 269 002)	-
Орналастырылған акциялардың барлығы	13 447 544 782	-
Еркін айналымдағы акциялардың барлығы (KASE-нің листингтік ережелеріне сәйкес)	3 324 711 013	-
Акцияның нарықтық құны, теңге*	185,70	-
Жаһандық депозитарлық қолхаттардың (GDR) нарықтық құны, теңге / АҚШ доллары**	7 122,56 / 16,50	-

* KASE анықтайтын және KASE-нің интернет сайтында (www.kase.kz) жариялайтын, акцияның 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша нарықтық бағасы.
 ** Лондон қор биржасының (LSE) деректері бойынша 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Жаһандық депозитарлық қолхаттардың (GDR) нарықтық бағасы.
 1 Банктің жай акциялары 1998 жылы Қазақстан Қор Биржасының ресми тізіміне енгізілді. Банктің жай акциялары 2006 жылы Лондон Қор Биржасының ресми тізіміне жаһандық депозитарлық қолхаттар нысанында енгізілді. Банктің жай акциялары 2019 жылы Астана International Exchange ресми тізіміне енгізілді.

«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акцияларының бақылау пакетіне ие холдингтік компания болып табылады.


«НАЛУК» ТОБЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Осы жылдық есепті жариялау күніндегі жағдай бойынша:

- Halyk Bank-тің «Altyn Bank» (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ) АҚ-тың акционерлік капиталына қатысу үлесі 40%-ті құрайды;
- Halyk Bank-тің «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-ның капиталына қатысу үлесі 38,8%-ті құрайды.





3

БИЗНЕС-ҮЛГІ



3



БИЗНЕС-ҮЛГІ

ЖАҢА МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ СЕНІМДІ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ

- Макротәуекелдерге төзімді бизнес-үлгі (2008-2021 жж. RoAE және Cost-to-Income орташа мәні 20,8% және 30,1%);
- капиталдандырудың жоғарғы деңгейі: негізгі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (CET1) – 19,3%, бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (Tier 1 capital) – 19,3%, меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті (Total capital) – 19,9%;
- акционерлердің кірістілігін ұстап тұратын өтімділіктің жоғары деңгейі (2021 ж. үшін RoAE мәні 29,7%);
- өтімділіктің жоғары деңгейі: жалпы активтерге өтімді активтер – 36,9%, қолжетімді тұрақты қорландырудың талап етілетін тұрақты қорландыруға қатынасының коэффициенті (NSFR) – 1,60;
- қорландырудың жоғарғы сапалы базасы: кредиттер /депозиттер – 69,3%;
- екінші деңгейдегі банктер арасында қорландырудың ең төмен мөлшерлемелерінің бірі;
- депозиттер міндеттемелердің жалпы сомасының 80,6% құрайды, олардың 32,5% нәлдік немесе төмен мөлшерлемесі бар ағымдағы шоттарды білдіреді (нарықтағы ең жоғары көрсеткіш);
- төмен борыштық жүктеме – борыштық бағалы қағаздар міндеттемелердің жалпы сомасының 4,8% ғана құрайды. Банк 2021 жылы жоғары купондық мөлшерлеменен АҚШ долларымен номинацияланған еурооблигациялардың екі шығарылымын да толығымен төледі;
- тиімді тәуекел-менеджмент, активтер сапасын жақсарту мақсатында үздіксіз жұмыс: жұмыс істемейтін кредиттердің бір жылдағы үлесі (90 күндік және одан көп өткізілген мерзім бар) – 4,1%-тен 2,6%-ке төмендеді, резервтермен өтеу – 238,3% деңгейіне дейін ұлғайды; 3-кезең заемдарының үлесі 12,3%-тен 8,6%-ке дейін төмендеді, тәуекел құнының көрсеткіші 0,2%-ке дейін төмендеді;

- теңгерімді валюталық позиция – валюталық қарыздардың үлесі тарихи төмен деңгейде және қарыздардың жалпы сомасының тек 21,4%-ін құрайды;
- қосымша кірістілік қолдауын қамтамасыз ететін жоғары операциялық тиімділікті сақтау – 2021 жыл үшін операциялық шығыстардың операциялық кірістерге арақатынасының көрсеткіші 24,6% құрады;
- турбулентті 2008-2009 және 2015-2016 жылдары, сондай-ақ коронавирус пандемиясына байланысты дағдарыс кезінде Банкті сәтті басқарған өте тәжірибелі менеджмент тобы;
- операциялық ортаның жаһандық нашарлағанына қарамастан халықаралық рейтингтік агенттіктер растаған, шетелдік қатысусыз қазақстандық екінші деңгейдегі банктер арасындағы ең жоғары ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтер. Бұл ретте, Қазақстан тарихында алғаш рет Банктің рейтингтері тәуелсіз деңгейге дейін көтерілді:
 - Moody's Investor Services – Baa2 (рейтингтер қайта қаралуда, 2022 ж. 14 қаңтар);
 - Fitch Ratings – BBB- (тұрақты, 2021 ж. 13 сәуір);
 - Standard&Poor's – BB+ (тұрақты, 2022 ж. 26 қаңтар).

НАРЫҚТАҒЫ ҮСТЕМ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІК МАҢЫЗЫ ЖОҒАРЫ ЖЕТЕКШІ ӨҢІРЛІК ҚАРЖЫ ИНСТИТУТЫ

- Қазақстанда ірі клиенттік базасы мен сату арналарының желісі бар, Қазақстанның жетекші әмбебап қаржы тобы: бөлшек бизнестің 9,0 млн белсенді клиенті және корпоративтік блок пен ШОБ-тың белсенді 248 мың клиенті; Homebank бөлшек клиенттері үшін онлайн банкингтің 8 млн клиенті және Onlinebank КБ пен ШОБ клиенттері үшін онлайн банкингтің 273 мың клиенті; ірі филиал желісі – 589 қызмет көрсету нүктесі. 4 526 банкомат (нарықтағы үлесі – 36,4%), 148 351 POS-терминал (нарықтағы үлесі – 29%);
- Halyk Bank активтерінің көлемі (нарықтағы жиынтық үлесі 30,9%), меншікті капитал (34,1%), таза пайда (39,7%) көлемі бойынша Қазақстанда көшбасшы болып табылады; екінші деңгейдегі банктердің бөлшек депозиттер нарығында Halyk Bank үлесі 32,2%, екінші деңгейдегі банктер арасында заңды тұлғалардың депозиттері нарығында үлесі – 32,4%; брутто заемдары бойынша нарықтағы үлесі 30,8%, нетто заемдары бойынша – 31,1%, заңды тұлғаларға (КБ + ШОБ) кредит беру нарығында үлесі – 45%, бөлшек кредит беру нарығында үлесі – 18% құрайды;
- «Halyk» тобы активтердің көлемі бойынша ТМД-да жеке коммерциялық банктер арасында 3-ші орынға және таза пайданың мөлшері бойынша 2-ші орынға ие;
- елдің ірі процессингтік банкі: 2021 жылы 32 трлн. теңге сомасына бөлшек транзакция өткізілді;

- зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеу бойынша ең ірі төлем агенті – 2,5 млн клиент;
- пандемия аясында кәсіпкерлер мен тұрғындарды қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысушы – кәсіпкерлер мен тұрғындарды қолдау бойынша барлық мемлекеттік бағдарламаға (ШОБ жеңілдікпен кредит беру бағдарламасын қосқанда) қатысу.

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ ПРОГРЕСС

1. Цифрлық қызмет көрсету арналарын үздіксіз дамыту

- Homebank бөлшек бизнес клиенттері үшін Қазақстандағы көшбасшы интернет-банкинг платформалардың бірі болып табылады: 4,2 млн MAU (ай сайынғы белсенді пайдаланушылар) / 1,344 мың DAU (күнделікті белсенді пайдаланушылар) – жылдан жылға 61,5 %-ке өсім / жылдан жылға 69,4 %-ке өсім;
- КБ пен ШОБ клиенттері үшін Onlinebank – қосымшаның Веб+мобильді нұсқасында 156 мың MAU (жылдан жылға 83,5 %-ке өсім). 388 мың клиенттің жалпы базасынан онлайн банкингтің 273 мың клиенті.

2. Halyk Bank елімізде ең үлкен ашық экожүйені жасап шығарды және өз клиенттеріне алдыңғы қатарлы цифрлық өнімдерді ұсынады

- Цифрлық және экожүйелі банктік емес өнімдер мен сервистерді іске қосу:
 - Halyk Market Интернетте сауда жасау үшін технологиялық шешім – 70,051 млн теңге GMV (жылына 5 есе өсім), серіктестер саны - 673 (2020 жылдың соңында 23 серіктес) және 175 мың SKUs (2020 жылдың соңында 19 мың SKUs);
 - Halyk Invest инвестициялауға арналған қосымша - 44,4 мың жаңа клиент (жылына 4,2 есе өсім);
 - әуе-, т/ж билеттерін және қонақүйлерді онлайн брондау қызметтерін іздеуге, салыстыруға және сатып алуға арналған қосымша Halyk Travel – 52 мың билет (жылына 8,7 есе өсім);
 - Kino.kz пайдаланушылар ойын-сауықтың барлық түрлеріне билеттерді таба және ала алатын сервис - 1,6 млн MAU (2020 жылдың аяғында 1,2 млн MAU);
 - онлайн автосақтандыру – 2,095 млн теңге GMV (жылына 3,7 есе өсу).
- Homebank-те және Onlinebank-те клиенттерді онлайн-тіркеу;
- Жеке кәсіпкерлерге және бөлшек бизнес клиенттеріне арналған онлайн-қарыздар, бөлшек бизнес клиенттеріне арналған бөліп төлеу арқылы берілетін қарыздар;
- Онлайн мемлекеттік қызметтер (біржолғы зейнетақы төлемдері, АШҮҚ бағдарламасы, автокөлікті онлайн-сату және тіркеу, жүктілік және босану бойынша жәрдемақы және жеке кәсіпкерлерге арналған тіркеу).

3. Технологиялық платформа


- Деректер фабрикасын іске қосу;
- Таза операциялық кірісті (2021 ж. тамыздан бастап) 75 млрд теңгеге ұлғайту;
- Қосымшада айына 600 млн хабарлама;
- Айына ШОБ-қа арналған 5 млн push-хабарлама.


4. Цифрлық ұйымдастыру

- АТ мамандарының санын 1,8 есеге арттыру (2019 ж. бастан);
- 30% Agile командалары.

ҮЗДІК ESG ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ САҚТАУ

- 2021 жылы MSCI ESG Research Банк 2019 және 2020 жылдардағы есептерінде ESG ашылуын жақсартқаннан кейін Halyk Bank-тің ESG рейтингісін «В»-дан (төмен) «BB»-ға дейін (орташа) көтерді.
- Halyk Bank Қарағанды облысында қуаты 5 МВт биоэлектростанция құрылысына AIFC Green Finance Centre тәуелсіз бағаласымен расталған «жасыл» кредит берген Қазақстандағы бірінші екінші деңгейдегі банк болды.
- ESG қағидаттарын Банк стратегиясына енгізу.
- 2020 жылдан бастап Halyk Bank GRI халықаралық стандарттарына сәйкес Орнықты даму туралы есепті жариялайды, онда Банктің экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару саласындағы қызметінің негізгі аспектілері ашылады.





4

ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫНЫҢ
СӨЗІ

4



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫНЫҢ СӨЗІ



ҚҰРМЕТТІ АКЦИОНЕРЛЕР, КЛИЕНТТЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР!!

2021 жылы еліміз Тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өтті. Нарықтық даму жолын таңдап, салыстырмалы түрде аз тарихи кезеңде республика алға айтарлықтай серпіліс жасады, өз экономикасын құрды және дамытуда, тәуелсіз ақша-кредит саясатын жүргізуде. Қазақстан халықаралық аренада Орталық Азия елдерінің көшбасшысы ретінде лайықты беделге ие болды. Біз-посткеңестік кеңістіктегі ең үздік елдік рейтингке ие елміз.

Тәуелсіздік кезеңінде республиканың ЖІӨ 16 есе өсті, экономикаға тартылған инвестициялар көлемі шамамен 350 млрд АҚШ долларын құрады. Мыңдаған кәсіпорындар құрылды, жаңа өнімдердің жүздеген түрлері игерілді.

Коронавирустық инфекция пандемиясының жалғасуына және карантиндік шектеулердің сақталуына қарамастан, мемлекеттің экономикалық өсуді қолдау шараларын қабылдауының арқасында 2021 жылы отандық экономиканың 4% деңгейінде біртіндеп қалпына келуі байқалды. Оның үстіне қайта өңдеу өнеркәсібі, құрылыс саласы және қызмет көрсету саласы өсімнің негізгі драйверлеріне айналды.

Инфляциялық процестердің өсуін ескере отырып, Қазақстан Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатын қатаңдатуға барып, базалық мөлшерлемені 9,75%-ке дейін ұлғайтты, дегенмен, Қазақстанда жылдық инфляция 8,4%-ке дейін жеделдеді (2021 жылғы желтоқсан).

Өткен жыл «Halyk» тобының дамуындағы маңызды кезең болды. Дәстүрлі құндылықтарды сақтай отырып, инновацияларды дамытуға

және бизнесті цифрландыру саласындағы жаңа бастамаларға, біздің бірегей экожүйемізді дамытуға және жаңа әрі заманауи имиджді қалыптастыруға бағдарлана отырып, «Halyk» тобы компаниялары клиенттерімізді ең үздік өнімдермен және сервисінің жоғары деңгейімен қамтамасыз ету үшін бар күшін салды.

Halyk Bank жоғары технологиялық қаржы институты мен клиенттердің көпшілігі үшін бірінші таңдау Банкі, банк қызметтері нарығындағы негізгі ойыншы ретіндегі позициясын нығайтуды жалғастырды. Банк бейінді нарықтың барлық негізгі сегменттерінде көшбасшы орнын сақтап қалады, елдің ең ірі және сенімді қаржы институты атағын берік ұстап отыр. Бұл ретте жоғары рентабельділік, «Halyk» тобы үшін акционерлер мен клиенттердің мүдделеріне бағдарлану бизнестің жаңа бағыттарын дамыту үшін берік мықты қалыптастыра отырып, қаржы нарығында ең негізгі бағыт болып қала береді.

Карантиндік шектеулердің әлсіреуі аясында іскерлік және тұтынушылық белсенділіктің қалпына келуі, цифрлық сервистердің дамуы және бизнесті трансформациялаудың ауқымды бағдарламасы жеткілікті капиталдың қалыптасуына ықпал етті, соның арқасында Halyk Bank 2021 жылы акционерлерге дивидендтер төлеуге 211,6 млрд теңге мөлшеріндегі рекордтық соманы жіберді, бұл «Halyk» тобының 2020 жылғы қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза кірістердің 60%-ін құрады.

Halyk Bank корпоративтік басқару және ашықтық деңгейін арттыру бойынша кезекті қадам 2021 жылы ең үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау (өзін-өзі бағалау) жүргізу және оның нәтижелерін Halyk Bank акционерлерінің 2021 жылғы 23 сәуірде өткен жылдық жалпы жиналысы шеңберінде қарау болды.

Сондай-ақ есепті жылы «Halyk» тобының 2022-2024 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы әзірленіп, бекітілді, оның негізгі басымдығы клиенттерге қызмет көрсету деңгейі жоғары және сапалы өнімдер мен қызметтерді ұсынудың кешенді тәсілі бар сенімді, технологиялық, инновациялық экожүйені қалыптастыру болды.

Жаңа Стратегияның ажырамас бөлігі ESG күн тәртібін белсенді дамыту болды. Банктің орнықты даму стратегиясының барлық бағыттары экономика, қоғам және қоршаған орта арасындағы баланс сақтауды ескере отырып тұжырымдалған.

Halyk Bank Қазақстанның екінші деңгейдегі банктерінің арасында бірінші болып жасыл қаржыландыруды ұсынуға кірісті. 2021 жылдың соңында Банк «Kaz Green Energy» ЖШС-мен «жасыл» кредит беру туралы келісімге қол қойды. Компания Қарағанды облысында, Жезқазған қаласында АХҚО жасыл қаржы орталығының тәуелсіз бағасын алған, қуаты 5 МВт биоэлектр станциясын салу бойынша жобаны іске асыруда. Ал Алматыда орнықты туризмді дамыту жөніндегі әлеуметтік жоба аясында Банк 11 құтқару үйшігін, 18 күн батареясын және 1 пилотсыз ұшу аппаратын сатып алды.

Сонымен қатар ESG және орнықты даму мақсаттарын тиімді жүзеге асыру және оған қол жеткізу үшін Банк «Орнықты даму саласындағы саясатты», «Экологиялық саясатты», «Қауымдастық еркіндігін қолдау, ұжымдық келіссөздер жүргізу және жұмыс күшін әртарапандыру саясатын» әзірлеп, бекітті.

Halyk Bank-тің бизнес-бөлімшелерінде кері байланыс механизмдері белсенді пайдаланылады, олар клиенттеріміздің туындаған қажеттіліктерін қадағалап отырады, бұл халықтың әртүрлі топтарының сұраныстарын қанағаттандыруға бағытталған жаңа қызметтер мен өнімдерді тұрақты енгізуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Halyk Homebank мобильдік қосымшасында 2021 жылдан бастап автоматтық қайта ресімдеу, «Жәрдемақыларға арналған арнайы карта ашу», «Б3Т-ға арналған шот ашу» және басқа да пайдалы сервистер қолжетімді болды. ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Halyk Bank-пен бірлесіп жаңа сервисі іске асырды, оның көмегімен қазақстандықтар үйден шықпай-ақ ЖК тіркей алады.

2021 жылғы желтоқсанда Halyk Bank ресми түрде жаңа төлем сервисі – Google Pay-мен жұмыс істей бастады. Қызметтің басты ыңғайлығы – бұл байланыссыз төлемдерді бірден, тіпті интернетке қосылмай және қосымша қосымшаларды пайдаланбай-ақ жүргізуге мүмкіндік береді.

Капитал жеткіліктілігі мен өтімділігінің жоғары деңгейіне ие бола отырып, 2021 жылы Halyk Bank өз акцияларын сатып алу мәмілесі арқылы капиталдың тиімділігін арттыру туралы шешім қабылдады. Акцияларды, соның ішінде жаһандық депозитарлық қолхаттарды сатып алу туралы шешімді Директорлар кеңесі 2021 жылғы 2 желтоқсанда қабылдады. Мәміле нарықтық баға бойынша өтті – ол Директорлар кеңесінің шешімі күні - 2021 жылғы 2 желтоқсанда тіркелді. Барлық акционерлерге акцияларды тең талаптармен – қазақстандық және халықаралық нарықтарда сату туралы ұсыныс жасалды. Сатып алу 2021 жылдың 10 желтоқсанында өтті. Халықаралық және жергілікті акционерлер қатысты. Берілген өтімдердің пайызы Банктің сатып алуға ұсынған көлемінен асып түсті.

Halyk Bank финтехтің алдыңғы қатарлы технологияларын және өзінің экожүйесін белсенді дамытушы Қазақстанның банк секторының ірі қатысушы және көшбасшысы ретінде банк саласы үшін білікті кадр резервін дайындауға мүдделі. Осыған байланысты мемлекет пен бизнестің қазіргі сұраныстарын ескере отырып, Halyk Bank Halyk Academy стратегиялық және ұзақ мерзімді жобасы шеңберінде Қазақстанның үздік жоғары оқу орындарында IT-мамандықтары бойынша білім алып жатқан дарынды жастарды қолдауды жалғастырды. Halyk Academy бірлескен жобасына жетекші бейінді жоғары оқу орындары – Қазақстан-Британ техникалық университеті мен Халықаралық ақпараттық технологиялар университетіндегі практикалық оқу сабақтарына қатысатын Банк қызметкерлері қатысты. 2021 жылы олардың артынан Halyk Academy жобасына Сүлейман Демирел атындағы университет қосылды.

Global Finance халықаралық беделді қаржылық басылымы Best SME Bank Awards сыйлығы аясында Halyk Bank-ті «Қазақстандағы шағын және орта бизнес үшін үздік банк 2021» («Best SME Bank in Kazakhstan 2021») номинациясында жеңімпаз деп таныды.



Halyk Bank шетелдік қатысусыз қазақстандық екінші деңгейдегі банктер арасында халықаралық рейтингтік агенттіктер растаған ең жоғары кредиттік рейтингтерді сақтауды жалғастыруда. 2021 жылы Standard & Poor's халықаралық рейтинг агенттігі Halyk Bank рейтингісін «BB/V» деңгейінен «BB+/V» деңгейіне дейін көтерді, болжам «Тұрақты». Moody's рейтингтік агенттігі Halyk Bank рейтингін «Baa3»-тен «Baa2»-ге дейін көтерді, болжам «Тұрақты». MSCI халықаралық агенттігі Halyk Bank-тің орнықты даму рейтингісін «B» деңгейінен «BB» деңгейіне дейін көтерді.

«Halyk» тобы әрдайым қоғаммен ашық диалог және мемлекетпен жемісті ынтымақтастық қағидаттарын ұстанады. Осыған байланысты біз сындарлы байланыстарды және ұзақ мерзімді әріптестікті перспективалы дамытуға бағыт аламыз.

Бұл – «Halyk» тобы компаниялары алдында тұрған барлық стратегиялық бизнес-міндеттерді табысты орындаудың негізі.

Өз тәжірибемізді іске асыра және озық халықаралық тәжірибені пайдалана отырып, біз алдағы уақытта да өз жұмысымыздағы жоғары нәтижелерге ұмтыламыз, бұл «Halyk» тобына қазақстандық қоғамның және тұтастай алғанда елдің қарышты дамуына өз үлесін қосуға мүмкіндік береді.

Сөздің соңында Директорлар кеңесінің атынан акционерлерге, серіктестерге және барлық әріптестерге жемісті ынтымақтастық, «Halyk» тобының стратегиялық даму бағытын түсінгені және қолдағаны үшін алғысымды білдіргім келеді.

Құрметпен,

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Директорлар кеңесінің Төрағасы
АЛЕКСАНДР ПАВЛОВ

¹ MSCI ESG Research – ESG жетекші талдау және рейтинг агенттіктерінің бірі (Экология, Әлеуметтік жауапкершілік, Басқарма). Ол 7 500-ден астам компанияның ESG саласындағы ұзақ мерзімді тәуекелдерге тәзімділігін олардың секторына тән ESG тәуекелдеріне және осы тәуекелдерді басқару қабілетіне байланысты бағалайды. Бұл бағалауды бүкіл әлем бойынша 1 400-ден астам инвесторлар өздерінің активтер портфелін құру және басқару кезінде пайдаланады. MSCI агенттігі жаһандық жария компанияларға және бірқатар жеке компанияларға «ССС»-тан «AAA»-ға дейінгі деңгейде рейтинг береді.



5

БАСҚАРМА
ТӨРАЙЫМЫНЫҢ
СӨЗІ

5


 БАСҚАРМА
ТӨРАЙЫМЫНЫҢ
СӨЗІ

ҚҰРМЕТТІ МЫРЗАЛАР!
**ҚҰРМЕТТІ КЛИЕНТТЕР, СЕРІКТЕСТЕР,
АКЦИОНЕРЛЕР!**

Өткен кезеңді қорытындылай және бағалай отырып, 2021 жыл еліміздің экономикасы мен қаржы секторы үшін оң жыл болды деп сеніммен айта аламын. Жаңа вакциналардың, Covid-19 емдеу әдістерінің дамуы, уақтылы диагноз қою және коронавирустық инфекция штамдарының жаңа түрлерін анықтау мен емдеудегі прогресс әлемдік экономика ауқымында макротұрақтандыруға қолайлы жағдай болды.

COVID-19-ға байланысты шектеулердің біртіндеп төмендеуі, энергия мен шикізат бағасының ұлғаюы іскерлік белсенділіктің өсуіне ықпал етті, қоғамда да, әлемдік нарықтарда да жағымды көңіл-күйді нығайтты.

Бұл кезең бизнестің пандемия жағдайындағы жұмысқа біртіндеп бейімделуімен және Қазақстан экономикасының қалпына келуімен ерекшелінді. Мәселен, 2020 жылы пандемияның шырқау кезеңінде экономика өсуінің баяулауы аясында 2021 жылғы оң тренд Қазақстанның ЖІӨ-нің 4%-ке өсуі болды. Белгілі бір дәрежеде бұл жайтқа мемлекет тарапынан монетарлық және фискалдық қолдаудың елеулі шаралары әсер етті.

Бұл жағдайда Қазақстанның банк секторы экономиканың басқа салаларына қарағанда дағдарыс құбылыстарына қатысты тұрақтылық пен беріктікті көрсетті. Бұған көптеген қазақстандық банктердің өтімділігінің жоғары қоры және сапалы депозиттік базаның болуы ықпал етті.

2021 жыл таза пайданың, кірістердің және клиенттік базаның өсуі бойынша Қазақстанның банк секторы үшін рекордтық жыл болды. Занды тұлғаларға кредит беруден асып кеткен жеке тұлғаларға кредит берудің өсуімен қатар, бір жыл ішінде ЕДБ кредиттік портфельдерін тазарту процесі жалғастырылды.

Сонымен қатар, 2021 жыл цифрлық банк сервистері үшін серпінді жыл болды, бұл процеске банк секторының компаниялары да, министрліктер, ҚРҰБ және ҚНРЖДА арқылы бейінді мемлекеттік органдар да белсенді қатысты. Нарықтың жалпы даму үрдісі е-сортмесе өсу трендеріне, цифрлық шоттарды ашуға және цифрлық кредит беру мүмкіндіктерін кеңейтуге негізделді.

Отандық банк секторы үшін нарықтың оң сигналдарының бірі қазақстандық ЕДБ көпшілігінің халықаралық рейтингілері көтерілуі болды. Бұл ретте Қазақстан тарихында алғаш рет Halyk Bank рейтингілері тәуелсіз деңгейге көтерілді. Halyk Bank – қаржы тұрақтылығының ең жоғары рейтингілері бар Қазақстандағы шетелдік қатысуы жоқ жалғыз Банк екенін атап өту маңызды.

Экономиканы біртіндеп тұрақтандыру және қаржы нарықтарын қалпына келтіру процесінің жалғасуы аясында Halyk Bank таңдалған стратегияның, менеджмент пен команданың өнімді іс-қимылдарының тиімділігін растай отырып, оң динамиканы көрсетуді жалғастырды.

Halyk Bank қалыптасқан әлемдік трендті қолдай отырып, қазақстандық банк секторындағы компаниялардың алғашқысы болып, екінші жыл қатарынан ESG бойынша есеп шығара отырып, орнықты даму бойынша қаржылық емес есептер қалыптастырды. MSCI ESG Research (MSCI) халықаралық агенттігі Halyk Bank-тің орнықты даму рейтингісін «BB» деңгейіне дейін көтерді. Halyk Bank - 2019 және 2020 жылдардағы орнықты даму туралы жарияланған есептер негізінде бағалаудан өтіп, осындай рейтингке ие болған алғашқы Қазақстандық қаржы компаниясы.

2021 жыл қаржы институты бизнесінің барлық бағыттары үшін қауырт жұмыс жылы болды. Бір жыл ішінде Банк жеке және заңды тұлғалар – Halyk Homebank және Onlinebank үшін өзіндік мобильді қосымшаларын қарқынды түрде енгізіп, дамытты, олардың мүмкіндіктерін, ұсынылатын сервистер мен қызметтердің тізімін кеңейтті, клиенттердің ыңғайлығы және қолайлы пайдалануы үшін үнемі мониторинг жүргізіп, жетілдіруді жүзеге асырды.

Бөлшек бизнес

2022 жылғы 1 қаңтарға Банктің клиенттік базасы 12,4 млн адамды құрады, бұл ретте ең болмаса бір өнімді пайдаланатын бірегей белсенді клиенттердің үлесі – 73%, портфельдегі төлем карточкаларының саны 15 млн бірліктен асады. Бүгінгі таңда Halyk Bank жалақылық жобаларға, сондай-ақ зейнетақы мен жәрдемақы алушыларға қызмет көрсету бойынша көшбасшы болып табылады.

Банк жеке тұлғалардың салымдары нарығында көшбасшылық позицияны ұстап отыр: оның бөлшек депозиттер нарығындағы үлесі 32,5% (4,17 трлн теңге) құрайды.

Halyk Bank-тің кредиттік қоржыны 2022 жылғы 1 қаңтарда 1 807 млрд теңгені құрады, бөлшек кредит беру нарығындағы үлесі 18%-дан асты. Өңірлік өкілдіктер

желісі көптеген жылдар бойы Қазақстандағы ең кең тараған желілердің бірі болып табылады. Мәселен, 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 24 филиал және 589 сату арнасы бар, Банктің төлем инфрақұрылымы есепті кезеңнің соңында 4 526 банкоматты, 970 төлем терминалын және 148 351 POS-терминалды қамтиды.

Halyk Homebank банктік қосымшасын пайдаланушылар саны 8 млн клиентке дейін өсті, жалпы алғанда 130 млн-нан астам төлемдер мен аударымдар жүргізілді.

2021 жылдың басында іске қосылған Halyk Market сауда алаңы белсенді дамып келеді. Сәуір айына қарай «жауынгерлік» нұсқа іске қосылды, ал жыл соңына қарай Банк командаcы тауар айналымының жалпы көлемі (GMV) және біздің клиенттік базаның өсімі бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Мамыр айында Halyk Bank ресейлік «Мир» ұлттық төлем жүйесінің карточкаларымен жұмыс істей бастады, осылайша Банктің POS-терминалдары мен банкоматтарында осы ресейлік төлем жүйесінің VISA, Mastercard халықаралық төлем жүйелерінің, American Express американдық компаниясының және Қытайдың – UnionPay International компаниясының карточкаларын қабылдау мүмкіндігі бар.

ШОБ және мемлекеттік бағдарламалар

2022 жылғы 1 қаңтардағы деректер бойынша Банкте 22,7 мыңнан астам қарыз алушыны қоса алғанда, шамамен 449,9 мың ШОБ клиентіне қызмет көрсетіледі. ШОБ кредиттік қоржыны 1 045 млрд теңгені құрады. ШОБ портфельінің өсімі 2021 жылдың 12 айында 31,1%-ті немесе шамамен 248 млрд теңгені құрады, қарыз алушылар санының өсімі 120,4%-ті немесе 12 400-ден астам қарыз алушыны құрады.

Halyk Bank ШОБ-пен жұмыс істеуде, соның ішінде транзакциялық қызмет көрсету мен кредит беруде көшбасшы болды және болып қала береді. Жеке кәсіпкерлер үшін COVID-19 пандемиясы салдарынан туындаған күрделі дағдарыс кезеңінде іске қосылған цифрлық кредиттік өнім бүкіл Қазақстанның 20 мыңнан астам кәсіпорнына жалпы сомасы 90,2 млрд теңгеге бизнес-идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік берді, оның ішінде 5,6 мыңнан астам кәсіпорын «Даму» қорының мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жылдық 6% жеңілдікті мөлшерлеменен жалпы сомасы 21,4 млрд теңгеге қаржыландырылды.

Halyk Bank 2021 жыл бойы ҚР-да кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға «Даму» қорымен бірлесіп белсенді қатысты және қатысуды жалғастыруда. Көптеген бағдарламалар шеңберінде Банк бөлінген қаражат сомасы бойынша, сондай-ақ қол қоюылан субсидиялау және кепілдік беру шарттарының саны мен көлемі бойынша көшбасшы орынға ие. Банк сондай-ақ «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ, «KazakhExport» АҚ сияқты даму институттарының кәсіпкерлікті қолдаудың басқа да бағдарламаларының қатысушысы болып табылады.

Жалпы, 2021 жылы Банк корпоративтік бизнестің де, ШОБ пен ББ-ның да кредиттік қоржынының өсуі бойынша рекордтық көрсеткіштерді көрсетті. Банк микробизнес үшін цифрлық кредиттерді іске қосты, оның ішінде эквайринг пен транзакциялық бизнесте инновациялық шешімдер әзірленіп, енгізілді. Соңғы екі жылда өз дамуында сапалы серпіліс жасаған GovTech бағытын бөлек атап өткім келеді. Бүгін біздің



клиенттеріміз жәрдемақы алып, рәсімдей алады, ЖК тіркей алады, автокөлікті қайта рәсімдей алады, зейнетақы қорында шот аша алады, төлемдер ала алады, сондай-ақ өзінің ковид-мәртебесін тексере алады. Іске асырылған соңғы жобалардың бірі – Halyk Homebank қосымшасындағы цифрлық құжаттарға қолжетімділік. Бүгінгі таңда біздің клиенттер 15 миллионнан астам рет сервис мүмкіндіктерін пайдаланды.

Қаржы институтының жетістіктерін беделді халықаралық сарапшылар да атап өтті. Жыл бойы банк Asiamoney халықаралық қаржы басылымының нұсқасы бойынша «Қазақстанның 2020 жылғы үздік корпоративтік және инвестициялық банкі» деп танылды, жыл сайынғы World Economic Magazine Awards 2021 сыйлығы шеңберінде «Қазақстанның ең инновациялық цифрлық бастамасы 2021» номинациясында жеңімпаз болды, сондай-ақ жыл Global Finance халықаралық журналының нұсқасы бойынша Best SME Bank Awards сыйлығы аясында «Қазақстандағы шағын және орта бизнес үшін үздік банк 2021» атанды.


Банктің жетістіктері мен табыстары туралы толық ақпаратпен Сіз Жылдық есептің тарауларынан таныса аласыз.


Өз тарапымынан, Halyk тобы банк, сақтандыру қызметтері, инвестициялық бизнесті қоса алғанда, түрлі бағыттарда жұмыс істей отырып, Қазақстан экономикасы үшін аса ірі жүйе құраушы топ болып табылатынын қосқым келеді. Топтың еншілес қаржы компаниялары Ресей Федерациясында, Өзбекстан Республикасында, Қырғызстан Республикасында және Грузияда жұмыс істейді.

Әр түрлі жағдайларда, соның ішінде дағдарыс жағдайларында үлкен жұмыс тәжірибеміз, айтарлықтай беріктік қорымыз және кең мүмкіндіктеріміз бола отырып, біз дәстүрлі банктік бизнесімізді жетілдіруді және клиенттік сервис деңгейін жақсартуды жалғастырамыз. Сонымен қатар, біз цифрлық трансформацияны одан әрі жалғастыру және бизнес-процестердің тиімділігін арттыру бойынша белсенді іс-қимыл жасайтын боламыз. Біз экожүйеміздің жаңа бағыттарын әзірлеуге және қосымша инновациялық шешімдерді іске асыруға дайынбыз. Осының барлығы бұрынғыдай бір мақсатқа - біздің барлық клиенттеріміз, серіктестеріміз және акционерлеріміз үшін барынша пайдалы болуға қызмет етеді.

Ізгі ниетпен,


**Басқарма Төрағасы
ҮМІТ ШАЯХМЕТОВА**





6

ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСИ



АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ ПАВЛОВ (1953 ж.т.)
 Директорлар кеңесінің Төрағасы,
 Тәуелсіз директор

Александр Сергеевич Павлов Halyk Bank Директорлар кеңесінің Төрағасы болып 2004 жылғы наурызда сайланды және көрсетілген лауазымға 2020 жылғы мамырда қайта сайланды. Өз мансабының әр жылдарында мемлекеттік аппараттарда Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары - Қаржы министрі, Бас салық инспекциясының бастығы – Қаржы министрінің бірінші орынбасары сияқты жоғары лауазымдарда қызмет еткен. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы экономикасының машина жасау және шикізат секторының ірі коммерциялық компанияларында басшы лауазымдарында қызмет жасаған. Түрлі халықаралық ұйымдарда Қазақстанның мүдделеріне өкілдік еткен.

Александр Сергеевич Беларусь мемлекеттік халық-шаруашылығы институтын «Экономика» мамандығы бойынша (1970-1974), сондай-ақ КОКП ОК жанындағы Қоғамдық ғылымдар академиясын «Саясаттану» (1991) мамандығы бойынша бітірген.



АРМАН ҒАЛИАСҚАРУЛЫ ДУНАЕВ (1966 ж.т.)
 Директорлар кеңесінің мүшесі,
 Тәуелсіз директор

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев 2013 жылғы қыркүйекте Halyk Bank Директорлар кеңесіне мүше болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2020 жылғы мамырда қайта сайланды.

ҚР бірінші қаржы вице-министрі, ҚР Қаржы министрі, Қадағалау агенттігінің төрағасы сияқты жауапты мемлекеттік лауазымдарда жұмыс тәжірибесі бар. Қазимемлекеттік секторда басшылық позицияларда жұмыс істеген. Дунаев мырза қазіргі кезде Halyk Bank-тің бірқатар еншілес ұйымдарында Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Арман Ғалиасқарұлы С. Киров атындағы Қазак мемлекеттік университетін «Саяси экономика» мамандығы бойынша және М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесімен бітірген.




ФРЭНК КАЙЛАРС (1958 ж.т.)
 Директорлар кеңесінің мүшесі,
 Тәуелсіз директор

Фрэнк Кайларс 2009 жылғы сәуірде Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2020 жылғы мамырда қайта сайланды. 1990 және 2007 жылдар аралығында ABN AMRO Bank N.V. және кейін RBS-те бірқатар жоғары лауазымдарды иеленді: Бельгияда Корпоративтік және Инвестициялық банкинг басшысы, Бразилияда өңірлік менеджер, Ресейде және Аргентинада ел бойынша менеджер. Кайларс мырза Ресейде, Қазақстанда және Өзбекстанда Бақылаушы Кеңестің мүшесі болды. 2001 жылы ол Корпоративтік Аткарушы вице-президент лауазымына тағайындалғаннан кейін ғаламдық энергетика мәселелеріне жетекшілік етумен қатар Еуропа, Орталық және Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс және Африка елдері бойынша, сондай-ақ Корпоративтік және Инвестициялық банкинг жөніндегі атқару комитеттерінің мүшесі болды.

Ол бірнеше халықаралық ұйымда кеңесші болып табылады және ұзақ уақыттан бері Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің мүшесі болды. Кайларс мырза «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-тың Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директоры, сондай-ақ Amsterdam Trade Bank N.V. Қадағалау кеңесінің тәуелсіз атқарушы емес директоры, тәуелсіз мүшесі болып табылады. Кайларс мырза Eureka (Energy) Ventures B.V. меншіктенушісі мен басқарушы директоры болып табылады.

Фрэнк Кайларс Роттердам қаласындағы (Нидерланды) Эразм Университетін «Құқық магистрі» дәрежесімен бітірді, Голландияның банктер мен сақтандыру компаниялары институтында оқыды. Фонтенбло (Франция), Кембридж (Ұлыбритания), Гарвард Бизнес-Мектебі (АҚШ) секілді халықаралық институттарда дипломнан кейінгі бірқатар бағдарламалардан өтті.



ДИРЕКТОРЛАР
 КЕҢЕСІ





**МАЖИТ ТӨЛЕУБЕКҰЛЫ
ЕСЕНБАЕВ (1949 ж.т.)**
Директорлар кеңесінің мүшесі,
«АЛМЭКС» холдингілік тобы» АҚ өкілі

Мажит Төлеубекұлы Есенбаев 2014 жылғы сәуірде Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2020 жылғы мамырда қайта сайланды.

Еңбек мансабының әр жылдарында Бас салық инспекциясының бастығы - ҚР Қаржы министрінің бірінші орынбасары, Мемлекеттік Салық комитетінің төрағасы, Қарағанды облысының әкімі, ҚР қаржы министрі, ҚР индустрия және сауда министрі, Ақмола облысының әкімі, ҚР бәсекелестікті қорғау агенттігінің төрағасы, ҚР Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитетінің төрағасы сияқты жауапты мемлекеттік лауазымдарда қызмет еткен. Әр жылдары түрлі халықаралық қаржы ұйымдарында Қазақстанның мүддесін білдірді.

2014 жылғы ақпаннан бастап осы уақытқа дейін – «АЛМЭКС» холдингілік тобы» АҚ Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

Мажит Төлеубекұлы В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Тау-кен өнеркәсібінің экономикасы және ұйымдастыру» мамандығы бойынша, сондай-ақ КСРО Мемжоспары жанындағы Әндіюші күштерді зерттеу жөніндегі кеңес аспирантурасының күндізгі бөлімін бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты, доцент.



КРИСТОФ РЕЛЬ (1958 ж.т.)
Директорлар кеңесінің мүшесі,
Тәуелсіз директор

Кристоф Рель 2007 жылдың маусым айында Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2020 жылғы мамырда қайта сайланды. Калифорния, Лос-Анджелес Университетінде экономика профессорының ассистенті ретінде жұмыс істеді. Вашингтонда Дүниежүзілік Банк тобында бас экономист лауазымын, Мәскеуде аға экономист және Бразилияда жетекші экономист және сектор жетекшісі лауазымдарын атқарған. «BP plc» компаниясында бас экономистің орынбасары лауазымында қызмет етті, топтың бас экономисті және «BP plc» компаниясының Вице-президенті болды. 2008 жылы Лондондағы British Institute of Energy Economics Төрағасы болып тағайындалды. 2014 жылғы шілдеден бастап 2019 жылғы мамырды қоса алған аралықта Рель мырза Абу-Даби (Abu Dhabi Investment Authority) Зерттеулер бөлімінің бірінші Жаһандық басшысы болып жұмыс істеді. 2019 жылғы қарашадан бастап – Колумбия университетінің Халықаралық және қоғамдық байланыстар мектебінің жанындағы Жаһандық энергетикалық саясат жөніндегі орталығында аға ғылыми қызметкер (Senior Research Scholar in the Center on Global Energy Policy at Columbia University's School).

Кристоф Рель Германияның Бремен Университетінің «Экономика Магистрі» дәрежесіне ие.



ПЁТР РОМАНОВСКИ (1969 ж.т.)
Директорлар кеңесінің мүшесі,
Тәуелсіз директор

Пётр Романовски 2020 жылғы мамырда Halyk Bank Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 1998 жылдан бастап 2008 жылды қоса алған кезеңде Польша, Варшава, McKinsey & Company консалтингтік компаниясында жұмыс істеді. 1998 жылдан бастап 2004 жылды қоса алған кезеңде менеджер/аға менеджер. 2005 жылдан бастап 2008 жылды қоса алған кезеңде компанияның серіктес болды. 2008 жылдан бастап 2009 жылды қоса алған кезеңде Басқарма мүшесі болып сайланып, Польша, Варшава, Миллениум Банкінде корпоративтік банктік бөлімшере жетекшілік етті. 2009 жылдан бастап Польша, Краков, Semia в Rywi Therapeutics компаниясында бірінші сыртқы инвестор. 2011 жылдан бастап Қазақстан кеңесінің Төрағасы болып табылды. 2011 жылдан бастап 2014 жылды қоса алған кезеңде Польша, Варшава Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің ТМД-нің РWC-дағы қаржы қызметтері саласында жетекші қызметкер, серіктес болды. Сонымен қатар 2014 жылдан бастап 2018 жылды қоса алған кезеңде Орталық және Шығыс Еуропа/ТМД елдері бойынша РWC кеңесіне және 2017 жылдан бастап 2018 жылды қоса алған кезеңде ТМД елдері нарығында клиенттерді сүйемелдеу және қызмет көрсету жөніндегі тажирбиені басқарды. 2021 жылғы ақпаннан бастап Kevin E.U. (Литва) компаниясында директорлар кеңесінің төрағасы.

2017 жылы АҚШ, Массачусетс, Кембридж Гарвард бизнес мектебін деректерді талдау бағдарламасы (data analytics program) бойынша бітірді. 2016 жылы АҚШ, Калифорния, Маунтин-Вью, Сингулярлық университетінің басшыларға арналған бағдарламасын (executive program) аяқтады. 1995 жылдан бастап 1997 жылды қоса алған кезеңде Ұлыбритания, Кембридж Кембридж университетінде білім алды. Wellcome / CRC ғылыми-зерттеу институтының молекулалық биология саласында философия докторы дәрежесін алды.


1987 жылдан бастап 1994 жылды қоса алған кезеңде Польша, Лодзьск, Даныш медициналық академиясында оқыды. 1995 жылғы мамырда обыр генетикасы бойынша философия докторының дәрежесіне ие болды.



**ҮМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ
ШАЯХМЕТОВА (1969 ж.т.)**
Директорлар кеңесінің мүшесі,
Басқарма Төрайымы

2009 жылғы 22 қаңтарда Үміт Болатханқызы Шаяхметова Halyk Bank Басқарма Төрайымы болып тағайындалды, 2009 жылғы сәуірде Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды және көрсетілген лауазымға 2020 жылғы мамырда қайта сайланды. Әр жылдарда ол «ABN AMRO Asset Management» ЗАБК Басқарма Төрайымы, «ABN AMRO Банк Қазақстан» ЕБ ЖАҚ Басқарма Төрағасының орынбасары сияқты лауазымдарда жұмыс істеді. 2004 жылдың қараша айынан бері Halyk Bank Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында қызмет атқарды. 2011 жылғы мамыр айынан бастап 2021 жылғы ақпанды қоса алған кезең аралығында Қазақстанның гимнастика федерациясының президенті болып табылды. 2015 жылғы маусым айында Алматы қаласы кәсіпкерлерінің палатасы тұсындағы Іскер әйелдердің өнірлік кеңесінің Төрайымы болып тағайындалды. 2016 жылғы маусымда «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төрақасының Қаржы секторы комитетінің Төрайымы болып және UnionPay International Шығыс Еуропа, Орталық Азия және Кавказ бойынша өнірлік кеңесінің төрайымы болып сайланды. 2018 жылғы маусым айынан бастап «Halyk Bank» АҚ-та Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ өкілі болып табылады.

Үміт Болатханқызы П. Лумумба атындағы Халықтар Достығы Университетінің «Экономика ғылымдарының бакалавры» біліктілігімен және Rutgers University (АҚШ) «Іскерлік әкімшілендіру магистрі» дәрежесімен тәмамдады.



7

БАСҚАРМА



**ҮМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ
ШАХАМЕТОВА (1969 ж.т.)**
Басқарма Төрағасы

Өмірбаяны «Директорлар кеңесі» бөлімінен қараңыз.



**МҮРАТ ҰЗАҚБАЙҰЛЫ
КӨШЕНОВ, CFA, FRM (1973 ж.т.)**
Басқарма Төрағасының орынбасары;
Корпоративтік бизнес, Халықаралық
қызмет

Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов қаржы-банк жүйесінде 2000 жылдан бастап қызмет етеді. 2000-2010 жылдары мына лауазымдарды атқарды: «ABN AMRO Asset Management» ЗАБК ЖАҚ-тың брокерлік-дилерлік бөлімінің бастығы, «ДАБ «ABN AMRO Bank Қазақстан» АҚ тәуекел-менеджер, Тәуекел-менеджмент басқармасының бастығы, Басқарма Төрағасының орынбасары (кейінірек «НБС (Қазақстан)» ЕБ АҚ).

Налык Банк жүйесінде 2010 жылғы қантардан бастап Тәуекел-менеджменттің басшысы, Compliance-бақылаушы лауазымдарында болды. 2014 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі уақытқа дейін Налык Банк Басқарма Төрағасының орынбасары, 2018 жылғы қыркүйектен бастап қазіргі күнге дейін – «Tenge Bank» АҚБ Директорлар кеңесінің Төрағасы, 2014 жылғы қарашадан бастап «Москоммерцбанк» КБ (АҚ) Директорлар кеңесінің Төрағасы болып табылады.

Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Физика» мамандығы бойынша бітірген, сондай-ақ Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтын «Скерлік аккшилендрю магистрі» дәрежесімен тәмамдады.



**ӘЛИЯ СӘКЕНҚЫЗЫ
ҚАРПЫҚОВА (1970 ж.т.)**
Басқарма Төрағасының орынбасары,
Бас комплаенс-бақылаушы, Қаржы
және бухгалтерлік есеп, Еншілес
компаниялар, Compliance

Әлия Сәкенқызы Қарпықова банк жүйесінде 1992 жылдан бөрі жұмыс істеп келеді. 1992 жылдан бастап 1996 жыл бойынша ҚРҰБ-та түрлі лауазымдарда жұмыс атқарды. 1996-1997 жылдары Barents Group-та ҚР банктік жүйесіндегі бухгалтерлік есеп реформасы бойынша жобасының кеңесшісі болып жұмыс істеді. 1998-2001 жылдары: «Сити Банк Қазақстан» ЖАҚ-та Басқарма мүшесі – бас бухгалтер, Қаржылық бақылау және әкімшілік басқару департаментінің директоры. 2001-2004 жылдары «Наурыз Банк Қазақстан» ААҚ-да Басқарушы директор, одан кейін «Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болды.

2004 жылдан бастап Налык Банк-те жұмыс істейді, Тәуекелдер бойынша Басқарушы директор, Басқарушы директор – Тәуекелдерді басқару департаментінің директоры, Тәуекел менеджментінің басшысы, Қаржы директоры лауазымдарын атқарды. 2011 жылғы қазаннан бастап Налык Банк Басқарма Төрағасының орынбасары, 2021 жылғы 12 мамырдан бастап қазіргі уақытқа дейін Басқарма Төрағасының орынбасары, Бас комплаенс-бақылаушы, 2016 жылдан бастап – «Халық» сақтандыру компаниясы» (бұрын – «Казакхнстрах» АҚ) Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Әлия Сәкенқызы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің «Саяси экономика» мамандығы бойынша бітірді.



**АЙВАР ЖИРЕНШЕУЛЫ
БОДАНОВ (1962 ж.т.)**
Басқарма Төрағасының орынбасары;
Кәуіпсіздік және Проблемалық кредиттер

Айвар Жиреншеулы өзінің еңбек жолын 1984 жылы Жамбыл электржелілерін тартушы кәсіпорнындағы жоғары вольттік әуе жүйесінің шебері қызметінен бастады. 1985 жылы «Гражданстрой» КБ-да шебер, жұмыстардың аға өндірушісі болып еңбек етті. 1986-1988 жж. - «Джамбулстрой» трестінің «Кувалтбгострой» КБ-да бас инженер. 1988-1989 жж. КСРО ІІМ «Свердлов» жоғарғы курстарының тыңдаушысы болды.

Айвар Жиреншеулы Боданов бұдан бұрын Налык Банк 2014 ж. қыркүйектен бастап 2017 ж. мамыр айына дейін Кәуіпсіздік департаменті директоры, Налык Банк Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымдарында қызмет етті. 2018 жылғы 26 наурызда Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына қайта қабылданып, Басқарма мүшесі болып сайланды.

1990-2014 жылдары: ішкі істер, мемлекеттік тергеу комитеті органдарында, салық және қаржы полициясында қызмет атқарды. Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің Алматы, Батыс Қазақстан облыстары бойынша департаментінің басшысы; Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің Экономикалық және қаржылық қылмыстарды ашу бойынша департаментінің басшысы, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және Атырау облыстары бойынша Қаржы полициясы департаменті басшысының орынбасары лауазымдарында жұмыс жасады және басқа лауазымдарда еңбек етті. 2017 жылдың мамыр айынан бастап 2017 жылдың желтоқсан айына дейін - ҚР Бас прокуратурасының ішкі тергеу департаменті басшысы, үшінші қызметтің басшысы, 2018 ж. ақпаннан бастап наурызға дейін - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жаһындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің ішкі қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Қаржы полициясының генерал-майоры атағына ие.

1984 жылы Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтын «Өзен құрылыстарының және гидростроительстволардың гидротехникалық құрылысы» мамандығы бойынша, 1996 жылы ҚР ІІМ Қарағанды жоғарғы мектебін «Құқықтау» мамандығы бойынша бітірген.





ЖҰМАБЕК ЖАРЫЛҚАСЫНҰЛЫ МАМЫТОВ (1982 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары:
Бөлшек бизнес

Жұмабек Жарылқасынұлы Мамытов банк саласында 2004 жылдан бери жұмыс істейді. 2004 жылдан бастап 2008 жылды қоса алған аралықта: «ABN AMRO Банк Қазақстан» «Заңғар» ЕБ АҚ филиалының директоры, бөлшек бизнес департамент бөлшек бизнес бөлімшесінің басшысы, «ABN AMRO Банк Қазақстан» ЕБ АҚ бизнесі дамуы менеджері, «ABN AMRO Каспий/Мұнайға Қазақстан» ЖЗҚ АҚ-та Мәжіліс департаментінің филиалдарымен жұмыс жөніндегі маман лауазымдарын иеленді. 2008 жыл мен 2009 жыл аралығында «Казинвестбанк» АҚ Эксплуатация клиенттермен жұмыс жөніндегі департаменті сату басқармасының және Өңірлік басқармасының басшысы қызметтерін атқарды. 2010 жылғы қаңтардан бастап 2014 жылғы қаңтарды қоса алған, 2015 жылғы шілденен бастап 2017 жылғы мамырды қоса алған кезеңдерде «Казкоммерцбанк» АҚ-та жұмыс істеді және Басқарма Аппаратының басқарушы директоры, атқарушы директоры. Қарта бизнес дамуы департаментінің атқарушы директоры, Банк қарталары департаментінің атқарушы директоры, Басқарма Аппараты Басқарма Төрағасының кеңесшісі. Атқарушы дирекция Басқарма Төрағасының кеңесшісі, бөлшек бизнес департаментінің директоры лауазымдарын иеленді. 2014 жылғы ақпаннан бастап 2015 жылғы шілдене қоса алған аралықта «Сбербанк» ЕБ АҚ бөлшек бизнес стратегиясын жоспарлау және орындатуын бақылау департаментінің директоры лауазымында жұмыс істеді. 2017 жылғы мамырдан бастап 2018 жылғы ақпанды қоса алған аралықта «Bank Kassa Nova» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымын иеленді, Басқарма мүшесі болып сайланды, «Nova Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымында қызмет етті. 2018 жылғы ақпаннан бастап 2019 жылғы қазанды қоса алған кезеңде «Forte Bank» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымын иеленді, Басқарма мүшесі болып сайланды.

2019 жылғы 28 қазаннан бастап Halyk Bank Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды және Басқарма мүшесі болып сайланды.

Жұмабек Жарылқасынұлы Т. Рыскулов ат. Қазақ экономикалық университетін «Статистика» мамандығы бойынша бітірген.



ЕРТАЙ ИСМАЙЛУЛЫ СӘЛІМОВ (1974 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары: ОПЕРБ
блогы, Кеңсе департаменті, Ресурстар,
Байланыс орталығы департаменті

Ертай Исмаиұлы Сәлімов Halyk Bank жүйесінде 1995 жылғы тамыздан бастап жұмыс істейді. Әр уақытта Валюталық операциялар департаментінің саудалық емес операциялар бөлімі басшысының орынбасары, валюталық операциялар департаментінің қымбат металдармен жұмыс жөніндегі бөлімнің жетекші банкірі, Халықаралық операциялар департаментінің қымбат металдармен жұмыс жөніндегі бөлімнің жетекші банкірі, Халықаралық операциялар департаментінің қымбат металдар бөлімінің жетекші банкірі, Commodity бөлімінің бас банкірі, коммерциялық департаменттің Commodity бөлімінің бас банкірі, қазынашылықтың аға дилері, Forex, Money market қазынашылық операциялары басқармасының басшысы, қазынашылықтың саудалық операциялар басқармасының басшысы, қазынашылық директорының орынбасары, қазынашылық директоры, бас ОПЕРБ басшысы, бас операциялық директор лауазымдарында қызмет атқарған, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың Директорлар кеңесі мүшесі – тәуелсіз директоры және «Halyk Finance» АҚ-тың Директорлар кеңесінің төрағасы болып жұмыс жасаған. 2015 жылғы ақпаннан бастап 2019 жылғы қазанды қоса алған аралықта Halyk Bank Басқарма Төрағасының орынбасары болып қызмет етті және Басқарма мүшесі болып сайланды. 2019 жылғы қазаннан бастап 2020 жылғы 31 тамызға дейін Басқарма Төрағасының орынбасары – Астана өңірлік филиалының директоры лауазымдарын иеленді, Басқарма мүшесі болып сайланды. 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі лауазымына ауыстырылды. 2018 жылғы тамыздан бастап «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ-тың қадалаушы кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Ертай Исмаиұлы Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Қаржы және кредит мамандығы бойынша» бітірді.



ДӘУРЕН ЖАНКЕІСЕЙҰЛЫ САРТАЕВ (1982 ж.т.)

Басқарма Төрағасының орынбасары:
Шағын және орта бизнес және PR

Банк қызметін «Казкоммерцбанк» АҚ-та 2004 жылы бастады. Шағын және орта бизнес бөлімінің менеджері, басшысы, Шағын бизнес басқармасы басшысы лауазымдарын атқарды. 2010 ж. бастап 2012 ж. дейін «Темірбанк» АҚ-та еңбек етті – Кредиттік тәуекелдер басқармасының басшысы, филиал директоры, Проблемалық кредиттермен жұмыс департаменті директорының лауазымдарында қызмет етті. 2016 жылдың маусым айынан бастап «Казкоммерцбанк» АҚ-тың Басқарма мүшесі, басқарушы директоры болып тағайындалды, корпоративтік кредиттеуге, ШОБ секторы мен филиаліне жетекшілік етті. 2017 жылғы шілденен бастап «Казкоммерцбанк» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Одан бұрын «Kcell» АҚ-та жұмыс жасады, ол жерде Шымент қаласындағы филиалдың басқарушы, сондай-ақ Алматы қ. және Алматы облысындағы облыстық жұмысына жетекшілік жасады. Сонымен қатар Ernst&Young халықаралық аудиторлық компаниясының қазақстандық өкілдігінде қызмет атқарды.

2018 жылғы шілденен бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Д.Ж. Сартәев Алматы қ. Қазақ гуманитарлық-заң университетінің «құқықтану» мамандығы бойынша түлегі, «МИРБИС» Мәскеу халықаралық жоғары бизнес мектебінің стратегиялық менеджмент және кәсіпкерлік саласында, сондай-ақ Т. Рыскулов атындағы Қазақ экономикалық университетінің «МВА стратегиялық менеджменті» мамандығы бойынша МВА дәрежесінің иегері.



АСҚАР САГИДОЛЛАУЛЫ СМАҒҰЛОВ (1975 ж.т.)


Басқарма Төрағасының орынбасары:
Транзакциялық бизнес, Қазынашылық

Асқар Сағидоллаұлы Смағұлов әр жылдары «ABN AMRO Банк Қазақстан» ЕАБ ЖАҚ-та түрлі лауазымдарда: Қазынашылықтың қазынашысы, Қаржылық тәуекелдер және операциялық бизнесті дамыту департаментінің бас дилері, Қазынашылықтың сауда-саттық бөлімшесінің басшысы, Қазынашылықтың бас дилері, аға дилері, дилері лауазымдарында жұмыс істеді.

2005 жылғы ақпаннан бастап 2018 жылғы мамырды қоса алған аралықта Halyk Bank-те: Басқарма Төрағасының орынбасары, Банк басқармасының мүшесі, Директорлар кеңесі аппаратының және Банк Басқармасының кеңесшісі (қоса атқарды), Қазынашылық директоры.

2014 жылғы қарашадан бастап 2019 жылғы маусымды қоса алған аралықта «Altyn Bank» АҚ Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымдарын иеленді. 2010 жылғы ақпаннан бастап 2015 жылғы мамырды қоса алған кезеңдерде «Қазтелепорт» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы, 2017 жылғы шілденен бастап 2019 жылғы маусым аралығында «Москоммерцбанк» КБ Директорлар кеңесінің Төрағасы болды. Асқар Сағидоллаұлы 2019 жылғы сәуірден бастап қайтадан Банкке Басқарма Аппаратының кеңесшісі лауазымына қайтылды. 2019 жылғы 2 мамырдан бастап «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Басқарма Төрағасының орынбасары болып тағайындалды және Басқарма мүшесі болып сайланды.

Асқар Сағидоллаұлы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Экономика және менеджменті» мамандығы бойынша бітірген, сонымен қатар Рочестер университетінің (АҚШ) MBA дәрежесі бар.



8

НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



ҚАҢТАРДА:

- «Asiamoney» журналының «Best Bank Awards for Kazakhstan» жыл сайынғы іріктеуінің нәтижелері бойынша «Қазақстанның 2020 жылғы үздік корпоративтік-инвестициялық банкі» атағына ие болды («Best Corporate and Investment Bank – Kazakhstan 2020»).
- Halyk Bank тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында БЖЗҚ АҚ-тан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) мақсатты пайдалану жөніндегі операторға айналды.
- Halyk Bank өз 500 млн АҚШ доллары сомасына еурооблигацияларды қаражаты есебінен толық өтеуді жүргізді.
- «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ АМ Best халықаралық агенттігінің қаржылық сенімділік рейтингін және «В+» (Good/Жақсы) деңгейінде жоғары іскерлік деңгейді растау туралы сертификатын алды.
- «Халық-Life» АҚ қысқа қоңырау шалу нөмірі 7123 болатын байланыс орталығын іске қосты.
- Halyk Bank VIP-орталықтары арқылы Халық-Қазына (АҚШ долларының бағамына индексстеумен өмірді сақтандыру) өнімін сату іске қосылды, сыйлықақылардың көлемі 2021 жылы 14,2 млрд теңгені құрады.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ клиенттер картасына Оңтүстік Кореядан ақша аударымдарын алу бойынша жаңа қызметті іске қосты.
- «Halyk Finance» АҚ Android үшін Halyk Invest қосымшасын өнеркәсіптік пайдалануға іске қосты.

АҚПАНДА:

- Halyk Bank Homebank-тің «Үйдегі Банк» атты негізгі идеологиясын толығымен сақтайтын жаңартылған Halyk (Homebank) мобильді қосымшасын іске қосты.
- Halyk Bank төлемнің жаңа түрін жүзеге асырды: «Қазақтелеком» АҚ (ЗТ, ЖК) абоненттерінің «Onlinebank HALYK» жүйесінде көрсетілген телекоммуникациялық қызметтер үшін берешекті төлеуі, бұл «Қазақтелеком» АҚ тіркелген дербес шоттары бойынша байланыс қызметтері және БКМ ФДО үшін төлем жүргізуге мүмкіндік береді.
- Halyk Bank Халықаралық ақпараттық технологиялар университетімен бірлесіп Halyk Academy жобасы шеңберінде бейінді ІТ-мамандарын даярлауға арналған оқу зертханалары мен оқыту бағдарламаларын іске қосты.
- А. М. Best рейтингтік агенттігі «Халық-Life» АҚ қаржылық тұрақтылық рейтингін В+ деңгейінде және кредиттік рейтингті bbb- деңгейінде растады, рейтингтер бойынша болжам "оң" «жағымды».
- «Халық-Life» АҚ Android платформасында мобильді қосымшаны іске қосты.
- «Halyk Global Markets» АҚ Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруға шарт жасасты.



- «Halyk Global Markets» АҚ мәмілелердің сомасы тиісінше 9,9 млрд теңге және тиісінше 14,3 млрд теңгеге «Қазақстандық орнықтылық қоры» АҚ-тың 3-жылдық және 5-жылдық облигацияларын орналастырды.

НАУРЫЗДА:

- Halyk Bank 750 млн АҚШ доллары сомасына облигацияларды мерзімінен бұрын толық өтеуді жүргізді.
- Halyk Bank заңды тұлғалар үшін қысқа мерзімді салымды автоматты түрде орналастыру қызметін әзірледі және іске қосты.
- Halyk Bank пен ҚР Білім және ғылым министрлігі ҚР азаматтарына банктік қызметтерді қоса алғанда, жоғары технологиялық қызметтерді ұсыну бойынша әлеуметтік маңызы бар жобалар шеңберінде өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту мақсатында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.
- «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ ынтымақтастық шартын жасасты және «Anysoft» ЖШС серіктесімен автосақтандыруды online-сату бойынша АТ жүйелерін біріктіруді жүзеге асырды. (сайт агрегаторы (www.gasco.kz)).
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ «Ауыл шаруашылығын қаржыландыру-9» мемлекеттік бағдарламасына қол жеткізді.
- «Tenge Bank» АҚБ бекітілген даму стратегиясы шеңберінде жарғылық капиталын ұлғайтты.
- «Halyk Global Markets» АҚ «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ 15 млрд теңге сомасына 5-жылдық облигацияларын орналастырды.

СӘУІРДЕ:

- Fitch халықаралық рейтингтік агенттігі Halyk Bank эмитенті дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін «BB+» деңгейінен «BBB -» деңгейіне дейін көтерді, болжам «Тұрақты».
- Halyk Bank қолдауымен Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде және Қазақстан-Британ техникалық университетінде бейінді ІТ мамандарын даярлау бойынша жаңа оқу зертханалары мен оқыту бағдарламалары ашылды.
- «Халық-Life» АҚ байланыс орталығына клиенттерден хабарламалар қабылдау үшін Telegram-чат қосты, Халық-Қазына және Зейнетақы аннуитеті бағдарламалары бойынша клиенттер үшін 2 чат-бот іске қосылды.
- «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ қарапайым online ресімдеумен (автокөлікті қарап шығу және бағалау қажеттілігінсіз) және клиенттің таңдауы бойынша қолжетімді бағамен ерікті кешенді Каско сақтандыруды іске қосты.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ Visa Platinum премиумдық карталарын ұстаушылар үшін консьерж-сервис қызметін ұсынды.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ Мегарау қосымшасында банктік төлем сервистерін орналастыру бойынша «Мегаком» ҚР ұялы операторымен ынтымақтастық орнатты.

- Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі «Halyk Finance» АҚ-тың ұзақ мерзімді рейтингін «BBB-» деңгейіне дейін көтерді.
- «Halyk Global Markets» АҚ тарапынан «Halyk-Global» АИПҚ іске қосылды.
- «Halyk Global Markets» АҚ 1,3 млрд теңге сомасына «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ 30-жылдық облигацияларын орналастырды.

МАМЫРДА:

- Halyk Bank серіктес төлем жүйелерінің тізімін кеңейтті – POS-терминалдар мен банкоматтарда «Мир» ресейлік төлем жүйесінің карталарын қабылдау қолжетімді болды.
- Halyk Bank байланыс орталығы дауыстық биометрия технологиясын қолдана бастады, бұл қызмет клиенттің жеке деректері туралы ақпаратты сұрамай-ақ, оның жеке басын растауға мүмкіндік береді.
- 2020 жылдың нәтижелері бойынша «Халық-Life» АҚ өмірді жинақтаушы сақтандырудың 22 мың шарты арасында сақтандыру дивидендтері түрінде инвестициялық қызметтен түскен пайданың 265 млн теңгесін бөледі жүзеге асырды.
- «Tenge Bank» АҚБ VISA халықаралық төлем жүйесінің эквайрингін іске қосты.
- «Halyk Finance» АҚ басшылығы «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ айналыс мерзімі 5 жыл 100 млрд теңге көлемінде және айналыс мерзімі 10 жыл 500 млн АҚШ доллары көлемінде орта мерзімді ноталар шығару бойынша қазақстандық теңгеде және АҚШ долларында деноминацияланған еурооблигацияларды шығару және орналастыру шеңберінде Бірлескен Жетекші Менеджер және Букраннер ретінде әрекет етті.

МАУСЫМДА:

- S&P халықаралық рейтинг агенттігі Halyk Bank рейтингін "BB/B" деңгейінде растады, болжам «Тұрақты».
- Moody's халықаралық рейтинг агенттігі Halyk Bank рейтингін «Ba1»-ден «Baa3»-ке дейін көтерді, болжам «Позитивті».
- Беделді «World Economic Magazine» журналының «World Economic Magazine Awards 2021» жыл сайынғы іріктеу нәтижелері бойынша Halyk Bank пен «Халық-Life» АҚ бейінді салалардағы Қазақстанның үздік қаржы компаниялары атанды. Halyk Bank Most Innovative Digital Initiative Kazakhstan 2021 ("Қазақстанның ең инновациялық цифрлық бастамасы 2021") номинациясын-да үздік деп танылды. «Халық-Life» АҚ Best Life Insurance Company Kazakhstan 2021 ("Қазақстан өмірін сақтандыру бойынша үздік компания 2021") номинациясында жеңімпаз болды.

ШІЛДЕДЕ:

- Halyk Bank Қазақстанның олимпиадалық құрамасының Токио Олимпиадасындағы ресми серіктесі бола отырып, оларға демеушілік қолдау ретінде 40 миллион теңгеден астам қаражат бөледі. Halyk Bank стильді олимпиадалық дизайны бар арнайы Visa картасын ұсынды.

- PwC Kazakhstan ұйымы Halyk Bank пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ-пен бірлесіп отырып, тұрақты қаржыландыру саласындағы халықаралық көзқарас пен қазақстандық тәжірибені дамыту жөніндегі мәселе талқыланған «Жасыл қаржыландыру және борыштық капитал нарығы» конференциясын ұйымдастырды, оның нәтижесінде қоғамның бизнес пен мемлекеттің әлеуметтік-экологиялық міндеттерін шешуге ықпал ететін болады.
- Ол Halyk Bank Homebank қосымшасында «Halyk жанармай құю» дистанциялық жанармай құю сервисін іске қосты, оның көмегімен ЖҚС-та ұялы телефоннан жанармай шықпай-ақ жанармай құйдыруға болады.
- «Халық-Life» АҚ клиенттер компания сайтында онлайн сатып ала алатын Life-Персона өмірді сақтандыру бағдарламасын іске қосты.
- «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ online-клиенттер мен олардың достары үшін ниеттестік бағдарламасын іске қосты.
- Moody's рейтингтік агенттігі «Tenge Bank» АҚБ рейтингін B1-ден Ba3-ке дейін көтерді, болжам «Тұрақты».
- «Halyk Finance» АҚ AIX тапсырысы бойынша AIX Qazaq Index әзірледі және іске қосты, ол Қазақстанда тіркелген тоғыз компанияның акциялары мен жаһандық депозитарлық қолхаттары құнының өзгеруін, сондай-ақ қызметінен түсетін кірісі ішінара немесе толығымен Қазақстанда өндірілетін кәсіпорындарды қадағалайды.
- «Halyk Finance» АҚ жылдық 11% табыстылығымен 5 млрд теңге көлемінде «Тойота Файнанш Сервисес Қазақстан» МҚҰ» ЖШС (MFTFb1, ISIN KZ2P00007776) облигацияларын шығару мен орналастырудың кеңесшісі және андеррайтері болды.

ТАМЫЗДА:

- Halyk тобы ресурстарды шоғырландыру және Топтың күш-жігерін одан әрі есу үшін үлкен потенциалы бар тиімділігі жоғары және тиімді жобаларға шоғырландыру мақсатында «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ-ты ерікті түрде тарату туралы шешім қабылдады.
- Moody's рейтинг агенттігі Halyk Bank рейтингін «Baa3»-тен «Baa2»-ге дейін көтерді, болжам «Позитивтіден» «Тұрақтыға» өзгертілді.
- Халықаралық BSI компаниясы «Халық-Life» АҚ сапа менеджменті жүйесінің ISO 9001:2015 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігін растады.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ Visa Direct аударымы бойынша Visa-мен бірлескен акцияны іске қосты.
- «Halyk Global Markets» АҚ Алматы қаласының жергілікті атқарушы органының 2 жылдық облигацияларын орналастырды: 15 млрд теңге.



ҚЫРКҮЙЕКТЕ:

- MSCI ESG Research халықаралық агенттігі Halyk Bank-тің 2019 және 2020 жылдардағы тұрақты дамуы туралы жарияланған есептерінің негізінде ESG саласындағы ақпаратты ашуды елеулі жақсарту нәтижесінде Halyk Bank-тің ESG-рейтингін «В»-ден «ВВ»-ге дейін көтерді.
- Halyk Bank-тің Басқарма Төрайымы Үміт Шаяхметова Kazakhstan Growth Forum K21 нұсқасы бойынша «Жүйелі даму үшін» номинациясы бойынша үздік CEO деп танылды.
- S&P халықаралық рейтингтік агенттігі Halyk Bank рейтингін «ВВ/В» деңгейінен «ВВ+/В» деңгейіне дейін көтерді, болжам «Тұрақты».
- Halyk Bank Сүлейман Демирел атындағы университетпен бірлесіп, Halyk Academy жобасы аясында бейінді IT-мамандарын даярлауға арналған оқу зертханалары мен оқыту бағдарламаларын іске қосты.
- Halyk POS мобильді қосымшасында шағын және микро бизнес өкілдері үшін арнайы әзірленген байланыссыз төлемдерді қабылдау үшін American Express ХТЖ карталарын қабылдау мүмкіндігі пайда болды.
- «Қазтелепорт» АҚ Lead auditor ISO 27001 халықаралық сертификатын алды.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ смартфондарда байланыссыз төлемдерді қабылдау үшін жаңа төлем жүйесі – Visa Tap to Phone іске қосты.
- «Halyk Finance» АҚ АИХ-ке тіркелген екі инвестициялық портфельді басқару бойынша AIX FM Limited-пен сенімгерлік басқару шартын жасасты, активтердің жиынтық құны 4 млн АҚШ долларын құрады.
- «Halyk Finance» АҚ «Halyk-Валюталық» АИПҚ пайлары бойынша дивидендтер төледі, дивидендтің мөлшері пайға 46,47382 АҚШ долларын құрады.
- «Halyk Finance» АҚ айналым мерзімі 5 жыл, 1 млрд теңге көлемінде «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ облигацияларын шығару және орналастырудың қаржы кеңесшісі және андеррайтері ретінде әрекет етті.
- «Halyk Finance» АҚ Aix Qazaq Index («AIXQI») индексіне байланған биржалық ноталардың екі түрі үшін инвестициялық менеджер болды:
 - Qazaq Equity Passive ETN – AIXQI индексімен айқындалатын пропорцияларда іс жүзінде өзінің барлық активтерін қазақстандық акцияларға инвестициялайтын пассивті инвестициялық тәсілі бар биржалық нота;
 - Qazaq Equity Active ETN – AIXQI енгізілген бағалы қағаздарға, сондай-ақ АИХ-те листингке алынған басқа да бағалы қағаздарға қаражат салатын инвестициялық менеджерді белсенді басқару есебінен AIXQI-ден озып шығуға арналған белсенді басқарылатын инвестициялау құралы.

ҚАЗАНДА:

- Банктің стратегиясына ESG принципі енгізілді.

- Halyk Bank бала туғанда берілетін жәрдемақы мен бір жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлемді онлайн рәсімдеу бойынша жобаларды жүзеге асырды, Hotebank мобильді қосымшасы арқылы QR-кодтың көмегімен ҚР азаматының паспорты мен жеке куәлігін дайындау үшін мемлекеттік баж төлемін қабылдау мүмкіндігін іске асырды, сондай-ақ өз клиенттері үшін картаға зейнетақы немесе жәрдемақы алу үшін деректемелерді ауыстыру процесін жеңілдеті отырып, пандемия жағдайында қажетсіз байланыстар қажеттілігін азайтты.
- «Digital Bridge» цифрландыру жөніндегі халықаралық форумы аясында Halyk Bank Басқарма төрайымы Үміт Шаяхметова ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа қазақстандықтарға мемлекеттік жәрдемақыларды қашықтықтан рәсімдеуге және алуға мүмкіндік беретін банктік онлайн-сервисті ұсынды.
- «Халық-Life» АҚ Halyk Bank-пен бірлесіп ШБ қарыз алушыларын онлайн-сақтандыруды іске қосты, іске қосылған сәттен бастап сыйлықақылар көлемі 400 млн теңгені құрады.
- «Қазтелепорт» АҚ 2021 жылғы 15 қазанда KVM виртуализация платформасында (Linux ядросының жүктелетін модулі, ол Linux x86 платформасында аппараттық виртуализацияны қамтамасыз етуге арналған) IaaS қызметін (инфрақұрылым қызмет ретінде, есептеу ресурстарының пулы (CPU, RAM, Storage)) – виртуалды деректер орталығы қызметін өнеркәсіптік пайдалануға іске қосты.
- «Halyk Global Markets» АҚ «Қазақстандық тұрақтылық қоры» АҚ және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ жылдық облигацияларын тиісінше 10 млрд теңге және 5 млрд теңге мәміле сомаларына орналастырды.

ҚАРАШАДА:

- Halyk Bank Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Мусин Антон Германович Halyk Bank Басқармасының құрамына кіріп, Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды.
- Best SME Bank Awards сыйлығы аясында Global Finance халықаралық беделді қаржылық басылымы Halyk Bank-ті «Қазақстандағы шағын және орта бизнес үшін үздік Банк 2021» («Best SME Bank in Kazakhstan 2021») номинациясында жеңімпаз деп таныды.
- Halyk Bank көлікті қайта рәсімдеу қызметін іске асырды.
- Halyk Bank қазақстандықтарға жаңа тұрғын үйді онлайн режимінде рәсімдеуге мүмкіндік беретін жылжымайтын мүлікті сатып алу процесіне блокчейн технологияларын енгізді.
- Halyk Bank «Kaz Green Energy» ЖШС-мен 7,9 млрд теңге сомаға «жасыл» кредит беру туралы Келісім шеңберінде қаржыландыруды ұсынуға кірісті. Компания Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Кеңгір а.о. тәуелсіз тарап – АХҚО жасыл қаржы орталығы верификациялаған қуаты 5 МВт биоэлектростанция салу бойынша жобаны іске асыруда.




- Тұрақты туризмді дамыту жөніндегі әлеуметтік жоба аясында Halyk Bank 11 құтқару лашықтарын, 18 күн батареясын және 1 пилотсыз ұшу аппаратын сатып алды, демеушілік көмек шеңберінде Halyk Bank аударған қаражаттың жалпы көлемі 101,5 миллион теңгені құрады.
- «Халық-Life» АҚ қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың андеррайтингсіз шарттары бойынша онлайн режимінде шарттар жасасу процесін іске қосты.
- «Халық-Life» АҚ қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттарын жасасқан заңды тұлғалар үшін клиенттің жеке кабинетін енгізді.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ ҚР Цифрлық даму министрлігімен бірлесіп биометрияны пайдалана отырып, "FACE ID" өнімін енгізді.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ мемлекеттік қызметтер порталына қолжетімділік алу үшін бұлтты электрондық цифрлық қолтаңбаны беру бойынша алғашқы оператор болды.
- «Halyk Finance» АҚ «Самұрық-Энерго» жасыл облигацияларын шығару және орналастыру жөніндегі менеджер және букраннер болды.
- Fitch Ratings рейтинг агенттігі «Халық Банк Грузия» АҚ-тың ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін BB+ деңгейінде растады, болжам тұрақты.

ЖЕЛТОҚСАҢДА:

- Halyk Bank және Google Pay компаниялары қолма-қол ақшасыз төлемдер жүйесін іске қосты.
- Halyk Bank Түркістан облысындағы филиалының жаңа заманауи ғимаратын ашты.
- «Халық-Life» АҚ ҚРҰБ сайтының 01.01.2022 жылғы деректеріне сәйкес сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдерінің көлемі бойынша ҚР өмірді сақтандыру нарығының көшбасшысы болып табылады.
- «Халық-Life» АҚ «1С Кәсіпорын: Мемлекеттік мекемелерге арналған бухгалтерия» АҚ-тың қатысуымен төлеушілер тізімін қоса бере отырып, сақтандыру жарналары бойынша төлемдерді автоматты түрде қалыптастыру және жөнелту мүмкіндігі пысықталды, тізімдерді алу және төлемдерді тану сервисі ретке келтірілді. қатысуымен төлеушілер тізімін қоса бере отырып, сақтандыру жарналары бойынша төлемдерді автоматты түрде қалыптастыру және жөнелту мүмкіндігі пысықталды, тізімдерді алу және төлемдерді тану сервисі ретке келтірілді.
- «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ барлық оқыту материалын орталықтандырумен телемаркетинг қызметін сүйемелдеу үшін ішкі web-порталды іске қосты.
- «Казтелепорт» АҚ Ақтау қаласында 10 тірекке арналған Деректерді Өңдеу Орталығының құрылысын аяқтады (серверлік шкафтар 19", серверлік және желілік жабдықты орналастыруға арналған, шкафтың стандартты биіктігі-42Unit).

- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ жаңа қаржылық маркетплейс – FinMarket.kg іске қосудағы пилоттық банкке айналды.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ және «Альфа Ойл» ЖШҚ (RedPetroleum ЖҚС) цифрлық технологиялар, қолма-қол ақшасыз төлемдер және бірегей төлем сервистерін құру саласында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.
- «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ және «Глобус» гипермакеттер желісі өзіне-өзі қызмет көрсету кассаларын іске қосты.
- «Tenge Bank» АҚБ өзінің процессингін іске қосты және Mastercard халықаралық төлем жүйесінің карталарын шығарды.
- «Москоммерцбанк» КБ (АҚ) факторинг өнімі іске қосылды.
- «Halyk Finservice» ЖШС эквайринг сервисіне GLOVO, WOLT және Яндекс ірі халықаралық клиенттерін тартты.
- «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ «Senim Group of Companies» ЖШС (Senim билдi қосымшасының агрегаторы) және «Мухтаров» ЖҚ (сайт сақтандыру агрегаторы www.saqtanu.kz) жаңа серіктестермен ынтымақтастық шартын жасасты және автосақтандыруды online-сату бойынша АТ жүйелерін біріктіруді жүзеге асырды «LITRO» ЖШС, ЖШС «www.auto.kz» (#1 leopard желісінің автобөлшектері бойынша сайт).





9

МАРАПАТТАР

HALYK BANK

VISA

Visa QR технологиясын дамыту және алға жылжытуда Орталық Азиядағы 2021 жылғы көшбасшы

2021 жылы Орталық Азиядағы Visa Tap to Phone технологиясының ең ірі қатысушысы

Орталық Азиядағы 2021 жылдың үздік эквайері

GLOBAL FINANCE

Қазақстандағы шағын және орта бизнес үшін Үздік Банк 2021 («Best SME Bank in Kazakhstan 2021»)

KASE

Ашықтыққа ұмтылысы үшін

Қаржы секторындағы 2020 жылға ең үздік жылдық есеп

2020 жылғы тұрақты даму туралы үздік есеп

«ХАЛЫҚ БАНК ҚЫРҒЫЗСТАН» ААҚ

VISA

Қырғыз Республикасында Tap to Phone өнімінің алғашқы және жалғыз іске қосылуы

«TENGE BANK» АКБ

Asiamoney

Өзбекстанның үздік шетелдік банкі 2021

«ХАЛЫҚ БАНК ТӘЖІКСТАН» ЖАҚ

VISA

2021 жылдың үздік эквайері

«ХАЛЫҚ-LIFE» АҚ

World Economic Magazine Awards 2021

Өмірді сақтандыру жөніндегі үздік компания 2021, Қазақстан

«HALYK ИНКАССАЦИЯ» ЖШС

Ұлттық бизнес-рейтингте

Алматы қаласы мен Қазақстандағы кәсіпорындар арасында «Мемлекеттік бюджетке қосқан үлесі» көрсеткіші бойынша жеңімпаз

«HALYK FINSERVICE» ЖШС

Mastercard

2021 жылдың үздік эквайері

VISA

2021 жылғы үздік eCommerce эквайер

«HALYK FINANCE» АҚ

Cbonds

Қазақстанның Үздік Инвестициялық Банкі

Қазақстанның үздік басқарушы компаниясы

Қазақстанның облигациялар нарығы бойынша үздік аналитика

Бастапқы орналастырудың үздік мәмілесі (Қазақстан)

EMEA Finance

Қазақстанның 2020 жылғы үздік инвестициялық банкі

Қазақстандағы Үздік Брокер

Global Finance

Қазақстанның 2021 жылғы үздік инвестициялық банкі

KASE

Үздік қаржы кеңесшісі

Корпоративтік облигациялар нарығындағы жыл андеррайтері

Акциялар нарығындағы жыл маркет-мейкері





10

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МАКРОЭКОНОМИКАСЫНА
ЖӘНЕ БАНКТІК
СЕКТОРЫНА
ШОЛУ

10



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МАКРОЭКОНОМИКАСЫНА ЖӘНЕ БАНКТІК СЕКТОРЫНА ШОЛУ

2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасының өсімі 2021 жылдың 9 айында 3,6% - тен 4,0% - ке дейін және 2021 жылдың 1 жартыжылдығында 2,4% - ке дейін өсті. Осылайша, экономика дағдарысқа дейінгі өсу қарқынына сенімді түрде жетті (2017-2019 жылдары орта есеппен 4,2%). Экономикалық өрлеуге әлемдік экономиканың қалпына келуі және соның салдарынан Қазақстанда өндірілетін шикізат тауарларына сыртқы сұраныстың артуы ықпал етті. ХВҚ бағалауы бойынша 2021 жылы әлемдік ЖІӨ өсімі 2020 жылы 3,1% - ке қысқарғаннан кейін 5,9% - ті құрады. Экономикалық жағдайдың жақсаруынан кейін келе жатқан энергия тасымалдаушыларға деген сұраныс мұнайдың әлемдік бағасының 2021 жылы 66%-ке жылына орташа есеппен бір баррель үшін 70 АҚШ долларынан жоғары өсуіне ықпал етті. Мұнай бағасы 2014 жылдың аяғынан беру осындай жоғары деңгейде болған жоқ. Экономиканың қатандық дәрежесі жағынан 2020 жылдың 4-тоқсанынан бастап шамамен бір деңгейде сақталған карантиндік шектеулерге бейімделуі іскерлік белсенділік деңгейіне оң әсер етті. Мәселен, экономикадағы карантиндік шектеулерден неғұрлым зардап шеккен көрсету саласы 2021 жылдың қорытындысы бойынша 3,9% ж/ж өсімді көрсете алды, бұл ЖІӨ-нің ж/ж 4,0% өсу қарқынымен салыстыруға болады.

2021 жылы халықтың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін 2,3 трлн теңгеге жуық мөлшерде алуы тікелей тұрғын үй жылжымайтын мүлік және денсаулық сақтау салаларында ғана емес, сондай-ақ экономиканың басқа секторларындағы салаларлық байланыстар арқылы да экономикалық белсенділіктің өсуінің қосымша драйвері болды. Бұл ретте 2021 жылдың 1-жартыжылдығында 1,4 трлн теңге мөлшеріндегі зейнетақы жинақтарының басым бөлігі алынды, 2021 жылдың 3-тоқсанында алу көлемі 281 млрд теңгеге дейін қысқарды, бірақ 4-тоқсанда алу шегінің ұлғаюы туралы хабарланғаннан кейін 600 млрд теңгеге дейін айтарлықтай өсті.


2021 жылдың аяғында экономиканың қалпына келуі кең салалық базаға ие болды, онда ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салалар оң өсу динамикасын көрсетті, оған сыртқы және ішкі факторлар, атап айтқанда, сұраныстың қалпына келуі және COVID-19 жағдайының ішінара тұрақтануы әсер етті. Мемлекеттің ынталандыру шараларының арқасында ішкі нарықта өсудің драйверлері ең алдымен құрылыс, телекоммуникация, өңдеу өнеркәсібі және сауда салалары болды. Сонымен қатар, сыртқы сұраныстың жақсаруы елдің өндіруші өнеркәсібі мен көтерме саудадағы белсенділікті арттырды. Мұнай бағасының өсуінен басқа, әлемдік нарықтарда металдар құнының айтарлықтай өсуі байқалды: алюминий 2020 жылы 5%-ке төмендеумен салыстырғанда 45%-ке қымбаттады, мырыш 2020 жылы 11%-ке төмендеумен салыстырғанда 32%-ке өсті, ал мыс бағасы 2020 жылы 3%-ке көтерілгеннен кейін 51%-ке жоғарылады.

Өнеркәсіптегі өсу қарқыны да үдемелі түрде 2020 жылы ж/ж 0,7%-тен 2021 жылы ж/ж 3,8%-ке дейін жеделдеді. Бұл ретте өндіру саласында ж/ж 1,7%-ке, ал өңдеу өнеркәсібінде ж/ж 5,5%-ке өсу байқалды. Соңғы бес жылда өңдеу өнеркәсібіндегі өсім 4% көрсеткішінен төмен болған жоқ, тіпті 2020 жылы пандемияға қарамастан, жыл қорытындысы бойынша 4,1%-ті құрағанын айта кеткен жөн.

Сыртқы нарықтардағы қолайлы конъюнктура өнеркәсіптегі өндіріс көлемінің өсуімен қатар 2021 жылы қазақстандық экспорттың 25,8% - ке 52,7 млрд АҚШ долларына дейін өсуіне алып келді. Шикізаттық емес экспорттың көлемі де 24,6%-ке ұлғайып, айтарлықтай өсім көрсетті.

Құрылыстың өсуі 2021 жылы біртіндеп әлсірей бастады, егер бірінші тоқсанда өсім ж/ж 13%-тен асып кетсе, жыл соңына қарай ол ж/ж 7,6%-ке дейін айтарлықтай баяулады. Құрылыс саласындағы динамиканың баяулауына әртүрлі инфрақұрылымдар мен құрылыстарды салуға инвестицияларды игерудің неғұрлым қалыпты қарқыны әсер етті. Өз кезегінде, тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі ж/ж 11,4%-ке 17 млн ш.м. дейін ұлғайды, бұл 2015 жылғы деңгейге қарағанда тұрғын үйді пайдалануға беру алаңының екі еселенгенін көрсететін жаңа рекорд.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ ЖӘНЕ МҮНАЙ БАҒАСЫ.




2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚР-да мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі ж/ж 0,03%-ке артып, 85,7 млн тоннаны құрады, ал ҚР Энергетика министрлігі мұнай өндіру көлемі 86 млн тоннаны құрайды деп жоспарлаған болатын. ОПЕК келісімі шеңберінде квоталардың біртіндеп ұлғаюына қарамастан, республикада мұнай өндірудің елеулі өсуінің болмауы Қарашығанақ және басқа да неғұрлым ұсақ кен орындарында өндірудің қысқаруына байланысты болды. Қашағанда мұнай өндіру 3,2%-rt, Теңіз кен орнында 0,6%-rt өсті, бірақ Қарашығанақта 3,3%-rt төмендеді. Бұл үш ірі кен орны 54,1 млн тоннаны немесе елдегі барлық мұнай өндірудің 63%-ін қамтамасыз етті, олардың үлесі неғұрлым жетілген кен орындарында өнім шығарудың қысқаруы аясында біртіндеп артып келеді.



COVID-19 жағдайының нәтижесі белгісіз болып қалғанымен, энергия тасымалдаушыларға деген сұраныс айтарлықтай өскенімен ұсыныс тапшылығы байқалды. Сұраныстың көлемінің ұсыныстан озыққы өсуі нәтижесінде АҚШ Энергетика министрілігінің бағалауы бойынша қорлар деңгейі өткен жылы күніне 1,4 млн баррельге қысқарды, яғни нарық айтарлықтай тапшылықты бастан кешірді, бұл мұнай бағамдарын жоғары көтеруге итермеледі.

Әлемдік нарықта энергия тасымалдаушыларға сұраныстың артуы нәтижесінде 2021 жылы мұнай экспортынан түскен табыс 7,4 млрд АҚШ долларына (+31% ж/ж) 31,1 млрд АҚШ долларына дейін өсті. Бұл ретте нақты мәнде ҚР экспорты ж/ж 7%-ке 65,6 млн тоннаға дейін азайды.

ҚР МҰНАЙ ӨНДІРУ ДИНАМИКАСЫ



Жалпы, 2021 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 13,2 трлн теңгені құрады және инвестициялардың 3,9%-ке қысқаруы байқалған кезде 2020 жылғы 12,3 трлн теңге деңгейінен асып түсті. 2021 жылы инвестициялық салымдар 2019 жылғы деңгейден де жоғары болып шықты, олардың көлемі 12,6 трлн теңгені құраған еді. Сонымен қатар, 2017-2019 жылдар аралығында Теңіз кен орнын кеңейту және одан әрі игеруге салынған инвестициялар есебінен инвестициялардың орташа жылдық өсу қарқыны қылына 10%-тен асқанын атап өткен жөн.

Мұнай баға белгіленімдерінің айтарлықтай өсуіне қарамастан, тау-кен өндіру саласындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар 2021 жылы 9,1%-ке 3,7 трлн теңгеге дейін (2020 жылы 4,1 трлн теңге) қысқарды. 2019 жылы олардың көлемі өткен жылғы қорытындылар бойынша 28%-пен салыстырғанда инвестициялардың жалпы көлемінде шамамен 45% үлес салмағымен 5,6 трлн теңгені құрады. Теңіз кен орнын игеретін Chevron Corporation деректері бойынша 2021 жылы оның салымдары 2,6 млрд АҚШ долларын құрады.

2021 жылы өңдеуші өнеркәсіпке салынған инвестициялар, керісінше, ж/ж 38,1% өсімді көрсетті (бір жыл бұрынғы 1,1 трлн теңгемен салыстырғанда 1,6 трлн теңге). Сонымен қатар ауыл шаруашылығындағы инвестициялардың өсімі ж/ж 33,3%, құрылыста ж/ж

19,1%, саудада ж/ж 24,7%, ал жылжымайтын мүлікпен операциялар жүргізу саласында ж/ж 17,9% құрады. Барлық аталған салалардағы инвестициялар көлемі дағдарысқа дейінгі 2019 жылғы көрсеткіштерден асып түсті.


Экономиканың қалпына келуі және тұтынушылық белсенділіктің артуы аясында 2021 жылғы қаңтар – желтоқсан айларында бөлшек сауда айналымы 2020 жылғы ж/ж 3,2%-ке қысқарумен салыстырғанда нақты мәнде ж/ж 6,5%-ке өсті. 2021 жылы бөлшек тауар айналымы номиналды мәнде 2020 жылғы 11,7 трлн теңгеден 13,4 трлн теңгеге дейін ұлғайды. (2019 жылы 11,3 трлн теңге). Бұл ретте бөлшек сауданың өсуі ең алдымен азық-түлік емес тауарлар айналымының ұлғаюы есебінен болды, оларды сату көлемі ж/ж 9,6%-ке артты, ал азық-түлік тауарлары бойынша сату көлемінің небәрі ж/ж 1,0%-ке артқаны тіркелген. Осы тауар топтарының динамикасындағы мұндай елеулі айырмашылық олардың 2020 жылғы дағдарыстағы динамикасына байланысты болды, ол кезде қарама-қарсы көрініс байқалды – азық-түлік емес тауарлар айналымының ж/ж 10,1%-ке төмендеуі, сонымен бірге азық-түлік тауарлары сатылымының ж/ж 7%-ке артуы.

Экономикалық белсенділік дағдарысқа дейінгі деңгейге дейін қалпына келтірілгеннен кейін, халық ұзақ мерзімді тауарларды сатып алу көлемін көбейткені анық, әсіресе 2020 жылғы дағдарыста ол көп үнемдеді, бұл кейінге қалдырылған сұранысты қалыптастырды. Осылайша, 2020 жылы жеке тұлғалардың депозиттері 1,7 трлн теңгеге (+17,7%) ұлғайды, ал бөлшек сауда айналымының өсімі бар болғаны 0,4 трлн теңгені (+3,6%) құрады. Өткен жылы жеке тұлғалардың депозиттері 2,5 трлн теңгеге (+22,9%) артты, ал бөлшек сауда айналымы 1,7 трлн теңгеге (+14,2%) артты.

Халық депозиттерінің және тұтыну көлемінің өсуіне қосымша түрткі 2021 жылы көлемі 2,3 трлн теңгеге жеткен зейнетақы жинақтарының берілуі болды. Бұл жинақтардың басым бөлігі сатып алуға, өтеуге немесе жаңа ипотека алуға жұмсалғаны сөзсіз. Алайда зейнетақы жинақтарына қолжетімділік халықтың қолда бар табысын уақытша арттырды және тұтынуды арттыруға мүмкіндік берді. Өз кезегінде тұрғын үйге сұраныстың артуы тұрғын үй құрылысы көлемінің өсуіне түрткі болды, бұл осы және онымен байланысты салаларда жұмыс істейтін халық табысының артуына әсер етті.

Бұдан басқа, экономиканың қалпына келтірілуі орташа номиналды жалақының өсуімен қатар жүрді, ол 248,8 мың теңгені құрады (номиналды мәнде ж/ж +17% және нақты мәнде ж/ж +8,3%), бұл халықтың тұтынушылық белсенділігін қалпына келтіруді ынталандырды.

ҚР БӨЛШЕК ТАУАР АЙНАЛЫМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ



2021 жылы Қазақстан бюджетіне келіп түскен салықтық түсімдер ж/ж 25,3%-ке және 2019 жылғы көрсеткішке қарағанда 16,4%-ке ұлғайды. Абсолюттік мәнде олардың сомасы 10,7 трлн теңгеге жетті (2020 жылы 8,6 трлн теңге). Бұл ретте 2021 жылғы мемлекеттік бюджетке келіп түсетін салықтық түсімдер бойынша жоспар артығымен 377,4 млрд теңгеге 103,6%-ке орындалды. Өткен жылы мемлекеттік бюджеттің кірістері (ҚР Ұлттық қорынан берілетін трансферттерді есепке алмағанда) ж/ж 16,4%-ке артып, 11,3 трлн теңге деңгейінде қалыптасты, бұл ретте 2019 жылғы дағдарысқа дейінгі кезеңге қатысты олардың сомасы 17,1%-ке ұлғайды.

ҚР Ұлттық қорынан бюджетке трансферт мөлшері 2021 жылы 4,5 трлн теңгеге дейін ж/ж 5,7%-ке қысқарды, бұл 2020 жылғы 4,8 трлн теңгемем, кірістер құрылымындағы 33%-пен салыстырғанда бюджеттің жалпы кірістері құрылымында 28%-ке, сәйкес келді. Алайда бұл, олар кіріс құрылымында 24% болған кездегі 2018-2019 жылдардағы пандемияға дейінгі, ҚР Ұлттық қорының трансферттерін пайдалану деңгейінен әлі де жоғары болды. Тұтастай алғанда, трансферттерді пайдалану Қазақстан экономикасын тұрақтандыруда және кейіннен тез қалпына келтіруде оң рөл атқарды.

«Қара алтынға» әлемдік бағаның өсуі және мұнайға экспорттық кедендік баж мөлшерінің артуы салдарынан халықаралық саудаға салынатын салықтар бойынша түсімдер ж/ж 60%-ке 1,5 трлн теңгеге дейін өсті, бұл дағдарысқа дейінгі 2019 жылғы деңгейден әлі де 80 млрд теңгеге төмен болды. Шикі мұнайға кедендік әкелімі бажының орташа мөлшерлемесі 2021 жылы 1 тонна үшін 69,2%-ке 64,2 АҚШ долларына дейін (2020 жылы 37,9 АҚШ доллары) өсті. Бұл ретте бюджетте мұнайдың құны бір баррель үшін 60 АҚШ доллары болып салынды, ал бір АҚШ доллары үшін нақты қалыптасқан көрсеткіш 426 болған кезде теңгенің бағамы бір АҚШ доллары үшін 425 теңге деңгейінде болжанды.

ҚР МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ ТАПШЫЛЫҒЫ



Тапшылық бұрынғы жоғары шектен екі есе өсті

Дереккөз: ҚР КМ


Экономикалық жағдайдың жақсаруына байланысты 2021 жылы бюджеттен ақшаның бөлінуі айтарлықтай қалыпты өсті. 2021 жылы мемлекеттік бюджет шығыстарының жалпы сомасы ж/ж 7%-ке ұлғайып, шамамен 18 трлн теңгені құрады (2020 жылы 16,7 трлн теңге). Әлеуметтік шығыстардың басымдығы олардың айтарлықтай өсуінен көрінді: зейнетақы мен жәрдемақы төлеуге арналған шығыстар 2021 жылы 4 трлн теңгеге жетіп, ж/ж 8%-ке өсті (шығыстар құрылымында 22,5%). Мемлекеттік бюджеттің жалақыға арналған шығыстары кезең ішінде 21%-ке 2,8 трлн теңгеге дейін өсті (шығыстар құрылымында 15,6%).

Мемлекеттік борышқа қызмет көрсетуге арналған шығындар едәуір өсті, олар ж/ж 34%-ке өсті және 1 трлн теңгеден асты. 2020 және 2021 жылдары қарыз алу көлемінің өсуі нәтижесінде бюджеттің жалпы шығыстары құрылымында мемлекеттік борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыстардың үлесі 2020 жылғы 4,6%-тен 5,7%-ке дейін ұлғайды.

Бюджет параметрлерінің жақсаруы мемлекеттік бюджет тапшылығының қысқаруына алып келді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджет тапшылығының мөлшері бастапқы бағалаудан шамамен 11%-ке (2,8 трлн теңге) төмен қалыптасты және 2,5 трлн теңгені құрады, бұл 2020 жылғы дағдарыстағы ЖІӨ-нің 4%-пен салыстырғанда ЖІӨ-нің 3,1%-ке сәйкес келді. Мемлекеттік қаржының тұрақты жағдайын қамтамасыз ететін негізгі фактор ҚР Ұлттық қорынан трансферт болды, оған мемлекеттік бюджет кірістерінің 28% келді. Елдің мемлекеттік қарызының мөлшері тағы өсті және 2016 жылдан бастап екі есеге артып, 2021 жылы тағы да 22 трлн теңгеге жетті. Салыстырмалы мәнде мемлекеттік қарыз өткен жылғы ЖІӨ-нің 29% шыңынан кейін ЖІӨ-нің 27%-ке дейін түзетілді.

2021 жылдың аяғында ж/ж 8,4% деңгейінде тіркелген тұтыну инфляциясының қарқыны 2017 жылдан бастап ең жоғары болып табылады. Инфляцияның жеделдеуі 2019 жылы ол 2018 жылы 5,3% ең төменгі көрсеткішке жеткеннен кейін басталды. Бағаның өсуін жеделдетуге сыртқы да, сондай-ақ ішкі факторлар да ықпал етті. Олардың арасында өткен жылы мұнай баға белгілемдерінің ж/ж 66%-ке бір баррель үшін 70,4 АҚШ долларына дейін (бір жылдағы орташа баға) көтерілуі де, сондай-ақ әлемдік нарықта азық-түлік өнімдерінің 10 жылдық ең жағарғы көрсеткішке дейін ж/ж 28,1%-ке қымбаттауы да (FAO - Дүниежүзілік азық-түлік ұйымының азық-түлік бағасының индексі) болды.

Инфляциялық процестердің жаһандық сипатын әлемдік деңгейдегі инфляция динамикасы айқын көрсетеді, ол Bloomberg ақпараттық агенттігінің деректеріне сәйкес, 2021 жылдың қорытындылары бойынша 2020 жылғы 2,1%-тен 2021 жылы 5,7%-ке дейін үш есеге жуық өсті. Ресей Федерациясында инфляция 2016 жылдан бастап ең жоғары көрсеткішке, өткен жылғы 4,9% - пен салыстырғанда, 8,4%-ке жетті, АҚШ-та инфляция 1,4%-тен 7%-ке дейін өсті, ал Еуроймақ елдерінде 2020 жылы байқалған дефляция 2021 жылдың қорытындысы бойынша 5%-ке дейін күрт көтерілумен алмастырылды. Осылайша, сыртқы инфляция тұтыну тауарлары импортының өсуі арқылы, сондай-ақ биржалардағы тауарлардың баға белгілемдері арқылы Қазақстанның ішкі нарығындағы бағаларға таратылады.



Дереккөз: БНС, Блумберг



Тұтыну бағаларына қысым ұлттық валютаның жалғасқан әлсіреуі есебінен де болды, ол АҚШ долларына қатысты 2021 жылы өз құнының 5,2%-ті және 2020 жылы 7,9%-ті (орташа жылдық бағам) жоғалтты. Экономиканы ынталандыру және оның тез қалпына келуі 2021 жылы номиналды жалақының ж/ж 17%-ке өсуіне ықпал етті. 2021 жылы азаматтардың зейнетақы жинақтарынан жылжымайтын мүлік нарығына 2,1 трлн теңге түсті (ЖІӨ-ден -2,5%), бұл жылжымайтын мүлік бағасының 22%-ке өсуіне түрткі болды, ал ақылы қызметтердің құрамдас бөлігі болып табылатын жалдау құны бұл ретте 17,6%-ке өсті, бұл ақыр аяғында жалпы инфляция көрсеткішіне әсер етті. Осылайша, инфляция қарқынының жеделдеуі өндіріс шығындарының өсуіне байланысты жиынтық ұсыныс жағынан ғана емес, сондай-ақ халық табысының өсуіне және азаматтардың зейнетақы қаражатының бір бөлігін тұтыну айналымына енгізуге байланысты күшті монетарлық импульс алған жиынтық тұтынушылық сұраныс пен инвестициялар жағынан да орын алды.

2022 жылғы қаңтардың басында Қазақстанда жаппай наразылықтар болып, тәртіпсіздіктерге ұласты. 5 қаңтарда Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдай режимі енгізілді, ол 19 қаңтарға дейін жалғасты. Жаппай наразылықтар кезеңінде Қазақстанның барлық аумағында интернетке қолжетімділік шектелді, банктердің жұмысы тоқтатылды, қор нарығында операциялар, тауар биржаларында сауда-саттық жүргізілмеді, авиакатынастар тоқтатылды, бұл кәсіпорындардың тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтірді.

15 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасындағы жағдай тұрақтанды және билік органдарының бақылауына алынды. Үкімет саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыруға бағыт алды.

2022 жылғы ақпанда теңге сыртқы геосаяси жағдай аясында негізгі шетел валюталарына қатысты айтарлықтай құнсызданды. Қазақстан экономикасына сыртқы факторлардың теріс әсерін төмендету мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі («ҚРҰБ») базалық мөлшерлемесін +/- 1,0 п.т. дәлізімен жылдығы 10,25%-тен 13,5%-ке дейін көтерді, сондай-ақ шетел валюталарына қатысты теңгенің айырбас бағамын қолдау үшін валюта нарығында интервенциялар жүзеге асырылды.

Топ басшылығы экономикалық жағдайдағы ағымдағы өзгерістерді бақылап отыр және жақын болашақта Топ бизнесінің тұрақтылығы мен дамуын қолдау үшін қажет деп санайтын шараларды қабылдап жатыр.

ҚРҰБ-ТЫҢ АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

Қазақстанның макроэкономикалық динамикасы әлемдік және жергілікті экономикалардың қалпына келуі аясында ұсыныс жағынан ғана емес, іскерлік белсенділіктің өсуі, тұтынушылық кредиттеудің кеңеюі және бюджеттік импульстің кеңеюі аясында сұраныс жағынан да инфляциялық процестердің жеделдеуімен сипатталды. Мұндай макроэкономикалық динамика тұтынушылық инфляцияның ж/ж 8,4% жеделдетілуіне ғана емес, сонымен қатар өнеркәсіптік өнімді өндіруші кәсіпорындар бағаларының ж/ж 46,1% жеделдетілуіне де әсер етті. Инфляция қарқынының өсуімен қатар халық тарапынан инфляциялық болжамдардың жеделдеуі байқалды. Қазақстандағы халықтың салыстырмалы түрде бір қалыпты болған инфляциялық болжамдары қараша айында күрт 10,8%-ке дейін «көтерілді» және нақты инфляция деңгейі 8,4% болған кезде желтоқсан айында 10,3% деңгейінде тұрақтанды. Инфляцияның нақты және күтілетін динамикасының жоғары қарқыны ҚРҰБ-ның ақша-кредит талаптарын үдемелі түрде қайтата бастауына алып келді. Осылайша, ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі өткен жылы 75 б.т. 9,75%-ке дейін көтерілді.

Автоматты РЕПО (TONIA) операциялары бойынша мөлшерлеме 2021 жылдың соңында 10,56% (2021 жылдың аяғында 8,98%) деңгейінде қалыптасты, 2021 жылғы 4-тоқсанда орташа мәні 9,61% (2021 жылғы 3-тоқсанда 8,8%). 2021 жылғы 4-тоқсанда автоматты РЕПО бойынша мәмілелер көлемі ж/ж 3,4 есе ұлғайды және 39,1 трлн теңгені құрады, бұл ретте күндізгі мәмілелердің орташа мәні кезең ішінде 620,7 млрд теңгені (2021 жылғы 3-тоқсанда 433 млрд теңге) құрады. Автоматты РЕПО операциялары бойынша мәмілелердің ең жоғары күндік көлемі 2021 жылғы желтоқсан айының соңында келіп, 1 357 млрд теңгені (2021 жылғы тамыз айының соңында 643,5 млрд теңге) құрады.

2021 жылдың басынан бастап мұнай баға белгіленімдерінің өсуі аясында ұлттық валюта бағамы бір АҚШ доллары үшін 431,7 теңгеге дейін 2,6%-ке әлсіреді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАНК СЕКТОРЫ

Бірінші жартыжылдық ішінде ақырын өсу динамикасына қарамастан, экономикаға кредит беру 2021 жылы 18 498 млрд теңгеге дейін 26,5%-ке ұлғайды (2020 жылы ж/ж +5,5%). ЕДБ кредиттеудің негізгі бағыты тұтынушылық кредиттеуге шоғырланды, нәтижесінде осы бағыт бойынша кредиттік портфель 2021 жылы ж/ж 40,0%-ке 6,1 трлн теңгеге дейін өсті (2020 жылы +4,3%). Сонымен қатар азаматтардың өздерінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалануы есебінен тұрғын үй салу және сатып алу портфельдің ж/ж 40,3%-ке 3,5 трлн теңгеге дейін өсуімен ұқсас динамиканы көрсетуді жалғастыруда (2020 жылы +32,3%). Кредиттік портфель құрылымындағы тұтынушылық кредиттеудің үлес салмағы 2021 жылдың соңында 33,2%-ті (2020 жылы 30%), ал тұрғын үй қарыздарының үлес салмағы 18,9%-ті (2020 жылы 17%) құрады.

2021 жылы депозиттер көлемі 22,7%-ке 27 трлн теңгеге дейін ұлғайды (2020 жылы +16,1%). Салымдардың негізгі өсуі теңгеді бөлшек депозиттердің ж/ж 30,9%-ке 8 708 млрд теңгеге дейін өсуі есебінен болды (2020 жылы 23,6% /г/г), ал долларлық баламадағы валюталық бөлшек депозиттер ж/ж 7,2%-ке 10 556 млн АҚШ долларына дейін өсті. 2021 жылы корпоративтік салымдар 18,5% - ке 12,6 трлн теңгеге дейін өсті. Теңгеді корпоративтік депозиттер ж/ж 19,8%-ке 8 629 млрд теңгеге дейін өсті (2020 жылы ж/ж 32,5%), ал долларлық баламадағы валюталық корпоративтік салымдар ж/ж 24,0%-ке 12 063 млн АҚШ долларына дейін өсті. Жеке және заңды тұлғалар депозиттерінің арақатынасы тиісінше 48,36%-ке 51,64%-ды құрады.

2021 жылы ҚРҰБ алған өтімділіктің жалпы көлемі ж/ж 30,0%-ке қысқарды және 3,4 трлн теңгені құрады, бұл банк жүйесінің кредиттік портфельінің 16,8%-пен және экономикадағы ақша массасы жиынтығының 11,3%-пен салыстыруға келеді. Артық өтімділікті айықтыру көлемінде айтарлықтай қысқару жыл соңында байқалды (қараша – а/а 24,6%, -1,3 трлн теңге; желтоқсан – а/а 13,1%, - 0,5 трлн теңге). Алу көлемінің қысқаруына ҚРҰБ қысқа мерзімді ноталарының көмегімен айықтырудың ж/ж 28,2% (а/а -15,0%) 2,1 трлн теңгеге дейін азаюы айтарлықтай әсер етті.

2021 жылы банк секторының таза пайдасы 1 289,3 млрд теңгені құрап, ж/ж 77,6%-кеартты. Таза пайыздық кірістер 2021 жылы 1 542 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылғы нәтижелерден 23,6%-ке артық, 2021 жылы таза комиссиялық кірістер ж/ж 27,6%-ке өсті және 596,7 млрд теңгені құрады. 2021 жылы халық пен бизнестің жинақ ақшасын экономика кредитіне шектеулі трансформациялау жағдайында депозиттердің қарыздарға арақатынасы 128,78% мәніне жетті, ал банктің клиенттерге қойылатын талаптары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер үлесі 2020 жылғы 73,7%-тен 2021 жылғы 70,8%-ке дейін қысқарды.





11



ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

Қарапайым акционерлерге таза кіріс 2020 ж. 12 ай ішіндегі 352,7 млрд теңгемен салыстырғанда 2021 ж. 12 ай ішінде 31,1%-ке 462,4 млрд теңгеге дейін барлық сегменттердегі бизнестің жалпы өсуі нәтижесінде ұлғайды.

Пайыздық кірістер 2020 ж. 12 ай ішіндегі 733,2 млрд теңгемен салыстырғанда 2021 ж. 12 ай ішінде 20,0%-ке 879,9 млрд теңгеге дейін негізінен клиенттерге берілген қарыздардың орташа қалдықтарының өсуі есебінен ұлғайды. **Пайыздық шығыстар** 2020 ж. 12 ай ішіндегі 333,7 млрд теңгемен салыстырғанда 2021 ж. 12 ай ішінде 9,9%-ке 366,8 млрд теңгеге дейін негізінен Банктің жоғары табысты еурооблигацияларын өтеу нәтижесінде борыштық бағалы қағаздар бойынша пайыздық шығыстардың төмендеуімен ішінара өтелген клиенттердің қаражатындағы орташа қалдықтардың және теңгедегі депозиттер үлесінің өсуі есебінен ұлғайды. **Таза пайыздық маржа** 2020 ж. 12 ай ішінде 4,7% және 2020 ж. 4-тоқсанда 4,4%-ке дейінгі өсіммен салыстырғанда 2021 ж. 12 ай ішінде 5,2%-ке дейін және 2021 ж. 4-тоқсанда 5,0%-ке дейін негізінен пайыздық міндеттемелерді пайыздық активтерге орналастыру құрылымын жақсарту есебінен және Банктің жоғары табысты еурооблигацияларын мерзімінен бұрын өтеу нәтижесінде купондық төлемдерді үнемдеу есебінен ұлғайды.

2021 ж. 12 ай ішінде **клиенттерге қарыздар бойынша тәуекел құны** 2020 ж. 12 ай ішіндегі 0,4%-пен салыстырғанда 0,2%-ке дейін ірі проблемалық және бұрын күнсызданған корпоративтік қарыздарды өтеу есебінен төмендеді.

2020 және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішіндегі пайдалар мен шығындар туралы шоғырландырылған есепке 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін есепті ұсыну нысанына сәйкес келтіру үшін жіктеуге өзгерістер енгізілді, өйткені ағымдағы жылғы есепті ұсыну нысаны Топтың қаржылық нәтижелері туралы неғұрлым нақты түсінік береді. Қайта жіктеу ниеттестік бағдарламасымен байланысты, оған сәйкес Банк қарталық операциялар бойынша клиенттерге бонустар есептейді, олар өз кезегінде 15 ХҚЕС (IFRS) сәйкес «түсімнің азаюы» ретінде, яғни бұл жағдайда комиссиялық табыстың азаюы ретінде көрсетілуі тиіс. Сол

себепті, 2021 жылдың аяғынан бастап клиенттерге төленуі тиіс ниеттестік бағдарламасының бонустары қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістерге қосылады. Барлық алдыңғы кезеңдер сәйкесінше қайта жіктелді.

Қызметтер бойынша кірістер мен комиссиялар 2020 ж. 12 аймен салыстырғанда 2021 жылғы 12 ай ішінде 11,5%-ке, негізінен пластикалық карталар бойынша операциялар бойынша, сондай-ақ банктік аударымдар бойынша - ниеттестік бағдарламасы бойынша бонустардың ұлғаюымен ішінара өтелген есеп айырысу шоттары бойынша транзакциялық бизнестің өсіп жатқан көлемінің нәтижесінде ұлғайды.

Қызметтер бойынша шығыстардың және комиссияның 2020 жылғы 12 айға қарағанда 13,6%-ке ұлғаюы капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерінің ұлғаюы салдарынан болған Банк үшін неғұрлым төмен мөлшерлемелерге байланысты Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қорына төленуге жататын депозиттерді сақтандыру бойынша комиссиялардың төмендеуімен ішінара өтелген транзакциялық бизнестің және қолма-қол ақшасыз операциялардың өсіп жатқан көлемінің нәтижесінде төлем карталары бойынша шығыстардың ұлғаюы есебінен болды.

Басқа да пайыздық емес кірістер¹ 2020 ж. 12 ай ішіндегі 89,5 млрд теңгемен салыстырғанда 2021 жылғы 12 ай ішінде 12,5%-ке 78,4 млрд теңгеге дейін азайды. 2021 ж. 1-тоқсанда Банк өзінің еурооблигацияларын толық мерзімінен бұрын өткізіп, бұл пайыздық шығыстар құрамында танылған 5 млрд теңге мөлшеріндегі дисконттың жеделдетілген амортизациясына әкелді. Қосымша, Банк 2021 жылғы 3-тоқсандағы 14 млрд теңге мөлшеріндегі амортизациялық шығыстарды мойындады. Сонымен қатар, мәміленің сипатына байланысты Банк басшылығы Банктің еурооблигациялары бойынша дисконттың жеделдетілген амортизациясы пайыздық емес шығыстарға жатады деп санады, өйткені осылайша қаржылық есептілік құрымдарына неғұрлым құнды ақпарат береді және қаржылық кезеңдердегі Банк қызметінің нәтижелерін салыстыру үшін неғұрлым дәйекті негізді анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша, 2021 жылғы 3-тоқсанда Банк пайыздық емес шығыстардың құрамында қосымша 14 млрд теңге амортизациялық шығыстарды көрсетті және пайыздық шығыстардан пайыздық емес шығыстарға 5 млрд теңге мөлшеріндегі бұрын танылған амортизациялық шығыстарды қайта жіктеді. Жалпы алғанда, бұл 2021 жылғы 12 ай ішінде пайыздық емес шығыстар құрамында танылған 19 млрд теңге амортизациялық шығыстарды құрайды.

2021 жылғы 12 ай ішіндегі **сақтандыру қызметінен түскен таза кіріс**² 2020 жылғы 12 аймен салыстырғанда қарыз алушының өмірін сақтандыру топтамасы бар кепілсіз кредиттер бағдарламасының өсуі нәтижесінде елеулі ұлғайды.

Операциялық шығыстар (қаржылық емес активтердің күнсыздануынан болатын залалды қоса алғанда) 2020 жылғы 12 аймен салыстырғанда 2021 жылғы 12 ай ішінде негізінен 2021 жылғы 1 наурыздан бастап жалақы мен сыйлықақыны индекстеу және жарнамаға шығыстардың ұлғаюы есебінен 20,9%-ке ұлғайды. 2021 жылдың аяғынан бастап клиенттерге төленуге жататын ниеттестік бағдарламасының бонустары операциялық шығыстар құрамынан алынып тасталды. Барлық алдыңғы кезеңдер сәйкесінше қайта жіктелді.

¹ Басқа да пайыздық емес кірістер (шетел валютасымен жасалған операциялар бойынша таза пайда, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайда/шығын), өзге жынықты кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінен таза існе асырылған пайда, құлымдасқан ұйымның пайдасындағы үлес, банктік емес қызметтен түсетін кірістер және өзге де кірістер.

² Келтірілген сақтандыру төлемдері шегергенді, қайта сақтандыруды шегергенді (сақтандыру төлемдерінің сомасы, сақтандыру резервтерінің және агенттерге комиссиялық сыйақының сомасы) сақтандыру қызметінен түскен кірістер (сақтандыру сыйлықақыларының сомасы, брутто, қайта сақтандыру берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы және алынбаған сақтандыру сыйлықақысының резервінің өзгеруі, нетто).

Операциялық шығыстардың Банктің операциялық кірісіне арақатынасы 2021 жылғы 12 ай ішіндегі операциялық кірістердің неғұрлым жоғары деңгейінің арқасында 2020 жылғы 12 ай ішіндегі 25,8% - пен салыстырғанда 24,6% - ке дейін төмендеді.

2021 ж. аяғындағы жағдай бойынша **активтер жиынтығы** 2020 жылдың соңына қарағанда шығарылған борыштық бағалы қағаздардың төмендеуімен ішінара өтелген клиенттердің қаражаты мен кредит мекемелерінің қаражатының өсуі есебінен 16,4%-ке өсті.

2020 ж. аяғымен салыстырғанда **клиенттерге қарыздар** брутто негізінде 29,6%-ке және нетто негізінде 32,1%-ке өсті. 2021 жылғы 12 ай ішінде брутто негізінде несиелік портфельдің ұлғаюы корпоративтік портфельдің 21,9%-ке ұлғаюына және тиісінше ШОБ портфельінің 31,1%-ке және бөлшек сауда портфельінің 44,2%-ке ұлғаюына шартталған.

2021 ж. аяғындағы жағдай бойынша **Stage 3¹ коэффициенті** 2021 ж. 3-тоқсан соңына негізінен ірі проблемалық және бұрын құнсызданған корпоративтік қарыздарды өтеу есебінен 9,8%-тен 8,6% - ке дейін азайды.

Заңды және жеке тұлғалардың қаражаты 2020 жылдың аяғымен салыстырғанда негізінен Банк клиенттерінен қаражат ағыны есебінен тиісінше 8,0% - ке және 19,4% - ке ұлғайды. 2021 ж. аяғындағы жағдай бойынша теңгеде деноминацияланған заңды тұлғалар депозиттерінің үлесі заңды тұлғалар депозиттерінің жалпы сомасында 2021 ж. 3-тоқсан аяғындағы жағдай бойынша 55,2% салыстырғанда 52,9% құрады, сол уақытта теңгеде деноминацияланған бөлшек депозиттердің үлесі бөлшек депозиттердің жалпы сомасында 2021 ж. 3-тоқсан аяғындағы жағдай бойынша 50,0% салыстырғанда 50,6% құрады.


Кредит мекемелерінің қаражаты 2020 ж. аяғымен салыстырғанда негізінен қазақстандық банктердің қарыздары мен салымдарының ұлғаюы себебінен 3,6 есе өсті. (РЕПО келісімдері бойынша қарыздарды қоса алғанда). 2021 жылғы 31 желтоқсан күні Банктің қаржы институттары алдындағы міндеттемелерінің 95,3% қазақстандық банктердің қарыздары мен салымдарынан (РЕПО келісімдері бойынша қарыздарды қоса алғанда), экономиканың жекелеген секторларын мемлекеттік қолдау бағдарламалары шеңберінде «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-тан және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тан 2014–2021 жылдары тартылған қарыздардан тұрды.

Шығарылған **борыштық бағалы қағаздар** 2020 ж. аяғымен салыстырғанда Банктің жоғары табысты еурооблигацияларын толық өтеу нәтижесінде 35,8%-ке азайды.

2021 ж. аяғындағы жағдай бойынша айналыстағы акциялардың жиынтығынан Банктің жай акцияларының 7,2%-ін сатып алынуы арқылы ішінара өтелген, 2021 ж. 12 ай ішінде Банк алған таза пайда нәтижесінде капитал жиынтығы 2020 ж. аяғымен салыстырғанда 5,4%-ке ұлғайды. 2021 жылғы желтоқсанда Банк жалпы сомасы 154 млрд теңгеге жаһандық депозитарлық қолхаттар нысанындағы акцияларды қоса алғанда, өзінің орналастырылған жай акцияларының 7,2%-ті сатып алды. Сатып алудың мақсаты Топтық капитал құрылымын оңтайландыру болды. Нәтижесінде, банк капиталының жеткіліктілік көрсеткіштері 2021 жылдың аяғындағы жағдай бойынша төмендеді.

Банк капиталының жеткіліктілік коэффициенті мынаны құрады:*

	31-жел-21	30-қыр-21	30-мау-21	31-нау-21	31-жел-20
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті, шоғырландырылмаған:					
Халық Банк					
k1-1	19,6%	20,6%	20,2%	24,0%	23,7%
k1-2	19,6%	20,6%	20,2%	24,0%	23,7%
k2	20,4%	21,8%	21,5%	25,3%	25,1%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті, шоғырландырылған:					
негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (CET 1)	19,3%	21,5%	21,1%	24,6%	24,4%
бірінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті	19,3%	21,5%	21,1%	24,6%	24,4%
меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті	19,9%	22,5%	22,1%	25,8%	25,5%




¹ СҚКҚ-ны қоса алғанда (сатып алынған немесе қырылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері).

* капитал жеткіліктілігіне қойылатын ең төмен реттелулік талаптар: әрбір коэффициент үшін 3% консервациялық буфер мен 1% жүйелік буферді қосқанда k1 – 9,5%, k1-2 – 10,5% және k2 – 12%.

12

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ
БАҒЫТТАРЫНА ШОЛУ



12



ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНА ШОЛУ

Банктің негізгі қызметі бөлшек және корпоративтік клиенттерге және ШОБ клиенттеріне қызмет көрсетуге бағытталған. Банктің еншілес компаниялары ұсынған қызметтері де сақтандыру қызметтерінің, инкассациялау, активтерді басқару мен брокерлік қызметтер, телекоммуникациялық қызметтер мен лизингті қамтиды.

БАНКТІҢ БӨЛШЕК ӨНІМДЕРІ

2021 жылы Бөлшек Блок командасы Банктің сервистері қаржылық қажеттіліктерді шешіп қана қоймай, күн сайын клиенттердің өмірін толықтырып, жақсарту алуы үшін «Halyk» тобын дамытудың жаңа кезеңін құру бойынша белсенді жұмысты жалғастырды.

Цифрландырудағы жылдамдықты, мінез-құлық пен қалаулардағы өзгерістерді, клиенттеріміздің қажеттіліктерінің өсуін назарға ала отырып, дамудың негізгі бағыттары айқындалды. Атап айтқанда, жоғары сапалы қызмет көрсету және сенімділік. Біз үшін әрбір клиенттің ыңғайлылыққа, жылдамдыққа, оңайлыққа және қауіпсіздікке қол жеткізгені маңызды.

Осы мақсаттарда ыңғайлы болу үшін процестер біріктірілді, бизнестің қажеттіліктерін ескеріп қана қоймай, біздің клиенттеріміздің ақпараты мен қаражатының сақталуын қамтамасыз ету үшін халықаралық сапа стандарттарына да сай келетін Банктің технологиялық платформаларын дамыту жалғастырылды.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ДЕПОЗИТТЕРІ

Банк 32,1% үлеспен нарықта көшбасшы орынды сақтап тұр, Halyk Bank депозиттерінің портфелі – 4,3 трлн. теңге.

Банк клиенттеріне үйден шықпай-ақ депозиттер ашу, сондай-ақ смартфонның көмегімен өз депозиттерін басқару қолжетімді және ыңғайлы болды. Есеп жарияланған күні цифрлық депозиттердің үлесі іс жүзінде екі есе өсті және енді әрбір үшінші депозит онлайн ашылады.

Стандартты депозиттік өнімдерден басқа, Банк Еншілес ұйымдардың өнімдік желісін кросс-сату шеңберінде клиенттерге инвестициялық шешімдерді ұсынады. Сыйлықақылық сегмент клиенттерінің қаржылық және эмоционалдық

қажеттіліктерін кешенді қанағаттандыру мақсатында Банк клиенттерге еншілес ұйымдардың өнімдерін: «Халық-Қазына» өмірді сақтандыру бағдарламасын және «Halyk-Валюталық» ИАПҚ инвестициялық өнімін белсенді түрде ұсынады.

БӨЛШЕК КРЕДИТТЕУ

Банктің портфелі 2022 жылғы 1 қаңтарда нарықтағы 18% үлесімен 1 807 млрд теңгені құрады.

2021 жылы Банктің кредит бизнесі өте жоғары қарқынмен өсті, портфельдің өсуі 42%, кредит сатылымының өсуі 2020 жылға қарағанда 89% құрады. Бұл клиенттердің жоғары сапаны, Банкке деген сенімді және кредиттік өнімдер желісінің қолайлы талаптарын бағалайтындығын тағы да растайды.

Банк клиенттері онлайн-кредиттер ала алады, клиенттерге тауарлық кредит беру бойынша тауарларды серіктестерден офлайн форматта да, сондай-ақ онлайн форматта да бөліп төлеу арқылы немесе кредитке сатып ала алады, бірнеше минут ішінде өз кредиттерін басқа ЕДБ-де қайта қаржыландыра алады. Halyk Homebank қосымшасындағы цифрлық кредиттер жоғары танымалдылыққа ие болды. 2021 жылғы төртінші тоқсанда үш кредиттің екеуі онлайн берілді. 2020 жылдың басынан бастап сатылымағы цифрлық кредиттердің үлесі барлық кредиттер санында 12%-тен 82%-ке дейін өсті. 2021 жылы кредиттік портфельдің 59% өсімі онлайн қарыздар есебінен болды.

2021 жылдың қазан айында Halyk Homebank платформасында «Жаппай бөліп төлеу» өнімі басталды, оның шеңберінде жеке тұлға клиенттер әр түрлі санаттағы сауда серіктестерінен тұрмыстық техниканы, зергерлік бұйымдарды, үйге арналған тауарларды, киім және т.б. бөліп төлеуді/немесе кредитті рәсімдей алады.

Бөліп төлеуді рәсімдеу үшін клиентке сауда серіктесінен ұнаған тауарды таңдап, Halyk Homebank қосымшасында онлайн-режимде қажетті сомаға өтінімді рәсімдеу жеткілікті, Банк шешімді небәрі бірнеше минут ішінде қабылдайды. 01.01.2022 жылғы жағдай бойынша бөліп төлеу бағдарламасына 3 мыңға жуық сауда серіктесі тартылды.

ТӨЛЕМ КАРТАЛАРЫ

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банктің белсенді төлем карталарының саны 5,8 млн дананы құрады. Бұл ретте Банк 20% үлесімен осы нарықтағы көшбасшылардың бірі болып келеді.

Halyk Homebank артықшылықтарының бірі клиенттер арасындағы танымал цифрлық өнімдер болып табылатынын айтып өткен жөн. Банк клиенттері цифрлық карталарды онлайн аша алады. Карталарды адресік жеткізу сервисі үлкен танымалдылыққа ие болуда, және клиенттер тегін болып табылатын осы қызметті сүйсіне пайдаланады. Мәселен, 2021 жылы клиенттерге 60 мыңға жуық карта жеткізілді.

Дебеттік карталарды шығару арналары кеңейтілді, бұл клиенттерге карталарды өздеріне аса ыңғайлы тәсілмен шығаруға мүмкіндік береді. Банк бөлімшесінде картаны ашу клиенттің бар болғаны 5 минутын алады, картаны шығару мобильді эмбоссер арқылы жүргізіледі. 2021 жылғы желтоқсан айында жедел карталарды шығару үлесі 90%-ті құрады.



Клиенттерге ыңғайлы болу үшін Банк өзі эмбоссерлеушілерді орнату бойынша үлкен жұмыс жүргізді, бұлар картаны шығарып қана қоймай, оларды қайта шығаруға да мүмкіндік береді. Банктің филиал желісі бойынша барлығы 120 өзі эмбоссерлеуші орнатылды, 2022 жылы Банк оларды кеңейту бойынша жұмысты жалғастырады.

ЖАЛАҚЫ ЖОБАЛАРЫ

Банктің ең басты стратегиялық қызметтерінің бірі – бұл жалақы жобалары. Жалақы жобаларының саны шамамен 33,2 мыңды құрайды. Банк карталары бойынша жалақы алатын клиенттер саны 2,5 млн адамды құрайды.

2021 жылы «Жалақы жобасы» өнімі толық цифрландырылды. Сонымен, ұйымдардың бухгалтерлеріне Банктің (<https://halykbank.kz/business/card/karta-dlya-sotrudnikov>) сайтында транзиттік шоттың деректерін алу және қызметкерлердің жалақысын комиссиясыз және шарт жасамай Halyk Bank карталарына есептеу жеткілікті.

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕРДІ АУДАРУ

Банк 1996 жылдан бастап ҚР-да зейнетақы төлеу бойынша негізгі операторларының бірі болып, 2,5 млн артық зейнеткер мен жәрдемақы алушыларға қызмет көрсетеді.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҚАШЫҚТЫҚТАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕР

2021 жылы қашықтықтағы қызметтер көрсету аясында үлкен жұмыс атқарылды. Күнделікті қолдануға арналған сервистер жетілдірілді, дәстүрлі банктік өнімдер цифрландырылды және мобильді қосымшаға шығарылды. Halyk Homebank арқылы қолжетімді болу үшін лайф-стайл қызметтері құрылды. Бізді таңдаған және ай сайынғы белсенді пайдаланушылар болып табылатын 4,2 миллионнан астам клиент осыған растау болып табылады. Мобильді қосымшаны белсенді қолданушылар саны 2020 жылдың басынан бері 3,5 еседен астам есті, ал Halyk Homebank-қа кіру саны айына жүз миллион кіруден асты.

Бүгінгі таңда Halyk Homebank-те 6,7 мыңнан астам төлем түрлерін, әртүрлі ыңғайлы ішкі және халықаралық аударымдарды жасауға, жеке тұлғаларға да, бизнес-клиенттерге де телефон нөмірі, карталар немесе деректемелер бойынша аударымдар жасауға болады. Клиенттеріміздің қалауы ескеріле отырып, QR, GPay, Samsung pay және Apple pay, Google Pay әртүрлі жанасусыз төлем түрлері іске қосылды, оларды біздің клиенттеріміз ҚР-да, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша пайдалана алады. 2021 жылдың төртінші тоқсанында төлемдер мен аударымдардың көлемі 1,4 трлн теңгеден асты, бұл 2020 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда 4 есе көп.

Сонымен қатар қосымшада мынадай сервистер ұсынылған:

- Онлайн сақтандыру бойынша, клиенттер автокөлікті, жылжымайтын мүлікті сақтандыра алады немесе басқа да қызық пайдалы сақтандыру өнімдерін сатып ала алады;
- Ниеттестік бағдарламасы – Halyk Club. Банктің барлық карта ұстаушыларына арналған эксклюзивті клуб 17 мың серіктесті қамтиды. 2021 жыл ішінде клиенттер



Банк пен коммерсанттардан жиынтығында 17 млрд астам бонус алды. Клиенттер осы бонустардың 14 млрд астамын Halyk терминалдары желісінде және Halyk Homebank қосымшасында жұмсады.

2021 жылғы тамыз айында Halyk Homebank қосымшасында Halyk Club бөлімі клиентке бағдарланған жаңа интерфейс пен және қосымша функционалмен жаңартылды, атап айтқанда:

- Жаңа акцияны жүктеген кезде PUSH-хабарламаны алу функциясы бар акцияларға филиал бөлінісінде жазылу;
- Серіктестерді санаттар, сауда орталықтары бөлінісінде, сондай-ақ картаға орналастыру;
- Серіктестерді іріктеу және сұрыптау;
- Акцияларды таңдамалыға сақтау функциясы бар басты бетке акциялар мен басым серіктестерді орналастыру;
- Бонустарды аударуға және сервистерді бонустармен төлеуге жылдам қол жеткізу. Бонус бойынша үзінді көшірменің ақпараты толымды және түсінікті болды.
- Сондай-ақ, клиенттерімізге ыңғайлы болу үшін күн сайын көмектесетін әр түрлі ақпараттық қызметтер, Halyk Info, Карталар, Чат-Бот жасалды.
- Gov Tech бағытын атап өткіміз келеді, бүгінгі таңда біздің клиенттеріміз жәрдемақыны рәсімдеп, бірден арнайы карта аша алады, ЖК тіркей алады, автокөлікті қайта рәсімдей алады, зейнетақы қорында шот аша алады, төлемдерді ала алады, сондай-ақ өзіңіздің ковид мәртебеңізді тексеруге болады, біздің клиенттеріміз осы қызметті 15 миллионнан астам рет пайдаланды.
- Halyk Travel - саяхатшыларға арналған сервис өзінің танымалдылығына ие болуда, осы сервис аясында клиенттер билеттерді сатып ала алады, қонақүйлерді брондай алады немесе бірден толық туристік жолдаманы сатып ала алады. Барлық сатып алуларды бөліп төлеу немесе кредит арқылы жүзеге асыруға болады, бұл ретте біздің серіктестерімізден жоғары бонустарды алуға болады.

Дамудың маңызды бағыты – бұл Маркетплейс. Онлайн алаң іске қосылды, сондай-ақ нақты сауда орындарынан сатып алу кезіндегі клиенттік жол цифрландырылды. Енді клиенттер оффлайн, сондай-ақ онлайн-арналарда біздің серіктестерімізде бөліп төлеу немесе кредит арқылы сауда жасай алады. Маркетплейстеі сатып алу көлемі 2021 жылғы 4-тоқсан ішінде 70 млрд теңге деңгейінен асып түсті.

Сондай-ақ Банктің Halyk Market онлайн-алаңы болып табылатын Ecommerce-тегі жетістігін атап өткіміз келеді, өйткені ол басталған сәттен бастап сатып алу көлемі 40 еседен астам есті және 2021 жылдың төртінші тоқсанында 17,3 млрд теңге деңгейінен асып түсті. Біздің клиенттер арасында ең танымал санаттар электроника, түрлі аксессуарлар мен зергерлік бұйымдар болып табылады.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ БЕРЕШЕК

Банкте бөлшек, корпоративтік, шағын және орта бизнесті кредиттеу бағдарламалары бойынша проблемалық берешекті қайтаруға байланысты іс-шаралардың жалпы

кешенін регламенттеу мақсатында әзірленген «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та проблемалық кредиттермен жұмысты ұйымдастырудың негізгі әдістері мен тәсілдері туралы қағида қолданылады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та проблемалық кредиттермен жұмысты ұйымдастырудың негізгі әдістері мен тәсілдері туралы қағида Банктің проблемалық портфелімен жұмысты істеу саясатын айқындайтын базалық және негізге алынатын қағида болып табылады. Қаржылық, экономикалық және заңдық процестердің, сондай-ақ өзге де іс-шаралардың егжей-тегжейі Банк Басқармасы бекітетін Банктің тиісті ішкі құжаттарында көрсетіледі. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-та проблемалық кредиттермен жұмысты ұйымдастырудың негізгі әдістері мен тәсілдері туралы қағида мен Банктің ішкі құжаттары Банктің кредит саясатының бір бөлігі болып табылады және ҚР заңнамасына, Банктің даму стратегиясына және Банктің кредит саясатына сәйкес әзірленді.

ҚР заңнамасының өзгеруіне қарай мерзімді негізде проблемалық кредиттермен жұмыс жөніндегі қызметтер қызметкерлерін ҚР заңнамасын білуіне тестілеу арқылы тексеру жүргізіледі.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУ

Банк ҚРҰБ Басқармасының 2015 жылғы 24 сәуірдегі № 69 қаулысымен бекітілген Ипотекалық тұрғын үй қарыздарын/ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыру бағдарламасын іске асыруды жалғастыруда. Ипотекалық тұрғын үй заемдарын/ ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру бағдарламасы Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде қабылданды және ипотекалық тұрғын үй заемдарына/ипотекалық заемдарға қызмет көрсету үшін онтайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

2020 және 2021 жылдары Ипотекалық тұрғын үй заемдарын/ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру бағдарламасын кеңейту және 2-1-бөлімді бекіту шеңберінде Банк халықтың әлеуметтік осал топтары санатына жататын ипотекалық заемшыларға заемшының берешегін есептен шығару/азайту және өтеудің жеңілдікті кестелерін белгілеу, сондай-ақ Банктің балансына қабылданған жалғыз тұрғын үйді кепіл берушіні қаржыландыру арқылы меншігіне қайтару түрінде қосымша көмек көрсету бойынша жұмыс жүргізді.

Ипотекалық тұрғын үй заемдарын/ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру бағдарламасының 2-1-бөлімі шеңберінде халықтың әлеуметтік осал топтары санатына жататын 1 118 заемшының 11 766 млн теңге сомасына берешегі есептен шығарылды.

ШАҒАТЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС¹

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банкте 43,7 мыңнан артық заем берілген 21,1 мыңнан артық заемшыны қоса алғанда ШОБ-тың 201,7 мың белсенді клиентіне қызмет көрсетіледі.

Нәулік Банк ШОБ-пен, атап айтқанда ШОБ кредиттеуде жұмыс істеу бойынша көшбасшы болды және болып қала береді.

¹ Егер басқасы көрсетілмесе, деректер тек Банк бойынша шоғырландырылмаған негізде көрсетілген.


2021 жылы Банк клиенттерге Банкке бармай-ақ және қағаз тасығышта құжаттарды бермей, өтінім беруге және ағымдағы шотқа кредит алуға мүмкіндік беретін жеке кәсіпкерлерді кредиттеу бойынша цифрлық сервистерді дамыту бойынша белсенді жұмысты жалғастырды. Клиенттерге 60 айға дейінгі мерзімге инвестициялық мақсаттарға онлайн режимінде кредит алуға мүмкіндік беретін кредиттік өнім әзірленді және іске асырылды. Сондай-ақ Банктің POS-терминалдарын ұстаушыларға арналған кредиттік өнім әзірленді және іске қосылды. Банктің Onlinebank Halyk мобильді қосымшасы арқылы кредитке өтінімді іске қосу мүмкіндігі қосылды.

2021 жыл ішінде 17,5 мыңға жуық цифрлық кредит берілді. Цифрлық кредиттеуді іске қосу есебінен ШБ кредиттік клиенттерінің жалпы саны 2021 жыл ішінде 134,5%-ке ұлғайды, цифрлық кредиттер портфелінің есімі 51 млрд теңгені құрады.

2021 жылғы наурыз айында «Даму» Қорының «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы шеңберінде микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау бағыты бойынша цифрлық кредиттеуді толық автоматтандыру жүзеге асырылды. Осы бағыт шеңберінде қолдау кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауды, оны қарыз алушы үшін жылдығын 6%-ке дейін төмендетуді, сондай-ақ өтеулі кредит сомасының 85%-ін құрайтын қамтамасыз ету ретінде «Даму» Қорының кепілдігін беруді көздейді. 2021 жылдың нәтижелері бойынша Банк ЕДБ қаржыландырған қарыз алушылардың жалпы санынан 38,8%-ті қаржыландырып, осы бағытты іске асыру бойынша көшбасшы болып табылады.

Жоғарыда аталған жаңалықтар ШОБ портфелінің өсуіне едәуір деңгейде әсер етті. 2021 жыл қорытындылары бойынша ШОБ кредиттік портфелі 855 млрд теңгені құрады, оның ішінде стандартты (проблемалық кредиттерді есептемегенде) кредиттік портфель 813 млрд теңгені құрады. ШОБ портфелі өсуінің динамикасы төменде берілген:

МЛРД ТЕҢГЕ



* Стандартты портфельдің мөлшері 2019 жылдың бірінші жартысында корпоративтік блокқа қызмет көрсетуге берілген 3,08 млрд теңге сомасындағы жобаларды есепке алусыз көрсетілген.


** Стандартты портфельдің мөлшері корпоративтік блокқа, сондай-ақ 2020 жылдың екінші жартысында және 2021 жылдың бірінші жартысында ШБ-дан ОБ-ға/ОБ-дан ШБ-ға қызмет көрсетуге берілген 17,4 млрд теңге сомасындағы жобаларды есепке алусыз көрсетілген.




2021 жылдың қорытындылары бойынша ШОБ кредиттеуінде мынадай тенденциялар байқалды:

- Банктің ШОБ сегментін кредиттеу көлемдері тұрақты ұлғаюуда. 2021 жылы ШОБ клиенттеріне берілген кредиттердің жалпы көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 42%-ке – 762 млрд теңгеден 1 081 млрд теңгеге дейін ұлғайды (кәсіпкерлерді қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларына қосу үшін әрекеттегі кредиттерді қайта қаржыландыруға берілген кредиттерді есепке алуызы берілген кредиттер бойынша деректер).
- Банк ШОБ кредиттік портфелінің сапасын жақсарту бойынша жұмыс жүргізуде, бұл 2021 жылдың басымен салыстырғанда ШОБ проблемалық кредиттер портфелінің (11%-ке) төмендеуіне және ШОБ стандартты (проблемалық емес) кредиттер портфелінің (32%-ке) ұлғаюына әкелді.

ШОБ портфелінің салалық құрылымы 2022 жылғы 1 қаңтар жағдайы бойынша келесідей берілген: қызметтер көрсету – 26,9%, көтерме сауда-саттық – 18,2%, ауыл шаруашылығы – 13,1%, бөлшек сауда-саттық – 12,6%, құрылыс – 6,2% және басқа да салалар.



2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша аймақтар бөлінісінде ШОБ ең көп кредиттік портфелі мынадай берілген: Алматы ОФ – 11,2%, Астана ОФ – 7,6%, Шымкент ОФ – 7,6%, Ақтөбе ОФ – 7,2%, Қарағанды ОФ – 7,0%.



Орта бизнеске кредиттердің стандартты портфелінің өсімі 25,3% 474,8 млрд теңгеден 594,9 млрд теңгеге дейін құрады. Қарыз алушылар саны 9,3%-ке ұлғайды. Орта бизнеске кредиттердің жалпы портфелінде проблемалық қарыздар үлесі 20%-ке қысқарды. ОБ кредиттеріне берілген қарыздар көлемі 34%-ке 660,2 млрд теңгеден 883,4 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

ШБ-ға кредиттердің стандартты портфелінің өсімі 52,2% 143,0 млрд теңгеден 217,6 млрд теңгеге дейін құрады. Заемшылар саны 134,5%-ға ұлғайды. ШБ-ға кредиттердің жалпы портфелінде проблемалық қарыздар үлесі 42%-ке қысқарды. ШБ клиенттеріне берілген қарыздар көлемі 95%-ке 101,3 млрд теңгеден 197,3 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

КАРАНТИН УАҚЫТЫНДА ҚОЛДАУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРҒА ҚАТЫСУ

2021 жыл ішінде Банк субъектілерді қолдауға арналған мемлекет іске асыратын бағдарламаларға белсенді қатысуды жалғастырды.

Осылайша, Банк Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасын іске асыруды жалғастырды, ол бойынша Банкке бөлінген қаражаттың жалпы сомасы 229,3 млрд теңгені құрады. 2021 жыл Жеңілдікпен кредит беру бағдарламасы қолданылуының соңғы жылы болды және оны іске асыру нәтижелері бойынша Банк 277,5 млрд теңге сомасына 428 жобаға қолдау көрсетті.

2021 жылдың нәтижелері бойынша Банк микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау және «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасының Экономиканың неғұрлым зардап шеккен салаларында кәсіпкерлерді қолдау бағыттарын іске асыруда көшбасшы болып табылады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша микро және шағын кәсіпкерлікті қолдау бағыты шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру ұсынылған жобалар саны 23,6 млрд теңге сомасына 5 324 жобаны құрады.



Экономиканың неғұрлым зардап шеккен салаларында кәсіпкерлерді қолдау бағыты шеңберінде мөлшерлеме арзандатылған жобалар саны 221,47 млрд теңге сомасына шамамен 6 мың жобаны құрады («Даму» Қорының 2021 жылғы деректері).

Айта кететін жайт, жыл сайын агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау мақсатында Банк «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ жүзеге асыратын көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге арналған «Кең Дала» мемлекеттік бағдарламасына қатысады. Осы бағдарлама аясында 2021 жылы Банк 31,8 млрд теңге сомаға 116 жобаны қаржыландырды.

2021 жыл ішінде Банк ҚР-да кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған «Даму» Қорымен бірлесіп, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға белсенді қатысуды жалғастырды. Атап айтқанда, Банк ШОКС-ты өңірлік қаржыландыру бағдарламасы, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы, Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыспен қамтылған ШОКС-ты қолдау бағдарламасы, «Нұрлы Жер» тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасы, «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, «Қарағайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша қаржыландыруды жүзеге асырады. Көптеген бағдарламалар шеңберінде Банк бөлінген қаражат сомасы бойынша, сондай-ақ қол қойылған субсидиялау және кепілдік беру шарттарының саны мен көлемі бойынша көшбасшы орынға ие.

КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС

ККорпоративтік бизнес Halyk Bank қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып келеді.

«Asiamoney» нұсқасы бойынша Halyk Bank үшінші жыл қатарынан «Қазақстанның үздік корпоративтік және инвестициялық банкі» номинациясында жеңімпаз атанды, бұл оның ірі корпоративтік клиенттер сегментіндегі тұрақты көшбасшылық ұстанымдарын көрсетеді. 2021 жылы карантиндік шектеулердің әлсіреуі корпоративтік клиенттердің іскерлік белсенділігін және Банктің кредиттік өнімдеріне қызығушылықты қалпына келтіруге ықпал етті. Өткен жылы Банк кредиттік портфель өсімінің сапалы оң серпінін көрсетті, өзінің бизнес-моделінің тұрақтылығын тағы да дәлелдей отырып, заңды тұлғаларға қызмет көрсету нарығындағы өз позициясын нығайтты. 2021 жылы корпоративтік клиенттердің жалпы саны жаңа клиенттерді тарту есебінен де, сондай-ақ КБ мен ШОБ арасындағы қайта жіктеу есебінен де (ШОБ клиенттері бизнесінің өсуіне байланысты) 1,7 мыңнан 2,0 мыңға дейін ұлғайды. Заңды тұлғалардың кредиттік портфелі бойынша нарықтағы үлесі 42,2% -тен 45,3% -ке дейін ұлғайды. Бұдан басқа, тәуекелдерді бағалауға айтарлықтай консервативті тәсіл бола отырып, Банк нарықтағы ең тұрақты портфельдердің бірі сақтайды. 2021 жылы КБ портфелі 572 млрд теңгеге ұлғайды. 2020 жылмен салыстырғанда КБ портфелінің өсуі 20%-ті құрады. Банк айтарлықтай артықшылықтарға ие, мысалы: заемшылар тобына ең үлкен лимит, теңгедегі және валюттадағы жоғары өтімділік, бұл қаржыландырылатын жобалардың өсуіне ықпал етеді. Банк қазіргі ірі клиенттермен табысты ынтымақтастықты жалғастыруда және ҚР ірі компаниялары арасында және Топ бар елдерде клиенттік базаны кеңейту бойынша жұмыс жүргізуде. Банк ҚР компанияларының экспорттың және еншілес банкімізбен синергияда көрші нарықтарға жылжуын қолдайды. Осылайша, 2021 жылы Банк

Өзбекстандағы жалпы сомасы 48 млрд теңгеге бірлескен жобаларды қаржыландырды. Банк ірі өзбек компанияларымен ынтымақтастық орнатуда, олардың кейбіреулері сауда мен бизнесті кеңейту мақсатында Қазақстанмен ынтымақтастықты қарастырады, бұл қазақстандық клиенттерге көрші нарықтарда өз бизнесін кеңейтуге көмектеседі. Қазақстан-Өзбекстан саудасы бір-бірін толықтырады және Банк трансшекаралық іскерлік белсенділікті насихаттауда өз рөлін көреді. «Tenge Bank» АҚБ осы стратегияда орталық орынға ие. Сондай-ақ, КБ блогының ESG жобаларына қатысуын атап өтуге болады, 2021 жылғы қарашада Банк екінші тараптың қорытындысымен ЕДБ арасында бірінші болып «жасыл» кредит беру туралы келісімге қол қойды. Бұдан басқа, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жобаларды, білім беру саласындағы жобаларды, жаңартылатын энергия көздерін және т. б. қаржыландыру жалғасуда.

Банк сапалы клиенттік сервисі, сондай-ақ клиенттердің қажеттіліктерін шешу үшін өнімдердің, қызметтердің және құралдардың кең спектріні ұсынады. Қызмет көрсетілетін корпоративтік клиенттердің тұрақты өсуіне қарамастан, бір клиентке пайдаланылатын өнімдердің орташа санының жоғары деңгейі сақталуда: 4,2 өнім, оның ішінде заемшыға 5,6 өнім.

Банк Қазақстанның ірі компанияларының көпшілігімен ынтымақтастықты жалғастыруда және кеңейтуде. Банктің корпоративтік клиенттері арасында – квазимемлекеттік сектордың компаниялар, нарықтың көшбасшысы болып табылатын жеке қазақстандық компаниялар, шетелдік қатысумен ірі компаниялар, сондай-ақ ҚР экономикасының түрлі саласының бизнестің ауқымы бойынша ең перспективалық орташа компаниялар. Банк командасы жаңа өнімдерді әзірлеп және банк қызметі сапасын жақсартатырып, екі мыңнан аса корпоративтік клиенттер үшін сервистер мен процестерді жетілдіреді.

Корпоративтік клиенттерге ұсынылатын негізгі өнімдердің ішінде кредиттеуді, сауданы қаржыландыру мен құжаттамалық операцияларды, есептік-кассалық қызмет көрсетуді, жалақылық жобаны, эквайринг қызметтерін, сондай-ақ «Halyk» тобының сақтандырудың барлық түрлері, брокерлік қызметтер, инкассациялау қызметтері және басқаларды ерекше атап өтуге болады.

Корпоративтік клиенттер өздерінің бизнес-процестеріне инновациялық шешімдерді белсенді түрде енгізеді, сонымен бірге банктік қызметтердің сапасы мен оларды ұсыну жылдамдығына қойылатын талаптар артады. Осыған байланысты Банк цифрлық технологияларды дамытуға айтарлықтай күш салуда. Бұл қолданыстағы қызметтерді жақсартуға және клиенттер үшін, оның ішінде олардың жеке ерекшеліктерін, кәсіпорындардың ұйымдық құрылымын және олардың бизнесінің ерекшелігін ескере отырып, жаңа шешімдерді әзірлеуге мүмкіндік береді. Банктік заем шартына қол қою процесі қағаз түріндегі құжаттарға қол қою қажеттілігінсіз электрондық-цифрлық қолтаңбаны пайдалану арқылы электрондық түрде өтетін заемдарды онлайн беру процесін енгізу корпоративтік клиенттер арасында өте жақсы пікір тапты, 2021 жылы заемдардың 90% -тен астамы онлайн берілді.


Банктің кредиттік портфелінің басым бөлігіне жататын корпоративтік клиенттерді кредиттеу бизнестің құрылымында жетекші орынға ие. Банк өз клиенттеріне: қамтамасыз ету/қамтамасыз етілмейтін кепіл, овердрафт нысаны, инвестициялық/

операциялық қызметті қаржыландыру сияқты кредит берудің әр түрін ұсынады. Банктің мақсатты корпоративтік клиенттері – ірі компаниялар, өз саласының көшбасшылары.

Банктің «Қазақстанның даму банкі» АҚ арқылы іске асырылатын ірі кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау бағдарламасына қатысуы жалғасуда. Банктің аталған бағдарламаға қатысуының жалпы сомасы 30,9 млрд теңгені құрады, осылайша 2021 жылы бағдарлама аясында Ұлттық қор қаражатының есебінен дәрі-дәрмек, химия, тоқыма және азық-түлік өнеркәсібінде өнім өндіретін, мұнай өңдеу саласы үшін жабдық шығаратын, сонымен қатар құрылыс, майлау материалдарын, қағаз және картон өндіретін ірі кәсіпорындар қаржыландырылды.

2021 жыл КБ блогы үшін өте табысты болды, химия, энергетика, автомобиль өндірісі, азық-түлік өндірісі, мұнай саласы және т. б. сияқты экономика салаларын қаржыландыру бойынша бірқатар ірі жобалар іске асырылды. Банк капиталының жоғары өтімділігі мен беріктік қорының болуы, сондай-ақ клиенттерге көрсетілетін қызметтердің неғұрлым толық спектрін ұсыну және тармақталған өңірлік желіні пайдалану корпоративтік сектордағы нарық үлесінің ұлғаюына ықпал етті.

КОРПОРАТИВТІК СЕКТОР ПОРТФЕЛІНІҢ ДИНАМИКАСЫ (МЛРД ТЕҢГЕ)



2022 жылы Банк жұмыс істеп тұрған клиенттермен ынтымақтастықты дамытуға және клиенттік базаны одан әрі кеңейтуге, сондай-ақ қаржылық шешімдер кешенін ұсына отырып және «Halyk» тобының мүмкіндіктерін белсенді пайдалана отырып, Топтың өнімдері мен қызметтерін пайдалануды ұлғайтуға бағытталған саясатты одан әрі жалғастыруды жоспарлап отыр. Банк белсенді дамуды жалғастыратын негізгі бағыттар – бұл кредиттік портфельдің өсуі және транзакциялық кірістер. 01.01.2022 жылға кредиттік портфель бойынша өсім 13%-ті, пайызсыз кірістер бойынша - 10%-ті құрайды.

Кредиттік портфельдің өсу драйверлері:

- Клиенттердің күрделі инвестицияларын арттыру;

- Инфрақұрылымдық жобалар;
- ESG күн тәртібіне байланысты инвестициялар;
- Кредиттік процесті цифрландыру;
- Еншілес банктермен бірлесіп жобаларды қаржыландыру.

Пайызсыз кірістердің өсу драйверлері:

- Банктің түрлі клиенттері арасындағы синергия;
- Банктің күнделікті клиенттік сервистерін жақсарту («Daily banking»).

ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ АКТИВТЕРІ, МЛРД ТЕҢГЕ

Еншілес ұйымның атауы	Активтер, млрд теңге	Активтер бойынша нарықтың үлесі, %
«Халық Банк Грузия» АҚ	141,2	1,46
«Halyk Finance» АҚ*	58,8	16,1
«Halyk Global Markets» АҚ *	28,0	7,7
«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ **	142,0	13,5
«Москоммерцбанк» КБ (АҚ)	122,0	0,018
«Халық Life» АҚ***	234,6	30
«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ	83,3	4,6
«Халық Лизинг» АҚ	12,6	н/д
«Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ	14,4	2,2
«Халық Инкассация» ЖШС	5,1	н/д
«Қазтелепорт» АҚ	7,06	н/д
«Halyk Finservice» ЖШС	2,25	н/д
«Халық Жоба» ЖШС	36,9	н/д
«КУСА Халық» ЖШС	67,1	н/д
«Халық Актив» ЖШС	51,3	н/д
«Халық Актив 1» ЖШС	25,6	н/д
«Tenge Bank» АКБ	135,8	0,75

* Активтер бойынша нарықтық үлесі инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар бойынша есептелген.

** Активтер бойынша нарықтық үлесі жалпы сақтандыру компаниялары бойынша есептелген.

*** Активтер бойынша нарықтық үлесі өмірді сақтандыру компаниялары бойынша есептелген.



ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР АКТИВТЕРІНІҢ ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

Еншілес ұйымның атауы	Активтер, млрд теңге			Меншікті капитал, млрд теңге		
	2021	2020	Өзгер. %	2021	2020	Өзгер. %
«Халық Банк Грузия» АҚ	141,2	86,1	63,9%	19,9	16,2	22,8%
«Halyk Finance» АҚ	58,8	45,2	30,2%	27,1	25,6	5,7%
«Halyk Global Markets» АҚ	28,0	20,9	33,8%	20,9	19,0	9,8%
«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ	142,0	115,4	23,0%	66,3	60,0	23,0%
«Москоммерцбанк» КБ (АҚ)	122,0	125,1	-2,4%	21,4	19,9	7,5%
«Халық Life» АҚ	234,6	197,3	18,9%	42,0	38,8	8,3%
«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ	83,3	71,5	16,5%	14,3	12,9	8,3%
«Халық Лизинг» АҚ	12,6	8,9	40,2%	7,2	6,9	3,9%
«Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ	14,4	27,2	-47,5%	3,9	4,3	-9,3%
«Халық Инкассация» ЖШС	5,1	5,1	0%	3,6	4,2	-14,3%
«Қазтелепорт» АҚ	7,06	6,3	12,06%	5,1	5,1	0,0%
«Halyk Finservice» ЖШС	2,25	0,79	184,81%	1,55	0,68	127,94%
«Халық Жоба» ЖШС	36,9	54,9	-32,79%	10,3	13,0	-20,77%
«КУСА Халық» ЖШС	67,1	72,4	-7,32%	19,8	18,3	8,20%
«Халық Актив» ЖШС	51,3	57,7	-11,09%	23,6	25,8	-8,53%
«Халық Актив 1» ЖШС	25,6	24,1	6,22%	13,4	9,7	38,14%
«Tenge Bank» АҚБ	135,8	64,6	110,22%	49,3	14,2	254,68%

2021 ЖЫЛЫ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ БАНККЕ ТӨЛЕГЕН ДИВИДЕНДТЕРІ

Еншілес ұйымның атауы	Сомасы, млн теңге
«Halyk Инкассация» ЖШС	1 980,7
«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ	4 207,9
«Халық-Life» АҚ	6 348,5
«Halyk Finance» АҚ	3 338,4
«Halyk Global Markets» АҚ	1 127,0
«Қазтелепорт» АҚ	870,0
«Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ	150,1
БАРЛЫҒЫ	18 022,6

БАНКТІК БИЗНЕС

ЕНШІЛЕС БАНКТЕР

«Halyk» тобы Ресейде, Қырғызстанда, Грузияда, Тәжікстан мен Өзбекстанда банктік операцияларды осы елдердің аумағындағы еншілес ұйымдары арқылы жүргізеді.

«Халық Банк Грузия» АҚ

«Халық Банк Грузия» АҚ – бұл Грузияда тіркелген және корпоративтік секторда, ШОБ секторында және бөлшек сауда секторында банктік қызметке бағытталған коммерциялық банк. 2021 жылғы 31 желтоқсанда «Халық Банк Грузия» АҚ 1 003 млн лари (141 160 млн теңге) мөлшерінде жалпы активтерге ие болды, несиелік портфелі (брутто мәні) 746,6 млн лариді (105 071 млн теңге) құрады, меншікті капитал 141,2 млн лари (19 870 млн теңге) мөлшерінде қалыптасты. 2021 жылдың қорытындысы бойынша банк 15 409 млн лари (2 056 млн теңге) мөлшерінде таза пайда алды.

«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ

«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ – бұл Қырғызстанда тіркелген, қызметтің түрі бойынша өзін әмбебап банк ретінде танытатын коммерциялық банк. 2021 жылғы 31 желтоқсанда «Халық Банк Қырғызстан» 16 363 млн сом (83 286 млн теңге) мөлшерінде активтерге ие болды, 2021 жылда активтердің ұлғаюы 16,5% немесе 2 318 млн сомды (11 800 млн теңгені) құрады. 2021 жылғы 31 желтоқсан жағдайына несиелік портфелі (брутто мәні) 11 507 млн сом (58 568 млн теңге) құрайды, жылдық өсімі – 23%. Меншікті капиталы 2 804 млн сом (14 274 млн теңге) мөлшерінде құрылды, бір жылдағы өсім 215 млн сом. 2021 жылғы қызметтің нәтижелері бойынша 215 млн сом (1 080 млн теңге) мөлшерінде таза пайда алынды.

Бүгінгі күні «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ-тың Бішкек қаласында төрт филиалы, ірі облыстық және аудандық орталықтарда 6 филиалы бар.

«Москоммерцбанк» КБ (АҚ)

«Москоммерцбанк» КБ (АҚ) – 2001 жылы құрылған әмбебап банк, банк өнімдерінің, корпоративтік және жеке клиенттерге қызмет көрсетудің, қаржы институттарының кең шоғырын ұсынады. Оның қызметінің басым бағыттары шағын және орта бизнес кәсіпорындарын кредиттеу, корпоративтік сектор, банктік кепілдіктерді шығару бойынша жұмыс, сауда-сервис орындарындағы эквайринг және бөлшек бизнес болып табылады.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аудиттелген есептіліктің деректері бойынша активтер 21 192 млн рубльді (122 065 млн теңге) құрады, несиелік портфель (брутто мәні) 15 824 млн рубльді (91 144 млн теңге), меншікті капитал 3 707 млн рубльді (21 351 млн теңге) құрады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша банк 131 млн рубль (760 млн теңге) мөлшерінде пайда тапты.

«Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ

«Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ – Тәжікстандағы әмбебап банк. 2021 жылғы 31 желтоқсанда «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ активтері 376,8 млн сомониді (14 400 млн теңге), меншікті капиталдың жалпы сомасы 104,5 млн сомониді (3 994,6 млн теңге) құрады. Несиелік портфель (брутто мәні) 2021 жылғы 31 желтоқсанда 9,6 млн сомони (366 млн теңге) құрады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша банк 6,6 млн сомони (250 млн теңге) мөлшерінде шығын алды. «Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ пластик карталармен қолма-қол ақшасыз төлемдердің көлемі бойынша Тәжікстан нарығында айтарлықтай үлеске ие.

«Tenge Bank» АҚ

«Tenge Bank» АҚ – Өзбекстандағы әмбебап банк. 2021 жылғы 31 желтоқсанда «Tenge Bank» АҚ активтері 3 403 млрд сумды (135 778 млн теңге), меншікті капиталдың жалпы сомасы 1 236 млрд сумды (49 335 млн теңге) құрады. Несиелік портфель (брутто мәні) 2021 жылғы 31 желтоқсанда 1 738,2 млрд сумды (69 353 млн теңге) құрады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша банк 82,9 млрд сум (3 333 млн теңге) мөлшерінде таза пайда тапты. «Tenge Bank» АҚ өз қызметін 2019 жылғы шілдеде бастады.

2021 жылғы шілдеде Moody's агенттігі «Tenge Bank» АҚ-ға «тұрақты» болжамымен В3 деңгейінде жоғары рейтинг берді. Бекітілген даму стратегиясының шеңберінде 2021 жылғы наурызда жарғылық капитал ұлғайтылды.

2021 жылы Банк Өзбекстанның бастапқы нарығында автокредит беру бойынша топ-3 көшбасшылық позицияны иеленді, жеке процессинг іске қосылды, халықаралық Mastercard төлем жүйесінің бірінші карточкасы шығарылды, бизнес-процестерді автоматтандырудың бірінші кезеңі аяқталды, Банктің бөлшек портфелінің 5 есе өсуі, заңды тұлғалардың клиенттік базасының 3 есе өсуі байқалды. Қызмет көрсету желісін кеңейту жалғастырылды: 13 жаңа сату арналары және 2 әмбебап касса ашылды.

САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫ

«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ

Банктің «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ еншілес сақтандыру компаниясы – бұл экономиканың көптеген секторларында жеке және заңды тұлғалардың барлық санаттарына негізгі сақтандыру қызметінің толық топтамасын ұсынатын, жалпы сақтандыру бойынша компания.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ Қазақстандағы ең ірі жалпы сақтандыру компанияларының бірі болып табылады (активтер бойынша 2-орын және меншікті капитал бойынша 4-орын).

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның активтері 142,0 млрд теңгені құрады, бұл нарықтағы 13,5%-ке сәйкес келеді. 2021 жылы компанияның таза кірісі 10,4 млрд теңгені құрады. Бір жылдағы компания қызметінің қорытындысы бойынша сақтандыру сыйақылары 103,2 млрд теңге мөлшерінде жиналды, бұл жалпы сақтандыру нарығының 23,7%-ін құрайды (буызулды есепке алмағандағы нарық).

2022 жылғы желтоқсанда А.М. BEST халықаралық рейтингтік агенттігі «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ-тың қаржылық сенімділігі мен жоғары іскерлік беделінің рейтингін «В+» (Good) деңгейінде растады.

2021 жылы ҚҚИ АҚЖМС полистерін 797.polisonline.kz өз лэндингінде және Homebank-те интернет-сату 2,1 млрд теңгені құрады.

2021 жылы «Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ автосақтандыруды online-сату бойынша бірқатар серіктестерімен ынтымақтастықты кеңейтті, ол үшін АТ жүйелерін интеграциялау жүзеге асырылды.

«Халық-Life» АҚ

Банктің өмірді сақтандыру жөніндегі «Халық-Life» АҚ еншілес компаниясы аннуитеттік сақтандыру өнімдерін, жазатайым оқиғалардан сақтандыруды және сырқаттанған жағдайға байланысты сақтандыруды қоса, сондай-ақ клиенттерге сатудан кейінгі сервис ұсыну бойынша мамандандырылған бөлімше және меншікті мамандандырылған авторлық IT-бағдарламалары сүйемелдейтін бірегей сақтандыру өнімдерін қоса, өмірді сақтандыру бойынша өнімдердің ең кең ассортиментін жеке сақтандырудың көп түрін ұсынады.

2021 жылдың қорытындысы бойынша «Халық-Life» АҚ 124,8 млрд теңгені құраған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі бойынша өмірді сақтандыру компаниялары арасында көшбасшы болып табылады, ол нарық үлесінің 32,9% құрайды. Қазақстанда өмірді сақтандыру нарығының өмір суру тарихында алғаш рет «Халық-Life» АҚ сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2021 жылғы қазанда 100 млрд теңгеден асты. Активтер мен меншікті капиталдың мөлшері тиісінше 234,6 млрд теңгені және 42,0 млрд теңгені құрады және бұл активтердің жиынтық көлемінің 30,1%-і және өмірді сақтандыру компанияларының нарығы бойынша жиынтық капиталдың 29,5%-і (тиісінше 2 және 1-орын). Компанияның 2021 жылғы таза табысы 8,8 млрд теңгені құрады.

2021 жылғы ақпанда А.М. BEST халықаралық рейтингтік агенттігі Қазақстандағы өмірді сақтандыру компаниялары арасында ең үздігі болып табылатын «Халық-Life» АҚ-тың қаржылық тұрақтылық рейтингін В+ және эмитенттің кредиттік рейтингін «bbb» деңгейінде растады, болжам «жағымды» ретінде сақталды.

«Халық-Life» АҚ қаңтар айында Halyk Bank-тің VIP-орталықтары арқылы «Халық-Қазынамен» (АҚШ долл. бағамына индекстеумен өмірді сақтандыру) бағдарлама бойынша сатуларды іске қосты, сыйлықақылардың көлемі 2021 жылы 14,2 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар клиенттер «Халық-Life» АҚ сайтында онлайн сатып ала алатын «Life-Персона» өмірді сақтандыру бағдарламасы іске қосылды. Қазан айында Halyk Bank-пен бірлесіп ШБ зейіншіларын онлайн сақтандыру іске қосылды, іске қосылған сәттен бастап сыйлықақылар көлемі 400 млн теңгені құрады. Қараша айында «Халық-Life» АҚ сайтында қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың андеррайтингсіз шарттары бойынша онлайн режимінде шарттар жасасу процесі іске қосылды.

Өнеркәсіптік пайдалануға Android платформасындағы мобилді қосымша іске қосылды. Сондай-ақ, қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттарын жасасқан заңды тұлғалар үшін клиенттің жеке кабинеті енгізілді. Клиенттерден хабарламалар қабылдау үшін байланыс орталығына Telegram-чат қосылды. Бұдан басқа, «Халық-Қазына» және «Зейнетақы аннуитеті» бағдарламалары бойынша клиенттер үшін 2 чат-бот іске қосылды, чат-боттар арқылы консультацияға 132 клиенттік өтінім түсті.



Аннуитеттердің/сақтандырылған тұлғалардың өмірлік мәртебесін тексеру бойынша сервисі «МКБ» АҚ-пен интеграциялау бойынша жоба енгізілді.

Бір жыл ішінде «Халық-Life» АҚ зейнетақы аннуитеті және өмірді жинақтаушы сақтандыру бойынша, жалпы сақтандыру қызметтері бойынша, әлеуметтік желілердегі тікелей эфирлер, Компания қызметкерлерінің қатысуымен Fingramota алаңында екі тікелей эфир бойынша материалдардың жарияланымдарын өмірді сақтандыру бойынша бірнеше компаниялармен бірлескен жолымен халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізді; қазақ тілді БАҚ журналистері үшін вебинар өткізілді.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БИЗНЕС

«Halyk Finance» АҚ

«Halyk Finance» АҚ Қазақстанда жетекші инвестициялық банктердің бірі болып табылады. Компания клиенттерге брокерлік қызмет көрсету, активтерді басқару, нарықтар мен эмитенттерді зерттеу және талдау, консалтинг пен андеррайтинг бойынша қызметтерді кең ауқыммен ұсынады.

2021 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Finance» АҚ-тың активтері 58,8 млрд теңгені, меншікті капиталы 27,1 млрд теңгені құрады. 2021 жылы «Halyk Finance» АҚ 4,78 млрд теңге мөлшерінде таза пайда тапты.

«Halyk Finance» АҚ-тың меншікті инвестициялық портфелі (брутто) 2021 жылдың 31 желтоқсанында 56,2 млрд теңгені құрады. Брокерлік қызмет көрсетудегі клиенттердің бағалы қағаздарының жиынтық портфелі 2021 жылдың 31 желтоқсанында нарықтық құны бойынша 242,5 млрд теңгені құрады. 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқарудағы активтер мөлшері 362,7 млрд теңгені құрады.

2021 жылы Компанияның қызметі айгілі ақпарат агенттіктерінен және Global Finance, Cbonds, EMEA Finance секілді беделді баспалардан «Қазақстанның Үздік Инвестициялық Банкі» марапаттарымен тағы да бір мәрте марапатталды.

«Halyk Global Markets» АҚ

«Halyk Global Markets» АҚ Қазақстандағы жетекші инвестициялық банктердің бірі болып табылады. «Halyk Global Markets» АҚ капитал нарығында брокерлік қызмет көрсету, инвестициялық портфельді басқару, бағалы қағаздарды шығару және орналастыру мәселелері жөнінде қаржылық кеңес беру, аналитикалық зерттеулер бойынша қызметтердің кең ауқымын ұсынады.

2021 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Global Markets» АҚ-тың активтері 28,0 млрд теңгені, меншікті капиталы 20,9 млрд теңгені құрады. 2021 жылы «Halyk Global Markets» АҚ 2,98 млрд теңге мөлшерінде таза пайда тапты.

«Halyk Global Markets» АҚ-тың меншікті инвестициялық портфелі (брутто) 2021 жылдың 31 желтоқсанында 27,5 млрд теңгені құрады. Брокерлік қызмет көрсетудегі клиенттердің бағалы қағаздарының жиынтық портфелі 2021 жылдың 31 желтоқсанында нарықтық құны бойынша 69,9 млрд теңгені құрады.

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқарудағы активтер мөлшері 2,4 млрд теңгені құрады.

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ БИЗНЕС

«Қазтелепорт» АҚ

«Қазтелепорт» АҚ – Halyk Bank-тің еншілес ұйымы, Қазақстанның ірі ақпараттық-коммуникациялық және бұлтты провайдері болып табылады. «Қазтелепорт» АҚ өзін жоғары қауіпсіздік деңгейі бар жоғары сапалы ИКТ-сервистерін жеткізуші ретінде көрсетеді. АТ инфрақұрылымы деңгейінде орта және ірі ұйымдарға тиректер мен есептеу ресурстарын жалға беруден бастап кибершабуылдардан қорғауға дейінгі кешенді шешімдерді ұсынады.

2021 жылы «Қазтелепорт» АҚ жаңа бұлтты сервистерді, киберқауіптерді анықтау бойынша қосымша мониторинг жүйесін және киберқауіптерден қорғау бойынша жаңа қызметтерді іске қосты. Сондай-ақ «Қазтелепорт» АҚ ҚР СТ ISO/IEC 27001-2015 ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесінің сәйкестік сертификатына ие болды. Қызметтердің сапасын арттыру үшін қолшатырлы мониторинг жүйесі енгізілді. Алматы қаласында TIER III Certification of Constructed Facility сенімділік деңгейімен 120 тірекке арналған ДҒО құрылысы басталды. Нұр-Сұлтан қаласында интернет тораптары портартылды. «Қазтелепорт» АҚ өнім портфелін дамыту үшін өнімді басқарудың жаңа тәсілдері енгізілді, жобалық кеңсе құрылды.

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер 7 062,09 млн теңгені, меншікті капитал – 5 071,2 млн теңгені, 2021 жылы таза пайда 861,2 млн теңгені құрады.

«Halyk Finservice» ЖШС

«Halyk Finservice» ЖШС – Halyk Bank-тің еншілес ұйымы, ол деректерді өңдеу және сақтау бөлігіндегі процессингке технологиялық қолдауды, атап айтқанда, Банктің және агент банктің карта ұстаушылары карталық операцияларды жүргізу барысында жасақталатын деректерін жинаумен, өңдеумен және сақтаумен байланысты қызметтерді қамтамасыз етеді.

2021 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Finservice» ЖШС активтері 2 249,7 млн теңгені, меншікті капиталы 1 555,7 млн теңгені құрады, 2021 жылдың қорытындысы бойынша «Halyk Finservice» ЖШС 874,65 млн теңге мөлшерінде таза пайда тапты.

2021 жылдың 25 наурызында «Halyk Finservice» ЖШС ҚРҰБ-да төлем ұйымы ретінде есептік тіркеуден өтті.

МАРКЕТПЛЭЙС

Маркетплэйс «Halyk» тобының экожүйесіндегі стратегиялық өнім болып табылады, ол Halyk Bank-тің ең тиімді қаржы өнімдерін пайдалана отырып, біздің серіктестерімізден тауарлар сатып алуға мүмкіндік береді. Цифрландырудағы жылдамдықты, мінез-құлқы пен қалаулардағы өзгерістерді, клиенттердің қажеттіліктерінің өсуін назарға ала отырып, банк әрбір клиент ыңғайлылыққа, жылдамдыққа, қарапайымдылыққа және қауіпсіздікке қол жеткізуі үшін процестерді біріктірді. Әрбір шешім үлкен деректерді талдауға негізделген және технологиялық платформаларды дамытуға бағытталған.

Банк клиенттері оффлайн, сондай-ақ онлайн форматта сауда серіктестерінен тауарларды бөліп төлеу арқылы немесе кредитке сатып ала отырып, маркетингтік белсенді пайдаланады. 2021 жылы маркетингті сатып алу көлемі 130 млрд теңгеден асты. Әсіресе Halyk Market онлайн-алаңын атап өткен жөн, өйткені Банк жеке нүктелерде тауарларды сатып алудың клиенттік жолын цифрлады, енді клиенттер тауарды Halyk Homebank қосымшасында онлайн сауда серіктестерінен бөліп төлеу арқылы немесе кредитке сатып ала алады.

«Halyk» тобы Halyk Market платформасын одан әрі дамытуға және сатып алушылар үшін де, Банктің серіктес сатушылары үшін де одан да көп мүмкіндіктер жасауға ниетті.

ИНКАССАТОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР НАРЫҒЫ

«Halyk Инкассация» ЖШС

Банкноттар, монеталар мен құндылықтарды инкассалау қызметі нарығында көшбасшы, еліміздегі ең ірі инкассаторлық ұйым «Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Инкассация» еншілес ұйымы» ЖШС «Halyk» қаржылық тобында бір жағынан клиенттерге өз бетімен қызмет көрсететін еншілес компаниялардың бірі ретінде орын иеленсе, екінші жағынан Банктің сату арналарын қолма-қол ақшамен қамтамасыз ете отырып жайғасты.

2021 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk Инкассация» ЖШС-ның активтері 5 068,6 млн теңгені, меншікті капиталы – 3 644 млн теңгені, жарғылық капиталы – 406,5 млн теңгені құрады. 2021 жылы «Halyk Инкассация» ЖШС-ның таза кірісі 1 481,5 млн теңгені құрады.

«Halyk Инкассация» ЖШС-ның филиалдар желісінің құрамына клиенттерге инкассациялау қызметтерін барлық облыстық, аудандық орталықтарда, ірі және шағын қалаларда, яғни ҚР барлық аумағында көрсететін 19 филиал, 36 бөлімше кіреді. «Halyk Инкассация» ЖШС-ның материалдық-техникалық базасы ең заманауи талаптарға сәйкес келеді. Құндылықтар арнайы брондалған автокөліктермен ғана тасымалданады, олардың қозғалысы GPS-мониторинг жүйесі арқылы бақылау отырады. «Halyk Инкассация» ЖШС іске асыратын инкассация операциялары Cloud's сақтандыру нарығында тәуекелдерді сақтандыра отырып, қаржылық тұрақтылығы АА-төмен емес рейтингі бар бірінші санатты сақтандыру ұйымдарында сақтандырылған.

Карантиндік қатаң шектеу шаралары жағдайында (о.і. ел ішінде әуе және т/ж қатынасының болмауынан), Банктің сату арналары мен банкоматтарын қолма-қол ақшамен қамтамасыз етудің әлеуметтік зор маңыздылығын ескере отырып, «Halyk Инкассация» ЖШС Банк құндылықтарын елдің барлық облыстық/өңірлік орталықтарына автомобиль көлігімен жеткізіп отырды (жол ұзақтығы 8 000 км. жетті). «Halyk Инкассация» ЖШС Банктің және Клиенттердің өтінімдерін толық көлемде орындауды және қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етті.

СТРЕТИК АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ ҰЙЫМДАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА КОМПАНИЯЛАР

Компания қызметінің негізгі мақсаты Банкпен заемдық қаражат есебінен күмәнді және үмітсіз активтерді сатып алу арқылы Банктің несие портфелін сауықтыру, активтерді сапалы басқару және «Halyk» тобының кредиттік шығынын азайту үшін оларды оңалту және Банк алдындағы компаниялардың міндеттемелерін толық өтеу болып табылады.

2021 жылдың 31 желтоқсанында «Halyk» тобының күмәнді және үмітсіз активтерін басқару жөніндегі компаниялардың активтерінің жалпы сомасы 180,9 млрд теңгені құрады.

«Халық Жоба» ЖШС

«Қазақстан Халық Банкінің күмәнді және үмітсіз активтерді басқару жөніндегі «Халық Жоба» еншілес ұйымы» ЖШС Halyk Bank-тің еншілес ұйымы 2012 жылы құрылды. «Халық Жоба» ЖШС ҚР қаржылық тұрақтылығы ж не қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің шешімімен мақұлданған ЕДБ активтерінің сапасын жақсарту концепциясының шеңберінде құрылды. Halyk Bank күмәнді және үмітсіз активтерді басқару жөніндегі еншілес ұйымды құру туралы реттеушінің келісімін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердің ішінен бірінші болып алды.

2021 жылдың 31 желтоқсанында активтердің портфелі 36,9 млрд теңгені құрады.

Активтерді өткізуден және қызметтерді көрсетуден алынған кіріс сомасы 2021 жылы 21,2 млрд теңгені құрады. Компанияның негізгі қызметінен операциялық пайда 1,3 млрд теңгені құрады.

«КУСА Халық» ЖШС

Halyk Bank-тің «КУСА Халық» ЖШС еншілес ұйымы 2013 жылы ҚР қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің шешімімен мақұлданған ЕДБ активтерінің сапасын жақсарту концепциясының шеңберінде құрылды.

2021 жылы Банк 9,8 млрд теңге сомасына 34 активті берді. 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер портфелі 67,1 млрд теңгені құрады.

Активтерді сатудан және қызметтерді көрсетуден түскен кірістің сомасы 2021 жылы 31,2 млрд теңгені құрады. Компанияның негізгі қызметінен түскен операциялық пайда 7,96 млрд теңгені құрады.

«Халық Актив» ЖШС, «Халық Актив 1» ЖШС

«Халық Актив» ЖШС және «Халық Актив 1» ЖШС еншілес ұйымдары 2013-2014 жылдары ҚР қаржылық тұрақтылығы және қаржы нарығын дамыту жөніндегі кеңестің шешімімен мақұлданған ЕДБ активтерінің сапасын жақсарту концепциясының шеңберінде құрылды.


2021 жылы Банк 19,2 млрд теңге сомасына 21 активті берді. 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша активтер портфелі 76,9 млрд теңгені құрады.

Активтерді сатудан және қызметтерді көрсетуден түскен кірістің сомасы 2021 жылы 29,9 млрд теңгені құрады. «Халық Актив» ЖШС-нің және «Халық Актив 1» ЖШС-нің негізгі қызметінен түскен операциялық пайда 9,1 млрд теңгені құрады.

«Халық-Лизинг» АҚ

«Халық-Лизинг» АҚ ҚР-дағы алғашқы лизингтік компаниялардың бірі болып табылады. «Халық-Лизинг» АҚ-тың мәлімделген негізгі қызметі арнайы техниканы, оның ішінде ауыр және өзге құрылыс, жол-құрылыс техникасын, өндіріс жабдығын, мұнай жабдығын, өндіру және тау-кен өндіру жабдығын, ауылшаруашылық техникасын және жабдығын, жүктерді және жолаушыларды тасымалдауға арналған коммерциялық көлік құралдарын және т.б. сатып алу және қаржы лизингіне беру болып табылады. 2014 жылы «Халық-Лизинг» АҚ-та жаңа лизинг шарттарын жасауға мораторий жарияланды. 2020 жылдан бастап «Халық-Лизинг» АҚ-тың лизингтік қызметі қалпына келтірілді. 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Халық-Лизинг» АҚ-тың активтері 12 567 млн теңгені, меншікті капиталы 7 209,8 млн теңгені құрады. «Халық-Лизинг» АҚ-тың таза кірісі 2021 жылы 397,6 млн теңгені көрсетті.

2021 жылы берілген лизингтің нақты көлемі 4 551 млн теңгені, 2021 жылдың аяғына несиелік портфель брутто 5 987,7 млн теңгені (нетто 5 930,8 млн теңге), сыйақы бойынша кірісі 2021 жылы 654,8 млн теңгені құрады. «Халық-Лизинг» АҚ Halyk Bank-те, «Даму» қорында, «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-та қорланады.



13

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ
БАСҚАРУ



13

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ
БАСҚАРУ

Топтың тәуекел-менеджмент саласындағы саясаты Топ қызметінің ауқымы мен сипатына, ол қабылдайтын тәуекелдердің бейініне сәйкес келетін, сондай-ақ бизнесті одан әрі дамыту сұранысына жауап беретін тәуекелдерді басқарудың біртұтас жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Топ тәуекелдерді анықтау, оларды басқару, сондай-ақ бағалау және бақылау әдістерін жетілдіруге бағытталған іс-шараларды жоспарлы түрде және бірізді жүзеге асыра отырып, тәуекелдерді басқару жүйесін дамытуды одан әрі жалғастыруда.

ТӘУЕКЕЛ-ТӘБЕТТІ БАСҚАРУ

Halyk Bank тәуекел-тәбетінің стратегиясы әзірленді және бекітілді, ол «Halyk» тобының жалпы даму стратегиясын іске асыру шеңберінде Банк қызметі жүзеге асырылатын қабылданатын елеулі тәуекелдер көлемінің нақты шекараларын айқындайды, сондай-ақ тәуекелдердің іске асырылуына жол бермеу не олардың Банктің қаржылық жағдайына теріс әсерін барынша азайту мақсатында Банк қызметінің тәуекел-бейінін айқындайды.

Тәуекел тәбетін басқару тәсілдері Директорлар Кеңесі бекіткен тәуекел-тәбеті стратегиясында регламенттелген.

Тәуекел-тәбеті – Банк стратегиялық міндеттер мен бизнес-жоспарға қол жеткізген кезде қабылдауға дайын тәуекелдердің жиынтық деңгейі мен түрлері.

Тәуекел-тәбеті стратегиясы – тәуекел-тәбеті анықталатын, оны бақылау және Банктің ұйымдық құрылымының барлық деңгейлерінде тарату жүзеге асырылатын саясаттар, процестер, бақылаулар мен жүйелерді қоса алғанда, тәуекел-тәсілдерін басқарудың жалпы тәсілдері.

Тәуекелдердің әрбір елеулі деңгейі бойынша Тәуекел-тәбеті стратегиясы шеңберінде Директорлар кеңесінің шешімімен қабылданған бизнес-модельді, қызмет ауқымын, Банк операцияларының түрлері мен күрделілігін ескере отырып, тәуекел-тәбеті деңгейлерінің сандық көрсеткіштерінің жиынтығы бекітілді. Тәуекел-тәбеті деңгейлерінің сақталу мониторингін тәуекелдер бойынша басқарушылық есептілік шеңберінде мерзімді негізде жүзеге асырылады.

КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Кредиттік тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында Банкте тәуекел-менеджмент жүйесі және сату мен тәуекелдерді басқару функцияларының бөлінуін ескеретін қолданыстағы бизнес-процестер енгізілді, кредиттік тәуекелдерді бағалауға және басқаруға қатысатын алқалы органдар мен бөлімшелерді қамтитын кредиттік тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымы жасақталды.

Банкте кредиттік тәуекелдерді басқару мыналар арқылы жүргізіледі:

- «үш жолды қорғаныс» – бастама жасайтын бөлімшенің кредиттік тәуекелді бастапқы талдауы және тәуекелдерді басқару бөлімшесінің талдауы, ішкі аудит бөлімшесі тарапынан бақылау;
- (кредиттік) операциялар немесе өнімдер түрлеріне байланысты контрагенттерге лимиттер белгілеу;
- заемшылар, салалар деңгейінде және географиялық бөліністе тәуекелдің шамадан тыс шоғырлануына жол бермеу мақсатында кредиттік портфельді артараптандыру;
- ерте кезеңде сапаның нашарлауын сәйкестендіру үшін кредиттік портфельге мониторинг жүргізу;
- барабар резервтерді мүмкін болатын ысырапқа жасақтау.

Банкте кредиттік шешімдерді қабылдау жүйесі Директорлар кеңесінің тиісті алқалы органдарға белгілі бір өкілеттіктерді беруіне және әрбір орган үшін қаржыландыру лимиттерін белгілеуіне негізделеді. Корпоративтік заемшылар бойынша өтінімдерді қарауды ҚД жүзеге асырады. ҚД-ның өкілеттігінен асатын кредиттік өтінімдер, сондай-ақ Банкпен ерекше қарым-қатынастармен байланысқан тұлғалармен жасалатын мәмілелер әрі қарай Директорлар кеңесінің бекітуін талап етеді. ШОБ заемшылары бойынша өкілеттіктер ШБ ШҚО-ға/ФКК-не және ФЖКК-не берілген, бөлшек қаржыландыру мәселелері бойынша – ШҚО-ға және БКК-не берілген.

ШҚО және ББ БКК жұмыс істеуімен қатар жеке тұлғаларға кредит беру кезінде шешімдер қабылдау үшін автоматтандырылған тәсіл бар. Шешім қабылдауды автоматтандыру тәуекелге бағдарланған тәсілге, оның ішінде Risk Based Pricing тәсіліне және клиенттердің төлем қабілеттілігін бағалау кезінде қосымша параметрлерді қолдануға негізделген. Өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша сұратылған шарттар бойынша да, жеке тұлғалар өтініш берушілерінің барлық сегменттері үшін (жалақы жобасына қатысушылар/қатысушылар емес, зейнеткерлер және т.б.) балама шешімдерді ұсыну жолымен де кредиттік ұсыныстар қалыптастырылады. Мұндай тәсіл заемшының тәуекел-бейінін ескереді және шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік береді.

2021 жылы банк жеке тұлғаларға кредит берудің ипотекалық бағдарламалары бойынша кредиттік шешімдер қабылдау үшін автоматтандырылған тәсілді қолдану мүмкіндігін іске асырды. Скорингтік және антифрод модельдері қосымша енгізілді және жетілдірілді.

ШБ жеке кәсіпкерлерінің айналым қаражатын және инвестицияларды толықтыру мақсаттарына арналған стандартты кепілсіз/кепілді кредиттік өтімдер бойынша шешімдер қабылдау өтініш берушінің кредит қабілеттілігі мен төлем қабілеттілігін, проценттік мөлшерлемені және ішкі және сыртқы деректер негізінде кредит беру лимитін бағалайтын тәуекелді модельдердің көмегімен шешім қабылдаудың автоматтандырылған процесі шеңберінде жүзеге асырылады.

2021 жылдың 3-тоқсанында банкте орта және корпоративтік бизнес сегментінде заңды тұлғаларға кредит беруді цифрландыру бойынша жоба басталды. Бұл жоба Oliver Wyman халықаралық консалтингтік компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылуда. Жобаның негізгі мақсаты банк бөлімшелеріне бармай-ақ онлайн режимінде кредиттеу бойынша шешімдер қабылдау болып табылады. Құрылатын электрондық платформа қазақстандық компанияларды айналым капиталын толықтыруға кредиттеуді және инвестициялық мақсаттарды қамтиды. Жобаның бірінші бөлігі 2022 жылдың наурызына жоспарланған.

Еншілес банктердің кредит комитеттеріне оның аясында шешімдер қабылданатын белгілі бір өкілеттіктер берілген. Банк мерзімді негізде мониторинг жүргізеді және, қажет болған жағдайда немесе шекті ковенанттар бұзылған жағдайда, дербес шешімдер қабылдау лимиттерін және еншілес банктердің кредит комитеттері өкілеттіктерінің матрицасын қайта қарастырады.

ШБ ШҚО, ФКК/ФЖКК орта және шағын бизнес бойынша, ШҚО, ББ БКК үшін бөлшек бизнес бойынша бизнес мақсаттарға өз бетінше кредит берудің жаңа лимиттері белгіленген, ШОБ, бөлшек бизнестің кредиттік процесі оңтайландырылған.

Банктің сыртқы және ішкі нарықтардағы макроэкономикалық ахуалдағы теріс өзгерістердің әсер ету тәуекеліне ұшырауын бағалау, сондай-ақ стресті сценарийлерді (провизиялар деңгейі, кредиттік рейтингтердің көшуі, жұмыс істемейтін заемдар үлесі) іске асырудан болатын әсерді айқындау мақсатында Банк кезек-кезеңімен кредиттік портфельдің стресс-тестілеуін жүргізеді. 2021 жылы Банк әлемдік экономикалардың төмендеуі, инфляцияның өсуі, мұнай бағасының және ЖІӨ деңгейінің төмендеуі, сондай-ақ геосаяси тәуекелдер жағдайында жеткілікті консервативті болжамдарды қолдана отырып, стресс-тестілеуді бірнеше рет өткізді, нәтижелер капиталдың активтер сапасының төмендеуіне тұрақтылығын көрсетті.


Банкте әрекет ететін ШБ және СБ клиенттері бойынша дефолт/онымен қауымдастырылған рейтинг ықтималдығын бағалау үшін Risk Analyst ішкі рейтингтік моделі заемның құнсыздану өлшемшарттарын айқындау үшін, сондай-ақ жеке маңызды заемдар бойынша стресс-тестілеу жүргізу, Банктің жоғары кредит беруге қабілетті клиенттері бойынша талдауды оңтайландыру және шешімдер қабылдау кезінде кеңінен пайдаланылады. Рейтингтік модельді өзекті жағдайда ұстап тұру мақсатында, сондай-ақ модель жұмысының сапасын жақсарту үшін Банк тұрақты негізде оның валидациясын жүргізеді; мәселен, Moody's халықаралық рейтингтік агенттігі өкілдерінің қатысуымен валидацияланған модель 2020 жылдың соңында Банктің кредиттік процесіне өзінің платформасы негізінде Risk Rate платформасында енгізілді.

2021 жыл ішінде проблемалық берешекпен жұмыс, кепіл мүлкін сату, талап-арыз жұмысы, активтерді КАБҰ басқармасына беру, сондай-ақ үмітсіз берешекті есептен шығару жолымен өтеуді қамтамасыз ету жалғастырылды. Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде мерзімі өткен берешек үлесі азайды.

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Halyk» тобының несиелік портфелінің құрылымындағы елеулі үлес салмақты бөлшек заемдар – 30,5% (оның ішінде 26,0% – тұтынушылық заемдарды және 4,5% – ипотекалық заемдарды қоса алғанда) алады. Салалар бөлінісінде ең үлкен үлесті қызметтер көрсету (12,0%), көтерме сауда (7,0%), бөлшек сауда (5,5%), мұнай және газ (5,3%) және жылжымайтын мүлік (4,9%) секторларына берілген заемдар алады.


ЭКОНОМИКА СЕКТОРЛАРЫ БОЙЫНША «НАЛЫК» ТОБЫНЫҢ НЕСИЕЛІК ПОРТФЕЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, %

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН



- Бөлшек заемдар
- Көтеріме сауда
- Мұнай және газ
- Энергетика
- Өзге секторлар

2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН



- Бөлшек заемдар
- Көтеріме сауда
- Мұнай және газ
- Энергетика
- Өзге секторлар
- Қызметтер
- Бөлшек сауда
- Құрылыс
- Көлік құралдары

АКТИВТЕРДІ/ПАССИВТЕРДІ БАСҚАРУ


«Тәуекел-табыстылық» арақатынасын басқаруға теңдестірілген амалды қамтамасыз ететін банктік активтердің оңтайлы құрылымын жасақтау мақсатында Top ішкі және сыртқы активтерге банктік өнім түрлері, экономика сегменттері, валюта түрлері және өтеу мерзімдері бойынша әртараптандырылған салымдарды іске асырады.




2021 жыл үшін Топ активтерінің құрылымы былайша көрсетілген:

«НАЛҰК» ТОБЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, %¹

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН



2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН



- Ақша қаражаты мен олардың баламалары
- Міндетті резервтер
- Бағалы қағаздар портфелі
- Клиенттерге берілетін заемдар
- Кредиттік мекемелердегі қаражат
- Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер
- Басқа активтер

¹ Ақша қаражатына және олардың баламаларына басқаламен қоса бағалы металдар кіреді; Бағалы қағаздар портфелі пайда немесе залал арқылы аділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін, өзге жиынтық кіріс арқылы аділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін, тұнды қаржы құралдарын шегергендегі күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды қамтиды. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге іскерлік бедел, коммерциялық және инвестициялық жылжымайтын мүлік кіреді.

2021 жылы «Налук» тобының активтері 16,4%-ке өсті. Есепті кезеңдегі баланс валютасының өсуіне негізінен нетто-негізде несие портфелі көлемінің – 1 426,0 млрд теңгеге (32,1%-ке) және бағалы қағаздар портфелі көлемінің – 713,2 млрд теңгеге (26,2%-ке) ұлғаюы әсер етті. Несие портфелі «Налук» тобы активтерінің құрылымындағы ең ірі бап болып қалуда, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның үлесі 48,6%-ті құрады. Баланс құрылымындағы басқа да ірі баптар бағалы қағаздар портфелі (бағалы қағаздардың сауда және инвестициялық портфелі), сондай-ақ ақша қаражаты мен олардың баламалары болып табылады, олардың активтер құрылымындағы үлесі тиісінше 28,4% және 11,9%-ті құрады.


Топ контрагент банктерге арналған қолданыстағы лимиттердің ағымдағы позициясына тұрақты мониторинг жүргізеді. Контрагент банктердің және/немесе олар операция жүргізетін елдердің қызметінде жағымсыз факторлар анықталған жағдайда, Топ жедел түрде белгіленген лимиттердің мерзімі мен мөлшерін қысқарту бойынша түзету шараларын жүргізеді.

Сондай-ақ өтімділікті басқару мақсатымен Топ белгілі бір мерзімге тартылған ресурстарды және талап етілгенге дейінгі қаражатты қамтитын пассивтердің тұрақты өрі артапандырылған құрылымын қолдайды.


Топтың 2020 және 2021 жж. міндеттемелерінің құрылымы мынадай:

ТОП МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, %

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН



2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН




- Клиенттердің қаражаты
- Кредиттік мекемелердің қаражаты
- Шығарылған борыштық бағалы қағаздар
- Басқа міндеттемелер

2021 жылы міндеттемелер құрылымындағы негізгі өзгерістер клиенттердің қаражаты бойынша орын алды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша клиенттердің қаражаты абсолюттік мәнде 1 017,4 млрд теңгеге (13,6%-ке) ұлғайды және міндеттемелер құрылымында ең үлкен үлес салмақты алуды жалғастыруда, ол 2020 жылғы 83,8%-ке қарағанда 80,6%-ке құрады.

Клиенттердің қаражаттары құрылымындағы мерзімді салымдар мен ағымдағы шоттарды бөлу айтарлықтай өзгерген жоқ, есепті күнге тиісінше 67,5% және 32,5% құрады, 2020 жылы 65,7% және 34,3% болды.

2021 жылы жеке тұлғалардан тартылған қаражат 19,4%-ке, заңды тұлғалардың қаражаты 8,0%-ке ұлғайды.






ТОП КЛИЕНТТЕРІНІҢ ҚАРАЖАТЫ, МЛРД ТЕҢГЕ


Ішкі нарықтан қорландыруды тартуға көзделу Банкке клиенттердің қаражатын тарту бойынша нарықта көшбасшылық позицияны сақтауға мүмкіндік берді. Осылайша, 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Halyk Bank жиынтық үлесі 32,2% (2020 жылдың соңында 33,0%) жеке тұлғалардан да, үлесі 32,4% (2020 жылдың соңында 35,1%) заңды тұлғалардан тартылған қаражат көлемі бойынша нарықта көшбасшы болып табылады.

НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

2021 жылы Банк барлық валюталар бойынша бейтарап позицияны ұстана отырып, валюталық позицияларды басқаруда консервативтік саясатын одан әрі жалғастырды. Теңгедегі активтердің үлес салмағы Топтың қаржы активтерінен 2020 жылдағы 59,5% салыстырғанда 62,2% құрады, бұл ретте теңгедегі несиелік портфельдің үлесі 77,1%-тен 79,0% дейін ұлғайды.

Топтың теңгедегі депозиттік базасының үлесі азайып, 2020 жылғы 52,9%-ке қарсы 51,7% құрады.

«НАЛУК» ТОБЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ АКТИВТЕРІ, ВАЛЮТАЛАР БӨЛІНІСІНДЕ, %

«НАЛУК» ТОБЫНЫҢ НЕСИЕЛІК ПОРТФЕЛІ (НЕТТО), ВАЛЮТАЛАР БӨЛІНІСІНДЕ, %

«НАЛУК» ТОБЫ КЛИЕНТТЕРІНІҢ ҚАРАЖАТЫ, ВАЛЮТАЛАР БӨЛІНІСІНДЕ, %


Топ проценттік тәуекелдің мынадай көздерін айқындайды: бағалы қағаздардың портфелі бойынша проценттік тәуекел, сондай-ақ проценттік мөлшерлемелердің өзгерісіне (сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі) сезімтал активтер мен пассивтерді өтеу мерзімдерінің сәйкес келмеуі (проценттік мөлшерлемелерді қайта қарау) салдарынан туындайтын проценттік тәуекел. Топ оң проценттік маржаны қамтамасыз ете отырып, проценттік мөлшерлемелер бойынша Топтың позициясын басқару арқылы проценттік мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін және нарықтық тәуекелді басқарады.

Нарықтық тәуекелдің мөлшерін (валюталық, проценттік, бағалық) шектейтін ішкі лимиттерді уәкілетті органдар тәуекел-тәбетінің бекітілген мөлшері аясында белгілейді, олардың сақталуына мониторинг күнделікті жүргізіліп отырады. Белгіленген лимиттердің мөлшері Топтың тәуекел-тәбеті мен нарықтық талаптарға әезектілігі мен сәйкестігіне үнемі қайта қаралып отырады.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Банк өз қызметі барысында операциялық тәуекелге тап болуы мүмкін. Стратегиялық тәуекел мен бедел тәуекелін қоспағанда, барабар емес және жеткіліксіз ішкі процестер, адам ресурстары және жүйелер немесе сыртқы оқиғалардың ықпалынан шығындардың пайда болу ықтималдығы операциялық тәуекелді білдіреді.

Банктің тәуекел-менеджмент қызметі құрамындағы операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшесі операциялық тәуекел-менеджменттің мынадай алуан түрлі құралдарын жасап, өз қызметінде қолданады:

- Банкте жаңа өнімдерді, қызмет түрлерін, процестерді, жүйелерді енгізген немесе қолданыстағы өнімдерге/қызметтерге, жүйелер мен бизнес-процестерге елеулі өзгерістер енгізген кезде операциялық тәуекелдің бар-жоғын бағалау жұмыстары жүргізілуде. ORAP құралы толық жұмыс істейді және 2010 жылдан бері Банк қызметінің маңызды салаларын қамтып, кең пайдаланылады.
- Банктің операциялық тәуекелдері жүзеге асырылатын оқиғаларды жинақтау және талдау ұдайы жүргізіліп отырады. Операциялық тәуекелдердің оқиғалары тіркеледі және операциялық шығындарды талдау және тұтастай азайту бағыныша түзету іс-шараларын қабылдау мақсатында кейіннен операциялық тәуекелдер бойынша реттеушілік және басқарушылық есептілік жасау үшін пайдаланылатын арнаулы деректер базасында тиісті түрде жіктеледі.
- Банк операциялық тәуекел-менеджменттің құралын – тәуекелдің негізгі индикаторларын дамытуды жалғастыруда. Қазіргі таңда Банкте Банк үшін аса маңызды АТ-жүйелер мен елеулі бизнес-процестер бойынша тәуекелдерді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін түрлі бағыттар бойынша тәуекелдің негізгі индикаторлары жүйесі жұмыс істейді.
- Банк сценарийлік талдау, тәуекелдердің өзін-өзі бағалау сияқты операциялық тәуекел-менеджмент құралдарын дамытуды және пайдалануды жалғастыруда.

ҚЫЗМЕТТІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІН БАСҚАРУ

тұтастай үздіксіз қызметінің процесін басқаруға мүмкіндік беретін басқа да құрамдас бөліктерді қамтитын қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесінің бар болуын және қолдау көрсетілуін қамтамасыз етеді.

COVID-19-бен байланысты шектеу шаралары шеңберінде Банкте қызметкерлердің бір бөлігін қашықтықтан жұмыс істеу форматына көшіру тәсілі сақталды.

Карантиндік шаралардың енгізілуіне/жеңілдетілуіне қарай оларды Банктің құрылымдық бөлімшелерінің сақтауын бақылау үшін мемлекеттік уәкілетті органдардың барлық талаптары үнемі қадағаланады.

ҚҰҚ процесіне қатысатын бөлімшелердің хабардар болу деңгейін арттыру мақсатында 2021 жылы қызметкерлер – Бас банктің қалпына келтіру бригадаларының мүшелері үшін де, облыстық, өңірлік филиалдардың қызметкерлері үшін де ҚҰҚ процесі бойынша оқыту ұйымдастырылды, одан кейін тестілеу және нәтижелерді алқалық органға қарау жүргізілді.

АТ ЖӘНЕ АҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

2021 жылы Банк АТ және АҚ тәуекелдерін басқаруды үйлестірумен, сондай-ақ АТ және АҚ тәуекелдерін басқару жүйесін дамытумен байланысты қызметін жалғастырды. 2021 жылы Банк АТ мен АҚ анықталған тәуекелдерін азайту жөнінде іс-шаралар жоспарын міндетті әзірлеумен АТ және АҚ тәуекелдерін басқару жөнінде іс-шаралар топтамасын (о.і. Банктің еншілес ұйымдарында маңызды ақпараттық активтерді анықтау үшін жұмыс тобын құру, АТ және АҚ тәуекелдерін басқарудың қолданыстағы жүйесін бағалау, өңдеу, мониторинг) жүргізді. Сонымен қатар, жұмысқа тартылған бөлімшелермен бірлесе отырып, әлеуметтік инженерия фрод-оқыс оқиғаларының тәуекелдерін талдау және азайту бойынша жұмыс жүргізілді және жүргізілуде.

Сондай-ақ, 2021 жылы АТ және АҚ тәуекелдерін басқару процесіне қатысатын Банк бөлімшелерінің хабардарлығын арттыру мақсатында АТ және АҚ тәуекелдерін басқару жүйесін ұйымдастыру бойынша қашықтықтан оқыту, тестілеу ұйымдастырылды және өткізілді.

КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

В2021 жылы Банк Топтың барлық ұйымдарының үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мен заемдық және меншікті қаражаттың арақатынасын оңтайландыру мақсатында капиталды басқаруды жүзеге асыруды одан әрі жалғастырды. Есепті кезең ішінде Банк реттеушінің нормативтерімен және Капитал туралы Базель келісімінің талаптарымен белгіленген, капиталға қатысты қойылатын талаптардың сақталуына бағытталған жұмыстарды жүзеге асырды.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Топ капиталының жеткіліктілігі қазақстандық реттеуші органы банктерге Базель Комитетінің ұсынымдарын есепке алып тағайындайтын пруденциалық нормативтерге сәйкес есептеледі. Жалпы, реттеушілік меншікті капиталды, оның компоненттерін есептеу бойынша ҚРҰБ әдістемесі Базель III стандарттарына сәйкес келеді. Онымен қоса, әдістемеді Базель III стандарттарымен көзделмеген, бірақ жергілікті реттеуші органдардың қосымша әдістемелік түзетулерді қолдануы бойынша Базель III ұсынымдары шеңберінде рұқсат етілген жекелеген реттеушілік түзетулер қолданылады.

Сондай-ақ капиталдың жеткіліктілігі тәуекелдерін басқару шеңберінде Банкте капиталдың жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі – активтердің көлемін, қызметтің сипаты мен күрделілік деңгейін, ұйымдық құрылымды, стратегиялық жоспарларды, тәуекел-бейінші, нормативтік құқықтық базаны ескере отырып, елеулі тәуекелдерді басқару процесінің жиынтығы, тұрақты қаржылық жағдай мен төлем қабілеттілігін қолдау үшін Банк капиталының жеткіліктілігін нысанады деңгейін айқындау мақсатында осындай тәуекелдерді бағалау және агрегаттау жұмыс істейді.

КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Банкте комплаенс-тәуекелді басқарудың тиімді жүйесі әзірленген, ол:

- Банктің тиімді жұмыс істеуі және оның қызметінің стратегияға, тәуекел-бейінге және тәуекел-тәбетке сәйкес келуін қамтамасыз етеді;
- Банктің ағымдағы нарықтық жағдайына, стратегиясына, операцияларының мөлшеріне, қиындық деңгейіне сәйкес келетін комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің болуын;
- Банк қызметінің және оның әрбір қызметкерінің ҚР заңнамасына, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне, қызметтерді көрсету тәртібін регламенттейтін ішкі құжаттарға, шет мемлекеттердің қолданыстағы заңнамасына, сондай-ақ комплаенс саласындағы халықаралық стандарттарға, оның ішінде банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің құжаттарына, FATF және ҚКЗ/ТҚҚ саласындағы Вольфсберг қағидаттарына сәйкестігін;



- Банктің және оның қызметкерлерінің ҚР заңнамасының Банктің қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін реттейтін Банктің ішкі құжаттарының, сонымен қатар Банк қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының талаптарын орындамауы салдарынан шығын келуге байланысты жағымсыз әсердің туындау тәуекелдерін азайтуды;
- Банкке барлық немесе жекелеген банктік операцияларды жүргізуге лицензияның күшін тоқтату немесе лицензиядан айыру түрінде санкциялар, айыппұл салу және өндіру, уәкілетті органның шектеулі ықпал ету шараларын қабылдау түрінде санкциялар қолдануға байланысты жағымсыз әсердің туындау тәуекелдерін азайтуды;
- Банкте комплаенс-тәуекелді басқарудың бірыңғай жүйесін құруды;
- «Науқ» тобының іскерлік этикасы мен стандарттарын сақтай отырып, бизнес жүргізуді қамтамасыз етеді.

Парасаттылық, адалдық және ашықтық қағидаттарында құрылатын Банктің жалпы корпоративтік мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын комплаенс-тәуекелді басқару.

Нәтижесінде Банкте қорғаныстың үш деңгейіне негізделген функционалдық және ұйымдастырушылық өзара іс-қимыл жүйесі құрылды, ол тәуекелдерді азайтуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру бойынша Банктің құрылымдық бөлімшелері арасында рөлдер мен өкілеттіктерді бөлу негізінде комплаенс-тәуекелді басқару жүйесін құруға интеграцияланған тәсіл болып табылады.

Бірінші қорғау желісі Банк қызметкерлерін, екінші қорғау желісі – Комплаенс қызметін, үшінші қорғау желісі – ІАД комплаенс-тәуекелді басқарудың сапасы мен тиімділігін тәуелсіз бағалауды қамтиды.

- Бірінші қорғау желісі Банктің түрлі құрылымдық бөлімшелерінің күнделікті функцияларын дұрыс жүзеге асыруын/күнделікті операцияларды жүргізуін қамтамасыз ету үшін әзірленген бақылауларды білдіреді. Бақылауларды құрылымдық бөлімшелер әзірлейді және процестердің, оның ішінде бизнес-процестердің де ажырамас бөлігі болып табылады. Бақылаулардың нақты дизайны тәуекелдерді азайту және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау үшін, сондай-ақ сыртқы реттеушілік талаптарды сақтау үшін олардың барабар деңгейін шамалайды. Бөлімшелердің өздерінің бақылауларды басқаруы және мониторинг жүргізуі тәуекелдерді, бизнес-процестерді әлсіз жерлерін, ықтимал күтпеген оқиғаларды өз бетінше анықтау және түзету шараларын қабылдау мүмкіндігін шамалайды.
- Екінші қорғау желісі Комплаенс қызметі жүзеге асыратын комплаенс-бақылауды шамалайды.


Комплаенс-бақылау департаменті ҚР азаматтық, салық, банк заңнамасының, ҚР қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы заңнамасының, ҚР валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы, төлемдер және төлем жүйелері туралы, зейнетақылық қамтамасыз ету туралы, бағалы қағаздар нарығы туралы, бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы, кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы, коллекторлық қызмет туралы, депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмге қарсы іс-қимыл туралы, акционерлік қоғамдар туралы заңнамасының, Банк

қызметіне ықпал ететін шетелдік мемлекеттер заңнамасының, сондай-ақ Банктің қаржы нарығында қызметтер көрсету және операциялар жүргізу тәртібін реттейтін Банктің ішкі құжаттарының талаптарын сақтау үшін рәсімдерді ұйымдастырады және Директорлар кеңесіне комплаенс-тәуекелдің бары туралы толық және сенімді ақпарат береді.

Комплаенс-тәуекелді басқарудың жекелеген функциялары Банктің ішкі құжаттарына сәйкес қажет болғанда Банктің басқа құрылымдық бөлімшелеріне мүдделер қақтығысы болмаған жағдайда бөлінеді.

- Үшінші қорғау желісі ІАД комплаенс-тәуекелді басқарудың сапасы мен тиімділігін тәуелсіз бағалауды білдіреді («Ішкі аудит» бөлімін қараңыз).

Банк банктік қызметке тән тәуекелдерді толық жою мүмкін емес екенін мойындайды. Алайда Банк тәуекелдерді басқарудың енгізілген жүйесі оларды елеулі азайтуға мүмкіндік беретініне сенімді.





14

КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ
ТУРАЛЫ ЕСЕП

14



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Жоғары сапалы корпоративтік басқару Halyk Bank-тің және оның еншілес ұйымдары үшін еркін және бәсекелі нарықта табысты қызмет етуі үшін қажетті талап болып табылады. Банкке және «Halyk» тобына Директорлар кеңесі, Басқарма және акционерлер арасындағы қарым-қатынасты белгілейтін корпоративтік басқарудың тиімді жүйесі қажет.

Банкті корпоративтік басқару құрылымы Банк қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен қызығушылықтарын құрметтеуге негізделеді және Банктің табысты қызмет етуіне, оның ішінде оның құндылықтарының өсуіне, қаржылай тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға мүмкіндік береді және инвесторлар мен акционерлерге олардың ақшасының тиімді пайдаланылып жатқанына кепілдік береді.

БАНКТИҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ

2006 жылғы желтоқсанда Банк акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген Банктің қолданыстағы Корпоративтік басқару кодексі Директорлар кеңесі мен Басқарма, Банк акционерлері мен лауазымды тұлғалары арасындағы қарым-қатынасты қоса алғанда, Банктің басқару процесінде қолданылатын негізгі стандарттар мен принциптерді, Банк органдарының жұмыс істеу және шешімдер қабылдау тәртібін белгілейді.

Банктің Корпоративтік басқару кодексі ҚР қолданыстағы заңнамасының ережелеріне сәйкес, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында орын алған ұлттық және халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, әзірленді.

Банктің Корпоративтік басқару кодексімен корпоративтік басқарудың мынадай принциптері бекітілген:

- акционерлерге Банкті басқаруға қатысу құқығын жүзеге асыру үшін нақты мүмкіндіктерді беру, Банк акционерлерінің барлық санатына тең қарым-қатынасты қамтамасыз ету;
- Банк акционерлері үшін Банктің таза кірісін бөлуге (дивидендтер алу) қатысуға нақты мүмкіндік жасау;

- Банк акционерлері мен инвесторлардың негізді шешімдер қабылдауы үшін мүмкіндікті қамтамасыз ету мақсатында Банк акционерлеріне Банктің қаржылық жағдайына, экономикалық көрсеткіштерге, қызмет нәтижелеріне, Банкті басқарудың құрылымына қатысты шынайы ақпараттың уақтылы және толық берілуін қамтамасыз ету;
- Банктің Директорлар кеңесінің қоғам қызметіне стратегиялық басқаруды және өз тарапынан қоғамның атқарушы органының қызметіне тиімді бақылау жасауды, сондай-ақ Директорлардың оның акционерлеріне есеп беруін жүзеге асыру;
- Банк Басқармасына Банктің ағымдағы қызметіне тиімді басшылық етуді адал ниетпен жүзеге асыруы үшін мүмкіндіктерді беру, сондай-ақ Банк Басқармасының Банктің Директорлар кеңесіне және оның акционерлеріне есеп берушілікті белгілеу;
- Банк акционерлері үшін этикалық нормаларды белгілеу, сонымен қатар Банктің лауазымды тұлғалары қызметінің барынша ашықтығын қамтамасыз ету;
- Банктің ішкі бақылауының тиімді жүйесінің жұмыс істеуін және оның әділ бағалануын қамтамасыз ету.

Банктің Директорлар кеңесі мен Басқармасы Банк қызметінің Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген корпоративтік басқарудың қағидаттары, ережелері мен рәсімдеріне сәйкес жүргізілетінін растайды.

Банктің Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін, Банк Жарғысын және басқа да ішкі нормативтік құжаттарды қабылдай, жетілдіре және мүлтіксіз сақтай отырып, Банк тиісті түрде корпоративтік басқару тәжірибесін дамытуға және жетілдіруге жәрдемдесуге өз ниетін растайды.

ҰЛЫБРИТАНИЯНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ

Жылдық есептің осы бөлімі Ұлыбританияның Қаржылық реттеу және қадағалау бойынша басқармасының ашу және транспаренттілік қағидаларының корпоративтік басқару туралы ережеге (DTR 7.2.) сәйкес әзірленді.

GDR Лондон Қор Биржасының ресми тізіміне кіргізілген шетел компаниясы ретінде Банк Ұлыбританияның тәуелсіз реттеушісі – қаржы есептілігі жөніндегі кеңес жариялаған, Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексінің сақтауға міндетті емес. Алайда, DTR 7.2. сәйкес, Банк өзінің жылдық есебінде сақталуы ҚР заңнамасымен талап етілетін, тәжірибеге қосымша қолданылатын корпоративтік басқарудың қолданыстағы принциптері туралы ақпаратты сияқты қазақстандық Корпоративтік басқару кодексінің де сақтайтыны туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Банк Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексінің корпоративтік басқаруды әрі қарай дамыту үшін бағдар ретінде қарастырады.



- 2021 жыл ішінде Банк акционерлерінің Банк акциялары бойынша дивидендтер төлеуге, Банк акционерлерінің дербес деректерін жаңарту қажеттілігіне, Банк акцияларына қатысты меншік құқығына, ұсталған табыс салығы туралы мәліметтерді ұсынуға және Банк қызметі туралы басқа да мәселелер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасы бойынша он алты ресми өтініші қаралды;
- 2021 жылғы желтоқсанда Банктің Директорлар кеңесі Банктің орналастырылған жай акцияларының және негізгі активі Банктің орналастырылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттардың (бұдан әрі бірге – Бағалы қағаздар деп аталады) құнын өтеп сатып алу шешімін қабылдады. Бір данасының бағасы 182,10 теңге 845 775 545 дана жай акциялардың, оның ішінде бір данасының бағасы 16,78 АҚШ доллары, негізгі активі Банктің орналастырылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттардың 3 675 151 дана нысанында 147 006 040 данасын жалпы сомасы 153,973 миллион теңгеге құнын өтеп сатып алу Банктің Директорлар кеңесінің жоғарыда көрсетілген шешімінде белгіленген шарттарда, тәртіпте және мерзімде жүзеге асырылды. Бағалы қағаздардың құнын өтеп сатып алу мақсаты – Топ капиталының құрылымын оңтайландыру. Құнын өтеп сатып алу көлемі сатып алу сәтінде Банктің айналымдағы акцияларының 7,2% құрады, нәтижесінде есепті күні Банктің құнын өтеп сатып алынған акцияларының жиынтық саны 2 539 270 930 дана немесе Банктің орналастырылған акцияларының жалпы санынан 18,9% құрады;
- 2021 жылы Банктің тұрақты даму саласындағы қызметке қатысты тәсілдерін жүйелеу мақсатында Банктің 2020 жылға тұрақты дамуы туралы есебі әзірленді және жарияланды;
- 2021 жылы Басқарма құрамында өзгерістер орын алды;
- Корпоративтік басқару мәселелері бойынша оқыту курсы әзірленіп, «Halyk» тобының Корпоративтік хатшыларымен семинарлар өткізілді;
- 2021 жылы Банктің қазақстандық және шетелдік еншілес ұйымдарындағы корпоративтік басқару деңгейіне диагностика жүргізіліп, есеп және оны жақсарту бойынша ұсынымдар әзірленді;
- Банктің 2022 жылға жалпы экономикалық сценарий бойынша стресс-тестілеу (сценариялық талдау арқылы) нәтижелері қаралды.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Банктің Директорлар кеңесінің жанында мынадай консультациялық-кеңес беру органдары жұмыс істейді: Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет, Аудит жөніндегі комитет, Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет, Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет және Тәуекелдер жөніндегі комитет. Осы Комитеттердің жұмысы туралы толығырақ есеп төмендегі тиісті тарауда орналастырылған.

Басқарманың жанында дирекциялар арқылы бірнеше жұмыс органдары, Комитеттер және жұмыс топтары құрылған. Бұл жеке алынған әрбір сегмент бойынша ауқымды


мәселелерді егжей-тегжейлі қарастыруға мүмкіндік береді. Қажет болған жағдайда және заңнама талап еткен кезде, осындай мәселелер бойынша жұмыс органдары қабылдаған шешімдер Басқарманың немесе Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынылады.

Корпоративтік басқарудың үздік іс-тәжірибелерін енгізу үшін Директорлар кеңесіне ішкі және сыртқы аудиторлар, Ішкі аудиттің басшысы, Тәуекел-менеджменттің басшысы, Бас комплаенс-бақылаушы, Бас заң кеңесшісі, Корпоративтік хатшы және т.с.с. көмек көрсетеді.

Банкте тәуекел-менеджмент, комплаенс-бақылау қызметі, ішкі аудит бөлімшесі, сондай-ақ корпоративтік басқару мәселелеріне жауап беретін Корпоративтік хатшы институты бар.

«Halyk» тобы ұйымдарының қаржы есептілігін растау үшін, Банк «Үлкен төрттік» аудиторлық компанияларын жұмысқа тартады. 2021 жылы осы функцияны «Делойт» (Deloitte, LLP) ЖШС компаниясы атқарды.

Директорлар кеңесі мен Басқарма арасындағы функцияларды бөлу ҚР заңнамасына сәйкес жүргізілген.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банктің Директорлар кеңесінің құрамы келесідей болды:


ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

АЛЕКСАНДР СЕРГЕЕВИЧ ПАВЛОВ	Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор, Тәуекелдер жөніндегі комитеттің төрағасы
АРМАН ҒАЛИАСҚАРУЛЫ ДУНАЕВ	Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы, Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
КАЙЛАРС ФРЭНК	Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
МӘЖИТ ТӨЛЕУБЕКҰЛЫ ЕСЕНБАЕВ	Директорлар кеңесінің мүшесі, «АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ өкілі
РЁЛЬ КРИСТОФ	Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы, тәуелсіз директор
ПЁТР РОМАНОВСКИ	Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор
ҮМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ ШАХАМЕТОВА	Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрайымы

БАРЛЫҒЫ	7 ДИРЕКТОР
----------------	-------------------


Директорлардың тәуелсіздігін анықтайтын кезде ҚР заңнамасымен белгіленген өлшемдер қолданылды.

БАНКТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ*




* Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны – 7 адам

БАНКТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІ БОЙЫНША КЕЛЕСІДЕЙ КӨРСЕТІЛГЕН:*



БАНКТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ГЕНДЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ*



ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

Банк Директорлар кеңесі мүшелерінің тәжірибесі, дағдылары мен ой-өрісінің ең таңдаулы теңгерімін қалыптастыруға талпынады. Мәселелерді талқылаудағы түрлі көзқарастар Директорлар кеңесіне өз функцияларын барынша тиімді орындауға және акционерлердің мүдделерін білдіруге мүмкіндік береді.

Тәуелсіз директорлар халықаралық басқару, стратегиялық көзқарас, Банк өз операцияларын жүзеге асыратын ірі салалардың ерекшелігін білу, корпоративтік басқару, тәуекел-менеджмент бойынша білімдері мен тәжірибелерін үлес етіп қосады.

Сонымен бірге, барлық директорлар банктік бизнес, жалпы қаржы саласы бойынша, адами ресурстарды басқару, оның ішінде сыйақы мәселелері бойынша білімге ие.

Төменде Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен тәжірибесі туралы жиынтық ақпарат беріледі:

ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ	
Банк ісі	7 Директор
Мұнайгаз және тау-кен саласы	4 Директор
Нақты сектордың басқа да салалары	5 Директор
Қаржы	7 Директор
Кешбасшылық	7 Директор
Тәуекелдерді басқару	4 Директор
Медицина және биотехнологиялар	1 Директор
Халықаралық тәжірибе	5 Директор
Стратегиялық көзқарас	7 Директор
Корпоративтік басқару	7 Директор
Адами ресурстарды басқару	7 Директор
БАРЛЫҒЫ	7 ДИРЕКТОРОВ



БАСҚАРМА ҚҰРЫЛЫМЫ

2021 жылдың ішінде Басқарма құрамы біршама өзгерістерге ұшырады. Басқарма Төрағасының орынбасары лауазымына 2021 жылғы 28 қазаннан бастап Антон Германович Мусин тағайындалды (бұрын Банк Басқармасының Бірінші орынбасары лауазымында болған), Михаил Никитович Каблашевтің Банк Басқармасының мүшесі ретіндегі өкілеттігі 2021 жылғы 2 қазаннан бастап тоқтатылды. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Басқарма құрамы мынадай болды:

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

ҮМІТ БОЛАТХАНҚЫЗЫ ШАДХМЕТОВА	Басқарма Төрайымы HR, Стратегиялық офис, Заң бөлімі, Тәуекел-менеджмент
АЙВАР ЖИРЕНШЕУЛЫ БОДАНОВ	Басқарма Төрағасының орынбасары Қауіпсіздік және проблемалық кредиттер
ӘЛИЯ СӘКЕНҚЫЗЫ ҚАРПЫКОВА	Басқарма Төрағасының орынбасары, Бас комплаенс-бақылаушы Қаржы блогы, Қаржы және бухгалтерлік есеп, Еншілес компаниялар, Compliance
МҰРАТ ҰЗАҚБАЙҰЛЫ КӨШЕНОВ	Басқарма Төрағасының орынбасары Корпоративтік бизнес, Халықаралық қызмет
ЖҰМАБЕК ЖАРЫЛҚАСЫНҰЛЫ МАМЫТОВ	Басқарма Төрағасының орынбасары Бөлшек бизнес
АНТОН GERMANOVICH МУСИН	Басқарма Төрағасының орынбасары Ақпараттық технологиялар
ЕРТАЙ ИСМАИЛУЛЫ СӘЛИМОВ	Басқарма Төрағасының орынбасары ОПЕРБ блогы, Ресурстар департаменті, Кеңсе департаменті, Байланыс орталығы департаменті
ДӘУРЕН ЖАНКІСЕЙҰЛЫ САРТАЕВ	Басқарма Төрағасының орынбасары Шағын және орта бизнес, PR
АСҚАР САГИДОЛЛАУЛЫ СМАҒҰЛОВ	Басқарма Төрағасының орынбасары Транзакциялық бизнес, Қазынашылық
БАРЛЫҒЫ	9 БАСҚАРМА МҮШЕСІ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Жалпы Директорлар кеңесі мен оның Комитеттері өз жұмыстарын тиісті кезеңдерге арналған жұмыс жоспарларына сәйкес жүргізеді.

Барлығы 2021 жылы 46 мәселе қарастырылған 5 жүзбе-жүз отырыс және 613 мәселе қарастырылған Halyk Bank Директорлар кеңесінің 64 сырттай отырысы өткізілді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысу статистикасы мынадай:

ДКМ мүшесінің Т.А.Ә.	Жүзбе-жүз отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)
А.С. ПАВЛОВ	5/46	60 / 560
А.Ғ. ДУНАЕВ	5/46	64 / 612*
М.Т. ЕСЕНБАЕВ	5/46	55 / 527
Ф. КАЙЛАРС	5/46	48 / 492
К. РЕЛЬ	5/46	45 / 458
П. РОМАНОВСКИ	5/46	64 / 610**
Ү.Б. ШАЯХМЕТОВА	5/46	60 / 576***
БАРЛЫҒЫ	5/46	64 / 613

* А.Ғ. Дунаев мырза ҚР заңнамасының шектеулеріне сәйкес кейбір мәселелерді қарауға және дауыс беруге қатысқан жоқ.

** П. Романовский мырза ҚР заңнамасының шектеулеріне сәйкес кейбір мәселелерді қарауға және дауыс беруге қатысқан жоқ.

*** Ү.Б. Шаяхметова ханым ҚР заңнамасының шектеулеріне сәйкес кейбір мәселелерді қарауға және дауыс беруге қатысқан жоқ.

2021 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ ІРІ БЛОГЫ КЕЛЕСІ МӘСЕЛелерді ҚАРАСТЫРУ БОЛДЫ:

- 2021 жылы «Halyk» тобының 2022-2024 жылдарға даму стратегиясы әзірленді және бекітілді, ол Банктің және оның еншілес ұйымдарының келесі стратегиялық кезеңде дамуы жөніндегі басымдықтары мен міндеттерін айқындады;
- Банктің экология, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару саласындағы қызметінің негізгі аспектілерін ашатын құжат болып табылатын 2020 жылға Банктің тұрақты дамуы туралы есеп дайындалып, жарияланды. Банк аталған есепті жариялау арқылы тұрақты даму саласында өз жұмысының нәтижелері туралы негізгі ақпаратты ашық көрсетуге қатысты еркін міндеттемелерді қабылдады;
- Банктің Корпоративтік басқару кодексінің талаптарына сәйкес 2020 жылға Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау (өзін-өзі бағалау) жүргізілді, оның нәтижелері 2021 жылғы 23 сәуірде өткен Банк акционерлерінің жалпы жиналысының қарауына ұсынылды;
- 2021 жылы Банктің Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыруға және өткізуге байланысты құжаттарды дайындау жөнінде қағидалардың жаңа редакциясы әзірленіп, бекітілді, ол Директорлар кеңесінің мүшелері үшін материалдар сапасын жақсартуға және көлемін қысқартуға әсер етті (Директорлар кеңесіне қағаз



үлгісінде басып шығарылатын материалдар көлемі ең азы 30% қысқарды). Аталған факт Банктің тұрақты даму мақсаттары (ESG) шеңберінде ресурстарды үнемдеу жөніндегі жоспарларын орындауына оң ықпал етті;

- тұрақты даму қағидаттарын (ESG) Банк қызметіне және процестеріне имплементациялау мақсатында келесі ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп, бекітілді: «Тұрақты даму саласындағы саясат», «Экологиялық саясат», «Ассоциация еркіндігін қолдау, ұжымдық келіссөздер жүргізу және жұмыс күшін артараптандыру саласындағы саясат»;
- 2021 жыл ішінде Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет пен Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет мүшелері ауыстырылды. Қазіргі сәтте Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің құрамы Банктің Директорлар кеңесінің тек тәуелсіз мүшелерінен жасақталған.

Жалпы, Директорлар кеңесінің «Halyk» тобының алдына қойған және Halyk Bank-тың ҚР № 1 банкінің позициясын ұстап қалуына, клиенттік сервисті жақсартуға және банктік өнімдерді дамытуға байланысты міндеттеріне қол жеткізілді.

Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз отырыстары барысында төмендегідей аса маңызды стратегиялық мәселелер қарастырылды:

- Halyk Bank Басқармасы мен еншілес ұйымдардың 2019 – 2021 жылдарға арналған «Halyk» тобының даму стратегиясының және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың 2021 жылға Стратегиялық бастамаларды іске асыру бойынша шаралар жоспарының (с.і. Банктің технологиялық трансформациясы және цифрлық өнімдер мен сервистерді дамыту мәселелері) орындалуы жөніндегі есебі;
- 2020 жылғы және 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы Банк және «Halyk» тобы ұйымдары қызметінің нәтижелері және бюджетті орындауы;
- «Halyk» тобының және Halyk Bank-тың 2022 жылға арналған шоғырландырылған бюджетін (ХҚЕС) бекіту;
- «Halyk» тобының еншілес бантерінің бизнес-үлгілерін ары қарай дамыту және орналасқан елдерде өзін позициялауы бойынша ұыныстар;
- Ішкі аудит департаментінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспары және 2023-2025 жылдарға арналған ІАД жұмысының ұзақ мерзімді жоспары;
- Банк Басқармасының кейбір мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесі жанындағы кейбір комитеттер құрамының өзгеруі;
- Банктің ең ірі жобалары;
- Банктің 2020 жылғы жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту және Басқарманың қызмет нәтижелері туралы тоқсандық есептері;
- Halyk Bank комплаенс тәуекелдерін басқару тиімділігі және бақылау туралы, сондай-ақ ішкі бақылау мәселелері бойынша Бас комплаенс бақылаушының есептері;
- Банк портфелінің сапасын талдау;
- Банкпен ерекше қарым-қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалған мәмілелерді талдау және т.б.



Әлемдік экономиканың даму сценарийлерін құра отырып, Halyk Bank-тың несиелік портфеліне және капиталына әсерін айқындаумен Halyk Bank-тың кредиттік портфельін стресс-тестілеу нәтижелері қаралды.

Елде COVID-19 пандемиясына байланысты төтенше жағдай режимінің енгізілуі, сондай-ақ мұнай бағасының күрт төмендеуін ескере отырып, Банктің Тәуекел менеджменті қызметі COVID-19 салдарының Банктің негізгі қаржылық көрсеткіштеріне әсерін талдау және бағалау және осындай шектеулер мен ел экономикасының макроэкономикалық көрсеткіштерінің төмендеуі жағдайында Банктің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылдың соңына жалпы экономикалық сценарий бойынша жоспардан тыс стресс-тестілеу өткізді.

Директорлар кеңесі ең нашар сценарий орын алатын жағдайдың өзінде де Банктің позициялары жеткілікті күшті болып қалатынына көз жеткізді.

Тәуекел-менеджмент басшысының, Бас комплаенс бақылаушының Halyk Bank-тағы және жекелеген еншілес ұйымдардағы комплаенс тәуекелді басқарудың тиімділігі туралы және ҚКЗ/ТҚК саласында атқарылған жұмыс туралы есептері тыңдалды.

Сырттай дауыс беру заңнамалық және ішкі құжаттармен Директорлар кеңесінің құзырына жатқызылған ағымдағы сипаттағы мәселелер бойынша және келесі жүзбе-жүз отырысқа дейін кейінге шегеруге келмейтін аса жедел мәселелер бойынша өткізілді.

КОМИТЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ БОЙЫНША ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ ЕСЕП

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер Банктің Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңес органдары болып табылады. Комитеттер әзірлеген ұсыныстардың барлығы Банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын нұсқаулар болып табылады.

Қазақстан заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшылар Комитет мүшелері болып табылады. Комитеттердің құрамы бойынша толығырақ ақпарат төменде тиісті Комитеттердің жұмысы туралы бөлімдерде беріледі.

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Аудит жөніндегі комитет 2005 жылғы шілдеде құрылған.

Комитет Директорлар Кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік даусымен сайланатын Директорлар кеңесінің үш мүшесінен тұрады. Комитеттің Төрағасы Банктің тәуелсіз директоры болып табылады.

Комитеттің құрамы мыналар:

Кристоф Рёль – Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;

Александр Сергеевич Павлов – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор.

Комитет мүшелерінің барлығы тәуелсіз директорлар болып табылады, бухгалтерлік және салық есебі, қаржы есептілігі, ішкі және сыртқы аудит, тәуекелдерді басқару саласындағы білімі мен тәжірибесі бар.

КОМИТЕТТИҢ ҚҰЗЫРЕТІ

Комитет Директорлар кеңесіне қаржылық және басқа есептіліктің толықтығы мен шынайылығы, Банк пен еншілес ұйымдарының заңнама және ішкі құжаттардың талаптарына сәйкестігі (комплаенс-бақылау), сыртқы аудиторды таңдау және тәуелсіздігі, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің лайықтығы мен тиімділігі мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне көмек көрсетеді, сондай-ақ сыртқы және ішкі аудит жұмысын үйлестіреді.

КОМИТЕТТИҢ ҚЫЗМЕТІ

2021 жылы Комитеттің 3 жүзбе-жүз және 41 сырттай отырысы өткізілді.

ДК мүшесінің Т.А.Ә.	Жүзбе-жүз отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)
РЁЛЬ К.	3 / 7	41 / 41
ПАВЛОВ А.С.	3 / 7	39 / 39*
ДУНАЕВ А.Г.	3 / 7	41 / 41
БАРЛЫҒЫ	3 / 7	41 / 41

* А.С. Павлов мырза жыл сайынғы еңбек демалысында болуына байланысты Аудит жөніндегі комитеттің кейбір мәселелерін қарауға және дауыс беруге қатысқан жоқ.

Қаржы есептілігінің толықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету үшін Комитет аталған мәселе бойынша сыртқы аудитордың аралық (тоқсандық) есептерін, Банктің және еншілес компаниялардың басшылығына хаттарды қарастырды, сонымен қатар 2020 жылға жылдық қаржы есептілігін мақұлдап, Директорлар кеңесінің қарауына шығарды. Аталған жұмыс шеңберінде Комитет бұдан бөлек, сыртқы аудитормен және Банктің қаржы блогымен маңызды бухгалтерлік пікірлердің, саясаттардың және рәсімдердің қағидаларын талқылады.

2021 жыл ішінде Комитет келесі: ішкі аудиттің бюджеті және жұмыс жоспары; аудиторлық тексерулердің нәтижелері туралы мәліметтер, ішкі аудит мәселелері бойынша басқарушылық есептер, ІАД кадрлық мәселелері, Ішкі аудит департаментінің қызметін реттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарының жобалары сияқты мәселелерді қарау бойынша ІАД-мен өзара белсенді іс-әрекет жасады.

2021 жыл ішінде Комитет тәуекел-менеджмент қызметі дайындаған, Банк портфелінің сапасы жөнінде тоқсан сайынғы аналитикалық есептерді қарастырды.

КАДРЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет 2007 жылғы қыркүйекте құрылған.

Комитет Директорлар Кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік даусымен сайланатын Директорлар кеңесінің үш мүшесінен тұрады. Бұл ретте Комитеттің кемінде екі мүшесі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Комитет құрамына кіретіндер:

Фрэнк Кайларс – Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;

Александр Сергеевич Павлов – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор.

Комитет мүшелерінің барлығы тәуелсіз директорлар болып табылады, Комитет мүшелерінің барлығы сыйақы мәселелерін қоса алғанда қызметкерлерді басқару бойынша ауқымды тәжірибеге ие.

КОМИТЕТТИҢ ҚҰЗЫРЕТІ

Комитет Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің мүшелігіне, Басқарма және еншілес компаниялардың Директорлар кеңесі мүшелігіне үміткерлер туралы, Директорлар кеңесі мен Басқарманың сыйақы жүйесі туралы, еншілес компаниялардың Директорлар кеңестері мен атқарушы органдарының еңбекақысын төлеу туралы нұсқаулар енгізеді.

КОМИТЕТТИҢ ҚЫЗМЕТІ

2021 жылы Комитет 20 мәселені қараған 2 жүзбе-жүз және 11 сырттай отырыс өткізді.

ДК мүшесінің Т.А.Ә.	Жүзбе-жүз отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)
КАЙЛАРС Ф.	2 / 2	11 / 18
ПАВЛОВ А.С.	2 / 2	11 / 18
ШАХАХМЕТОВА У.Б.*	1 / 1	7 / 12
ДУНАЕВ А.Г.**	1 / 1	4 / 6
БАРЛЫҒЫ	2 / 2	11 / 18

* У.Б. Шахметова 01.01.2021 ж. бастап 14.09.2021 жылды қоса алған аралықта Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет мүшесінің қызметтерін атқарды.

** А.Г. Дунаев 14.09.2021 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет мүшесінің қызметтерін атқарады.

Директорлар кеңесінің қарауына Банктің Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау (өзін-өзі бағалау) туралы есеп, Банк Басқармасының мүшелері және Банктің еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің мүшелері лауазымдарына кандидаттар туралы, Банктің ұйымдық құрылымына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсынымдар, сондай-ақ Банктің корпоративтік басқару жүйесінде жетілдіру мәселелері енгізілді.

2021 жылы Halyk Bank Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақысы төмендегіні құрады:

БАНКТИҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ	БАРЛЫҚ КІРІСТЕР
	3 543 751 185,63

2021 жылы Halyk Bank Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің жоғарыда көрсетілген кірсінен келесі міндетті ұстап қалулар жүргізілді:

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ	ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ	МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ	МӘМС ЖАРНАЛАРЫ
	351 886 675,37	24 725 762,44	1 003 152

Банк Басқармасы мүшелерінің еңбекақысы үш негізгі фактормен анықталады:

- ұйым үшін лауазымның маңыздылығын (құндылығын) анықтауға мүмкіндік беретін лауазымды бағалау, сонымен қатар басшының жұмыс нәтижелерінің Банктің қорытынды нәтижелеріне ықпал ету дәрежесі;
- еңбекақы төлеудің өңірлік нарығындағы салыстырмалы лауазымдар еңбекақысының деңгейі;
- Банк басшыларының қызметін бағалау, оның негізінде бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйлықақы төленеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы жүйесінің негізгі қағидаттары Директорлар кеңесі мүшелері сыйақысының:

- жеке біліктілік деңгейімен және Банк қызметінің нәтижелеріне қосқан үлесімен;
- өз міндеттерін орындаумен және Банк пен оның акционерлерінің мүддесіне жауап беретін міндеттерді орындауымен өзара байланысы болып табылады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет 2012 жылғы сәуірде құрылған.

Комитет Директорлар Кеңесінің барлық мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланған Директорлар кеңесінің бес мүшесінен және Банк қызметінің неғұрлым стратегиялық бағыттарына жетекшілік ететін Басқарма мүшелерінің төрт сарапшысынан тұрады.

Комитет құрамына кіретіндер:

- Арман Ғалиасқарұлы Дунаев** – Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;
- Александр Сергеевич Павлов** – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
- Петр Романовски** – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;
- Мәжит Төлеубекұлы Есенбаев** – Комитет мүшесі, директор;
- Үміт Болатханқызы Шаяхметова** – Комитет мүшесі, Басқарма Төрайымы;
- Мұрат Ұзақбайұлы Көшенов** – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы);
- Асқар Сағидоллаұлы Смағұлов** – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы).

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің төрағасы Банктің Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі болып табылады. Комитеттің құрамына мынадай: ақпараттық технологияларды дамыту; банк қызметтерін дамыту және көрсету; тәуекелдерді басқару және бюджеттік жоспарлау салаларында жұмыс тәжірибесі бар Директорлар кеңесінің мүшелері мен сарапшылар кіреді.

КОМИТЕТ ҚҰЗЫРЕТІ

Комитет Директорлар кеңесіне «Halyk» тобының стратегиясын қарастыру, стратегияның орындалуы туралы есептерді талдау, сыртқы ортаға және «Halyk» тобының стратегиялық жоспарларына оның типтетін ықпалына мониторинг жүргізу мәселелері бойынша қолдау көрсетеді.

КОМИТЕТТИҢ ҚЫЗМЕТІ

2021 жылы Комитеттің 3 күндізгі және 1 сырттай отырыстары өткізілді, онда 8 мәселе қарастырылды.

Комитет мүшесінің Т.А.Ө.	Күндізгі отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)
А.Г. ДУНАЕВ	3 / 7	1 / 1
А.С. ПАВЛОВ	3 / 7	1 / 1
М.Т. ЕСЕНБАЕВ	3 / 7	1 / 1
П. РОМАНОВСКИ	3 / 7	1 / 1
Ү.Б. ШАЯХМЕТОВА	3 / 7	1 / 1
М.У. КОШЕНОВ*	3 / 7	1 / 1
М.Н. КАБЛАШЕВ**	3 / 7	1 / 1
А.С. СМАГУЛОВ*	3 / 7	1 / 1
БАРЛЫҒЫ	3 / 7	1 / 1

* сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ)
 ** М.Н. Каблашевтың Комитет мүшесі ретіндегі өкілеттігі 2021 жылғы 11 қазанда тоқтатылды



Комитет «Halyk» тобының 2019-2021 жылдарға Даму стратегиясының 2020 жылда және 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында орындалу нәтижелерін қарастырды. Талдау қойылған мақсаттарға жетудің қанағаттанарлық нәтижелерін көрсетті.

Комитет «Halyk» тобының 2022-2024 жылдарға Даму стратегиясының жобасын қарастырды.

Сонымен қатар Банктің 2022 жылға бюджетінің жобасы және 2021 жылғы 1-жартыжылдықта Банк бюджетінің орындалу нәтижелері қарастырылды.

Комитет сыртқы ортаның өзгерістерін (реттеушілік, экономикалық, қаржылық және т.б.) талдайды және мұндай өзгерістердің «Halyk» тобының 2019-2021 жылдарға арналған Даму стратегиясына әсерін бағалайды.

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет 2012 жылдың сәуірінде құрылған:

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет төрағасы, тәуелсіз директор;

Фрэнк Кайларс – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Кристоф Рель – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Үміт Болатханқызы Шаяхметова – Комитет мүшесі;

Дәурен Жанкисейіұлы Сартаев – Комитет мүшесі, сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ).

КОМИТЕТ ҚҰЗЫРЕТІ

Комитет Директорлар кеңесіне Банктің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму саласындағы саясатына, Банк қызметінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы заңнама талаптарына сәйкестігіне және тиісті кезеңге арналған әлеуметтік жобаларды іске асыру және қайырымдылық саласындағы шығындар бюджетін алдын ала қарастыруға қатысты мәселелер бойынша қолдау көрсетеді.

КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ

2021 жылы 2 мәселе қарастырылған 1 күндігі отырыс өткізілді.

ДК мүшесінің Т.А.Ә.	Күндігі отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)
А.Г. ДУНАЕВ	1 / 2	-
Ф. КАЙЛАРС	1 / 2	-
К. РЕЛЬ	1 / 2	-
Ү.Б. ШАЯХМЕТОВА*	1 / 2	-
Д.Ж. САРТАЕВ**	1 / 2	-
БАРЛЫҒЫ	1 / 2	-

* Ү.Б.Шаяхметова 14.09.2021ж. бстап қазіргі уақытқа дейін Әлеуметтік мәселелер бойынша Комитет мүшесінің функцияларын орындап келеді.

** Сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ)

Келесі мәселелер қаралды және назарға алынды:

- 2021 жылғы Halyk Bank және «Халық» қайырымдылық қоры» ЖҚ демеушілік және қайырымдылық жөнінде есебін қарау туралы;
- 2022 жылға Halyk Bank және «Халық» қайырымдылық қоры» ЖҚ демеушілік және қайырымдылық жөнінде негізгі іс-шаралар жоспарын қарау туралы.

ТӘУЕКЕЛДЕР БОЙЫНША КОМИТЕТ

Тәуекелдер бойынша комитет 2020 жылғы мамыр айында құрылды.

Комитет құрамына келесі мүшелер кіреді:

Александр Сергеевич Павлов – Комитет Төрағасы, тәуелсіз директор;

Арман Ғалиасқарұлы Дунаев – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Петр Романовски – Комитет мүшесі, тәуелсіз директор;

Үміт Болатханқызы Шаяхметова – Комитет мүшесі, Басқарма Төрағасы;

Алмас Мұхтарұлы Маханов – Комитет мүшесі (дауыс беру құқығы жоқ сарапшы).

КОМИТЕТ ҚҰЗЫРЕТІ

Тәуекелдер бойынша комитет – негізгі мақсаттары Банктің Директорлар кеңесіне Банктегі тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін қалыптастыру жөніндегі функцияларды жүзеге асыруға, оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге жәрдемдесу және Банктің Директорлар кеңесін Банк қабылдайтын тәуекелдер деңгейі туралы хабардар ету болып табылатын Банктің Директорлар кеңесінің жанындағы алқауы орган. Тәуекелдер бойынша комитет қызметінің негізгі бағыттары және міндеттері мыналар:

- Банктің қызметіне тән тәуекелдерді, оның ішінде тәуекелдер бойынша басқарушылық есептілікті қарастыру кезінде тұрақты бағалауды жүзеге асыру, сондай-ақ Банк бейінінің тәуекелі өзектілігін қолдау;
- қажет болған жағдайда келесі мәселелер бойынша Банктің Директорлар кеңесіне арналған ұсыныстарды дайындау:
 - Банктің тәуекел дәрежесі стратегиясына және тәуекел бейініне қатысты жекелеген стратегиялық шешімдерді әзірлеу үшін Банктің қызметіне тән тәуекелдердің негізгі түрлерін басқару (кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, нарықтық тәуекел, капиталды басқару, операциялық тәуекел, қызмет үздіксіздігін басқару, ақпараттық технологиялар тәуекелі, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелі);
 - Банктегі комплаенс-тәуекелдерді басқару;
 - Банктегі ішкі бақылау жүйесінің барабарлығын және тиімділігін қамтамасыз ету;
 - Тәуекелдер бойынша комитеттің құзыретіне жатқызылуы Банктің заңнамасы мен ішкі нормативтік құжаттарына қайшы келмейтін басқа да мәселелер;
- Банктегі ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асыру.

КОМИТЕТ ҚЫЗМЕТІ

2021 жылы Комитеттің 4 күндізгі отырысы және 17 сырттай отырысы өткізілді, оның шеңберінде 31 мәселе қарастырылды.

ДК мүшесінің Т.А.Ә.	Күндізгі отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)	Сырттай отырыстар (отырыстар саны/мәселелер саны)
А.С. ПАВЛОВ	4 / 9	17 / 22
А.Г. ДУНАЕВ	4 / 9	17 / 22
П. РОМАНОВСКИЙ	4 / 9	17 / 22
Ү.Б. ШАХМЕТОВА	4 / 9	16 / 21
А.М. МАХАНОВ*	4 / 9	17 / 22
БАРЛЫҒЫ	4 / 9	17 / 22

* сарапшы (дауыс беру құқығы жоқ)

Тәуекелдер бойынша комитеттің күндізгі отырысы барысында келесі мәселелер қарастырылды:

- есепті тоқсандағы Банк бейінінің сапасын талдау бойынша таныстырылымдар;
- есепті тоқсандағы Банктің 20 ірі заемшылары туралы есеп;
- Тәуекел-тәбет стратегиясын және тәуекел-тәбет деңгейлерін келісу (кредиттік тәуекел, нарықтық тәуекел, өтімділік тәуекелі, операциялық тәуекел, стратегиялық тәуекел, бедел тәуекелі бойынша).

Заңнамамен және ішкі құжаттармен Комитет құзыретіне жатқызылған ағымдағы сипаттағы мәселелер бойынша сырттай дауыс беру өткізілді, оның ішінде:

- Банк тәуекелдері бойынша басқарушылық есептілік;
- Стресс-тестілеу нәтижелерін қарастыру/келісу;
- Банктің ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер және толықтырулар енгізу.

БАНКТІҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

1. Директорлар кеңесінің жұмыс істеу стилі мен мәдениетін бағалау нәтижелері:

- Директорлар кеңесі өз қызметінде басқарудың классикалық моделін ұстанады, қолданыстағы заңнама талаптарын, акционерлердің тәуекелдері мен мүдделерін сақтау қажеттілігінен туындайды. Психологиялық атмосфера және Директорлар кеңесінің жұмыс стилі конструктивті және тиімді жұмыс жасауға ықпал етеді. Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілігі мүмкіндік болған жағдайда ақпарат алмасу және Банктің тұрақты дамуы үшін жаңа идеялар

әзірлеу үшін Директорлар кеңесі, Басқарма мүшелерінің және Банктің өзге де негізгі қызметкерлерінің қатысуымен жеке кездесулерді қайта бастау қажет деген пікір білдірді;

- Директорлар кеңесі корпоративтік басқаруды, тұрақты дамуды (ESG), экожүйені дамыту және өз жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа құралдарды енгізу жөніндегі бастамаларды қолдайды. Директорлар кеңесі 2021 жыл ішінде корпоративтік басқару жүйесіне орнықты даму қағидаттарын (ESG) имплементациялауға бағытталған бірқатар саясатты қабылдады, сондай-ақ Банктің корпоративтік басқару жүйесін дамыту мәселелері бойынша Банктің тәуелсіз директорының ұсыныстары қаралды;
- Директорлар кеңесі қаржы, қаржылық есептілік, ішкі бақылау, банктік қызмет, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару салаларында қажетті құзыретке ие. Директорлар кеңесі жұмысында негізгі талап етілетін құзыреттер мыналар:
 - цифрлық трансформация;
 - инновацияны дамыту;
 - тәуекелдерді басқару;
 - қаржы, ішкі аудит және аудит;
 - HR және таланттарды дамыту;
 - стратегиялық басқару саласындағы тәжірибе;
- Директорлар кеңесі мүшелерінің арасында қызметтерінің тиімділігіне әсер ететін айқын немесе жасырын даулар жоқ. Директорлар кеңесінің барлық мүшелері алқалы басқару органы ретінде Директорлар кеңесінің тиімді жұмысына бағдарланған;
- Директорлар кеңесі және Банк Басқармасы арасындағы қарым-қатынас акционерлер мүддесінде Банктің сәтті қызметіне ықпалын тигізеді.

2. Директорлар кеңесінің құрамын және құрылымын бағалау нәтижелері:

- Директорлар кеңесінің құрамы оларға жүктелген функцияларды орындау үшін оңтайлы және теңдестірілген болып табылады (мүшелердің білім және тәжірибесі тарапынан), оның ішінде Банктің Даму стратегиясын іске асыруды бақылау бойынша. Директорлар кеңесі Ақпараттық технологиялар, киберқауіпсіздік, жасанды интеллект, ESG, Big Data және Банк бизнесіндегі инновациялар саласындағы құзыреттерді дамытуға ниетті. Директорлар кеңесінің құрамына «Halyk» тобының 2022-2024 жж. Даму стратегиясының тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету үшін AT, цифрлық өнімдер, киберқауіпсіздік және ESG саласындағы сарапшыны (сарапшыларды) тарту ұсынылады. Директорлар кеңесі мүшелері позициясына үміткерлерді тиімді іздестіру үшін ішкі ресурстарды (қызметкерлермен жұмыс департаменті, басқарушы қызметкерлерді network), сол сияқты кәсіби HR-агенттіктері атынан сыртқы ресурстарды тарту көзделеді;



- Банкте Директорлар кеңесінің мүшелерінің құзыретін және біліктілігін арттыру жүйесі оңтайлы болып келеді. Банк бизнесін жүргізудегі технологиялар мен жаңа тәсілдердің дамуын ескере отырып, біз Қазақстандағы, сондай-ақ Банк қатысатын өзге де елдердегі осындай өзгерістерді қадағалаймыз, ал қажет болған жағдайда Директорлар кеңесінің мүшелері үшін қосымша оқыту ұйымдастырылатын болады. 2021 жыл ішінде Директорлар кеңесіне және Басқармаға банк ісі, қаржы, макроэкономика және стратегиялық басқарма мәселелері бойынша ақпараттық сессиялар (семинарлар, тренингтер) өткізілді;
- Директорлар кеңесі мүшелерін таңдау жүйесі жеткілікті түрде тиімді болып табылады және нағыз кәсіби мамандарды тартуды қамтамасыз етеді. Банк Банктің және оның еншілес ұйымдарының тәуелсіз директорлар қызметіне талаптануға құқығы бар үміткерлер тізілімін қалыптастырады. Банкке Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелері және Банктің өзге де негізгі қызметкерлері лауазымдарына кандидаттарды іріктеу жүйесін трансформациялау және Кадр саясатына тиісті өзгерістер енгізу мүмкіндігін қарау, сондай-ақ «Halyk» тобының 2022-2024 жылдарға арналған Даму стратегиясында бекітілген ұзақ мерзімді мақсаттарды ескере отырып, ынталандырудың жаңа жүйесін әзірлеу ұсынылады. Банктің қызметіне орнықты даму (ESG) қағидаттарын имплементациялау мақсатында Банктің және оның еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің гендерлік құрылымында әйел жынысты өкілдерді ұлғайту мүмкіндігін қарау ұсынылады.

3. Директорлар кеңесі жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру тәртібін бағалау нәтижелері:

- Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған барлық мүшелері Кіріспе курс нысанында (Board Book) жеделдетіп бейімдеу үшін қажетті Банктің және Директорлар кеңесінің жұмысы туралы ақпарат алады, онда мыналар қамтылады: Банктің даму тарихының негізгі кезеңдері, «Halyk» тобының Даму стратегиясы, Банктің ұйымдық құрылымы, сондай-ақ Директорлар кеңесінің/Басқарманың жұмыс рәсімдері және Директорлар кеңесі мүшелерінің лауазымдық міндеттері. Сондай-ақ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған және жұмыс істеп жүрген барлық мүшелері корпоративтік басқару және тұрақты даму (ESG) мәселелері бойынша оқыту материалдарына қол жеткізе алады;
- Банктің жарғысымен анықталған Директорлар кеңесінің құзыреті ағымдағы стратегиялық міндеттерге сәйкес келеді және Директорлар кеңесінің мүшелеріне Банкті дамытудың жаңа бағыттары туралы, цифрлық сервистер мен өнімдерді енгізу, ESG, экожүйені және бөлшек бизнесті дамыту туралы мәселелерді әзірлеуге және талқылауға, сондай-ақ клиенттер үшін қызметтер сапасын арттыруға бағытталған шараларды әзірлеуге қатысу мүмкіндігін беру бөлігінде шамалы түзетулерді талап етеді;
- Директорлар кеңесі отырысының саны, жүйелілігі және ұзақтығы, оның ішінде күндізгі және сырттай отырыстардың өзара байланысы Банк қажеттілігіне сәйкес келеді. Директорлар кеңесінің мүшелері жұмысын ағымдағы шектеулерді ескере отырып, COVID-19 пандемиясынан және әлемдегі әскери-саяси жағдайдың

шиеленісуінен туындаған сыртқы кедергілер мен шектеулер болмаған жағдайда гибриді форматта жалғастыруға дайын (жеке кездесулер форматында 2-3 күндізгі отырыстар, бейнеконференция форматында 2-3 күндізгі отырыстар);

- Директорлар кеңесіне және Басқармаға Банктің бизнес міндеттерін және стратегиясын іске асыру бойынша тереңдетілген сессиялар өткізу үшін жұмыс бойынша кездесулер форматта қарым-қатынас санын арттыру ұсынылады (мысалы, Директорлар кеңесі жанында комитеттер алаңында).

4. Корпоративтік рәсімдер және құжат айналымының тиімділігін бағалау нәтижелері:

- Қолданыстағы корпоративтік рәсімдер Директорлар кеңесіне сыртқы және ішкі қауіптерге жедел әрекет етуге және қажет болғанда Банк қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қолдануға мүмкіндік береді (пандемия, лаңкестік шабуылдар, әскери қақтығыстар, санкциялар және т.б.);
- Директорлар кеңесі отырысын дайындауды және өткізуді ұйымдастыру процесі Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттелген және штаттық режимде жұмыс алгоритмін және логистиканы баяндайды (шектеусіз);
- COVID-19 пандемиясы жағдайында жұмыс тәжірибесін ескере отырып, корпоративтік рәсімдер Банк жұмыс жасап жатқан жағдайларға бейімдеу мақсатында өзгертілді (қашықтықтан қатынасу форматында жұмыс жасау, бейне-отырыстар және жұмыс жиындарын өткізу үшін бағдарламалық жасақтаманы пайдалану, қала/мемлекет шегінде қозғалысты шектеу, құжаттарды басып шығару және оған қол қою үшін мүмкіндіктердің болмауы және т.б.);
- Банк электрондық құжатайналым жүйесін жетілдіру және қағаз құжатайналымын қысқарту үшін және Директорлар кеңесі отырысын дайындау мен өткізуге байланысты корпоративтік рәсімдерді жақсарту үшін алқалы органдардың жұмысын автоматтандыру жұмыстарын бастап кетті, сондай-ақ құжаттарға электрондық-цифрлық қолтаңба көмегімен қол қою бойынша функционалды іске асыруды жоспарлауда;
- Директорлар кеңесінің құзыретіне әзірлеу және/немесе бекіту кіретін Банктің ішкі құжаттары мен саясаты үздік тәжірибеге сәйкес келеді және Банк қызметінің ерекшелігін ескереді. Директорлар кеңесі Банктің ішкі нормативтік құжаттарына тұрақты негізде талдау жүргізеді (оларды қарау және бекіту ДҚ құзыретіне кіреді) және басқарма ұсыныстарын ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес келтіру, төрешілдік нормаларды төмендету және корпоративтік басқару процестерін оңайлату мақсатында қарайды.

5. Директорлар кеңесі жұмысының функционалды салаларын бағалау нәтижелері:

- 2021 жылы Директорлар кеңесі «Halyk» тобының 2022-2024 жылдарға жаңа Даму стратегиясын бекітті, оның ажыраамас бөлігі ESG-бағытын белсенді дамыту болып табылды. Осыған байланысты Директорлар кеңесінің функционалды міндет-темелерінің саласы мына бөліктерінде кеңейтілді: тұрақты даму факторларын Банк стратегиясына ықпалдастыру тәсілдерін анықтау; Директорлар кеңесі жұмысында



тиісті ESG рәсімдерін және тәжірибелерін іске асыру; тұрақты даму мәселелерінде Директорлар кеңесі комитеттерінің міндеттемелерін анықтау; ESG мәселелерін реттейтін Банктің жоғарғы деңгейлі ішкі құжаттарын (саясатын) бекіту;

- Директорлар кеңесінің отырыстарына ұсынылатын материалдар толық, сапалы және Директорлар кеңесінің мүшесі негізделген шешім қабылдауы үшін күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қажетті және жеткілікті ақпаратты қамтиды. Банктің Директорлар кеңесінің отырыстары үшін материалдарды дайындау рәсімінің мәні стандартталған және Банктің тиісті ІНҚ-да бекітілген, ол тұрақты негізде қайта қаралады және Банктің Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу процестерінің өзгерістеріне бейімделеді;
- Стратегиялық жоспарлау комитетінің алаңында және Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің бейресми кездесулері шеңберінде Директорлар кеңесі бизнес, Банктің стратегиясы, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективаларға арналған нарықты дамыту үрдістері, Қазақстандағы және «Halyk» тобы бар елдердегі бәсекелестерді талдау туралы пікірталастар ұйымдастырады.

Директорлар кеңесі Банктің жоғары лауазымды тұлғалары тиімділігінің түйінді көрсеткіштерін анықтайды және бекітеді, есепті кезеңде бюджеттік көрсеткіштер мен стратегиялық міндеттерді орындау шеңберінде Банк Басқармасының негізгі көрсеткіштерді орындау мәселелерін жарты жылда кемінде 1 рет кезеңділікпен тұрақты негізде қарайды.

МИНОРИТАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС

Банкте миноритарлық акционерлермен өзара әрекеттесу жүйесі тұрақты жетілдіріле түсуде, соның арқасында акционерге өзі үшін ыңғайлы кез келген тәсілмен (жазбаша хабарласу және/немесе электрондық пошта арқылы) өз сұрағын қоюға және қажетті кеңесті алуға болады.

Миноритарлық акционерлердің арыз-өтініштерінің және олардың арман-тілектерінің құрылымы тұрақты талданады. Банк өз акционерлерін барлық маңызды жаңалықтар туралы, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат туралы және бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын қызметтегі өзгерістер туралы және жоспарланып отырған іс-шаралар туралы Банктің корпоративтік сайты, Банк акцияларымен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың сайттары және қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурсы арқылы хабардар етіп отырады.

Бас Банктің қызметкерлері қажеттілігіне қарай Банк акционерлерімен өзара әрекеттесу мәселелері бойынша филиал қызметкерлеріне дивидендтерді есептеу, банктік деректемелердің және акционерлердің дербес деректерінің өзгеруі, мисрақорлық бойынша меншік құқықтарының өтуі және т.б.с. бойынша кеңес береді.

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Акционерлердің дивидендтерді алуы бойынша құқықтары мен оларды төлеу тәртібі акционерлердің жалпы жиналысында бекітілген Банк Жарғысында және Банктің Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген.

Банктің Директорлар кеңесі 2012 жылғы қыркүйекте Халық банкінің Дивидендтік саясатын бекітті. Банктің Дивидендтік саясатының негізгі мақсаты төмендегі талаптарды ескеріп, дивидендтерді төлеудің анық және түсінікті механизмін және дивидендтер төлеу, мөлшерін анықтау туралы шешім қабылдау тәртібін, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдерін белгілеу болып табылады:

- Банктің бөлуге жататын таза пайдасының болуы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген дивидендтерді төлеуге шектемелердің болмауы, сондай-ақ Банк үшінші тұлғалармен, атап айтқанда шетелдік қаржы ұйымдарымен (ковенанттар) жасаған шарттардағы өзге шектеулердің болмауы;
- Банктің халықаралық кредит рейтингтерін сақтау (ұстап тұру);
- Тиісті кезең үшін Банктің қаржы есептілігінің аудитін жүрізу;
- Банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі;
- Күнтізбелік жыл ішінде бір реттен көп емес дивидендтер төлеу;
- Дефолтқа немесе Банк міндеттемелері бойынша төлем дефолтқа алып келуі мүмкін жағдайға жол бермеу;
- Шоғырландырылған негізде негізгі капитал жеткіліктілігінің болжамдық көрсеткішін дивидендтерді жоспарлы төлеуді ескере отырып, 17% кем емес деңгейде ұстап тұру. Жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеудің бар шектеулері (ковенанттар) бойынша мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- Банктің Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысына ұсынатын дивиденд мөлшерін (бір жай акцияға есептелген) анықтаған кезде Банктің меншікті капиталының мөлшерін ескереді, сонымен қатар жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жіберілетін ақша сомасы Банктің аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша анықталатын, есепті жылға таза кірістің жалпы көлемінен 50-тен 100%-ке дейінгі мөлшерді құрайды. Дивидендтік төлемдерді қамтамасыз ету үшін Банк, сондай-ақ өзінің еншілес ұйымдарынан алған дивидендтік төлемдері есебінен жасакталған ақша қаражатын тартатын болады.
- Банктің Директорлар кеңесі Банктің стратегиялық мақсаттарына сәйкес Банк акционерлерінің жалпы жиналысына Банктің аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша анықталатын есепті жыл үшін таза кірістің бір бөлігін жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жібермеуді ұсынуға немесе жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жіберілетін ақша сомасын Банктің аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі бойынша анықталатын есепті жылдағы таза кірістің жалпы көлемінен 50% төмен түсіруге құқылы.

Жай акциялар бойынша дивидендтердің төлемі Банкте немесе Банк акцияларын ұстаушылардың тізілімі бойынша акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер бар болған кезде Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылдаған күннен күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірмей іске асырылады.



Банкте немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесінде акционердік өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу Банк акционерлерінің жалпы жиналысы Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күн өткеннен кейін Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде ашылған талап етілмеген ақшаны есепке алуға арналған шотқа бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Қаржы жылдарының қорытындысы бойынша Банк дивидендтерінің жалпы сомасы (млрд теңге)*:

	2020 ж. нәтижесі бойынша	2019 ж. нәтижесі бойынша	2018 ж. нәтижесі бойынша	2017 ж. нәтижесі бойынша	2016 ж. нәтижесі бойынша	2015 ж. нәтижесі бойынша	2014 ж. нәтижесі бойынша	2013 ж. нәтижесі бойынша	2012 ж. нәтижесі бойынша	2011 ж. нәтижесі бойынша
Артықшылықты акциялар бойынша	Айналыста жоқ					0,338	2,61	1,8	2,24	5,24
Жай акциялар бойынша	211,57	200,76	126,71	69,38	-	-	34,26	18,55	12,22	-
Жиыны	211,57	200,76	126,71	69,38	-	0,338	36,87	20,35	14,46	5,24

* - мәліметтер топтастырылмаған негізде берілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІН АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ ОҚИТУ

Банкте Директорлар кеңесінің жаңа мүшелері үшін кіріспе курс (Board Book) әзірленген, онда Банк пен «Halyk» тобының тарихы мен ағымдағы ұстанымдары, Банктің ұйымдық құрылымы, Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, сондай-ақ соңғы есептік күнге шоғырландырылған қаржы есептілігінің негізгі нысандары туралы негізгі ақпарат қамтылған.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне сондай-ақ банктік заңнамадағы негізгі өзгерістер туралы ақпарат жеткізіліп отырады.

2021 жылы Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасының мүшелері үшін стратегиялық даму, компаниядағы өзгерістерді басқару және ақпараттық технологиялар мәселелері бойынша семинарлар мен тренингтер өткізілді.

Банк Директорлар кеңесі мүшелерінің ақпараттандырылуы мен біліктілік деңгейін арттыру бойынша жұмыстарды жүргізуге және оны алдағы уақытта жетілдіруге ниетті.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕЛЕРІ РӨЛІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Банкте тәуекелдерді басқаруға және ішкі бақылауға қатысты қызметтер мынадай тәсілмен бөлінген:

- Директорлар кеңесі Банк ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша стратегиялық басшылық жүргізіп, саясаттарды бекітеді және жүйелі түрде қарастырып отырады. Аудит комитеті тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің жұмыс органы болып табылады.
- Директорлар кеңесі Банктің ірі мәмілелерін, оның орындалуына мүдделі мәмілелерді және Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалатын мәмілелерді, соның ішінде жеңілдетілген талаптардың болмауына қатысты қарастырады.
- Басқарма тәуекелдерді басқару саясатының жүзеге асырылуына жауапты орган болып табылады. Банкте тәуекелдерді басқару мен бақылау бойынша түрлі қызметтерді атқаратын мынадай негізгі Комитеттер әрекет етеді: кредит комитеттері (ҚД (Бас Банктің Кредиттік комитеті)), ФКК, ӘКК, ӘКК, Проблемалы кредиттер жөніндегі комитет, АПКОМ және Тәуекелдер жөніндегі комитет.
- Банктің құрылымдық бөлімшелері өздерінің қызметіне тән тәуекелдерді сәйкестендіруге және бағалауға, бақылаудың дұрыстығына және өз қызметінің үздіксіздігіне жауапты.
- тәуелсіз тәуекел-менеджмент қызметтері мен комплаенс кредиттік, операциялық, нарықтық және комплаенс-тәуекелдер мен етімділік тәуекелдерінің сәйкестігін, бағалануын, бақылануын және қадағалануын қамтамасыз ететін тәуекелдерді басқару жүйесінің ұйымдастырылуына жауап береді. Тәуекел-менеджмент қызметіне Тәуекел-менеджментінің басшысы, ал комплаенс қызметіне Комплаенс-бақылаушы басшы басшылық етеді.
- ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізеді.

ҮШ ҚОРҒАНЫС ЖЕЛІСІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Банкте тәуекелдерді басқару Банктің құрылымдық бөлімшелері арасында Банк қабылдайтын тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру бойынша рөлдер мен өкілеттіктерді бөлу негізінде тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау жүйесін құруға біріктірілген тәсіл болып табылатын үш деңгейлі қорғаныс жүйесінің негізінде жасалады. Бірінші қорғаныс желісіне Банктің құрылымдық бөлімшелері кіреді, екінші қорғаныс желісі – тәуекелдер басқармасы, комплаенс-бақылау, заң бөлімшелері, қызметкерлермен жұмыс бойынша бөлімшелер, қаржылық бақылауды орындайтын бөлімшелер және бақылау функцияларын жүзеге асыратын Банктің басқа да құрылымдық бөлімшелері бойынша тәуелсіз бөлімшелер, үшінші қорғаныс желісі – ішкі аудит.

- Банктегі бірінші қорғаныс желісі Банктің түрлі бизнес-құрылымдарының күнделікті операцияларды дұрыс орындауын қамтамасыз ету үшін жасалған бақылаулардан құралады. Бақылауларды бизнес-құрылымдар әзірлейді және бизнес-процестердің ажырамас бөлігі болып табылады. Бақылаулардың айқын дизайны



тәуекелдерді азайту және ішкі құжаттардың талаптарын сақтау үшін, сондай-ақ сыртқы реттеу талаптарын сақтау үшін лайықты деңгейде болу қажеттігін меңзейді. Бақылауларды басқару мен мониторингті бөлімшелердің өздері жүзеге асырады, ол бизнес-құрылымдардың тәуекелдерді, бизнес-процестердің әлсіз жақтарын, болуы мүмкін болжаусыз оқиғаларды анықтай алу және оларға дер кезінде жауап қайтару қабілеттілігі болуы қажеттігін болжайды.

- Екінші қорғаныс желісіне тәуекелдерді басқару комитеттері және тәуекел-менеджмент қызметі және комплаенс кіреді. Тәуекел-менеджмент комитеттері мен қызметі белгіленген тәуекел-табет шеңберінде тәуекелдерді басқару үшін жауап береді. Екінші қорғаныс желісінің негізгі буыны тәуекел-менеджмент қызметі болып табылады. Лайықты бақылаулар деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекел-менеджмент қызметі тәуекелдерді (кредиттік, қаржылық, операциялық) бағалау, тәуекелдер мониторингті рәсімдерін айқындайды. Тәуекел-менеджмент қызметі тәуекелдерге тұрақты тәуелсіз мониторинг жүргізеді, бірінші қорғаныс желісі деңгейінде тәуекелдерді тиімді басқару үшін бақылау құралдарын әзірлейді, комплаенс қызметімен бірлесе отырып бизнес-бөлімшелерге тиісті салалардағы реттеу талаптарына сәйкестікке қатысты қолдау көрсетеді.
- Үшінші қорғаныс желісін ішкі аудит бөлімшесі ұсынған («Ішкі аудит» бөлімін қараңыз).

Банк қызметіне тән тәуекелдерді толығымен жоққа шығару мүмкін еместігін Банк мойындайды. Алайда Банк қолданысқа енгізілген тәуекелдерді басқару жүйесі оларды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді деген сенімде.

ІШКІ АУДИТ

Үшінші қорғаныс желісінің функцияларын Банкте Ішкі аудит департаменті орындайды.

Ішкі аудиттің тәуелсіздігін және әділдігін қамтамасыз ету мақсатында ІАД Банктің Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді. Директорлар кеңесінің мүшелерімен өзара қарым-қатынас Аудит бойынша комитет арқылы да және тікелей де жүзеге асырылады. ІАД ағымдағы қызметіне Ішкі аудит басшысы жетекшілік етеді.

Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына (бұдан әрі – Стандарттар) сәйкес ішкі аудиттің миссиясы тәуекел-бағдарланған тәсіл негізінде тәуелсіз аудиторлық тексерулер мен консультациялар жүргізу және Top қызметін жетілдіру бойынша ұсынымдар беру арқылы «Halyk» тобының құнын сақтау және арттыру болып табылады.

Ішкі аудит өз қызметінде заңнама нормаларын, басқарушы талаптарын, Стандарттарды және Банктің ішкі нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

ІАД жылдық жоспарын және бюджетті Банктің Директорлар Кеңесі бекітеді. ІАД есептері филиал Кеңестеріне, Басқармаға, Аудит бойынша комитетке және Банктің Директорлар кеңесіне беріледі. ІАД қызметі бойынша ағымдағы мәселелер жедел тәртіпте Басқарма Төрағасымен және Банктің Директорлар кеңесімен талқыладаны.

2017 жылы PricewaterhouseCoopers LLP тәуелсіз сыртқы консультанты растаған Стандарттарға толық сәйкестікті қолдау және үздік халықаралық тәжірибелерді енгізу жөніндегі жұмыс 2021 жылы жалғастырылды.

ІАД тұрақты түрде Банктің еншілес ұйымдарының ішкі аудит қызметі қызметтерінің Стандарттарға сәйкестік деңгейін арттыру бойынша әдістемелік көмек көрсетіп отырады. Осы жұмыс шеңберінде 2021 жылы еншілес ұйымдардың ішкі аудит қызметтері қызметінің Стандарттар мен Этика кодексіне сәйкестігіне екі бағалау жүргізілді: «Halyk Global Markets» АҚ және «Қырғызстан Халық Банкі» ААҚ, жетілдіру бойынша тиісті ұсыныстар берілді.

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ КОДЕКСІ

Банк қызметкерлермен және клиенттермен қарым-қатынастарды заңдылық, өзара сыйластық және бір-біріне сенімділік қағидаттарында құрайды.

2015 жылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Корпоративтік этикасының ережесі бекітілді, оның мақсаты төмендегідей болып табылады:

- миссияны, құндылықтарды, іскерлік әдеп пен тәртіп ережелері мен нормаларын бекіту;
- жоғарғы әдеп стандарттарына негізделетін бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту, ұжымда сенім, өзара сыйласу және адалдық атмосферасын қалтау;
- Банк акционерлерінің, клиенттерінің, іскерлік серіктестерінің, мемлекеттік билік органдарының, жұртшылық пен өзге де мүдделі тұлғалар тарапынан Банкке деген сенімді арттыру және сақтау, қаржы нарығының ашық және адал қатысушысының беделін нығайту;
- мүдделі тұлғалармен тиімді қатынас құруды қолдау;
- ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларын Банк қызметкерлерінің бұзуына жол бермеу.

Жоғарыда көрсетілген Қағидаларды реттеу объектісі Банктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің өз міндеттемелерін орындауы барысындағы өзара, акционерлермен, клиенттермен, іскерлік серіктестермен, мемлекеттік билік органдарымен, жұртшылықпен және Банкпен қарым-қатынас құратын өзге де тұлғалармен қарым-қатынастардағы кәсіби тәртібі болып табылады.

Банк басшылары өзінің жеке үлгісімен Банкке деген шынайы берілгендігін көрсетеді, Банктің кадрлық резервін құруға, кеңес беруге және тәлімгерлік етуге, ұжымды жалпы миссия, құндылықтар және қағидаттар арқылы біріктірілген командаға жұмылдыруға көңіл бөледі.

Әр қызметкер Банктің имиджі мен іскерлік беделін жоғары деңгейде ұстауға тырысады.



ДИРЕКТОРЛАРДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ШАРТ БЕКІТУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ (РӘСІМДЕР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ)

Директор лауазымға тағайындалған кезде қаржы ұйымдарының, ҚР бейрезидент банкітері филиалдарының, ҚР бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, ҚР бейрезидент сақтандыру брокерлері филиалдарының, банктік, сақтандыру холдингтерінің, «Сақтандыру ұйымдарына кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерін тағайындауға (сайлауға) келісім беру қағидаларына сәйкес қазақстандық реттеушімен келісуге жатады төлемдер, ҚР бейрезидент банкітері филиалдарының, ҚР бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, ҚР бейрезидент сақтандыру брокерлері филиалдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды қоса алғанда, мінсіз іскерлік беделінің болмау критерийлері және келісім алу үшін қажетті құжаттар тізбесі.

Директорлармен шарт жасау Halyk Bank басшы қызметкерлерінің еңбекақысы және Halyk Bank-те бір жыл бойы жұмысының қорытындылары бойынша сыйақылар қорын қалыптастыру саясатының ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Директорларға (Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Банк Басқармасы Төрағасынан басқа) сыйақыларды төлеу және олардың жеке көлемдерін бекіту туралы шешімді Банк Директорлар кеңесінің жанындағы Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің ұсыныстары негізінде Директорлар кеңесінің Төрағасы қабылдайды.

Директорлармен (Банк Басқармасының Төрағасынан басқа) сыйақының жеке мөлшерін, мерзімділігін, талаптарын және ҚР заңнамасына сәйкес ұсталатын міндетті төлемдерді айқындайтын шарттарды Банк атынан Банк Басқармасының төрағасы жасайды.

БАНКТИҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН САҚТАНДЫРУ

Банктің Директорлар кеңесі мен Банк Басқармасы дұрыс емес және қате басқарушылық шешімдерден немесе әрекеттерден туындайтын тәуекелдерді түсінеді.

Акционерлерді осындай оқиғалардың салдарынан ықтимал зардап шегуден қорғау үшін Банк Директорлар мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін сақтандырады.





15

ΘΛΕΥΜΕΤΤΙΚ
ΕΣΕΠ



Halyk Bank еліміз үшін маңызды жобаларды жүйелі түрде қолдай отырып және қоғамның ауыр мәселелерін шеше отырып, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын ұстануды жалғастыруда. Бұл қайырымдылық және демеушілік қызметінің республика қоғамына кеңінен танылауына әкеліп соқты.

Жыл сайын Halyk Bank тікелей де, «Халық» қайырымдылық қоры арқылы да мәдениетті, білім беруді, спортты және әлеуметтік қорғауды қолдау саласында бірқатар жобаларды іске асырып келеді. Сондай-ақ ауыр сырқаттары бар балаларға жәрдемдесетін қайырымдылық қорларына үнемі көмек көрсетіліп отырады. Бұл Банктің тұрақты негізде жүзеге асыратын және демеушілік пен қайырымдылық саясатының басымдығы болып табылатын бөлігінің бір бөлігі ғана.

2021 жылдың ішінде 2 500 млн теңгеден артық сомаға көмек көрсетілді. 2 млрд «Халық» қайырымдылық қоры арқылы өткізілді, оның ішінде әлеуметтік жобаларды дамыту және қолдауға көрсетілген көмектің жалпы көлемінен 85%, спорт саласындағы жобаларға – 9%, білім беруге – 4% және мәдениет саласындағы жобаларға – 2,4% жұмсалды. Halyk Bank өз қаражаты есебінен қазақстандық спортты қолдауға 285 млн теңге, мәдениет саласының жобаларына – 158 млн теңге, әлеуметтік жобаларға – 251,5 млн теңге бөлді.

ҚАЗАҚСТАН СПОРТЫН ҚОЛДАУ

Halyk Arena

5-жылдық демеушілік нейминг келісімшарты шеңберінде Halyk Bankтің Halyk Arena спорт және мәдениет сарайымен серіктестігі жалғасын тапты. Жыл сайынғы транс, әдеттегідей, 185 млн теңгені құрады. Коронавирус инфекциясының таралуының жалғасуына байланысты Сарай ғимаратында орналасқан провизорлық орталық өз жұмысын 2021 жылдың қарашасына дейін жалғастырды. Жыл соңында медициналық жабдықтарды шығару басталды. Қазіргі уақытта спорткешен өз мақсаты бойынша жұмысын бастады.

Қазақстанның гимнастика федерациясы

Қазақстан гимнастика федерациясын қолдауға 2021 жылы Банк 100 млн теңге бөлді. Республикалық жарыстар өткізілді, оның нәтижесінде біздің спортшылар



1 алтын, 10 күміс және 6 қола медаль жүлдегерлері атанды. Токио – 2021 Олимпиада ойындарына Гимнастика федерациясынан Қазақстаннан екі спортшы қатысты.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТТЫ ҚОЛДАУ

Астана Опера

2013 жылдан бастап Halyk Bank «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театрының бас серіктесі болып табылады. 2021 жылы VIII және IX маусымдар шеңберінде опера және балеттің 5 спектаклінің тұсаукесерлері өтті, сондай-ақ жыл соңына дейін КСРО Халық әртісі Ермек Серкебаевтың 95 жылдығына арналған іс-шара жоспарлануда. Демеушілік сомасы 2021 жылы 100 млн теңгені құрады.

Абай ат. ҚазМАОБТ

Halyk Bank Абай атынд. Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрына демеушілік көмек көрсетіпін жалғастырып келеді. 2021 жылы Банк қолдауының арқасында театрдың мәдени мұрағатын сақтау үшін музейлік депозитарийді цифрлауға арналған сканер сатып алынды. Демеушіліктің жалпы сомасы 50 млн теңгені құрады.

XVII Халықаралық Еуразиялық Медиа форум

2021 жылы Halyk Bank XVII Халықаралық Еуразиялық Медиа форумның демеушісі болды. Форум шеңберінде әлемдік қоғамды толғандырып отырған тақырыптарға пікірталастар мен шеберлік сағаттары өткізілді. Сонымен қатар технологияның адам өміріне әсерінің артуы туралы тақырыптар талқыланды. Жалпы сома 8 млн теңгені құрады.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

Жеңіс марафоны

Банк жыл сайын Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне қолдау көрсетеді. 2021 жылғы Жеңіс күні 153 ҰОС ардагерлеріне жалпы сомасы 11,5 млн теңгеге қаржылық көмек көрсетілді.



БІЛІМ БЕРУ

Қазақ тілді БАҚ арасында «Еркін Сөз» сайысы

2021 жылы Halyk Bank қаржылық тақырыпта жазатын журналистердің кәсіби деңгейін арттыруға арналған қазақ тілді БАҚ арасындағы «Еркін Сөз» сайысын қолдауды жалғастырды. 2021 жылғы бюджет 5 млн теңгені құрады. Сайысқа қатысушылардың жалпы саны 285 адамды құрады. Марапаттау рәсімі «Қазақстан» қонақүйінде өтті. Сайыс нәтижелері бойынша 11 журналист жүлдегер атанды, алғашқы үш орын иегерлері 500 мың теңгеге ие болды, ал 8 БАҚ өкілдері 50 мың теңге мөлшерінде ынталандыру сыйлықтарының иегері атанды.

ХАТУ «IT Fest 2021» жобасын қолдау

2021 жылы Банк республиканың жетекші техникалық университеті ХАТУ-ға қолдау көрсетуді жалғастырды. Оның студенттері өз идеяларын стартапқа жүзеге асыруға мүмкіндік алды. Демеушілік көмек сомасы 5 млн теңгені құрады. Қатысушылардың жалпы саны бір мың адамнан көп, ал команда саны – 450. Финалға дейін 200 жоба жетті, олардың ішінен ұсынылған 5 санат бойынша үш жеңімпаздар анықталды.

БАСҚА ДА ЖОБАЛАР

«Аяла» ҚҚЖҚ қолдау

Halyk Bank қорға 2009 жылдан бастап қайырымдылық көмек көрсетіп келеді. Қор денсаулығында әр түрлі ақаулармен туылған сәбилердің өмірін құтқаруға бағытталған. 2021 жылы Банк перинаталдық орталықтарға арналған медициналық жабдықтар сатып алуға 22,2 млн теңге көмек көрсетті. Атап айтқанда, мерзімінен бұрын туылған сәбилерді күтуге арналған Blanketrol III пациентті жылыту/салқындату жүйесі (АҚШ өндірісі) және Life Score төсек жанындағы монитор (Жапония өндірісі) сатып алынды.

Алматы қаласының ауқатсыз және көп балалы отбасыларының тұрғын үйлерін газдандыру

Halyk Bank 2021 жылы Алматы қ ауқатсыз және көп балалы отбасылардың тұрғын үйлерін газдандыру бойынша жобаға қатысты. Аталған бұл қайырымдылық жобасына



100 млн теңге жіберілді. Газға қосылған үйлердің жалпы саны 92 үйді құрады. Жоба кең қоғамдық резонансқа ие болды.

Таудағы қауіпсіздік

2021 жылы Банк тұрақты туризмді дамыту бағдарламасы аясында Алматы қаласының әкімдігі мен қалалық құтқару қызметіне 11 тау лашығын, 18 күн батареясын және 1 пилотсыз ұшу аппаратын сатып алып, тапсырды. Банк аударған қаражаттың жалпы сомасы 101,5 млн теңгені құрады. Бүгінгі күні құтқару лашықтары өз орындарында орналасқан және барлық қажетті құрал-жабдықтармен және азық-түлік жиынтығымен толық жабдықталған.

Н.Сац атынд. балаларға және жасөспірімдерге арналған театр

2021 жылы Банк американдық жазушы Кен Кизидің «Көкек ұясының үстінен ұшып өткенде» романының қойылымының серіктесі болды. Қазақстан сахнасында бұл спектакль бірінші рет қойылды. Жалпы сома 3 млн теңгені құрады.

«Biz жасаймыз» теледидар жобасы

Банк Atameken Business Channel телеарнасында таратылатын «Biz жасаймыз» теледидар жобасының демеушісі болды. Шығарылым қаһармандары Банк клиенттері болып табылатын кәсіпкер әйелдер болды. Жоба 15 қысқа метражды фильмдерден тұрады. Шығарылымның әрбір қаһарманы life форматында өз бизнесі туралы, сын-қатерлер туралы және олармен қалай күрескендігі туралы әңгімелейді. Сондай-ақ карантин кезеңіндегі жұмыс пен трансформация, пандемиялық лайфхактар және Банк бизнесі сақтау мен ұстауда қандай рөл атқарғаны туралы айтылды. Жобаның тұсаукесері 2021 жылғы қыркүйекте өткізілді. Жалпы сома 48 млн теңгені құрады.

ҰОК

2021 жылы Токиода Олимпиада ойындары өткізілді, онда спорттың 33 түрінен 339 медаль жиынтығы ойнатылды. Біздің олимпиада командамыздың құрамына 95 спортшы кірді. Демеушілік қолдау сомасы 30 млн теңгені құрады.



2011-2021 ЖЖ. БАНКТИҢ ШТАТ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

Бизнес-саласы	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	Ауытқу 2021/2011	
												2021	2011
Филиалдар	7 470	7 394	7 395	7 308	7 367	7 074	7 254	10 187	10 303	10 168	9 738	30%	2 268
Бас Банк	1 491	1 496	1 534	1 638	1 744	1 761	1 835	2 894	3 072	3 285	3 315	122%	1 824
Барлығы	8 962	8 890	8 928	8 946	9 112	8 835	9 089	13 081	13 375	13 452	13 052	46%	4 090
Ауытқу	-226	-72	38	18	166	-276	254	3 992	294	77	400		
% Филиалдар	-3,30%	-1,00%	0,00%	-1,20%	0,80%	-4,00%	2,50%	40,40%	1,14%	-1,31%	-4,2%		
% Бас Банк	-2,20%	0,30%	2,60%	6,70%	6,50%	1,00%	4,20%	57,70%	6,15%	6,92%	0,9%		
Барлығы	-2%	-1%	0,40%	0,20%	1,90%	-3,00%	2,90%	43,90%	2,25%	0,58%	-2,9%		

жаңартылды. Жас мамандарды тарту мақсатында Банк жетекші жоғары оқу орындарымен белсенді өзара іс-қимыл жасайды, соңғы курстардың студенттерін Банкке практика мен тағлымдамаға тартады, бос жұмыс орындары жәрмеңкелеріне, қонақ дәрістеріне қатысады. Жоба АТ-бөлімшелерінде сәтті жүзеге асырылуда, және ең тиімді студенттер тұрақты лауазымдарға Банк штатына тұрақты түрде қабылданады. Перспективалы жас мамандарды іздеу мақсатында Банк практикадан өтуді ұйымдастыру мәселелерінде қазақстандық жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық жасайды.

Бағдарламаны ілгерілету және іздеу уақытын азайту үшін Банктің корпоративтік сыртқы сайты ақы төленетін тағлымдамадан өту шарттары мен ерекшеліктері көрсетілген жаңа блокпен толықтырылды. Бүгінгі таңда HalykStart-қа қатысуға өтімін беру мүмкіндігі қарастырылған, онда үміткерлер сауалнаманы бірден толтыра алады.

Жұмыс іздеушілердің жұмыс берушінің брендіне деген тартымдылығы мен сенімін арттыру мақсатында іс-шаралар өткізілді:

- Үміткерлердің кері байланысын ұсына отырып, олардың пікірлеріне үнемі мониторинг жүргізілді, бұл h.h.kz. интернет-рекрутменттің ең ірі ресурстарының біріне Банктің сыпайылық индексі артыруға мүмкіндік берді. 2021 жылдың қаңтарымен салыстырғанда, сыпайылық индексі 56% болған кезде, сол жылдың желтоқсан айының соңында оның көрсеткіші 91% құрайды.
- Үміткерлердің назарын және Банктің бос орындарына қызығушылығын арттыру, сондай-ақ болашақ жұмысынан барабар үміттерді қалыптастыру үшін бос жұмыс орындарын сипаттау үлгілері әзірленді, онда үміткердің алдын ала шешім қабылдауы, сондай-ақ оны сұхбатқа дайындау үшін қажетті және жеткілікті ақпарат ұсынылады. Жалпы, бұл әр үміткерге жеке көзқарас орнатуға мүмкіндік берді.

Банктің сыртқы сайты SAP ішкі есепке алу жүйесімен интеграциялау арқылы үміткерлерді жұмысқа орналастыру процесі әзірленді және іске қосылды, бұл сыртқы үміткерлерді қабылдауды және олардың сауалнаманы толтырудан бастап, оларды банк ішінде түпкілікті келісуге дейін келісуді тездетуге мүмкіндік береді.

2021 жылдың қыркүйегінен бастап АТ саласында мамандарды тартуға арналған рефералдық бағдарлама енгізілді, оның шеңберінде Банк қызметкерлері Банк командасына кәсіпқойларды тартқаны үшін материалдық сыйақы ала отырып, әлеуетті үміткерлерді тартуға қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Жалданатын қызметкерлердің сапасын арттыру мақсатында өңірлерде Банктің филиалдық желісінің қызметкерлерді басқару қызметкерлерін кандидатты "кіру" кезінде бағалауға және Банктің құндылықтарына сәйкес қызметкерлерді іріктеуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жаңа құралдарға оқыту жүргізілді.

Қызметкерлерді дамыту

Фронт-офис қызметкерлері үшін ішкі корпоративтік оқытудың басым бағыттары 2021 жылы клиентке бағдарлану, сервис деңгейін арттыру және сату дағдыларын дамыту болды. 2021 жылы карантиндік шараларды жеңілдету 2020 жылы біздің шындыққа енген онлайн оқытуды оффлайн оқытумен сәтті үйлестіруге мүмкіндік берді.

Бөлшек бизнес кеңесшілері үшін қашықтықтан оқыту курстары мен вебинарларды қамтитын стандарттар мен қызмет көрсету бойынша кешенді оқыту жүргізілді. Оқыту жыл бойы жүргізілді және шамамен 500 кеңесшіні қамтыды. Занды тұлғаларға қызмет көрсету жөніндегі менеджерлер үшін сервистік модельді өзгертуді қолдау үшін ішкі бизнес-тренерлер сегменттің ерекшелігін ескере отырып, 350 сервис және сату жөніндегі менеджерлерге вебинарлар мен күндізгі көшпелі оқыту өткізді. Байланыс орталығының 500-ден астам қызметкері оффлайн форматта сәтті келіссөздер мен сатулар бойынша оқытудан өтті. ШОБ блогының 300-ге жуық қызметкері жұмыс істеп тұрған клиенттерді ұстап қалуға және жаңа клиенттерді тартуға бағытталған күндізгі оқытумен қамтылды. 2000-нан астам жұмыскерді қамти отырып, қассадағы клиенттерге қызмет көрсету стандарттары мен сервис бойынша операциялық-кассалық қызметкерлер үшін ауқымды онлайн-оқыту өткізілді.

Фронт-офис қызметкерлерін үшінші тұлғалар қатарынан даярлау үшін филиалдық желі оқытушылары тәжірибелі тәлімгердің басшылығымен КП-дағы практикамен онлайн-форматта теориялық оқытуды үйлестіретін екі бағдарлама әзірледі.

- ББ консультанттарын даярлау бағдарламасы;
- «Кассирдің онлайн-мектебі» ОПКК дайындау бағдарламасы.

Фиалиалдық желінің оқытушылары бизнес-тренерлермен бірлесіп, филиалдардың 5 346 қызметкері үшін бес түрлі бағдарлама бойынша Банктің жұмыс істеп тұрған қызметкерлерін оқыту жүргізілді.

Қызметкерлерді жүйелі түрде оқыту мақсатында қашықтықтан оқыту курстары мен вебинарлық кездесулерді қамтитын бизнес табындағы бойынша мамандандырылған оқыту траекториялары әзірленіп, курстармен толықтырылады:

- ШОБ блогының қызметкерлері үшін;
- ББ блогының қызметкерлері үшін;
- ОПЕРБ қызметкерлері үшін.

Есепті жылы цифрлық дағдылары бар мамандарды дамытуға көп көңіл бөлінді, олар үшін Hard Skills-ті дамытуға бағытталған сыртқы оқытудан басқа, Soft Skills-ті және жобалық басқару дағдыларын дамытуға бағытталған корпоративтік тренингтер циклі өткізілді.

Жаңа келген қызметкерлерге арналған бейімдеушілік бағдарламасы күшейтілді, Бас банктегі және филиалдардағы әрбір жаңа қызметкерге сынақ мерзімі ішінде жаңа келген қызметкерлерге ілесіп жүретін бөлімшенің тәжірибелі қызметкерлері қатарынан тәлімгер бекітіледі. Кәзіргі күні бірінші жұмыс аптасында әр жаңа келген қызметкерге «Welcome» қашықтықтан курсы өткізіледі. Курста жаңа келген қызметкерлер Банк туралы көптеген ақпаратпен танысады, кең тараған сұрақтардың жауаптарын табады: Банк құрылымы, оның нарықтағы орны, жұмыс жасау стандарттары, корпоративтік мәдениеттің қағидалары мен ерекшеліктері. Жұмыстың алғашқы екі айында ББ жаңа келген қызметкерлеріне арналған «Welcome тренинг» және өңірлерде орналасқан ББ филиалдары мен қызметкерлеріне арналған «Welcome» вебинары өткізіледі.

Өткен жылы Қызметкерлерді басқару департаменті ББ блогымен бірігіп «Көшбасшылар академиясы» инновациялық жобасын іске асырды. Бұл – ББ блогының тиімді қызметкерлері үшін арнайы әзірленген басқарушылық әлеуетті дамытудың жаңа бағдарламасы. Жоба мақсаты – кейіннен сату арналарының бастықтары лауазымына тағайындау үшін Академияның ең нәтижелі және табысты түлектерінің кадрлық резервін қалыптастыру. Бағдарлама 4 онлайн-модульден тұрады, олар Бағдарлама қатысушыларына дағдыларды дамытуға және келесі бағыттар бойынша практикалық білім алуға мүмкіндік береді:

- есептілік арқылы тиімділікті басқару;
- команданы дамыту;
- клиенттермен қарым-қатынасты дамыту;
- Банктегі тиімді/кросс-функционалдық өзара қатынастар.

«Көшбасшылар академиясы» арқылы 100 адамнан 2 қатысушылар легі өтті, оларды оқыту шағын топтарда, кешкі уақытта, жұмыстан тыс уақытта өткізілді. Көшбасшылар академиясының түлектері ББ блогының 173 үздік қызметкері болды, олар сату



арналарының бастықтары лауазымына кадрлар резервін құрды. «Көшбасшылар академиясының» барлық түлектері сыртқы жаттықтырушы И. Маннның «Client Driven: клиентке бағыттаушылықты қалай бағалау, құру және дамыту қажет» тақырыбында қосымша білім алды.

Бірнеше жыл бойы кадр резервіне қатысушылар үшін ішкі бизнес жаттықтырушылардың күштерімен әзірленетін және өткізілетін оқыту іс-шараларының санын жүйелі арттыру бойынша жұмыс жалғасуда. 2021 жылы Кадр резервіне қосылған қызметкерлердің басқару дағдыларын және құзыреттіліктерін дамыту мақсатында ішкі оқыту жоспары бекітілді, оған қашықтықтан оқыту курстары, вебинарлар және күндізгі тренингтер кірді. Әр түрлі бағдарламалар бойынша кадр резервіне кірген ББ және ОФ/ӨФ 588 қызметкерлері оқытудан өтті.

Корпоративтік оқытудан сондай-ақ еншілес компания қызметкерлері де өтті. Банктің Бизнес-тренерлері «Халық Life» АҚ, «Халық жоба» ЖШС, «Халық Актив» ЖШС, «Tenge Bank» АҚБ және «Халық Банк Қырғызстан» ААҚ қызметкерлері мен басшылары үшін сату және қаржылық талдау негіздері бойынша оқыту өткізді (еншілес ұйымдардың 165 қызметкері оқудан өтті).

2021 жылы корпоративтік форматта (күндізгі/вебинар) сыртқы провайдерлерді тарта отырып, 24 оқыту іс-шарасы өткізілді, оған Бас банк пен филиалдардың 994 қызметкері қатысты.

Банктің 174 қызметкері дербес оқытудан өтті, оның ішінде 74 қызметкер (негізінен АТ блогы) білім беру порталдарына онлайн қосылу тәсілін таңдады, атап айтсақ бірнеше ай ішінде бірден бірнеше курстарды өту мүмкіндігімен Coursera, Datanomix.pro, Skillbox, Educative, SkillFactory. 35 басшы мен қызметкер кәсіби конференциялар мен форумдарға, оның ішінде ТМД елдеріндегі форумдарға қатысты.

Міндетті оқытудан (ЕҚ және ҚТ, өндірістік және электр қауіпсіздігі, ӨТМ және т.б.) Банктің 175 қызметкері өтті.

Облыстық және өңірлік филиалдардың директорлары үшін 2 семинар-кеңес өткізілді. Аталған шаралар шеңберінде «Өзгерістерді басқару» және «Жүйелі ойлау» тақырыптары бойынша оқытулар өткізілді.


Банктің қаржыландыруы арқылы оқытылды:

- МВА – Банктің 2 басшысы;
- кәсіби сертификаттау – Ішкі аудит департаментінің 12 қызметкері.

Банкішілік тағылымдаманы Банктің 16 қызметкері өтті.

Тәжірибе алмасу үшін Бас банк департаменттерінің үш басшысының «Точка» АҚ-қа референс-сапары ұйымдастырылды.

Қашықтықтан оқыту жүйесін жаңарту жүргізілді және ҚКЕҚ мобильді нұсқасын іске асыру үшін қосымша лицензия сатып алынды. Сондай-ақ, интерактивті, тұтас, кіріктірілген жаттығулармен, тренажерлармен, тесттермен және бейнематериалдармен курстарды жасауға мүмкіндік беретін Ispring оқу курстарының жаңа, неғұрлым заманауи конструкторы сатып алынды. Жаңарту нәтижесінде біз мыналарға қол жеткіздік:



16

ЖАУАПКЕРШІЛІК
ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ



16


ЖАУАПКЕРШІЛІК
ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Осы арқылы бізге төмендегілер мәлім болғанына байланысты:

- осы жылдық есептегі шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған және Halyk Bank пен оның еншілес ұйымдарының қаржылық жағдайын, сондай-ақ олардың қызметтерінің нәтижелерін, ақшалай қаражатының қозғалысын және капиталдағы өзгерістерін шынайы көрсететінін; және
- жылдық есептің шоғырландырылған есептілікте қамтылған әрі тұтастай қарастырылып отырған Halyk Bank пен оның еншілес ұйымдарының дамуына және қызметінің нәтижелеріне, қаржылық жай-күйіне, Halyk Bank тап болып отырған негізгі тәуекелдер мен тұрлаусыздықтарға жасалған әділетті шолуды қамтитынын растаймыз.

Ү.Б. ШАЯХМЕТОВА

Басқарма төрайымы



17

ДАМУ
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

17

ДАМУ
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Бүгінгі таңда Halyk Bank Қазақстан мен өңірдегі ең ірі коммерциялық банк болып табылады, 2021 жылдың нәтижелері бойынша барлық көрсеткіштер бойынша нарықтың 30%-тен астамын алып, елдің банк секторының көшбасшысы болып қала береді (2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша): активтер мөлшері бойынша нарықтың 31%-і, клиенттерге заем беру (нетто) бойынша 31%, депозиттер көлемі бойынша 32%, таза пайда мөлшері бойынша 36,6%. Сондай-ақ, Банк аймақ елдеріндегі коммерциялық банктер арасында таза пайда бойынша рейтингтің екінші жолын алады*.

2021 жылы 3 жылдық стратегиялық цикл аяқталды. Топтың 2019-2021 жылдар кезеңіне арналған Даму стратегиясының міндеттері шеңберінде Топты және Halyk Bank-ті сапалы трансформациялау бойынша клиенттермен белсенді өзара іс-қимыл жасауға бағытталған бірқатар стратегиялық бастамалар іске асырылды. Топтың көрсетілген стратегиялық кезеңдегі негізгі күш-жігері клиенттердің жоғары сервиске, қызмет көрсетудің қолайлы жағдайларына, жоғары технологиялық қаржылық қызметтер мен өнімдердің қолжетімділігіне қойылатын талаптарын ескере отырып, жаңа элементтерді енгізу және бизнес жүргізудің қолданыстағы моделін жетілдіру міндетін шешуге бағытталды. Halyk Bank онлайн қызметтерінің белсенді дамуы, сондай-ақ жеке тұлғалар үшін де, шағын бизнес сегменті үшін де онлайн кредиттеудің іске қосылуы клиенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыруға және сапалы сервисі уақтылы ұсынуға мүмкіндік берді.

2021 жыл ішінде Банк бірқатар маңызды стратегиялық жобаларды іске асырды:

- «Деректер фабрикасы» кең ауқымды жобасы іске асырылды. Қазірдің өзінде деректер фабрикасының көмегімен нақты уақыт режимінде клиенттік талдауға талдау жүргізіліп, секунд сайын Банк өнімдері және Банктің экожүйесінің өнімдері бойынша 10 мыңнан астам жеке ұсыныстар ұсынылады.
- Halyk жеке тұлғалары үшін Homebank мобильді қосымшасы негізінде мемлекеттік қызметтерді ұсыну бойынша жеке бағыт бөлінді, оның шеңберінде ЖК тіркеу, жәрдемақы ресімдеу, автокөліктерді қайта ресімдеу және басқа да маңызды және жаппай пайдаланылатын мемлекеттік қызметтер бойынша қызметтер іске қосылды.
- Заңды тұлға-клиенттер үшін цифрлық бланктік кепілдік шығару сервисі іске асырылды, бұл тендерлік кепілдіктерді бар-жоғы 2 рет қана басу арқылы 5 минут ішінде шығаруға мүмкіндік береді.

- Төлем қабылдаудың ыңғайлылығы үшін жергілікті QR сервисі құрылды және барлық POS-терминалдық желіге таратылды.
- Бизнеске арналған Onlinebank мобильді қосымшасы базасында халықаралық аударымдар бойынша сервис іске қосылды.
- Жеке тұлға-клиенттер үшін Банк серіктестерімен цифрлық автокредит іске асырылды, тұрғын үй сатып алуға өтім беру бойынша онлайн сервис іске қосылды, кепіл-шартын онлайн тіркеу опциясы іске асырылды, Банктің POS-терминалдары желісі арқылы сатып алуды бөліп төлеу арқылы ресімдеуге мүмкіндік беретін қызмет іске қосылды, Google pay көмегімен Банк карталары бойынша сатып алуды төлеу мүмкіндігі ұсынылды.
- Экожүйені дамыту аясында банктік емес қызметтерді дамыту және Kino.kz (кино билеттерін сату қызметі), Halyk Travel қосымшалары (ауе және теміржол билеттерін сату жобасы) қосымшаларын белсенді жылжыту жалғасуда. Брокерлік шоттарды қашықтықтан ашуға және қашықтықтан сауда жасауға арналған Halyk Invest қосымшасында 44 мыңнан астам шот ашылды.
- Halyk Market маркетплейсінде 830 мыңнан астам сауда серіктестері серіктес атанды, олардың тауарлары электрондық алаңда қойылып, Банк клиенттеріне ұсынылады.
- 2021 жылы Банк процестерді оңтайландыруға және қызмет көрсетуді жеделдетуге ықпал ететін бэк-офистің тағы 33 процесін роботтандырды.
- ESG қағидаттары Банк стратегиясына енгізілді.

Осы бастамалардың барлығы клиенттерді тануға және мобильді қосымшалар рейтингінде жоғары орынға ие болуға мүмкіндік берді. Осылайша, ҚР ЕДБ мобильді қосымшаларының ішінде жеке тұлғаларға арналған Halyk Homebank қосымшасы #2 және бизнеске арналған Қазақстанның мобильді банктерінің рейтингінде заңды тұлғаларға арналған Onlinebank қосымшасы #1 орындарды қамтуда.

2021 жылдың соңында Топтың және Halyk Bank-тің 2022-2024 жылдарға арналған жаңа даму стратегиясы анықталды. Сенімділік пен тұрақтылық Топтың негізгі артықшылықтары болып қала бермек. Бұл жарнатылған Топ миссиясында көрініс табады: «Біз өз клиенттеріміз бен серіктестеріміз үшін беріктік, ыңғайлылық пен сенім аумағын қалыптастырамыз».

БАНК КӨРСЕТІЛГЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЦИКЛДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫН АНЫҚТАДЫ:


Клиентке бағыттаушылық

Барлық енгізілетін шешімдер, өнімдер, қызметтер Банк клиенттерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға және ең үздік сервисі ұсынуға бағытталған. Банк «бір терезе» қағидаты бойынша топтың кешенді қызметтерін ұсынуға және Банк клиенттерінің ниеттестігі мен қанағаттану деңгейін арттыруға бағытталған.



18

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА
АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ



2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН
ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ
ЖӘНЕ БЕКІТУ ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ.

беті 89

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР
ЕСЕБІ

беті 90



2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ:

ҚАРЖЫЛЫҚ
ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
ЕСЕП

беті 93

ПАЙДА МЕН
ШЫҒЫНДАР ТУРАЛЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
ЕСЕП

беті 94

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР
ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
ЕСЕП

беті 96

АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ
ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
ЕСЕП

беті 99

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ
ЕСКЕРТУЛЕР

беті 101

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАР ЕСЕБІ

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлеріне

ПІКІР

Біз 2021 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептен, аталған күні аяқталған жыл іші пайда мен шығын туралы, өзге жиынтық кіріс туралы, капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептерден, сонымен қатар қаржылық есептілікке ескертулерден, соның ішінде есеп саясатының негізгі қағидаларына қысқаша шолудан тұратын «Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы мен оның еншілес кәсіпорындарының («Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептілік 2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттарына («ХКЕС») сәйкес осы күні аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржы нәтижелері мен шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды аспектілерде шынайы көрсетеді.

ПІКІР БІЛДІРУ НЕГІЗІ

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына («ХАС») сәйкес жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Біз Бухгалтерлерге арналған Халықаралық әдеп стандарттары бойынша кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне («Кодекс») сәйкес және Қазақстан Республикасында шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес Топқа қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптарға және Кодекске сәйкес өзге де әдеп міндеттемелерін орындадық. Біздің пікірімізше, біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті әрі тиісті болып табылады.

АУДИТТИҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл, біздің кәсіптік пайымдамамызға сәйкес, есепті кезең іші шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілікке біздің аудиттің мәліметінде және де осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында жалпы сипатта қаралған және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

НЕГЕ БІЗ МӘСЕЛЕНІ АУДИТ ҮШІН НЕГІЗГІ ДЕП САНАЙМЫЗ?

Клиенттерге берілген қарыздар бойынша күтілетін кредиттік шығындарды ұжымдық бағалау

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген қарыздардың жалпы сомасы 6,250,260 миллион теңге, оның ішінде клиенттерге қарыздар 2,325,341 миллион теңгені құрады, оған қатысты күтілетін кредиттік шығындар ұжымдық негізде бағаланды, ол қарыздардың жиынтық жалпы сомасының 39% құрайды. Осы бағалау нәтижесінде алынған күтілетін кредиттік шығындар («КҚШ») сомасы 143,227 миллион теңгені құрады.

Топ басшылығы қолданытын пайымдаулардың маңыздылығы мен субъективтілігін және ұжымдық негізде бағаланатын қарыздар көлемінің салдарынан біз ұжымдық негізде бағаланатын клиенттерге берілетін қарыздардың құнысыдануын аудиттің негізгі мәселелесі ретінде анықтадық. Атап айтқанда, біз негізгі жорамалдарға және КҚШ бағалауындағы маңызды бастапқы деректерге және есептеулерде қолданылатын модельдердің тұтастығына назар аудардық.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 3, 4, 11 және 33-ескертулерде Топ саясатының сипаттамасы ұсынылған және бұндай қарыздардың жалпы баланстық құнымен қатар оның тиісті резервтері ашып көрсетілген.

Клиенттерге қарыздар бойынша күтілетін кредиттік шығындарды жеке бағалау

2021 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеке негізде бағаланатын Топ қарыздарының жалпы шамасы 3,924,919 миллион теңгені құрады, ол қарыздардың жиынтық жалпы сомасының 61% құрайды. КҚШ тиісті сомасы 223,848 миллион теңгені құрады.

КҚШ бойынша жеке елеулі қарыздарға қатысты резервтің шамасы оларды Топтың резервтер жөніндегі құнысыдануын белгілі бір деңгейіне жатқызуын дурыстығына байланысты.

Кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы немесе кредиттің құнысыдану оқиғасы тиісінше анықтау сандық және сапалық ақпарат негізінде елеулі пайымдауларды талап етеді, бұл мақсатты аудиторлық рәсімдерге әкеледі.

Жоғарыда көрсетілгендерден басқа жеке құнысыданған қарыздар бойынша КҚШ-ны бағалау түрлі сценарийлер кезіндегі болашақ ақша ағындарын бағалауға негізделген.

Жеке негізде бағаланатын қарыздар бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтердің маңыздылығының, сондай-ақ басшылық пайымдамасының күрделілігі мен субъективтілігін салдарынан біз КҚШ жеке бағалауды аудиттің негізгі мәселесі ретінде анықтадық.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 4, 11, 33-ескертулерде жеке елеулі қарыздар бойынша құнысыдану көрсеткіштері және бұндай қарыздарға жалпы баланстық құнды және тиісті резервтер ашып көрсетілген.

АУДИТ БАРЫСЫНДА НЕ ЖАСАЛДЫ?

Клиенттерге берілген ұжымдық негізде бағаланатын қарыздар бойынша қарыз беру, кредиттік тәуекелдерді басқаруға және КҚШ бағалауға қатысты процестер мен бақылау рәсімдерін түсіндік.

Ұжымдық негізде бағаланатын қарыздар бойынша резервтерді есепке алу өдіснамасының негізділігін, оның «Қаржы құралдары» ХКЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкестігін талдадық.

PD және LGD бағалау модельдерінде пайдаланылатын бастапқы деректер мен негізгі жорамалдар шеккен кредиттік шығындар туралы тарихи деректерді, сондай-ақ бағалауға ықпал ететін макро-экономикалық факторларға қатысты болжалды ақпаратты ескеретін тексердік.

Кредиттік тәуекелдерді бағалау жөніндегі біздің мамандарымыздың көмегімен біз тиісті бастапқы деректер негізінде есептеулерді іріктеп қайта орындап, КҚШ модельдерінің тұтастығы мен математикалық дурыстығын тексердік.

Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте клиенттерге берілген қарыздар бойынша ақпараттың барбарлығы мен ХКЕС стандарттарына сәйкес толық ашылуын бағаладық.

Біз қарыздарды беру процесі мен кредиттік тәуекелді басқару процесін түсіндік. Біз жеке негізде бағаланатын қарыздар бойынша кредиттік тәуекел мен КҚШ бағалау үшін кредиттік құнысыдануды айтарлықтай ұлғаюна қатысты Топтың анықтамасын талдадық. Сондай-ақ біз клиенттерге берілетін қарыздар бойынша КҚШ жеке бағалаумен байланысты бақылау рәсімдерін өзгертуді және енгізуді бағаладық.

Тандамалы тұрғыда біз 1-деңгейдегі қарыздар бойынша қарыз алушылардың кредит төлеу қабілетіне егжей-тегжейі талдау жүргіздік және кредиттік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюына (2-деңгей) немесе дефолттың болуына (3-деңгей) қатысты Топтың талдауын бағаладық. Қарыздардың құнысыдануының тиісті деңгейін бағалау үшін біз ішкі кредиттік рейтингтер жүйесін («скоринг»), кредиттік тәуекел факторларын талдадық және есептелген пайызды кірісті немесе негізгі борышты төлеу мерзімін кешіктіру, қайта құрылымдау, сыртқы ақпарат және қаржы көрсеткіштерін төмендеуі сияқты құнысыдану оқиғаларының уақтылы анықталуын тексердік.

Тандамалы негізде біз 2-ші және 3-ші деңгейдегі жеке елеулі қарыздар бойынша КҚШ резервтерін қайта есептедік, ол Топ жасаған қарыз алушылардың кредит төлеу қабілетіне талдауға шолуды, сондай-ақ болашақ ақша ағындарын болжау үшін және кепілмен қамтамасыз етудің әділ құнын бағалау үшін пайдаланылған жорамалдардың талдауын қамтиды.

Біз ХКЕС талаптарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікте клиенттерге берілген қарыздар бойынша ақпараттың барбарлығы мен толық ашылуын бағаладық.



«Делойт» атауы «Делойт Туш Томаш Лимитед» (бұдан әрі — «ДТТЛ») құрамына бірлесіп кіретін заңды тұлғалардың, оның ішінде уәклет тұлғалардың (Брейн-не кез келген санына жатады. Осы заңды тұлғалардың арқайсысы дербес және тәуелсіз «ДТТЛ» компаниясы («Делойт») халықаралық желісі деп те аталады) клиенттерге тікелей қызмет көрсетпейді. Толық ақпаратты www.deloitte.com/kyrgyzstan сайттан алуға болады.
© 2021 «Делойт». ЖШС. Барлық құқықтары қорғалған.

ӨЗГЕ АҚПАРАТ – ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты. Өзге ақпарат жылдық есепте бар ақпаратты қамтиды, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен ол туралы біздің есебімізді қамтымайды. Болжалды түрде, жылдық есеп бізге осы аудитор есебі күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа таралмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да болсын нысанда сенімділікті білдіретін қорытынды ұсынбаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізуімізге байланысты міндетіміз – бізге ұсынылған кезде жоғарыда аталған өзге ақпараттан танысу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит барысында алынған біздің біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің бар-жоқтығы және өзге ақпаратта басқа да ықтимал елеулі бұрмалаушылықтардың болуы туралы мәселені қарастыру болып табылады.

Егер жылдық есеппен танысқан кезде біз ондағы өзге ақпарат елеулі бұрмаланған деген қорытындыға келсек, біз ол туралы корпоративті басқару үшін жауапты тұлғаларды хабардар етуге міндеттіміз.

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҮШІН ЖАУАПТЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға және оның ХҚЕС сәйкес шынайы ұсынылуына, сонымен қатар басшылықтың пікірінше жосықсыз әрекет немесе қателесуден болатын айтарлықтай бұрмалаушылықтары болмайтын шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажет болатын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды, немесе оның тарату немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауын бақылауға жауапты.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ АУДИТІ ҮШІН АУДИТОРЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі болып табылады, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында елеулі бұрмалаушылықтар бар болған жағдайда олардың әрдайым анықталуының кепілдігі болып табылмайды. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер бұрмалаушылықтар пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылдайтын экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алса, елеулі бұрмалаушылықтар болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз келесілерді орындаймыз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін зерделейміз, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі жорамалын қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде шоғырландырылған



қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізде ескертпе жасаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкелуі мүмкін;

- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептілікте оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін Топ ішіндегі ұйымдардың қаржы ақпаратына немесе олардың қызметіне қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топтың аудитін басқару, бақылау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз өз аудиторлық пікірімізге толықтай жауапты болып қаламыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық әрекеттесуді жүзеге асырып, оларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері жөнінде, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі ескертулер, соның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті әдеп талаптарын сақтағанымыз көрсетілетін және бұл тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізді санауға болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда – тиісті сақтық шаралары туралы хабарлағанымыз туралы мәлімдемні ұсынамыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға хабарлаған мәселелерден ағымдағы кезең іші шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін неғұрлым маңызды болған, демек, аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді

«Делойт» ЖШС

Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензия № 0000015, МФЮ-2 түрі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
2006 ж. 13 қыркүйекте берген.

2022 ж. 14 наурыз
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

ЖАНГИР ЖИЛЫСБАЕВ

Тапсырма бойынша серіктес Қазақстан Республикасының білікті аудитору
2012 ж. 22 қарашадағы №МФ-0000116 аудитордың біліктілік куәлігі,
«Делойт» ЖШС
Бас директоры

анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған немесе өте сирек жағдайларда бұндай ақпаратты хабарлаудың теріс алдығы оны хабарлаудан болатын қоғамдық маңызы бар пайдадан асып түсетінін негізді түрде болжауға болатындықтан, қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы тиіс деген тұжырымға келген жағдайларды қоспағанда, осы мәселелерді есебімізде сипаттаймыз.



2021, 2020 ЖӘНЕ 2019 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (миллион теңгемен)

	Ескертулер	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан	2019 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР				
Ақшалай қаражат пен оның баламалары	5	1,438,521	1,757,477	1,664,337
Міндетті резервтер	6	194,931	170,128	141,006
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бааланатын қаржы активтері	7	283,333	242,326	185,031
Кредит мекемелеріндегі қаражат	8	602,125	709,310	53,161
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бааланатын қаржы активтері	9	1,871,677	1,256,158	1,630,921
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизацияланған құны бойынша бааланатын борыштық бағалы қағаздар	10	1,288,178	1,229,539	1,212,981
Клиенттерге берілген қарыздар	11, 37	5,872,228	4,446,275	3,752,445
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	12	28,007	39,441	46,558
Коммерциялық жылжымайтын мүлік	13	92,412	103,098	113,381
Сатуға арналған активтер	15	45,412	42,244	45,766
Ағымдағы салық активтері	21	1,942	782	1,704
Кейінге қалдырылған салық активтері	21	250	234	197
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	14	183,849	170,581	144,583
Сақтандыру активтері	16	54,111	39,929	82,009
Өзге активтер	17	134,394	180,310	160,678
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		12,091,370	10,387,832	9,234,758

	Ескертулер	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан	2019 ж. 31 желтоқсан
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ				
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Клиенттердің қаражаты	18, 37	8,473,407	7,455,977	6,406,413
Кредиттік мекемелердің қаражаты	19	1,071,642	300,727	305,965
Пайда немесе шығын арқылы әділ күнмен бааланатын қаржы міндеттемелері	7	2,276	2,484	20,444
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	20	499,812	778,192	834,446
Ағымдағы салық міндеттемесі	21	11,539	2,758	10,029
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	21	50,469	51,281	45,570
Резервтер	24	13,193	9,287	3,924
Сақтандыру міндеттемелері	16	240,281	191,246	223,702
Өзге міндеттемелер	22	155,147	102,612	77,042
Міндеттемелер жиыны		10,517,766	8,894,564	7,927,535
КАПИТАЛ				
Жарғылық капитал	23	209,027	209,027	209,027
Эмиссиялық кіріс		9,067	5,741	3,867
Құны өтеліп сатып алынған өз акциялары	23	(259,322)	(111,027)	(114,634)
Бөлінбеген пайда және өзге резервтер		1,614,824	1,389,520	1,208,957
Топтың меншік иелеріне жататын капитал жиыны		1,573,596	1,493,261	1,307,217
Бақыламайтын үлес		8	7	6
Капитал жиыны		1,573,604	1,493,268	1,307,223
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		12,091,370	10,387,832	9,234,758

БАСҚАРМА АТЫНАН:

МУРАТ У. КОШЕНОВ
Басқарма Төрағасының орынбасары

2022 жылғы 14 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

ПАВЕЛ А.ЧЕУСОВ
Бас Бухгалтер

2022 жылғы 14 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

101-189 беттердегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

2021, 2020 ЖӘНЕ 2019 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫҢДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ПАЙДА МЕН ШЫҒЫНДАР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(теңгемен берілген акцияға шаққандағы пайданы есептемегенде, миллион теңгемен)

	Ескертулер	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Тиймді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептелген пайыздық кірістер	25, 37	858,243	717,688	701,350
Өзге пайыздық кірістер	25	21,622	15,546	8,954
Пайыздық шығыстар	25, 37	(366,792)	(333,741)	(312,326)
КРЕДИТТІК ШЫҒЫНДАР БОЙЫНША ШЫҒЫСТАРҒА ДЕЙІНГІ ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС	25	513,073	399,493	397,978
Кредиттік шығындар бойынша шығыстарды қалпына келтіру/құру)	5, 8, 9, 10, 11, 17	4,004	(26,918)	(30,054)
ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС		517,077	372,575	367,924
Қызметтер және комиссиялар бойынша кірістер	26	138,389	124,121	120,643
Қызметтер және комиссиялар бойынша шығыстар	26	(71,789)	(63,184)	(54,646)
ҚЫЗМЕТТЕР ЖӘНЕ КОМИССИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА КІРІСТЕР		66,600	60,937	65,997
Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша таза пайда/(шығын)	27	15,071	3,201	(18,734)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінен іске асырылған таза пайда		1,401	3,424	8,138
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда	28	30,536	40,940	45,379
Сақтандыру қызметінен кірістер	29	140,038	85,848	92,983
Қауымдастырылған ұйымның пайдасындағы үлес		6,640	6,321	5,742
Банктік емес қызметтен кірістер	31	22,684	27,245	31,301
Өзге кірістер		2,024	8,391	4,742
ӨЗГЕ ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС КІРІСТЕР		218,394	175,370	169,551

	Ескертулер	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Операциялық шығыстар	30	(176,608)	(145,814)	(135,325)
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан шығын		(5,829)	(5,145)	(7,429)
Кредиттік шығындар бойынша өзге шығыстар	24	(4,002)	(5,025)	(1,308)
Қайта сақтандыруды шегергенде шеккен сақтандыру төлемдері	29	(91,017)	(63,366)	(88,925)
ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС ШЫҒЫСТАР		(277,456)	(219,350)	(232,987)
САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА		524,615	389,532	370,485
Табыс салығы бойынша шығыс	21	(62,237)	(36,878)	(35,974)
ТАЗА ПАЙДА		462,378	352,654	334,511
Келесілерге қатысты:				
Бақыламайтын үлеске		1	1	-
Жай акционерлерге		462,377	352,653	334,511
		462,378	352,654	334,511
АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА (теңгемен)	32			
Акция бойынша базалық және бытыраңқы пайда		39,57	30,16	28,64

БАСҚАРМА АТЫНАН:

МУРАТ У. КОШЕНОВ
Басқарма Төрағасының орынбасары

ПАВЕЛ А.ЧЕУСОВ
Бас Бухгалтер

2022 жылғы 14 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

2022 жылғы 14 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

101-189 беттердегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады



2021, 2020 ЖӘНЕ 2019 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫҢДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (миллион теңгемен)

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Таза пайда	462,378	352,654	334,511
Өзге жиынтық кіріс:			
Кейіннен пайда мен шығындар құрамына қайта жіктелмейтін баптар:			
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен пайда (2021, 2020 және 2019 жж. тиісінше – 58 миллион теңге, 2,078 миллион теңге, 18 миллион теңге салықты шегерумен)	440	9,043	124
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын үлестік қаржы активтерін қайта бағалаудан түскен (шығын)/пайда	(1,938)	1,870	25
Кейіннен пайда мен шығындар құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:			
Кезең ішінде күнсыздандыруды қоса алғанда, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтерін қайта бағалаудан түскен (шығын)/пайда (2021, 2020 және 2019 жж. – нөл теңге – салықты шегерумен)	(24,269)	24,985	42,387
Кезең ішінде өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінің есептен шығару нәтижесінде пайда мен шығындар құрамына қайта жіктелді (2021, 2020 және 2019 жж. – нөл теңге – салықты шегерумен)	(1,401)	(3,424)	(8,138)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтерін қайта бағалаудан қауымдастырылған ұйымның өзге жиынтық (шығынының)/ кірісінің үлесі	(475)	(256)	553
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан қауымдастырылған ұйымның өзге жиынтық кірісінің үлесі	11	-	-
Шетелдік қызметті қайта есептеудің бағамдық айырмасы (2021, 2020 және 2019 жж. – нөл теңге – салықты шегерумен)	1,066	(4,589)	(552)
Жыл іші өзге жиынтық (шығын)/кіріс	(26,566)	27,629	34,399
Жыл іші жиынтық кіріс жиыны	435,812	380,283	368,910
Мыналарға қатысты:			
Бақыламайтын үлеске	1	1	-
Жай акционерлерге	435,811	380,282	368,910
	435,812	380,283	368,910

БАСҚАРМА АТЫНАН:

МУРАТ У. КОШЕНОВ
Басқарма Төрағасының орынбасары

2022 жылғы 14 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

ПАВЕЛ А.ЧЕУСОВ
Бас Бухгалтер

2022 жылғы 14 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

2021, 2020 ЖӘНЕ 2019 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (миллион теңгемен)

	Жарғылық капитал Жай акциялар	Эмиссиялық кіріс	Өтеуі төлеп сатып алынған өз акциялары	Бағамдық айырма қоры*	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв*	Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв*	Бөлінбеген пайда*	Капитал жиыны	Бақыламайтын үлес	Капитал жиыны
2020 ж. 31 желтоқсан	209,027	5,741	(111,027)	4,516	53,198	27,802	1,304,004	1,493,261	7	1,493,268
Таза пайда	-	-	-	-	-	-	462,377	462,377	1	462,378
Өзге жиынтық кіріс/(шығын)	-	-	-	1,066	(28,083)	451	-	(26,566)	-	(26,566)
Жиынтық кіріс/(шығын) жиыны	-	-	-	1,066	(28,083)	451	462,377	435,811	1	435,812
Өз акцияларын сатып алу (23-ескерту)	-	(30)	(157,514)	-	-	-	-	(157,544)	-	(157,544)
Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сату (23-ескерту)	-	3,356	9,219	-	-	-	-	12,575	-	12,575
Дивидендтер – жай акциялар	-	-	-	-	-	-	(210,783)	(210,783)	-	(210,783)
Сақтандырушыларға бонустар бойынша резервтерді қалпына келтіру	-	-	-	-	-	-	276	276	-	276
Бұрын қайта бағаланған негізгі құралдардың тозуы және есептен шығарылуы нәтижесінде негізгі құралдарды қайта бағалау резервін шығынға жазу	-	-	-	-	-	(732)	732	-	-	-
2021 ж. 31 желтоқсан	209,027	9,067	(259,322)	5,582	25,115	27,521	1,556,606	1,573,596	8	1,573,604

* Бұл сомалар Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептің Бөлінбеген пайда және өзге резервтер бабына енгізілген.

2021, 2020 ЖӘНЕ 2019 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(миллион теңгемен)

	Жарғылық капитал Жай акциялар	Эмиссиялық кіріс	Өтеуі төлеп сатып алынған өз акциялары	Бағамдық айырма қоры*	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв*	Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв*	Бөлінбеген пайда*	Капитал жиыны	Бақыламайтын үлес	Капитал жиыны
2019 ж. 31 желтоқсан	209,027	3,867	(114,634)	9,105	30,023	20,018	1,149,811	1,307,217	6	1,307,223
Таза пайда	-	-	-	-	-	-	352,653	352,653	1	352,654
Өзге жиынтық (шығын)/кіріс	-	-	-	(4,589)	23,175	9,043	-	27,629	-	27,629
Жиынтық (шығын)/кіріс жиыны	-	-	-	(4,589)	23,175	9,043	352,653	380,282	1	380,283
Өз акцияларын сатып алу (23-ескерту)	-	-	(6,697)	-	-	-	-	(6,697)	-	(6,697)
Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сату (23-ескерту)	-	1,874	10,304	-	-	-	-	12,178	-	12,178
Дивидендтер – жай акциялар	-	-	-	-	-	-	(199,778)	(199,778)	-	(199,778)
Сақтандырушыларға сақтандыру бонустары	-	-	-	-	-	-	59	59	-	59
Бұрын қайта бағаланған негізгі құралдардың тозуы және есептен шығарылуы нәтижесінде негізгі құралдарды қайта бағалау резервін шығынға жазу	-	-	-	-	-	(1,259)	1,259	-	-	-
2020 ж. 31 желтоқсан	209,027	5,741	(111,027)	4,516	53,198	27,802	1,304,004	1,493,261	7	1,493,268

* Бұл сомалар Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептің Бөлінбеген пайда және өзге резервтер бабына енгізілген.

2021, 2020 ЖӘНЕ 2019 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

(миллион теңгемен)

	Жарғылық капитал Жай акциялар	Эмиссиялық кіріс	Өтеуі төлеп сатып алынған өз акциялары	Бағамдық айырма қоры*	Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв*	Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв*	Бөлінбеген пайда*	Капитал жиыны	Бақыламайтын үлес	Капитал жиыны
2018 ж. 31 желтоқсан	209,027	1,839	(111,441)	9,657	(4,804)	20,970	940,392	1,065,640	6	1,065,646
Таза пайда	-	-	-	-	-	-	334,511	334,511	-	334,511
Өзге жиынтық (шығын)/кіріс	-	-	-	(552)	34,827	124	-	34,399	-	34,399
Жиынтық (шығын)/кіріс жиыны	-	-	-	(552)	34,827	124	334,511	368,910	-	368,910
Өз акцияларын сатып алу (23-ескерту)	-	-	(16,304)	-	-	-	-	(16,304)	-	(16,304)
Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сату (23-ескерту)	-	2,028	13,111	-	-	-	-	15,139	-	15,139
Дивидендтер – жай акциялар	-	-	-	-	-	-	(125,923)	(125,923)	-	(125,923)
Сақтандырушыларға сақтандыру бонустары	-	-	-	-	-	-	(245)	(245)	-	(245)
Бұрын қайта бағаланған негізгі құралдардың тозуы және есептен шығарылуы нәтижесінде негізгі құралдарды қайта бағалау резервін шығынға жазу	-	-	-	-	-	(1,076)	1,076	-	-	-
2019 ж. 31 желтоқсан	209,027	3,867	(114,634)	9,105	30,023	20,018	1,149,811	1,307,217	6	1,307,223

* Бұл сомалар Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептің Бөлінбеген пайда және өзге резервтер бабына енгізілген.

БАСҚАРМА АТЫНАН:

МУРАТ У. КОШЕНОВ
Басқарма Төрағасының орынбасары

2022 жылғы 14 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

ПАВЕЛ А.ЧЕУСОВ
Бас Бухгалтер

2022 жылғы 14 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.



2021, 2020 ЖӘНЕ 2019 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (миллион теңгемен)

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:			
Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бааланатын қаржы активтерінен алынған пайыздар	19,626	12,696	6,200
Ақшалай қаражат пен оның баламаларынан және кредит мекемелеріндегі қаражаттан алынған пайыздар	18,061	20,580	38,080
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бааланатын қаржы активтерінен алынған пайыздар	65,147	47,259	45,300
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті шегергенде амортизацияланған қуны бойынша бааланатын борыштық бағалы қағаздардан алынған пайыздар	99,170	98,563	93,345
Клиенттерге берілген қарыздардан алынған пайыздар	620,583	453,012	449,927
Клиенттер қаражаты бойынша төленген пайыздар	(290,482)	(225,577)	(214,704)
Кредиттік мекемелердің қаражаты бойынша төленген пайыздар	(8,475)	(9,623)	(4,647)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша төленген пайыздар	(40,840)	(63,058)	(65,309)
Алынған комиссиялар	138,914	123,269	120,610
Төленген комиссиялар	(71,714)	(63,722)	(54,314)
Сақтандыру қызметінен алынған кірістер	140,038	81,924	89,586
Қайта сақтандырушыға (берілген)/алынған сақтандыру сыйлықақылары	(1,290)	7,454	(2,593)
Туынды қаржы құралдарынан түсімдер/(төлемдер)	10,053	(1,319)	(154)
Алынған өзге кіріс	46,592	35,636	36,043
Төленген операциялық шығыстар	(152,670)	(129,579)	(120,720)
Төленген сақтандыру төлемдері	(62,801)	(37,661)	(54,351)

Таза операциялық активтердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы	529,912	349,854	362,299
Операциялық активтер мен міндеттемелер өзгерісі:			
Операциялық активтердің (ұлғаюу)/азаяуы:			
Міндетті резервтер	(24,803)	(29,122)	(25,274)
Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бааланатын қаржы активтері	(32,039)	(41,426)	(13,906)
Кредиттік мекемелердегі қаражат	128,117	(640,098)	5,313
Клиенттерге берілген қарыздар	(1,416,498)	(604,156)	(395,660)
Сатуға арналған активтер	13,423	26,433	10,394
Сақтандыру активтері	(10,550)	10,731	(5,862)
Өзге активтер	5,886	(7,079)	(19,461)
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюу / (азаяуы):			
Клиенттер қаражаты	969,775	763,718	(58,841)
Кредиттік мекемелердің қаражаты	768,765	(8,181)	138,087
Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бааланатын қаржы міндеттемелері	(906)	(18,231)	13,390
Сақтандыру міндеттемелері	18,541	(31,920)	6,180
Өзге міндеттемелер	49,778	11,185	32,908
Табыс салығы төленгенге дейінгі операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың таза түсімі/ (жылыстауы)	999,401	(218,292)	49,567
Төленген табыс салығы	(55,444)	(37,553)	(13,789)
Операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың таза түсімі/ (жылыстауы)	943,957	(255,845)	35,778

2021, 2020 ЖӘНЕ 2019 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

(миллион теңгемен)

	Ескертулер	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:				
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу және алдын ала төлем		(24,665)	(31,703)	(16,887)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түсімдер		745	3,939	3,028
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатудан түсім		16,309	1,494	6,278
Коммерциялық жылжымайтын мүлікті сатудан түсім		29,865	35,621	26,311
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ күн бойынша бағаланатын қаржы активтерін сатудан түсімдер		408,519	1,064,720	349,067
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ күн бойынша бағаланатын қаржы активтерін сатып алу		(1,002,914)	(554,126)	(109,407)
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв шегерілген амортизацияланған күн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды сатудан түсімдер		5,946	14,602	24,413
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резерв шегерілген амортизацияланған күн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		(64,326)	(30,758)	(179,882)
Коммерциялық жылжымайтын мүлік бойынша күрделі шығындар		(3,373)	(1,251)	(327)

БАСҚАРМА АТЫНАН:

МУРАТ У. КОШЕНОВ
Басқарма Төрағасының орынбасары

2022 жылғы 14 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

ПАВЕЛ А.ЧЕУСОВ
Бас Бухгалтер

2022 жылғы 14 наурыз
Қазақстан, Алматы қ.

Инвестициялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза (жылыстауы)/түсімі		(633,894)	502,538	102,594
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:				
Өтеуі төлеп алынған өз акцияларын сатудан түсім		12,575	12,178	15,139
Өз акцияларын сатып алу		(157,544)	(6,697)	(16,304)
Дивидендтер төлеу – жай акциялар		(210,783)	(199,778)	(125,923)
Борыштық бағалы қағаздарды өтеу және өтеуін төлеп алу	20	(305,470)	(126,213)	(82,261)
Жалдау міндеттемелерін өтеу		(2,356)	(1,923)	(1,490)
Қаржылық қызметтен ақшалай қаражаттың таза жылыстауы		(663,578)	(322,433)	(210,839)
Айырбастау бағамындағы өзгерістердің ақшалай қаражат пен оның баламаларына әсері		34,559	168,880	(18,334)
Ақшалай қаражат пен оның баламаларының таза өзгерісі		(318,956)	93,140	(90,801)
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ пен ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басында	5	1,757,477	1,664,337	1,755,138
АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ пен ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл соңында	5	1,438,521	1,757,477	1,664,337

2021, 2020 және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар іші Топ ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен алынып, 12, 13, 15 және 23-ескертулерде ұсынылған ақшалай емес аударымдарды жүргізді..

2021, 2020 ЖӘНЕ 2019 ЖЖ. 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАР ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР (миллион теңгемен)

1. ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі - «Банк») және оның еншілес кәсіпорындары (бұдан әрі бірлесіп - «Топ») корпоративтік клиенттер мен жеке клиенттерге Қазақстанда, Ресейде, Қырғызстан, Тәжікстан, Грузия мен Өзбекстанда банктік қызметтерді, Қазақстан мен Ресейде лизингтік қызметтерді, сондай-ақ Қазақстанда активтерді басқару бойынша қызметтерді, сақтандыру қызметтері мен брокерлік қызметтерді ұсынады. Банктің бастапқы мемлекеттік тіркеуден өту рәсімі Қазақстанның әділет органдарында 1994 жылғы 20 қаңтарда жүргізілді. Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі банктік және басқа да операциялар және бағалы қағаздар нарығында қызмет жүргізу үшін 2020 жылғы 03 ақпанда жаңартып қайта берген № 12.47/230/38/1 лицензияға сәйкес іске асырады. Банк «Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ ұсынған салымдарды міндетті сақтандыру жүйесінің мүшесі болып табылады.

Банктің негізгі қызметі клиенттерге қарыздар мен кепілдіктер беру, депозиттер тарту, бағалы қағаздармен және шетел валютасымен операциялар жүргізу, ақша аудару, ақшалай қаражат пен төлем картчаларымен операциялар жүргізу және басқа да банктік қызметтер көрсету болып табылады. Мұнымен қатар Банк Қазақстан Республикасы Үкіметінің эксклюзивтік емес агенті ретінде өз филиалдарының желісі арқылы халыққа зейнетақы төлеу және жәрдемақылар беру қызметін атқарады.

Банктің бағалы қағаздары Қазақстан қор биржасының (бұдан әрі – «КҚБ») және Astana International Exchange-тің негізгі листингісіне қосылған. Банктің жаһандық депозитарлық қолхаттары (бұдан әрі – «ЖДҚ») Лондонның Қор биржасының ҚҚБ-ның және Astana International Exchange-тің негізгі листингісіне қосылған.

Топ іс жүзінде «АЛМЭКС» холдингілік тобы» АҚ арқылы Тимур Құлыбаевпен оның зайыбы Динара Құлыбаеваның бақылауында тұр.

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Банк өз қызметін Алматы қаласында орналасқан бас офисі және Қазақстан аумағында орналасқан 24 облыстық филиал, 120 аудандық филиал және 445 есеп айырысу-кассалық орталықтар, (2020 жылдың 31 желтоқсанында – сәйкесінше, 24, 120 және 467, 2019 жылдың 31 желтоқсанында – сәйкесінше, 24, 120 және 482) арқылы іске асырды. Банктің ресми түрде тіркелген офисі Қазақстан Республикасы, А26М3К5, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 40 мекенжайы бойынша орналасқан.

Топ жұмыскерлерінің іс жүзіндегі саны мөлшерлемелерді ескере отырып, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 17,038 жұмыскерді құрайды (2020 жылғы 31 желтоқсанда – 16,991, 2019 жылғы 31 желтоқсанда – 16,387).

Топтың осы 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығарылымға Басқарма 2022 жылғы 10 наурызда бекітті.

СОТ ТАЛАПТАРЫ

Топтың өз қызметін жүргізуі барысында клиенттер мен контрагенттер Топқа уақыт аралықтарында кінәрат талаптарын қойып отырады. Басшылықтың пікірінше, мұндай кінәрат талаптары бойынша талдау жүргізу нәтижесі Топқа елеулі шығын келтірмейді, сондықтан шоғырландырылған қаржылық есептілікте бұл жағдай бойынша тиісті резервтер қарастырылмаған.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ОРТА

Қазақстанды қоса алғанда, дамушы елдердің нарықтары әдетте дамыған нарықтардан айырмашылықтағы экономикалық, саяси, әлеуметтік, соттық және заңнамалық тәуекелдерге ұшырап отыруы мүмкін. Қазақстанда бизнес жүргізуді реттеуші заңдар мен нормативтік актілер бұрынғысынан айтарлықтай жиі өзгертіліп отыр және оларды еркін түсіндіру мүмкіндігі бар. Қазақстанның болашақ даму бағыты мемлекеттің жүргізетін салықтық және ақша-кредит саясатына, қабылданатын заңдар мен нормативтік актілерге, сондай-ақ еліміздегі саяси жағдайлардың өзгерістерімен байланысты.

Қазақстан мұнай және газды үлкен көлемде өндіруші және экспорттаушы ел болғандықтан, Қазақстанның экономикасы әлемдік нарықтағы мұнай мен газ бағасының өзгерістеріне өте сезімтал болып келеді.

2021 жылы Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы бір баррель үшін шамамен 68.63 АҚШ долларын құрады (2020 ж. бір баррель үшін 43.86 АҚШ доллары). 2021 ж. қорытындысы бойынша Қазақстанның ЖІӨ жылдық мәнінде 3.5%-3.7%-ға өсті. Экономиканы қалпына келтіру шикізат нарықтарындағы әлемдік бағалардың өсуі және карантиндік шектеулердің жұмсартылуы аясында жалғасты. Сонымен қатар, 2021 жылғы желтоқсанда инфляция жылдық есептеуде 8.4%-ды құрады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – «ҚРҰБ») базалық мөлшерлемесі $9.75\% \pm 1\%$ (2020 жылғы 31 желтоқсанда - $9.0\% \pm 1\%$) құрады. Тенгелік өтімділікті стерилизациялаудың негізгі құралы ҚРҰБ қысқа мерзімді ноталары болып қалды.

Алдағы экономикалық және саяси оқиғалардың Топтың болашақ қызметі мен қаржылық жағдайына әсері айтарлықтай болуы мүмкін.

COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫ

2020 жылдың басында әлемде жаңа коронавирус (COVID-19) тез тарала бастады, нәтижесінде Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы 2020 жылдың наурызында пандемияның басталуын жариялады. Көптеген елдердің COVID-19 таралуын болдырмау үшін қолданған шаралары көптеген компаниялар үшін айтарлықтай операциялық қиындықтарға алып келді және әлемдік қаржы нарықтарына айтарлықтай әсер етті. Осыған байланысты, Top COVID-19-дың жаһандық экономикаға және негізгі қаржы нарықтарына теріс әсерінің салдарынан одан да үлкен ықпалына тап болуы мүмкін. Топтың операцияларына COVID-19 әсерінің маңыздылығы көбінесе вирустың әлемдік және Қазақстан экономикасына әсерінің ұзақтығы мен таралуына байланысты.

Коронавирус пандемиясы Қазақстанда да, бүкіл әлемде де адамдар мен бизнеске айтарлықтай әсер ететін бұрын-соңды болмаған әлеуметтік және экономикалық проблема болып табылады. Топтың қаржылық беріктігі мен ағымдағы бизнес-үлгісі Topқа Қазақстан Республикасының Үкіметімен, реттеуші және басқа да билік органдарымен бірлесіп, Top клиенттерін қолдай отырып, Қазақстанға осы дағдарысты еңсеруге көмектесуде маңызды рөл атқаруға мүмкіндік берді. Ауру жұқтырған халық санының өсу қарқыны тұрақтанды. Вакцинациялауға жататын Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы санының 76.7%-і вакцинаналы толық немесе ішінара алды.

2021 жылы экономикалық орта өзгерістерге ұшырады:

- энергия көздері мен өзге минералдарға бағаның өсуі;
- әлемдегі ЖІӨ өсуінің баяулауы;
- Қазақстанда және әлемде инфляциялық күтулердің өсуі.

Жоғарыда сипатталған экономикалық жағдайдың өзгеруі болашақта қарызшылардың Top алдындағы берешекті өтеу қабілетіне әсер ету арқылы Topтың қызметіне айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Top өз клиенттеріне қолдау көрсету үшін келесі қадамдарды жүзеге асыруда:

- мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша қарыздар беру;
- карантиндік шектеулерге және COVID-19 пандемиясының салдарына байланысты клиенттерге қарыз беру шарттарының өзгеруі;
- бұрын тек Банк филиалдарында ғана ұсынылған өнімдер мен қызметтердің цифрлық арналары бойынша ұсыныстарды кеңейту;
- жеке тұлғалардың карантин кезеңінде мерзімі аяқталатын төлем карталарының қолданылу мерзімін ұзарту.

Топтың басшылығы экономикалық жағдайдың ағымдық өзгерістерін бақылап отырады және таяу болашақта Top бизнесінің тұрақтылығы мен дамуын қолдау үшін қажет деп санайтын шараларды қабылдайды.



ИЕЛЕНУ ҮЛЕСІ

2021, 2020 и 2019 жж. 31 желтоқсандағы мәліметке сәйкес Topқа мына акционерлер иелік етті, олардың үлесі Top шығарған капиталдың 5%-нан асады:

2021 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАН

	Барлық акциялар (жай акциялар)	Айналымдағы акциялардың жалпы көлеміндегі үлесі
«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ	7,583,538,228	69.6%
ЖДҚ ұстаушылары	3,119,831,600	28.6%
Өзгелері	192,635,022	1.8%
АЙНАЛЫМДАҒЫ БАРЛЫҚ АКЦИЯЛАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН НЕГІЗДЕ)	10,896,004,850	100%

2020 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАН

	Барлық акциялар (жай акциялар)	Айналымдағы акциялардың жалпы көлеміндегі үлесі
«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ	7,583,538,228	64.9%
«Бірыңғай Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	718,054,740	6.1%
ЖДҚ ұстаушылары	2,969,178,640	25.4%
Өзгелері	413,569,107	3.6%
АЙНАЛЫМДАҒЫ БАРЛЫҚ АКЦИЯЛАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН НЕГІЗДЕ)	11,684,340,715	100%

2019 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАН

	Барлық акциялар (жай акциялар)	Айналымдағы акциялардың жалпы көлеміндегі үлесі
«АЛМЭКС» холдингтік тобы» АҚ	7,583,538,228	65.1%
«Бірыңғай Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	718,054,740	6.2%
ЖДҚ ұстаушылары	3,001,602,000	25.7%
Өзгелері	353,390,222	3.0%
АЙНАЛЫМДАҒЫ БАРЛЫҚ АКЦИЯЛАР (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН НЕГІЗДЕ)	11,656,585,190	100%

2. ЕСЕПТІЛІКТІ ҰСЫНУ ҚАҒИДАТТАРЫ

СӘЙКЕСТІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін Топ үздіксіз қызмет қағидатының негізінде әрекет етті және өз операцияларын жақын арадағы болашақта да жалғастырады деген болжаумен әзірленді. Осы бағалауды жүргізу барысында басшылық ағымдағы және болашақтағы экономикалық жағдайларға қатысты ақпараттың, ақшалай қаражаты, пайда мен капитал ресурстарының қозғалысы туралы болжамдарды қоса, үлкен спектрін қарады. Бұдан басқа, Топ басшылығы 2020 жылдың бірінші жартысында COVID-19 пандемиясының пайда болуы және онымен байланысты оқшаулау шаралары Қазақстан Республикасының Үкіметі көрсеткен экономикалық көмек бойынша шаралармен ішінара өтелетін жағымсыз салдарларды анықтағанын атап өтті. Топтың жақын болашақта қызметін жалғастыру үшін жеткілікті ресурстардың болуын қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ экономиканы қалпына келтіруге байланысты ағымдағы белгісіздікті және қабылданған оқшаулау шараларының ұзақ мерзімді әсерін ескере отырып, Топ басшылығы Covid-19 пандемиясының топ қызметінің нәтижелеріне, болжанатын қаржыландыру және капитал позицияларына әсерін қарады, сондай-ақ басшылық Топ жақын болашақта тиімді қызметті жалғастыратынына көз жеткізу үшін одан әрі стресстік сценарийлердің әсерін және қаржылық тәуекелдерді басқару бөлімінде (33-ескерту) баяндалған бірқатар басқа да негізгі тәуелділіктерді назарға алды.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі акцияға шаққандағы пайдадан бөлек, егер басқаша көрсетілмеген болса, миллион қазақстандық теңгемен («теңге») ұсынылып отыр.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі тарихи құн қағидаты негізінде әзірленген, әділдік құнмен бағаланатын белгілі бір қаржы құралдары және актуарлық есеп негізінде есепке алынатын сақтандыру міндеттемелері, сондай-ақ қайта бағаланған тозу құны ескерілген белгілі бір жылжымайтын мүлік, ғимараттар, жабдықтар, төмендегі есептік саясатта сипатталғандай, бұған кірмейді.

Тарихи құн әдетте тауарлар мен қызметтерге ауыстырылып берілген сыйақының әділ құнының негізінде анықталады.

Әділ құн, құнның тікелей бақыланатын немесе бағалауды басқа әдістемесін пайдалану арқылы, есептік амалмен алынған болашақ табылатынына қарамастан бағалау күніне активті сатқан кезде алынатын немесе нарықтың қатысушылары арасындағы кәдімгі мәміленің шеңберінде міндеттемені өткізу кезіндегі төленген құнды көрсетеді. Активтің немесе міндеттеменің әділ құнын бағалаған кезде, егер

нарықтың қатысушылары, бағалау күніне активтің немесе міндеттеменің құнын қалыптастырған кезде осындай сипаттамаларды ескеретін болса, Топ, активтің немесе міндеттеменің сипаттамаларын ескереді. Әділ құн бойынша бағалау жүргізу және /немесе әділ құнды бағалауға қатысты ақпаратты ашу үшін, әділ құн осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінде, ХҚЕС («IFRS») 2 қолдану саласына жататын меншікті үлестік құралдардың негізінде төлемдері бар мәмілелерді, ХҚЕС («IFRS») 16 қолдану саласына жататын лизингтік операцияларды, сондай-ақ әділ құнмен салыстырылатын, бірақ бұл ретте мысалы ХҚЕС («IAS») 2-де мүмкін болатын жүзеге асырудың таза құны немесе ХҚЕС («IAS») 36-да пайдаланудың құндылығы сияқты әділ құн болып табылмайтын бағаларды қоспағанда, жоғарыда көрсетілген тәсілмен анықталады.

Сонымен қатар, қаржылық есептілігін дайындау мақсаттары үшін әділ құнды бағалау, әділ құнның иерархиясының негізінде жіктеледі (1,2 немесе 3-деңгей). Деңгейлер, нарықтық деңгейлердің негізінде әділ құнды тікелей анықтау мүмкіндігіне сәйкес келеді және жалпы әділ құнды бағалаған кезде пайдаланылған бастапқы деректердің маңыздылығын көрсетеді:

- 1-деңгейдің бастапқы деректері бағалау күніне Топ қол жеткізе алатын ұқсас активтердің немесе міндеттемелердің активті нарықтарында түзетулерді талап етпейтін баға белгіленімдерін білдіреді;
- 2-деңгейдің бастапқы деректері 1-деңгей үшін анықталған баға белгіленімдері болып табылмайды, бірақ кейбіреулері актив не міндеттеме үшін нарықта тікелей немесе жанама бақыланады; және
- 3-деңгейдің бастапқы деректері актив немесе міндеттеме бойынша бақыланбайтын бастапқы деректерді білдіреді.

Топ өзінің қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебін өтімділік тәртібімен ұсынады. Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп берілгеннен кейінгі 12 айдың ішіндегі (ағымдағы) және қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп берілгеннен кейінгі 12 айдан жоғары мерзімдегі (ағымдағы емес) орнын толтырудың немесе өтеудің талдауы 33-ескертуде ұсынылған.

АТҚАРЫМДЫҚ ВАЛЮТА

Топтың барлық кәсіпорындарының қаржылық есептілігінің атқарымдық валютасы, компания өз қызметін атқаратын негізгі экономикалық ортаның валютасы болып табылады (бұдан әрі – «Атқарымдық валюта»). Банктің атқарымдық валютасы теңге болып табылады. Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің есептік валютасы да теңге болып табылады.



ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАР

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі мынадай еншілес кәсіпорындардың есебінен құралады:

ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАР	ҚАТЫСУ ҮЛЕСІ, %			ЕЛІ	САЛАСЫ
	2021 ж. 31 желт.	2020 ж. 31 желт.	2019 ж. 31 желт.		
«Халық Лизинг» АҚ	100	100	100	Қазақстан	Лизинг
«Қазтелпорт» АҚ	100	100	100	Қазақстан	Телеком-мундификациялар
«Халық Банк Қырғызстан» ААҚ	100	100	100	Қырғызстан	Банк
«Halyk Finance» АҚ	100	100	100	Қазақстан	Брокерлік және дилерлік қызмет
«Halyk Collection» ЖШС	100	100	100	Қазақстан	Ин-жасалау қызметтері
«Halyk Life» АҚ	100	100	100	Қазақстан	Өмірді сақтандыру
«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ	99.99	99.99	99.99	Қазақстан	Сақтандыру
«Халық Банк Грузия» АҚ	100	100	100	Грузия	Банк
«Халық Жоба» ЖШС	100	100	100	Қазақстан	Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару
«Москоммерцбанк» Коммерциялық Банкі АҚ	100	100	100	Ресей	Банк
«Халық Банк Тәжікстан» ЖАҚ	100	100	100	Тәжікстан	Банк
«Halyk Global Markets» АҚ	100	100	100	Қазақстан	Брокерлік және дилерлік қызмет
«КУСА Халық» ЖШС	100	100	100	Қазақстан	Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару
«Халық Актив» ЖШС	100	100	100	Қазақстан	Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару
«Халық Актив-1» ЖШС	100	100	100	Қазақстан	Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару
«Halyk Finservice» ЖШС	100	100	100	Қазақстан	Телем карталары бойынша процессингтік операцияларды және басқа байланысты операцияларды жүзеге асыру
«Tenge Bank» АҚБ	100	100	-	Өзбекстан	Банк

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

ШОҒЫРЛАНДЫРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Банктің және Банк бақылайтын кәсіпорындардың (оның еншілес кәсіпорындарының) қаржылық есептіліктерінен құралған. Егер Банкте:

- кәсіпорын – инвестицияларнысанына қатысты билік өкілеттіктер болса;
- кәсіпорын – инвестициялар нысанының ауыспалы нәтижелері бойынша құқықтары болса /тәуекелдер арқаласа; және
- ауыспалы нәтиженің көлеміне ықпал ету мақсатында кәсіпорын – инвестициялар нысанына қатысты билік өкілеттікті пайдалана алатын болса Компания бақылауда болып саналады.

Егер фактілер мен жағдайлар жоғарыда аталған бақылаудың үш элементінің біреуінде немесе бірнешеуінде өзгеріс болғанын көрсететін болса, Банк инвестиция нысанына бақылаудың бар-жоғын бағалайды.

Егер Банк инвестиция нысанының дауыс беретін акцияларының көпшілігіне ие болмаса, Банктің инвестиция нысанының маңызды қызметін жалғыз басқаруына мүмкіндік беретін жеткілікті дауыс құқығы болса, оның инвестиция нысанына қатысты өкілеттігі бар. Банктің инвестициялау субъектісіне ықпал ету құқығына ие болу үшін жеткілікті дауыс құқығы бар-жоғын бағалау кезінде Банк барлық маңызды фактілер мен жағдайларды қарастырады, соның ішінде мыналарды қоса:

- басқа ұстаушылардың дауыс беруінің үлестері мен бөлінуімен салыстырғанда дауыс беру құқығы бар Банк акцияларының үлесін;
- басқа дауыс беру ұстаушыларына немесе басқа тараптарға, Банкке тиесілі ықтимал дауыс беру құқықтары;
- басқа шарттық келісімдерден туындайтын құқықтар; және
- басқарушылық шешім, сонымен қатар акционерлердің алдыңғы жиналыстарында дауыстарды бөлу қажет болған сәтте Банктің елеулі қызметті басқару мүмкіндігінің бар немесе жоқтығын көрсететін кез келген қосымша фактілер мен мән-жайлар.

Еншілес кәсіпорынды шоғырландыру Банк еншілес кәсіпорынға бақылау алғанда басталады және бақылау аяқталған сәтте тоқтатылады. Соның ішінде, бір жылдың ішінде сатып алынған немесе сатылған еншілес кәсіпорынның кірістері мен шығыстары Банк бақылауды алған сәттен бастап Банк осы еншілес кәсіпорынды бақылауды тоқтататын күнге дейін пайда немесе шығын және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі.

Пайда немесе шығын және өзге жиынтық кірістің әр компоненті Банк акционерлері мен бақыланбайтын үлестер арасында бөлінеді. Еншілес кәсіпорындардың жалпы жиынтық кірісі бұл келген бақыланбайтын үлестер бойынша теріс қалдықтын туындауына әкеліп соқса да Банк акционерлері мен кез келген бақыламайтын үлестер арасында бөлінеді.

Қажет болған жағдайда еншілес ұйымдардың есеп саясатын Топтың есеп саясатымен сәйкестендіру үшін олардың қаржылық есептілігіне түзетулер енгізіледі.

Топ ішіндегі барлық активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, пайда, шығын және Топ компаниялары арасындағы операциялардан түскен ақша ағымдары шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталады.

БАҚЫЛАМАЙТЫН ҮЛЕСТЕР

Бақыланбайтын үлестер ол Банкке тікелей немесе жанама түрде тиесілі емес еншілес ұйымдардың пайда немесе шығын, сонымен қатар таза активтерінің үлесін білдіреді.

Бақыланбайтын үлестер – пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте кекелей, ал қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте – бас ұйымның акционерлік капиталынан бөлек, меншікті капиталдың құрамында ұсынылады.

ТОПТЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ИЕЛІК ӨТЕТІН ҮЛЕСІНІҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ

Топтың еншілес кәсіпорындарға бақылауын жоғалтуға әкеп соқпайтын еншілес кәсіпорындардағы Топтың қатысу үлесіндегі өзгерістер меншікті капиталда есепке алынады. Топ үлестерінің және еншілес кәсіпорында бақыланбайтын иелік ету үлестерінің баланстық құны осы үлестер қатынастарының өзгеруін ескере отырып түзетіледі. Бақыланбайтын үлестер түзетілетін сомалар және төленген немесе алынған сыйақының әділ құны арасындағы кез келген айырма Топ акционерлерінің меншікті капиталында көрінеді. Бақыланбайтын үлестің акционерлерімен мәмілелер қаржылық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысында көрсетілген.

Топ еншілес кәсіпорынды бақылаудан айырылған жағдайда, пайда мен шығын, пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте көрсетіліп, (i) алынған сыйақының әділ құны мен қалған үлестің әділ құны және еншілес кәсіпорынның активтерінің (ii) баланстық құны (гудвилды қоса) мен міндеттемелері, сондай-ақ бақыланбайтын үлестердің арасындағы айырма ретінде есептелінеді. Осындай еншілес кәсіпорынға жататын, өзге жиынтық кіріс құрамында танылған сомалар

Топ еншілес кәсіпорынның тиісті активтері мен міндеттемелерін тікелей сатқандай болғанда есепке алынады (яғни пайда немесе шығын бойынша қайта жіктеледі немесе ХҚЕС бойынша қарастырылған/рұқсат етілгенді капиталдың басқа санатына жатқызылады). Бақылауды жоғалту күнінде бұрынғы еншілес кәсіпорынға қалған инвестициялардың әділ құны бастапқы танылу кезіндегі 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес әділ құн ретінде немесе (колданылатын жағдайларда) қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың бастапқы құны ретінде қабылданады.

БИЗНЕСТЕРДІ БІРІКТІРУ БОЙЫНША МӘМІЛЕЛЕР

Бизнестерді біріктіру жөнінде мәмілелер сатып алу әдісі бойынша есепке алынады. Бизнестерді біріктіру кезінде төленетін өтеу Топ берген активтерді, сатып алынатын бизнестің бұрынғы иелерінің алдында Топ қабылдаған міндеттемелерді, сондай-ақ Топтың бизнеске бақылау алу үшін айырбас ретінде шығарған үлестік бағалы қағаздарды сатып алу күніне әділ құн сомасы ретінде есептелетін әділ құн бойынша бағаланады. Осыған байланысты шығынның барлығы, әдетте пайда болу сәтінде пайда мен шығын арқылы көрсетіледі.

Сәйкестендірілетін сатып алынған активтер мен қабылданған міндеттемелер сатып алу күніне мыналарды қоспағанда, әділ құн бойынша танылады:

- Мерзімі шегерілген салық міндеттемесі мен активтері «Пайдаға салынатын салық» 12 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес танылады және бағаланады;
- Ақцияларға негізделген төлемдер бойынша («АНТ») сатып алынатын бизнестің келісімдерімен немесе осындай төлемдер бойынша сатып алынатын бизнестің келісімдерінің орнына бекітілген, АНТ бойынша Топтың келісімдерімен байланысты міндеттемелер немесе іскерлік бағалы қағаздар сатып алу күніне «Ақциялар негізінде төлемдер» 2 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес бағаланады; және
- «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет» 5 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес сатуға арналған деп жіктелген активтер (немесе шығып жатқан актив топтары) 5 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес бағаланады. .

Іскерлік бедел сатып алынған заттың құнын, сатып алынған кәсіпорындағы бақыланбайтын үлестердің құнын және сатып алынған кәсіпорынның капиталындағы бұрын сатып алушыға тиесілі болған үлестің (ол болған жағдайда) құнын сатып алу күніне оның таза сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің шамасынан асыру ретінде есептеледі. Егер қайта бағалаудан кейін сатып алу күніне сатып алынған сәйкестендірілетін таза активтердің таза құны берілген өтеудің, сатып алынған кәсіпорындағы бақыланбайтын үлес құнының және сатып алынған компанияның капиталындағы сатып алушыда бұрын болған



үлестің (ол болған жағдайда) әділ құнының сомасынан асатын болса, мұндай асыру әділ құннан төмен баға бойынша үлесін сатып алудан пайда ретінде пайдаға немесе шығынға жатқызылады.

Иелік ету үлестерін білдіретін және тарату кезінде кәсіпорынның таза активтерінің пропорционалды үлесіне құқық беретін бақыланбайтын үлестер бастапқыда сатып алынған бизнестің сәйкестендірілетін таза активтерінің әділ құны немесе бақыланбайтын үлестің пропорцияға сәйкес танылған күн бойынша бағалана алады. Бағалау әдісі әр мәміле үшін жеке таңдалады. Иеленудің бақыланбайтын үлестерінің өзге түрлері әділ құн бойынша немесе қолданылатын жағдайларда басқа ХҚЕС-терге сәйкес бағаланады.

АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ПЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақшалай қаражат пен оның баламаларына кассадағы қолма-қол ақша, корреспонденттік шоттардағы бос ақша қалдығы, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын кредит мекемелеріндегі қаржы сонымен қатар кері РЕПО келісімі бойынша қаржы жатқызылады.

МІНДЕТТІ РЕЗЕРВТЕР

Міндетті резервтер Қазақстан, Қырғызстан, Грузия, Тәжікстан, Өзбекстан Ұлттық Банктері мен Ресей Орталық Банкіндегі корреспонденттік шоттардағы қаржыдан және Топтың күнделікті қызметі үшін қаржыландыру мақсатында пайдалануға болмайтын кассадағы қолма-қол ақшадан құралады, осыған байланысты бұл қаржы ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте ақшалай қаражат пен оның баламасы деген бапқа қосылмайды.

КРЕДИТ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ҚАРАЖАТ

Топ өз қызметін жүргізу барысында басқа банктерде қолдануы шектелген ағымдағы шоттарды ашады немесе белгілі бір мерзімдік кезеңге ақша салымдарын орналастырады. Кредит мекемелеріндегі өтеу мерзімі белгіленген қаржы кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдістемесін пайдалану арқылы амортизациялық құны бойынша бағаланады. Белгіленген өтеу мерзімі жоқ қаржы бастапқы құнымен есепке алынады. Кредит мекемелеріндегі қаржы күтілетін кредиттік шығындар бойынша кез келген резервті шегеру арқылы есепке алынады.

ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫН ТАНУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Тиісті қаржылық құралға қатысты шарт бойынша Топ тараптардың бірі болған жағдайда қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері Топтың қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Топ ұдайы сипаттағы қаржылай активтер мен міндеттемелерді сатып алулар мен өткізулерді есептесу күніндегі есепке алу әдісімен көрсетеді. Осындай әдіспен сатып алынған, кейіннен әділ құнымен бағаланатын қаржы құралдары мәміле жасалған сәттен бастап есеп айырысу белгіленген күнге дейін сатып алынған құралдар сияқты есепке алынады.

Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері бастапқыда әділ құнмен көрсетіледі. Қаржы активтерін және қаржы міндеттемелерін сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты транзакциялық шығындар (пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері мен қаржы міндеттемелерінен басқа) бастапқыда танылғанда қаржы активтерінің немесе қаржы міндеттемелерінің әділ құнын тиісінше ұлғайтады немесе азайтады. Қаржы активтерін немесе қаржы міндеттемелерін сатып алуға тікелей қатысты, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін транзакциялық шығындар тікелей пайдаға немесе шығынға жатқызылады. Қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері құнын одан әрі бағалау үшін пайдаланылатын бухгалтерлік есеп қағидаттары есеп саясатының төмендегі сипатталған тиісті ережелерінде ашылады.

ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Барлық қаржы активтері қаржы активін сату немесе сатып алу, талаптары тиісті нарықта белгіленген мерзімде жеткізуді талап ететін келісімшарт бойынша жүзеге асырылғанда, мәміле жасалған күні танылады және тану тоқтатылады және бастапқыда пайда немесе шығын арқылы әділ құн («ПШАӘҚ») бойынша бағаланатын ретінде жіктелетін қаржы активтерін қоспағанда, транзакциялық шығынға қоса әділ құны бойынша бағаланады. ПШАӘҚ бойынша бағаланатын ретінде жіктелген қаржы активтерін сатып алуға тікелей байланысты мәміле бойынша шығындар дереу пайда немесе шығын құрамында танылады.

«Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес танылған барлық қаржы активтері қаржы активтерін басқаруға арналған ұйымның бизнес үлгісіне және қаржы активтерінің ақша ағындарының шарттық сипаттамаларына негізделген амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша бағалануы тиіс.



Бұл ретте:

- Шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу. Бұл бизнес-үлгі қаржы құралдарының қаржы құралдарының қызмет ету мерзімі ішінде негізгі соманы және пайыздық төлемдерді алу арқылы ақшалай қаражат қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік береді деп болжайды. Осы бизнес-үлгі шегінде қаржы активін өтеуге дейін ұстап тұру басымдық болып табылады, алайда мерзімінен бұрын жүзеге асыруға тыйым салынбайды.
- Шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу және қаржы активтерін сату. Бұл бизнес-үлгі қаржы активтерін басқару шарттық ақшалай қаражаттың ағындарын алуға және қаржылық активтерді сатуға бағытталған деп болжайды. Осы бизнес-үлгі шеңберінде қаржы активін сатудан қолма-қол ақшаны алу - «Шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстап қалу» бизнес-үлгісімен салыстырғанда сатудың жоғары жиілігі мен сату көлемімен сипатталатын басымдық болып табылады.
- Басқа мақсаттар үшін активтерді ұстап қалу. Осы бизнес-үлгі шеңберінде қаржы активтерін басқару мақсаты мыналар болуы мүмкін:
 - қаржы активтерін сату арқылы ақшалай қаражат ағындарын жүзеге асыруды басқару;
 - күнделікті қаржыландыру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өтімділікті басқару;
 - басқару мен нәтижелілікті бағалау әділ құн негізінде жүзеге асырылатын портфель;
 - сауда-саттыққа арналған анықтамаға сай келетін портфель. Қаржы активтері саудаға арналған деп саналады, егер олар негізінен жақын уақытта сату (сатып алынған сәтке дейін), қысқа мерзімді пайда алу мақсатында сатып алынған болса (180 күнге дейін) немесе туынды қаржы құралдары болып табылса (хеджирлеу құралы ретінде анықталған қаржылық кепілдіктер немесе туынды қаржы құралдарын қоспағанда).

ХҚЕС-ке (IFRS) 9 сәйкес, қаржы активтері мынадай түрде жіктеледі:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын активтер ретінде жіктелген банк қарыздары мақсаты шартпен көзделген негізгі қарыз сомасының шотына төленетін төлем және негізгі қарызының өтелмеген бөлігіне пайыз болып табылатын ақша ағындарын алу болып табылатын бизнес-үлгі шегінде ғана ұсталынады, ол тек негізгі борыш сомасына төлемдер және пайыздық төлемдерді қамтиды («SPPI»);

- корреспонденттік шоттардағы қалдықтар, банкаралық қарыздар/депозиттер, РЕПО операциялары әдетте амортизацияланған құн бойынша бағаланатын актив ретінде жіктеледі, яғни бизнес үлгі шеңберінде басқарылады, оның мақсаты шартпен көзделген ақша ағындарын алу, соның ішінде SPPI;
- борыштық бағалы қағаздар таңдалған бизнес үлгіні және SPPI-ді сақтауды ескере отырып, үш жіктеу санатының кез келгеніне жатқызылуы мүмкін;
- үлестік бағалы қағаздар, әдетте, кезең ішіндегі пайда мен шығындың өзгеруін көрсететін әділ құндағы құралдар ретінде жіктеледі;
- саудаға арналған бағалы қағаздар және туынды қаржы құралдары қаржы активтерінің санатына кезең ішіндегі пайда мен шығындың өзгеруін көрсететін әділ құн бойынша жіктеледі.

ПАЙДА МЕН ШЫҒЫН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНМЕН БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ НЕМЕСЕ ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Пайда мен шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мыналарды қамтиды:

- Активтер, шарттық ақша ағындары, ол бойынша қарызының және пайыздың негізгі сомасына төлемдерді ғана емес және/немесе;
- Шарттық ақшалай қаражаттың ағындарын алу немесе осындай ағындарды алу және активті сату мақсатында ұсталатын активтерді қоспағанда, бизнес-үлгі бойынша ұсталатын активтер;
- Әділ құн бойынша опционды қолдану арқылы ПШАӘҚ бойынша бағаланатын санатқа жататын активтер;
- Қаржылық міндеттемелер, егер қаржылық міндеттеме не саудаға арналған болса, не пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде бағаланса, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы міндеттемесі мына жағдайда саудаға арналған құрал ретінде жіктелетін болады:

- егер ол негізінен жақын арада кері сатып алу үшін қабылданған болса;



- Топ бірлесіп басқаратын қаржы құралдарының сәйкестендірмелі портфелінің бір бөлігі болып табылса және осы нақты мақсаты қысқа мерзімді табыс әкелу болса; немесе
- хеджирлеу құралы ретінде айқындалмаған және тиімді емес туынды құрал болып табылса.

Пайда мен шығын арқылы әділ құнмен есепке алынатын қаржы активтері немесе қаржы міндеттемелері біріктірілген қаржылық есептілігінде әділ құнмен есепке алынады. Әділ құнның өзгерістері пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бааланатын қаржы активтері және міндеттемелер бойынша таза (шығында)/пайдада көрсетіледі. Пайда ретінде табылған немесе шығын ретінде шегерілген пайыздар келісімшарт талаптарына сәйкес тиісінше пайыздық кірісте немесе пайыздық шығында есептеледі, ал дивидендтер алу құқығы белгіленген жағдайда дивиденд бойынша тапқан пайда «Өзге кірістер» деген жолда есепке алынады.

АМОТИЗАЦИЯЛАНҒАН ҚҰН БОЙЫНША НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰН БОЙЫНША БАҒАЛАНАТЫН БОРЫШТЫҚ ҚҰРАЛДАР

Топ активті басқару үшін пайдаланылатын Топтың бизнес үлгісі мен ақша ағындарының шартта көзделген сипаттамаларының негізінде қаржы активі жіктелуіне бағалау жүргізеді және баға береді.

Активтерді амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін, тиісті шарттың талаптары борыштың негізгі сомасына және негізгі соманың өтелмеген бөлігі бойынша пайыздарды ғана қамтитын ақша ағынының пайда болуын қамтуы тиіс.

Белгіленген талаптарға сәйкес шартпен көзделген ақша ағынын тексеру кезінде, негізгі қарызының негізгі сомасы қаржы активінің бастапқы танудан кейінгі әділ құны ретінде қарастырылады. Қаржы активінің мерзімі ішінде қарызының негізгі сомасы өзгеруі мүмкін (мысалы, негізгі сомаға төлемдер болған жағдайда). Пайыздар белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмеген берешектің негізгі сомасына қатысты кредиттік тәуекел үшін, сондай-ақ кредиттеуге байланысты басқа да қарапайым тәуекелдер мен шығыстар, сондай-ақ пайдаға қатысты пайдаға арналған шығындардың өтелуін қамтиды. Негізгі және пайыздық төлемдер бойынша төлемдер қаржы активі көрсетілетін валютамен жүргізіледі.

Шартпен көзделген, өзіне тек борыштың негізгі сомасына және пайыз ретінде ғана төлемді қамтитын ақша ағындары негізгі кредит шартының талаптарына сәйкес келеді. Нәтижесінде, шартпен көзделген ақша ағындарының т уекелі немесе құбылмалылығын тудыратын шарт талаптары негізгі кредит шартына қатысы жоқ, мысалы, акциялар немесе тауарлар бағасының өзгеру тәуекелі шартпен көзделген ақша ағынын тудырмайды, онда тек қана негізгі қарыз сомасына төлемдер және негізгі қарыз сомасының өтелмеген бөлігі қамтылады. Құрылған немесе сатып алынған қаржы активі оның заңды нысанда қарыз болып табылатынына қарамастан, негізгі кредит шарты болуы мүмкін.

Қаржы активтерін басқару үшін пайдаланылатын бизнес-үлгілер қаржы активін жіктеу үшін 9 ХҚЕС (IFRS) бірінші қолдану күнінде бағаланды. Бизнес үлгісі ретроспективті түрде Топтың 9 ХҚЕС (IFRS) алғашқы қолдану күніндегі балансында танылған барлық қаржы активтеріне қолданылды. Ұйым пайдаланатын бизнес-үлгі сол немесе басқа бизнес мақсатқа жету үшін топтастырылған қаржы активтерін басқару механизмін көрсететін деңгейде анықталады. Топтың бизнес-үлгісі басшылықтың жеке құралға қатысты ниетіне байланысты емес болғандықтан, бизнес-үлгіні бағалау жеке негізде емес, біріктірудің неғұрлым жоғары деңгейінде жүзеге асырылады.

Өзінің қаржы құралдарын басқару үшін Топ ақша ағындарын тудыру мақсатында, ақша қаржы активтерін басқару тетігін сипаттайтын бірнеше бизнес үлгілерді пайдаланады. Осы бизнес-үлгілер Топтың ақша ағынының шартпен көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де нәтижесі болатынын анықтайды.

Бизнес-үлгіні бағалау кезінде Топ қолда бар барлық ақпаратты ескереді. Сонымен қатар, бағалау оның пайда болуын Топ болжамды түрде күтуге құқылы, мысалы, «нашар» сценарий немесе «күйзеліс» сценарий тәрізді сценарийлер негізінде жасалмайды. Топ барлық тиісті деректерді ескереді, мысалы:

- осы бизнес-үлгі ұсталатын қаржы активтері мен бизнес-үлгісінің тиімділігін бағалау тетігі және негізгі басқарушы персоналға есеп беру;
- бизнес-үлгінің (осы бизнес-үлгі бойынша ұсталатын қаржы активтерінің) тиімділігіне және тәуекелдерді басқару әдісіне әсер ететін тәуекелдер; және де
- басшылыққа сыйақы төлеу тетігі (мысалы, сыйақы төлеу себептері талданады: тиісті активтердің әділ құны немесе шартпен көзделген ақша ағымдары).

Қаржы активін бастапқы тану кезінде Топ жаңадан танылған қаржы активтері қолданыстағы бизнес үлгісінің бөлігі болып табыла ма соны анықтайды немесе жаңа бизнес үлгісінің пайда болуын көрсетеді. Топ алдыңғы кезеңдегі өзгерістерді анықтау үшін әрбір есепті кезеңде өзінің бизнес-үлгілерін қайта қарастырады. Ағымдағы есепті кезеңде Топ өзінің бизнес-үлгілерінде қандай да бір өзгерістерді анықтаған жоқ.

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған борыштық құралдарды тануды тоқтатқаннан кейін бұрын басқа толық кіріс арқылы танылған жиынтық кіріс/шығыс өзіндік капиталдан пайда немесе шығын санатына қайта жіктеледі. Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған санатқа жұтызылатын үлестік құралдарды тануды тоқтатқаннан кейін, керісінше бұрын түрлі жиынтық кіріс құрамында танылған жинақталған пайда немесе шығын, пайда немесе шығын санатына қайта жіктелмейді, бірақ өзіндік капиталдың басқа бабының құрамына ауыстырылады. Бастапқы танудан кейін амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар құнсыздануға жатады.

КЕПІЛМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Топ қажет деп санаған кезде клиенттердің міндеттемелері бойынша қамтамасыз етуді алады. Кепіл, әдетте, клиенттің активтері бойынша кепіл нысанын алады, бұл Топқа клиенттің қолда бар міндеттемелеріне және болашақ міндеттемелеріне қатысты активтер бойынша сол активтерге талап ету құқығын береді.

ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІН ҚАЙТА ЖІКТЕУ

Топтың белгілі бір қаржы активтеріне сәйкес бизнес үлгісі өзгерген жағдайда, осындай активтер қайта жіктеледі. Жаңа санатқа жатқызу мен бағалауға қойылатын талаптар болашақта бірінші іскерлік модельдегі өзгерістерден кейін Топтың қаржы активтерін қайта жіктеуге әкелген бірінші есепті кезеңнің бірінші күнінен бастап қолданылады. Шартпен көзделген ақша ағындарындағы өзгерістер төмендегі есеп саясатына («Қаржы активтерін өзгерту және тануды тоқтату») сәйкес талданады.

Қаржы активтерін түрлендіру және тануды тоқтату

Қаржы активі бастапқы тану күні мен қаржы активін өтеу күнінің арасында активтің ақша ағындарын реттейтін шарт талаптарын қайта қарау немесе басқа түрдегі өзгерту болған жағдайда өзгертіледі. Өзгеріс шартпен көзделген ақша ағындарының сомасына және/немесе мерзіміне дәл сол уақыт сәтінде немесе болашақта уақыт сәтінде әсер етеді. Сонымен қатар, бұрыннан бар қарыз бойынша қолданыстағы

ковенанттарды енгізу немесе түзету мұндай жаңа немесе түзетілген ковенанттар ақша ағындарына дереу әсер етпесе де өзгерістерді білдіреді, бұл ретте, олар сақталмаған болса, ақша ағындарына да әсер етуі мүмкін (мысалы, ковенантты бұзған жағдайда қарыз бойынша пайыздық мөлшерлемелер артуы мүмкін).

Мүмкіндігінше, Топ қамтамасыз етуден күн өндірмей-ақ қарыздарды қайта құрылымдауды көздейді. Мұндай қайта құрылымдау өтеу мерзімін ұзартуды және жаңа несиелі шарттарын келісуді қамтиды. Талаптар қайта қаралғаннан кейін, құнсыздану шарттардың өзгеруіне дейін есептелген бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемелені пайдалана отырып бағаланады, ал несиелі мерзімі өткен деп есептелмейді. Басшылық барлық критерийлердің орындалуын және болашақ төлемдер өте жоғары деңгейде болуын қамтамасыз ету үшін қайта қаралған шарттармен несиелі тұрақты түрде бақылайды. Қарыздар қарыз бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемелені пайдалану арқылы жеке немесе ұжымдық түрде құнсыздану бойынша бағаланады. Қайта қарастырылған талаптар қаржылық жағдайдағы нашарлауы бар жеке негізде құнсыздануға бағаланған қарыздардың құнсыздануының дәлелі болып табылады.

Топ қаражаттың қайтарылуын барынша жоғарылату және дефолт тәуекелін азайту үшін қарызымен қаржылық қиындықтар туындаған кезде клиенттерге берілген қарыздарды қайта қарайды. Санкциялардан бас тарту қарызы түпнұсқа шарттық талаптарды орындауға барынша негізделген ықтимал шараларды қолданған жағдайда, әдепкі дефолт тәуекелінің бар екендігі немесе дефолттың жоғары болуы немесе қарызы қайта қаралған келісімшарттық талаптарды орындай алатыны күтіледі. Талаптарды қайта қарау көбінесе қарызды өтеу мерзімін ұзартуды, несиелі бойынша ақша ағынының мерзімін өзгертуді (негізгі қарыз сомасы есебіне төлемдер және пайыздар), сондай-ақ кредиторға тиесілі (негізгі қарыз сомасы бойынша берешек немесе пайыздарды кешіруді) ақша ағынының сомасын азайтуды және ковенантты түзетуді қамтиды. Топта заңды тұлғаларға берілген қарыздарға, сондай-ақ жеке тұлғаларға берілген қарыздарға қатысты қолданылатын санкциялардан бекітілген бас тарту саясаты бар.

Қаржы активі өзгерген кезде Топ осы өзгерісті активті тануды тоқтатуға әкеп соға ма жоқ па соны бағалайды. Топтың саясатына сәйкес, егер түрлендіру шарт талаптарында елеулі айырмашылықтар тудырса, тануды тоқтатуға әкеп соқтырады. Өзгертілген шарттар бастапқы шарт талаптарынан айтарлықтай ерекшеленетінін анықтау үшін Топ сапалы факторларды талдайды. Мысалы, шартта көзделген талаптарды өзгертеннен кейін ақша ағындары негізгі қарыз сомасы пен пайыздар бойынша төлемдерді қамтиды, шарт немесе контрагент валютасы өзгерді. Сондай-ақ пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру дәрежесі, өтеу мерзімі, ковенанттар да талданады.



Коммерциялық себептерге байланысты қаржы активін өзгерткен кезде, Топ әртүрлі сапалық факторларды (валютаның, пайыздық мөлшерлеменің, өтеу мерзімінің өзгеруі) ескереді және ескі қарызды тануды тоқтату және әділ құн бойынша жаңа қарызды тануды тоқтату керек пе деген қорытынды жасайды.

Қаржы активін тануды тоқтатқан жағдайда, ККШ бойынша бағалау резерві осы күнге активтің таза баланстық құнын анықтау үшін тануды тоқтату күніне қайта бағаланады. Жаңа қаржы активінің қайта қаралған баланстық құны мен жаңа әділ құнның арасындағы айырмашылық жаңа талаптарға сәйкес пайданың туындауына әкеледі немесе тануды тоқтатудан шығын тудырады. Жаңа қаржы активіне қатысты ККШ бойынша бағалау резервінің мөлшері, егер жаңа несие пайда болған кезде кредиттік-құнсызданған деп қарастырылатын жағдайларды қоспағанда, келесі 12 айдағы ККШ мөлшері негізінде есептелетін болады. Бұл жаңа несиемен әділ құны оның қайта қаралған номиналды құнына айтарлықтай дисконтпен танылған кезде ғана қолданылады, себебі өзгеріс нәтижесінде төмендетілмеген дефолт тәуекелі жоғары болып қалады. Толығырақ ақпарат алу үшін 11-ескертуді қараңыз.

ҚҰНСЫЗДАНУ

Қаржы активтерінің құнсыздануы мынадай факторларды ескере отырып есептелді:

- ККШ есептеу үшін Банк қарызды жеке және топтық негізде кредиттік тәуекелдің жалпы сипаттамаларына негізделген активтерді топтастырумен бағалайды.
- ККШ - олардың ықтималдығы ескеріле отырып, кредиттік шығындардың сәйкес құнын бағалауды білдіреді. Бұл шығындардың бағалануы шарт бойынша Топқа тиесілі ақшалай қаражат ағындарының және тиісті актив үшін ТПМ арқылы дисконтталған бірқатар экономикалық сценарийлердің ықтималдығын талдау негізінде Топ алатын ақшалай қаражаттың ағыны арасындағы айырмашылықтың сәйкес құнын білдіреді.
- Есептеу шамадан тыс шығындарсыз немесе күш-жігерсіз алуға болатын ақылға қонымды және расталған ақпарат негізінде жүзеге асырылады. Кепілдендірілген қаржы активінің күтілетін болашақ ақша ағымдарының дисконтталған құнын есептеу ақшалай қаражаттың ағындарын көрсетеді, бұл кепілдік беруді алудың және сатудың құнын, сатып алудың ықтималдығы немесе ықтималсыздығы болған жағдайда өндіріп алудың нәтижесі болуы мүмкін. Резервтер Топтың өздерінің шығындарын талдау тәжірибесіне және басшылықтың борышқа қызмет көрсету мүмкіндігіне және қарыз алушының кредиттік тарихына негізделген несие тәуекелінің әрбір санаты бойынша активтермен танылуы ықтимал шығындар деңгейіне қатысты жорамалдарға негізделген.

- Қазынашылық операциялар (борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар, «кері РЕПО» операциялары, банкаралық қарыздар мен депозиттер, корреспонденттік шоттар, қазынашылық операциялар бойынша дебиторлық берешек) бойынша құнсыздану есебі контрагенттің рейтингі, дефолт ықтималдығы, мәміле мерзімі және дефолт бойынша шығын деңгейін ескере отырып жасалады.

- Қазынашылық операциялар бойынша күтілетін несиелік шығындарды бағалау жеке негізде жүргізіледі (дебиторлық берешек түрінде белгілі бір талаптарды қоспағанда).

Қаржы активтері келесі тәсілге сәйкес қоржынға бөлінеді:

- 1-кезең: актив танылғаннан бергі уақытта кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болмаған кезде, алдағы 12 айдағы құнсызданудан күтілетін шығындар сомасында танылады;
- 2-кезең: актив танылған кезден бастап кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы, құнсыздану қаржы активінің қызмет ету мерзімі ішінде күтілетін шығындар сомасында танылады;
- 3-кезең: Қаржы активі дефолт болып табылады немесе құнсыздану белгісі бар.

Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтер

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалауды өлшемі мыналарға тең бағалау резервінің көмегімен жүргізу қажет:

- күтілетін шығындар келесі 12 айда, яғни, қаржы құралының барлық мерзімі ішінде несие шығындарының бөлігі, бұл есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде болуы мүмкін құрал міндеттемелері бойынша міндеттемелерді орындамау салдарынан күтілетін кредиттік шығындар («1-кезең»);
- міндеттемелердің қолданылу мерзімі ішінде құрал бойынша міндеттемелерді орындамаудың барлық ықтимал жағдайларының нәтижесінде туындаған қаржы құралының бүкіл мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындар шамасы («2-кезең» және «3-кезең»).

Кезеңдер туралы егжей-тегжейлі ақпарат 5, 9, 10, 11 және 17-ескертудерде келтірілген.



Қаржы құралының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде ККШ-ның толық шамасының құрамында бағалау резервін құру үшін құралды бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы жағдайында талап етіледі. Барлық басқа жағдайларда ККШ-ға арналған резервтер ККШ-ға 12 ай ішінде тең сомада қалыптастырылады.

- Пайдаланылмаған кредиттік қаражатқа сәйкес ККШ Топ кредиттік қаражат іріктелген жағдайда алуды күтетін ақшалай қаражат ағыны және егер міндеттеме ұстаушы кредиттік қаражатты іріктеген кезде шарт бойынша Топқа тиесілі ақшалай қаражат ағындары арасындағы айырма құнын көрсетеді; және
- Қаржылық кепілдік шарттарына қатысты ККШ ұстаушыдан, қарызшыдан немесе кез келген басқа тараптан алатын соманы алып тастағанда, кепілдік берілген борыштық құралдың иесіне өтем төлеуге күтілетін төлемдер арасындағы айырманы көрсетеді.

ККШ-ны бағалау жеке несиеге қатысты немесе тәуекелдің ұқсас сипаттамасы бар несие портфельдері бойынша жүргізіледі. ККШ бойынша бағалау резервінің есебі (жеке немесе топтық негізде) бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені (бұдан әрі - «ТПМ») пайдаланып, актив үшін күтілетін ақша ағынының сәйкес құнының негізінде есептеледі.

ККШ шамасын анықтаған кезде, дефолттың анықтамасын қолдану өте маңызды. Дефолтты анықтау ККШ-ның сомасын бағалау үшін пайдаланылады және бағалау резерві келесі 12 айға немесе бүкіл кредиттеу мерзіміне есептелген бе, соны анықтау үшін қолданылады, себебі «дефолт» түсінігі ККШ-ны бағалауға ықпал ететін және кредиттік тәуекелді айтарлықтай артуын анықтайтын «дефолт ықтималдығы» түсінігінің бір бөлігі болып табылады (4-ескертуде көрсетілген).

Болжамға негізделген ақпараттар туралы толығырақ мәлімет алу үшін 33-ескертуді қараңыз.

РЕПО ЖӘНЕ КЕРІ РЕПО КЕЛІСІМДЕРІ ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ҰСЫНУ

Топ өз қызметінің барысында қаржы активтерін сату туралы және кері сатып алу туралы келісімдер (бұдан әрі – «РЕПО келісімдері»), сондай-ақ сатып алу туралы және қайтадан кері сату туралы келісімдерді (бұдан әрі – «кері РЕПО келісімдері») бекітеді. РЕПО және кері РЕПО операцияларын Топ сауда жасау мақсатында өтімділікті басқару элементі ретінде пайдаланады.

РЕПО келісімдері қамтамасыз етілген қаржыландыру операциялары ретінде қарастырылады. РЕПО келісімдері бойынша сатылған бағалы қағаздар қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі, егер кепілзаттық қамтамасыз етуді алған тараптың оларды сату, не болмаса қайта кепілдікке беру құқығы болса, мұндай бағалы қағаздар РЕПО келісімдері бойынша кепілдікке салынған бағалы қағаздар ретінде жіктеледі. Тиісті міндеттеме кредит мекемелерінің немесе клиенттердің қаражатында атап көрсетіледі.

Кері РЕПО келісімдерінің негізінде сатып алынған бағалы қағаздар кредит мекемелеріндегі қаржы немесе клиенттерге берілген қарыздар немесе тиісінше ақшалай қаражаты және олардың баламасы ретінде есепке алынады. Сату мен кері сатып алу құны арасындағы айырма пайыздық пайда ретінде қарастырылады және РЕПО келісімдері әрекет ететін кезең үшін, тиімді пайыз мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып есептеледі.

Контрагенттерге қарызға берілген бағалы қағаздар қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Үшінші бір тарапқа сатылған, оларды сату мен сатып алу «пайда немесе шығын арқылы әділ күнмен бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайдада/(шығында)» есепке алынатындарды қоспағанда, тартылған бағалы қағаздар қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетілмейді. Оларды қайтару бойынша міндеттемелер саудалық міндеттеме ретінде әділ күнмен көрсетіледі.

Топ бағалы қағаздар бойынша РЕПО шарттарын және бағалы қағаздармен қарыздар бойынша мәмілелер бекітеді, олар бойынша Банк кәдімгі нарықтық тәжірибеге сәйкес қамтамасыз етуді алады немесе береді. Қазақстандағы және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы («ТМД») елдеріндегі кері сатып алу операцияларының стандартты талаптарына сәйкес қамтамасыз етуді алушы мәміле бойынша есеп айырысқан кезде баламалы бағалы қағаздарды қайтарған жағдайда қамтамасыз етуді сату немесе кепілге қайта салу құқығына ие.

ӨЗАРА ЕСЕПКЕ АЛУ

Қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша өзара есепке алу жүргізіліп, таза сомасы есепке алынған сомаларды есептеуге заңды тұрғыдан құқығы болған кезде және нетто-негізде реттеуді жүргізу немесе бір мезетте активті сату және міндеттемені өтеу ниеті болған кезде қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Шығып кеткен болып танылмайтын қаржы активін есепке алу кезінде Топ берілетін активті және оған сәйкес міндеттемені өзара есепке алуды орындамайды. Егер ол қандай да бір стандарт немесе түсіндіру бойынша талап етілмесе немесе рұқсат етілмесе, пайда мен шығын бойынша өзара есепке алу жүргізілмейді және жеке Топтың есепке алу саясаттарында ашылмайды.

ТУЫНДЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ

Топ туынды қаржы құралдарының бөлігі болып табылады, олардың кейбірі саудаға арналған, ал қалған бөлігі пайыздық, кредиттік және валюталық тәуекелдерді басқаруға арналған. Ұсталған туынды қаржы құралдарға шетел валютасындағы форвардтық келісімшарттар, пайыздық своптар, валюталық пайыздық своптар және кредиттік-дефолт своптары жатады.

Туынды қаржы құралдары бастапқыда туынды қаржы құралы жасалған күнгі әділ құн бойынша есепке алынады және кейінірек әрбір есептік күнгі олардың әділ құнына қайта бағаланады. Осыдан туындайтын пайда немесе шығын тікелей пайда немесе шығын арқылы танылады.

Оң әділ құны бар туынды қаржы құралдары қаржы активі ретінде танылады, ал теріс әділ құны бар туынды қаржы құралдары қаржы міндеттемесі ретінде танылады.

Топ валюталық форвардтық келісімшарттарды, пайыздық своптарды және валюталық своптарды қоса алғанда, пайыздық және валюталық тәуекелді басқару үшін әртүрлі туынды қаржы құралдарын пайдаланады. Туынды қаржы құралдары туралы неғұрлым толық ақпарат 7-ескертуде берілген.

Топтың туынды келісімшарттар бойынша тәуекелі Топтың нарықтық, кредиттік және өтімділік тәуекелін жалпылама басқару шеңберінде мұқият қадағаланады (33-ескерту).

КРЕДИТТІК-ҚҰНСЫЗДАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Қаржы активі осындай қаржы активі бойынша болашақ есептік ақша ағындарына кері әсер ететін бір немесе бірнеше оқиғалар болған жағдайда кредиттік-құнсыздандырылған деп есептеледі. Кредиттік-құнсыздандырылған қаржы активтеріне қатысты «3-кезеңнің» активтері термині қолданылады. Кредиттік құнсыздану белгілері келесі оқиғалар бойынша бақыланатын деректерді қамтиды:

- қарыз алушының немесе кредитордың елеулі қаржылық қиындықтары;
- шарт талаптарының бұзылуы, мысалы, дефолт немесе төлем мерзімінің өтуі;
- кредитор өзге жағдайда ұсынбайтын, қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты экономикалық себептер немесе шарт талаптарына сәйкес қарыз алушыға кредитордың талаптан қайтуды беруі;
- қаржылық қиындықтар салдарынан бағалы қағаздарға арналған белсенді нарықтың жоғалуы; немесе
- сәйкес кредиттік шығындарды көрсететін үлкен жеңілдікпен қаржы активін сатып алу.

Кейбір жағдайларда жеке оқиғаны анықтау мүмкін емес, өйткені қаржы активінің кредиттік құнсыздануы бірнеше оқиғалардың жиынтық әсерінен болуы мүмкін. Әр есептік күнгі жағдай бойынша Топ амортизацияланған құны бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері болып табылатын борыш құралдарының кредиттік құнсыздануына баға береді. Мемлекеттік және корпоративтік борыш құралдарының кредиттік құнсыздануын бағалау кезінде Топ облигациялардың кірістілігі, кредиттік рейтингтер және қарызшының қаржыландыру мүмкіндігін арттыру сияқты факторларды ескереді.

Қарыз, егер қарыз алушыға кеңшілік жасау нәтижесінде шартта көзделген ақша ағынына ие болмау тәуекелі айтарлықтай төмендегенде, айғақтар болмаған жағдайда қаржылық жағдайдың нашарлауына байланысты кеңшілік берілгенде және басқа да құнсыздану белгілері болмағанда кредиттік-құнсызданған деп саналады. Кеңшілік беру көзделген, бірақ ол берілмеген қаржы активтері егер кредиттік-құнсызданудың байқалатын белгілері бар болса, оның ішінде дефолттың анықтамасына сәйкес келсе кредиттік құнсызданған деп саналады. Шартты Дефолтты анықтау төлем ықтималдығының жоқтығы мен төлем мерзімінің аяқталуын белгілейді (90 күн немесе одан кейін кешіктіру). Кросс-дефолтты қолдану туралы шешім клиенттің объектісінің шарттарын, мысалы, кредиттік тәуекелдің қамтамасыз етілуін және маңыздылығын жеке бағалауға негізделген.

САТЫП АЛЫНҒАН НЕМЕСЕ ҚҰРЫЛҒАН КРЕДИТТІК-ҚҰНСЫЗДАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ («СҚКҚ»)

СҚКҚ қаржы активтері әр түрлі түрде ескеріледі, өйткені мұндай актив бастапқы тану сәтінде кредиттік-құнсыздану болып табылады. Осы активтерге қатысты Топ бағалау резерві ретінде бастапқы тану күнінен бастап активтің күтілетін қолданылу мерзімі ішінде кредиттік шығындар мөлшерінің барлық өзгерісін таниды; бұл ретте, барлық өзгеріс пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. Осындай активтердің күтілетін кредиттік шығындар шамасының оң өзгерісі болған жағдайда, құнсызданудан болған шығын танылады (кредиттік шығындар бойынша шығысты қалпына келтіру).

ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ

Қарыздар мен борыштық бағалы қағаздар Топтың қаржы активін қайтару жөнінде үміті болмаған кезде (толық немесе ішінара) есептен шығарылады. Бұл Топ қарызының есептен шығарылатын соманы өтеу үшін жеткілікті ақша ағымын түрлендіретін активтері немесе кіріс көзі жоқ деп шешкен кездегі жағдай. Есептен шығару - бұл тануды тоқтату. Топ қаржы активтерін есептен шығару үшін мәжбүрлеу шараларын қолдануы мүмкін. Топтың мәжбүрлеу әрекеттері нәтижесінде қалпына келтіру құнсызданудан кейін кіріс кіргізеді. Кепілдендірілген қарыздар кепілзатпен қамтамасыз етуді сатқаннан кейін түскен, кез келген түсімді алғаннан кейін есептен шығарылады. Қамтамасыз етуді сатудың таза құны анықталған жағдайда және одан әрі өтеуді негізді күту болмаса, есептен шығару ертерек жүргізілуі мүмкін.

ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ТАНУДЫ ТОҚТАТУ

Қаржы активтері

Қаржы активтерінің (немесе бұл орынды болған кезде, осындай қаржы активтерінің бір бөлігінің немесе осыған ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігінің) танылуын тоқтату мынадай жағдайда іске асырылады:

- егер активтен түскен ақшалай қаражат ағымын алу құқығының мерзімі аяқталған болса;
- Топ өзінің активтен ақшалай қаражат ағымын алу құқығын басқаға берген болса немесе активтен түскен ақшалай қаражаты ағымын алу құқығын сақтап қала отырып, бірақ оларды «аралық» келісімге сәйкес үшінші тарапқа көп кешіктірмей толық төлеу жөнінде міндеттеме қабылдаған жағдайда; және

- Топ іс жүзінде (а) актив бойынша тәуекелдің және сыйақының барлығын берген болса, не болмаса (б) актив бойынша тәуекелдің және сыйақының барлығын іс жүзінде ұстап қалмаған, бірақ активке бақылау жүргізуді берген болса.

Қаржы активі аударылғаннан кейін оны тану тоқтатылады және бұл аударым тануды тоқтату талаптарына сай болады. Аударуға сәйкес Топтан (а) актив бойынша ақша ағымдарын алуға келісімшарттық құқық беру немесе (б) актив бойынша ақша ағымдарына құқықты сақтау, алайда үшінші тарапқа қатысты осы ақша ағымын төлеу бойынша келісімшарттық міндеттеме қабылдау талап етіледі. Аударым жүргізілгеннен кейін Топ аударылған активтерге иелік етуден түскен пайданың және тәуекелдің сақталу деңгейіне қайта бағалау жүргізеді. Егер тәуекел мен пайданың барлығы негізінен сақталған болса, онда актив қаржы ахуалы туралы шоғырландырылған есепте одан әрі таныла береді. Егер тәуекел мен пайданың барлығы жалпы берілген болса, бұларды актив бойынша тану тоқтатылады. Егер кейіннен тәуекел мен пайданың барлығы сақталмайтын және берілмейтін болса, Топ активтерге жүргізілетін бақылаудың сақталуын бағалайды. Егер бақылау сақталмаған болса, онда актив бойынша тану тоқтатылады. Егер Топ активті бақылауды сақтайтын болса, онда ол оның қатысуы шеңберінде активті таңдауды жалғастырады.

Қаржы міндеттемесін өзгерту және тануды тоқтату

Топ қаржы міндеттемелерін тек егер олар өтелсе, күшін жойса немесе олар бойынша талап мерзімі аяқталса, тануды тоқтатады. Қаржылық міндеттеменің баланстық құны арасындағы тануды тоқтату және төленген немесе төленетін өтемақы арасындағы айырмашылық пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Топ пен кредитор арасында айтарлықтай өзгеше шарттармен борыштық құралдарды айырбастау бастапқы қаржы міндеттемелерін реттеу және жаңа қаржы міндеттемесін тану ретінде ескеріледі. Топ бастапқы қаржы міндеттемесін өтеу және жаңа қаржы міндеттемесін тану ретінде қолданыстағы қаржы міндеттемесі немесе оның бір бөлігінің шартында елеулі өзгерісті есепке алады. Топ, егер ақша ағымының дисконтталған сәйкес құны жаңа шарттарға сәйкес, бастапқы тиімді комиссиялық мөлшерлеме бойынша дисконтталған, алынған комиссиялық сыйақыны ұстап қалғандағы комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, міндеттеме талаптары айтарлықтай ерекшеленетінін ескере отырып, бастапқы қаржы міндеттемесі бойынша қалған ақша ағымының дисконтталған, сәйкес құнынан кемінде 10%-ға айырмашылығы болатынын басшылыққа алады. Егер өзгерту айтарлықтай маңызды болмаса, онда мыналардың арасындағы айырмашылықтар: (1) өзгертуге дейін міндеттеменің баланстық құны; және (2) өзгертуден кейін ақша ағымының сәйкес құны түрлі кіріс пен шығыс құрамында өзгерістен кейін кіріс немесе шығыс ретінде пайда немесе шығын арқылы танылуы тиіс.



САЛЫҚ САЛУ

Табыс салығы бойынша ағымдағы шығындар Қазақстан Республикасының және Топ жұмыс істейтін басқа елдердің заңнаамасына сәйкес есептеледі.

Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер уақыттық айырмашылыққа қатысты есепке алудың баланстық әдісін пайдалану арқылы есептеледі. Мерзімі кейінге шегерілген табыс салығы активтердің салықтық базасы мен міндеттемелері және баланстық құны арасында пайда болған барлық уақыттық айырмашылықтар бойынша, мерзімі кейінге шегерілген корпоративтік табыс салығы іскерлік беделдің, активтің немесе компанияны шоғырландыру емес және іске асыру сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен шығынға да әсері тимейтін операция бойынша міндеттеменің бастапқы көрсетілуі нәтижесінде туындайтын жағдайларды қоспағанда, қаржылық есептілігі мақсатында көрсетіледі.

Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер уақыттық айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін, келешекте салық салынатын табыс алу мүмкіндігі бар шамада көрсетіледі. Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер активті сату немесе міндеттемелерді реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салықтық мөлшерлемелер бойынша есеп берілетін күні күшіне енген немесе нақты күшіне енетін салықтық мөлшерлемеге қарай бағаланады. Мерзімі кейінге шегерілген салық өзге жиынтық кірісте немесе капиталда есепке алынатын операцияға қатысты жағдайларды қоспағанда, мерзімі кейінге қалдырылған салық тікелей пайда мен шығындарда есепке алынады, мұндай жағдайда мерзімі кейінге қалдырылған салық тағы да тікелей жиынтық кірісте немесе капиталда есепке алынады.

Кейінге шегерілген салықтық міндеттемелер, Топтың уақыттық айырмашылықты қалпына келтіру мерзімін бақылау мүмкіндігі бар және аталған айырмашылықтар көз жетерлік болашақта қалпына келтірілмейтініне жоғары ықтималдылық бар болатын жағдайларды қоспағанда, еншілес кәсіпорындарға, тәуелді кәсіпорындарға қатысты салық салынатын уақыттық айырмашылықтарды ескере отырып көрсетіледі.

Мерзімі кейінге шегерілген табыс салығы еншілес және қауымдастырылған компанияларға, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялармен байланысты уақыттық айырмашылық бойынша көрсетіледі, егер уақытша айырмашылықтың жойылу мерзімін бақылау мүмкін болмаса және уақытша айырмашылықтың жақын болашақта жойылмауы ықтимал.

Топ мерзімі кейінге шегерілген салық активтері мен міндеттемелерге өзара есеп жүргізеді және Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептілікте қорытынды айырмасын көрсетеді, егер:

- Топтың ағымдағы салықтық талаптар мен ағымдағы салықтық міндеттемелерге қарсы есепке алу жүргізу үшін заңды түрде бекітілген құқығы болса; және
- Мерзімі кейінге шегерілген салықтық активтер мен міндеттемелер бір салықтық субъектіден бір салықтық орган өндіріп алатын пайда салығына жатқызылатын болса.

Мұнымен қатар Қазақстан Республикасында және Топ жұмыс істейтін басқа елдерде Топ қызметіне қатысты қолданылатын әртүрлі операциялық салықтар әрекет етеді. Бұл салықтар пайда салығынан басқа салықтардың құрамында көрсетіледі.

Егер салықтық тексеру нәтижесі ретінде салық органдары Топтың төлемдерді жүргізуін міндеттейтін болса, Топ белгісіз салықтық позициялар бойынша резервті көрсетеді. Бұл резерв Топтың төлеуге жататын сомасына қатысты ең жақсы баға негізінде бағаланады. Резервтер, басшылық олардың енді талап етілмейтінін немесе заңды талаптармен сәйкес анықтаған кезеңде табыс салығы бойынша резервтегі кірістерге қайтарылады.

НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Негізгі құрал-жабдықтар, жинақталған құнның тозуы мен құнсыздануы шегерілгеннен кейінгі бастапқы құн бойынша көрсетіледі, ғимараттар мен құрылыстар бұған жатпайды, олардың құны қайта бағалау жүргізілетін күнгі әділ құны болып табылатын қайта бағаланған құнмен, кейін құнсызданудан жинақталған амортизация мен жинақталған шығындардың шегерілгеннен кейінгі құн бойынша көрсетіледі.

Нысанды амортизациялау оны пайдалануға қол жеткізу мүмкін болғанда басталады. Амортизациялау активтерді тиімді пайдаланудың мынадай бағалау мерзімдері ішінде құнды біркелкі шығынға жазу әдісімен есептеледі:

	ЖЫЛДАР
Ғимараттар мен құрылыстар	20-100
Көлік құралдары	5-7
Компьютерлер мен банктік жабдықтар	5-10
Басқалары	7-10



Жалға берілген меншікті жақсартуларды амортизациялау жалданған тиісті активтерді пайдалау қолдану мерзімі ішінде есептеледі. Ағымдағы және күрделі жөндеу бойынша шығыстар пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есептілікте, егер капиталдандыру бойынша талаптарды қанағаттандырмайтын болса, операциялық шығындар құрамында олардың пайда болу кезеңінде көрсетіледі.

Негізгі құрал-жабдықтардың баланстық құны әрбір есептік күнге, есепке алуда көрсетілген соманың, оның орны толтырылатын құнынан асуы мүмкін мәніне талданады және, егер баланстық күн мұндай есеп айырысатын орын толтыру құнынан асатын жағдайда активтер құны орын толтыратын есеп айырысу құнынан артатын болса, онда активтер құны орны толатын күнге дейін төмендетіледі. Құнсызданудан болған зиян тиісті кезеңде танылады және операциялық шығыстар құрамына қосылады.

Қызмет көрсетуге немесе әкімшілік мақсатқа арналған қолда бар ғимараттар мен құрылыстар Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте қайта бағаланған құнмен көрсетіледі, бұл күн білікті тәуелсіз бағалаушылар нарықтық мәліметтер негізінде белгілеген, кейіннен жинақталған тозу мен құнсызданудан зияндар шегерілгеннен кейін анықталады. Активтердің баланстық құны есептік күнгі жағдайға сәйкес әділ құнмен есептеу әдісі бойынша анықталуы мүмкін болатын құннан елеулі айырмашылықта болмауы үшін қайта бағалау ұдайы түрде жүргізіліп отырады.

Қайта бағалау нәтижесінде жылжымайтын мүлік құнының кез келген ұлғайтылуы негізгі құралдарды қайта бағалау резерві құрамында көрсетіледі, пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте бұрын танылған сол актив құнының азайтылған сомасы өтелетін жағдай бұған жатпайды. Бұл жағдайда ұлғайтылған құн сомасы пайда мен зияндар туралы біріктірілген есепте бұрын ескерілген активтердің азайтылған құны мөлшерінде танылады. Қайта бағалау нәтижесінде тұтындаған активтің баланс құнының азайтылуы пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте аталған активтің бұған дейінгі қайта бағалану нәтижесінде пайда болған қайта бағалау құнынан қаншалықты асатын болса, сол мөлшердегі деңгейде танылады.

Қайта бағаланған ғимараттар мен жайлардың амортизациясы пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Қайта бағаланған меншік одан әрі сатылған немесе шығарылған жағдайда Жылжымайтын мүлікті қайта бағалау резервінің құрамында ескерілген тиісті оң мәнді нәтиже бөлінбеген пайда есебіне аударылады.

Аяқталмаған құрылыс нысандары құнсызданудан шығындар шегерілген нақты күн бойынша есепке алынады. Құрылыстың құнына кәсіпкерлік қызметтердің құнын, сондай-ақ белгілі бір талаптарға сәйкес келетін активтер үшін Топтық есептік саясатына сәйкес капиталдандырылатын қарыздар бойынша шығындар кіреді. Осындай аяқталмаған құрылыс нысандары құрылысты аяқтау немесе жоспарланған пайдалануға дайын болу сәтіне негізгі құрал-жабдықтардың тиісті санаттарына жатады. Осы активтер бойынша амортизацияны есептеу негізгі құрал-жабдықтардың басқа нысандары бойынша сияқты активтердің жоспарланған пайдалануындайын болу сәтінен басталады.

Негізгі құрал-жабдықтар нысаны сатылған жағдайда немесе активті пайдалануды жалғастырудан болашақ экономикалық пайда түсіру күтілмеген жағдайда, есептен шығарылады. Негізгі құрал-жабдықтар нысандарын сатудан немесе өзге шығынан түскен кіріс немесе зиян осы нысандарды сату бағасы мен баланстық құны арасындағы айырмашылық ретінде анықталады және пайдалар немесе шығындарда танылады.

МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер

Жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған, пайдаланудың соңғы мерзімдері бар материалдық емес активтер құнсызданудан жинақталған амортизация мен жинақталған шығын шегерілген сатып алу құны бойынша есепке алынады. Тімді пайдаланудың күтілудегі мерзімдері мен амортизацияны есептеу әдісі әр есептік кезеңнің аяғына талданады, бұл ретте бағалаулардағы барлық өзгерістер салыстырмалы көрсеткіштерді қайта қарастырмастан есептілікте көрсетіледі. Материалдық емес актив сатылған кезде немесе оны пайдаланудан не болмаса шығуынан болашақ экономикалық пайда түсімдері күтілмеген жағдайда есептен шығарылады. Активтің шығуынан таза түсімдер мен баланстық құнының арасындағы айырмашылықты білдіретін, материалдық емес активті есептен шығарудан түскен пайда немесе шығын есептен шығару сәтінде пайдаға немесе шығынға қосылады.

Жеке мәмілелер шеңберінде сатып алынған, пайдаланудың анықталмаған мерзімдері бар материалдық емес активтер құнсызданудан жинақталған шығын шегерілген нақты шығындар бойынша есепке алынады. Пайдаланудың анықталмаған мерзімдері бар материалдық емес активтерге амортизация есептелмейді.

Бизнесті біріктіру бойынша мәмілелерде сатып алынған материалдық емес активтер

Бизнесті біріктіргенде сатып алынған және гудвилдан бөлек көрсетілетін материалдық емес активтер сатып алу күніне әділ күн бойынша есепке қабылданады (сатып алу құны ретінде қарастырылатын). Бастапқы танылғаннан кейін бизнесті біріктіргенде сатып алынған материалдық емес активтер келеген мәмілелер шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтерге ұқсас құнсызданудан жинақталған амортизация мен жинақталған шығындар шегерілген сатып алудың құны бойынша көрсетіледі.

Амортизациялау активтерді тімді пайдаланудың мынадай бағалау мерзімдерінің ішінде қайты бір қалыпты есептен шығару әдісімен есептеледі:

	ЖЫЛДАР
Клиенттік базаға жататын материалдық емес активтер	5
Бағдарламалық жасақтама	10
Бағдарламалық жасақтама ны пайдалану құқығына лицензиялық келісім	10
Басқалары	10



САТУҒА АРНАЛҒАН АКТИВТЕР

Ұзақ мерзімді активтермен тікелей байланысты ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер егер мұндай активтердің ағымдағы құны, негізінен, бұларды тұрақты түрде пайдалану арқылы емес, сату арқылы өтелу мүмкіндігі жоғары болса және мұндай активтер (немесе шығу тобы) бұлардың ағымдағы күйінде сатылуы мүмкін болса, сатуға арналған деп жіктеледі («шығу тобы»). Мұндай активтер сатуға арналған деп жіктелген сәттен бастап Басшылық бұл активтерді бір жылдың ішінде сатуға ниетті болуға тиіс.

Сатуға арналған активтер сатуға жұмсалатын шығын шегерілгеннен кейінгі бұлардың баланстық және әділ құнымен бағаланады. Егер сатуға арналған активтің әділ құны сатуға жұмсалатын шығын шегерілгеннен кейін оның баланстық құнынан төмен болса, құнсыздану шығынын ұйым пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте сатуға арналған активтер шығыны ретінде тануға тиіс. Активтің әділ құнындағы одан кейінгі кез келген ұлғаю шамасы, сату шығыны шегерілгеннен кейін, осы активтердің құнсыздануы бойынша бұрын танылған жинақталған шығын сомасы болып танылады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

Инвестициялық жылжымайтын мүлік - бұл жалға алуға, капиталды өсіруге немесе екеуіне де арналған жылжымайтын мүлік. Инвестициялық жылжымайтын мүлік нысандары бастапқыда, сатып алу шығыстарымен қоса алғанда сатып алу құны бойынша есепке алынады. Нәтижесінде олар әділ құн бойынша көрсетіледі. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құнының өзгерістері, олар орын алған жылдың пайдасына немесе шығынына қосылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлікті тану, егер онымен байланысты экономикалық пайда бұдан былай күтілмейтін болса, есептен шығару немесе пайдаланудан шығару кезінде тоқтатылады. Нысананың шығуынан болған кез келген пайда немесе шығын (шығудан түскен таза түсім мен активтің баланстық құны арасындағы айырма) тануды тоқтату жылының пайдасына немесе шығынына қосылады.

КОМЕРЦИАЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

Белгілі бір жағдайларда, Топ кредиттік шарттарды реттеу шеңберінде коммерциялық жылжымайтын мүлікті өтеуді жүргізе алады. Топ осы жылжымайтын мүлікті қалыпты қызмет бағысында сатуды жоспарлайды, бұл жылжымайтын мүлік бастапқыда сатып алу шығыстарымен қоса әділ құн бойынша есепке алынады, ал бастапқы танудан кейін екі құнның ең төменгісі бойынша бағаланады: өзіндік құн немесе сатудың таза құны бойынша. Сатудың таза құнын бағалау жүргізген сәтте

коммерциялық жылжымайтын мүлікті сату, күтілетін сомалар бойынша бар дәлелдердің ең сенімділерінен негізделеді. Бұл бағалаулар кезек аяқталғаннан кейін болған жағдайларға тікелей қатысты құнның немесе өзіндік құнның құбылуын осындай жағдайлар осы жылдың аяғында болған шарттарды растайтындай мөлшерде есепке алады.

КЛИЕНТТЕР МЕН КРЕДИТ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚАРАЖАТЫ

Клиенттер мен кредиттік мекемелерінің қаражаты бастапқыда шығындарды шегергендегі алынған қаражаттың әділ құны бойынша көрсетіледі. Кейін алынған қаражат амортизациялық құны бойынша көрсетіледі, ал алынған қаражаттың мөлшері мен өтеу кезіндегі сома арасындағы тиісті айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, қарыз алу кезеңіндегі пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Егер Топ өзінің меншікті борыштық міндеттемесін сатып алса, онда ол қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады және міндеттеменің баланстық құны мен мәміледе төленген төемақы арасындағы айырмашылық пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШТЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Шығарылған борыштық бағалы қағаздар Топтың айналымға шығарған облигациялары болып табылады, олар клиенттер мен кредиттік мекемелердің қаражаттары сияқты қағидаттарға сәйкес көрсетіледі. Міндеттемелерді шығару шығындарын шегергендегі алынған сомалар және өтеу құны арасындағы кез келген айырмашылық тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, қарыз алу кезеңі бойынша пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте танылады.

КАПИТАЛ

Топ өзі шығаратын қаржы құралын келісімшарттық келісімнің мәніне сәйкес қаржы активі, қаржы міндеттемесі немесе үлестік құрал ретінде жіктейді. Егер ол ақшалай қаражат немесе басқа қаржы активін ұсыну бойынша, не болмаса қолайсыз жағдайларда қаржы активтерін немесе қаржы міндеттемелерін айырбастау бойынша келісімшарттық міндеттеме болса, онда ол құрал міндеттеме ретінде жіктеледі. Құрал, егер ол міндеттемелерді шегергеннен кейін Топ активтеріндегі қалдық үлесті талап етсе, капитал ретінде жіктеледі.

Топ шығарған күрделі қаржы құралдарының компоненті түрлі жағдайларға сәйкес қаржы активтері, қаржы міндеттемелері немесе капитал ретінде жеке жіктеліп, есепке алынады.



Жарғылық капитал

Кәсіпорындарды біріктіруден басқа, жаңа акцияларды шығаруға тікелей қатысты үшінші тараптың сыйақылары, шығарылымнан түскен түсімнен шегерім ретінде капиталда танылады. 2003 ж. 13 мамырға дейін шығарылған акциялардан алынған әділ құны номиналдық құнынан асатын болса ол эмиссиялық кіріс ретінде көрсетілген. 2003 ж. 13 мамырдан бастап, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының жаңа редакциясы қабылданғаннан кейін «акцияның номиналдық құны» деген ұғым акцияларды қоғамның құрылтайшылары арасында орналастырған кезде ғана қолданылады. Барлық өзге инвесторлар үшін жарғылық капитал Топтың акцияларды орналастырудан алған сомасына тең орналастыру бағасы бойынша есепке алынады.

Өтеуі төлеп алынған меншікті акциялар

Топ меншікті акциялардың өтеуін төлеп алған жағдайда, тікелей шығындарды қоса алғандағы сатып алу құны, қолданылатын тиісті салық төлемі шегерілгеннен кейін, капитал құрамының өзгерісі ретінде танылады. Топтың өтеуін төлеп сатып алынған меншікті акциялары айналымнан алынады. Құны өтеліп сатып алынған акциялар өтеуі төлеп алынған меншікті акциялары ретінде жіктеледі және сатып алу құны бойынша көрсетіледі. Мұндай акциялар шығарылған акциялардың орташа есептелген санынан шегеріледі және олардың құны капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі. Топ мүшелері сатып алған акциялары бойынша алынған дивидендтер шоғырландыру кезінде алынып тасталады.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттеме болып танылады және олар жарияланған күні капиталдан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есеп берілетін күнге дейін, сондай-ақ есеп берілетін күннен кейін, алайда біріктірілген қаржы есептелгінде шоғырландырылатын күнге дейін ұсынылған немесе жарияланған болса, есептелікте ашылып көрсетіледі.

Меншікті капитал қорлары

Топтың қаржылық жағдайы туралы есебіндегі меншікті капиталдың құрамында (басқа жиынтық кірісте) көрсетілген қорларға мыналар кіреді:

- Басқа жиынтық кіріс арқылы бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының өзгеруі мен басқа жиынтық кіріс арқылы бағаланатын қаржы активтерінің әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді қамтитын қаржы активтерін қайта бағалау қоры;
- таза инвестицияларды шетел қызметіне қайта есептегенде туындайтын бағамдық айырмашылықтарды көрсету үшін пайдаланылатын Бағамдық айырмашылықтар қоры;
- жер мен ғимараттарды қайта бағалау резервінен тұратын негізгі құралдарды қайта бағалау қоры.



ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Шартты міндеттемелер Қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, дегенмен, оларды өтеу нәтижесінде қаржының ағымы туындау ықтималдығы аз болған жағдайларды қоспағанда, шоғырландырылған қаржылық есептілігінде ашылады. Шартты актив Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте танылмайды, бірақ экономикалық пайда табу мүмкіндігі болған жағдайда Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептілікте ашылады.

БИЗНЕСТІ БІРІКТІРГЕНДЕ САТЫП АЛЫНҒАН ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бизнесті біріктірген кезде сатып алынған шартты міндеттемелер сатып алу күніне әділ құны бойынша есепке алынады. Кейіннен шартты міндеттемелер мыналар бойынша бағаланады: «Резервтер, шартты міндеттемелер мен шартты активтер» деген ХҚЕС (IAS) 37-ге сәйкес анықталған мөлшер және «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» деген ХҚЕС (IFRS) 15-ке сәйкес есептелген, жинақталған амортизация шегерілігі, олар бастапқыда есепке алынған мөлшер.

ФИДУЦИАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Топ өз клиенттеріне мүлкті сенімгерлікпен басқару қызметтерін ұсынады. Топ сондай-ақ депо шоттары бойынша бағалы қағаздармен операциялар жүргізуді қамтамасыз ете отырып, өз клиенттеріне депозитарий қызметтерін ұсынады. Фидуциарлық қызмет шеңберінде алынған активтер мен қабылданған міндеттемелер Топтың қаржылық есептілігіне енгізілмейді. Топ фидуциарлық қызметпен байланысты операциялық тәуекелдерді өзіне қабылдайды, алайда осы операциялар бойынша кредиттік және нарықтық тәуекелдерді Топ клиенттері көтереді. Сенімгерлікпен қызмет көрсетуден түскен түсім қызмет көрсету сәтінде танылады.

КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАРДЫ ТАНУ

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, барлық қаржы құралдарына арналған пайыздық кірістер және шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайда мен шығын туралы есепте «Пайыздық шығыстар» және «Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер» ретінде «Таза пайыздық кіріс» түрінде танылады.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс пайда немесе шығын туралы шоғырландырылған есептің «Өзге пайыздық кірістер» құрамына кіреді.

ТПМ - қаржы құралының күтілетін болашақ ақша ағындарының қаржылық активтің немесе міндеттеменің күтілетін мерзімі ішінде немесе (егер қолданылса) қысқа мерзім ішінде таза баланстық құнға дисконттау мөлшерлемесі. Болашақ ақша ағындары құралдың барлық шарттық талаптарын ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын және кез келген қарыз туралы уағдаластықпен тікелей байланысты болған тараптар төлеген немесе алған барлық сыйақылар және сомалар, сондай-ақ мәміле бойынша шығындар және барлық басқа сыйақылар немесе жеңілдіктер ескеріледі. ПШАӘҚБ санатындағы қаржы активтері бойынша мәміле бойынша шығындар бастапқы тану кезінде пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Пайыздық кірістер/пайыздық шығыстар кредиттік құнсызданбаған қаржы активтерінің (яғни, күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервті бағалау шамасын түзетуге дейінгі қаржы активінің амортизацияланған құнына) жалпы баланстық құнына немесе қаржылық міндеттемелердің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі. Кредиттік құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер мұндай активтердің амортизациялық құнына ТПМ қолдану арқылы (яғни, олардың күтілетін кредиттік шығындарға қатысты бағалау резервін шегергендегі олардың жалпы баланстық құны) есептеледі. ЖСКҚ қаржы активтеріне арналған ТПМ қаржылық активтен күтілетін болашақ ақша ағындарын анықтау кезінде күтілетін кредиттік шығындар сомасын көрсетеді.

Клиенттерге қарыздар беру үшін комиссиясы (тиісті тікелей шығындармен бірге) қарыздар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемеге жасалған түзету ретінде танылады. Егер қарыз беру міндеттемелері болса, қарыз беру туралы шарт бекітілген болса, қарыз беру міндеттемесі үшін комиссия алдағы кезеңдердің кіріс құрамына (тиісті тікелей шығындарымен бірге) қосылады және одан әрі қарыз бойынша нақты кірістерге жасалған түзету ретінде көрсетіледі. Қарыз беру бойынша міндеттемелер қарыз беруге алып келу ықтималдығы төмен болып бағаланатын болса, қарыз беру міндеттемесі үшін комиссия қарыз беру бойынша міндеттеменің қалған кезеңі ішінде пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. Қарыз беру міндеттемелерінің әрекет ету мерзімі қарыз берілмей аяқталғанда, қарыз беру міндеттемесінің комиссиясы оның әрекет ететін мерзімі аяқталатын күнгі пайда мен шығындар құрамында танылады.

Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер

Комиссиялық кірістер клиенттерге осындай қызметтерге айырбас ретінде күтілетін сыйақыны көрсететін сомасы ретінде көрсетіледі. Топ қызмет көрсету бойынша міндеттемелерді, яғни клиентпен келісілген міндеттемелерді орындау бойынша қызметтерді көрсетуге сәйкес клиентпен келісілген сыйақыны таниды.

Әрбір орындалатын анықталған міндеттемеге Топ шарт жасаған кезде оның орындалатын міндеттемелерді ағымдағы уақыт ішінде немесе белгілі бір сәтте

орындайтынын және өтеу тіркелімді немесе ауыспалы, өтеу шегін қоса алғанда, мысалы, Топтың ықпалына байланысты емес сыртқы факторлар, болып табылатынын анықтайды. Соңында өтеу анықталған орындалатын міндеттемеге бөлінеді.

Клиенттердің шоттарына және кассалық операцияларға қызмет көрсетуден түсетін комиссиялық кірістерге салымдардан алынған сыйақылардың орнына депозиттерден алынған комиссиялар, салымшылардың өтініші бойынша транзакцияларға қызмет көрсету бойынша алымдар және Ақшалай қаражатын басқару бойынша операциялар жүзеге асырудан түскен комиссиялар кіреді. Депозиттер бойынша қызметтер үшін ақы төлеу, әдетте ай сайын тиісті қызмет көрсетілетін кезеңде танылады. Қызмет ақысы сұрау салынған қызмет көрсету транзакциясы аяқталғаннан кейін танылады. Ақшалай қаражатын басқарғаны үшін алынатын төлемдер көрсетілген қызметке қарай танылады.

Пластик карталарға қызмет көрсеткені үшін қызметтер мен комиссиялардан түсетін кіріс несие және дебеттік карталар транзакциясынан түсетін өзара ауысымдық кірістерді қамтиды және тиісті желімен есептескеннен кейінгі уақытта танылады. Бір банктің екінші банкке оның кредиттік карталарымен жасаған операциялары үшін төленетін комиссияны, әдетте, тиісті желі сатып алу көлемі және басқа факторлар негізінде белгілейді. Карталармен байланысты басқа да комиссиялар транзакция аяқталған кезден кейінгі сәтте танылады.

Банктік қызмет көрсетудің өзге де кірістері мен комиссияларына банктік аударымдар, аккредитивтер бойынша алымдар және басқа транзакциялық қызметтер сияқты транзакциялық банктік операциялардың әртүрлі алымдар кіреді. Бұл алымдар, осылайша, транзакция жүргізілген және қызметтер көрсетілген уақытта танылады. Аккредитивтер бойынша алымдар негізінен аккредитив туралы келісімдерге байланысты алынатын алымдарды қамтиды және әдетте келісімшартты орындау кезінде танылады.

ХҚЕС (IFRS) 15 қолдану шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілген ақпараттың немесе сомалардың ашылуына елеулі әсерін тигізген жоқ.

ШЕТЕЛДІК ВАЛЮТАДА БЕРІЛГЕН БАПТАРДЫ ҚАЙТА БАҒАЛАУ

Шоғырландырылған қаржылық есептілік, шетелдік еншілес компанияларды қоспағанда, Банк пен оның еншілес кәсіпорындарының функционалдық валютасы болып табылатын теңгемен беріледі. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция жүргізілетін күндегі айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютамен қайта есептеледі. Шетел валютасындағы ақша активтері мен міндеттемелер ҚҚБ есептік күнге сәйкес белгілеген нарықтық айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі. Шетел валютасымен



мәмілені қайта есептеу нәтижесінде пайда болған пайда мен шығындар шетел валютасын және шетел валютасымен операцияларды қайта бағалаудан алынған таза пайдалар немесе шығындар ретінде пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте танылады. Шетел валютасымен бастапқы құны бойынша бағаланған ақшалай емес баптар бастапқы мәмілелер күніне айырбастау бағамдарын қолдану арқылы қайта есептеледі. Шетел валютасымен әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құн айқындалған күнгі айырбастау бағамын пайдалана отырып қайта есептеледі.

Шетелдік еншілес кәсіпорындардың активтері мен міндеттемелері есепті күнгі жағдай бойынша, Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепті күні әрекет ететін айырбастау бағамы бойынша Топтың функциялық валютасымен қайта есептелінеді, ал еншілес кәсіпорындардың пайда мен шығындар туралы есептілігі бір жыл үшін орташа айырбастау бағамдары бойынша қайта есептеледі. Қайта есептеген кезде туындайтын айырмашылық капиталдық жеке компонентінде тура есепке алынады. Шетелдік еншілес кәсіпорын шығарылған жағдайда, капиталда танылған және тікелей осы еншілес кәсіпорынға қатысты мерзімі кейінге шегерілген жинақталған сома пайда мен шығыстар туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Келісімшарттық айырбастау бағамы мен нарықтық айырбастау бағамы арасындағы айырмашылық шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша таза пайдаға немесе шығынға қосылған. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша нарықтық айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 431.67 теңгені, 1 ресейлік рубль үшін 5.77 теңгені, 1 еуро үшін 487.79 теңгені құрады (2020 жылдың 31 желтоқсанында – 1 АҚШ доллары үшін 420.91 теңге, 1 ресейлік рубль үшін 5.6 теңге, 1 еуро үшін 516.79 теңге; 2019 жылдың 31 желтоқсанында – 1 АҚШ доллары үшін 382.59 теңге, 1 ресейлік рубль үшін 6.16 теңге, 1 еуро үшін 429.00 теңге болды).

САҚТАНДЫРУ

Сақтандыру бойынша келісімшарттар – егер болашақтағы көрсетілген белгісіз оқиға сақтандыру полисін ұстаушыға теріс әсер ететін болса, сақтандыру полисінің ұстаушысына өтемақс төлеуге келісім берумен қоса, басқа тараптан едәуір сақтандыру тәуекелін беретін келісімшарттар. Топ Қазақстан Республикасындағы сақтандыру компаниялары үшін КРҰБ белгілеген есепке алу саясатын пайдаланады.

Қазақстан Республикасының нормативтік актілеріне сәйкес, сақтандыру шарттарында кепілдік берілген элементсіз дискрециялық қатысу болған жағдайда, сақтандырылушыларға қосымша төлемдер акционерлердің жылдық жалпы жиналысында қабылданған шешімге байланысты болады және бөлінбейтін пайданы бөлу сияқты ұсынылуы тиіс; шығыстар емес.

Топ мүлікті сақтандыру, жазатайым жағдайдан сақтандыру, құқықтық жауапкершіліктен сақтандыру, жеке басты сақтандыру және өмірді сақтандыру бойынша түрлі өнімдер ұсынады.

Андеррайтингтен түсетін кіріс

Андеррайтингтен түсетін кіріс еңбекпен өтелмеген сыйлықақы резервіндегі таза өзгеріс шегерілгеннен кейін қайта сақтандыруға берілгеннен алынған комиссиялар мен сақтандыру бойынша таза сыйлықтан тұрады.

Келісімшарттың әрекеті басталғаннан кейін сыйлықақылар полисте көрсетілген сомада есепке алынады және сақтандыру шартының әрекет ету кезеңі ішінде пропорционалды негізде кірістерге жатқызылады. Еңбекпен өтелмеген сыйлықтар резерві сақтандыру шартының аяқталмаған мерзіміне жататын барлық қабылданған сыйлықтардың бөлігін құрайды және қоса берілген Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте сақтандыру талаптарын реттеу резервіне қосылады.

Шығындарды реттеу бойынша шығындар мен шығыстар пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте олардың шығуына қарай болуы мүмкін пайдалар мен шығындар резервін шығындарды реттеу бойынша қайта бағалау арқылы есепке алынады және қоса берілген пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте іске асырылған сақтандыру төлемдері құрамына қосылады.

Қайта сақтандырушылармен келісімшарттар бойынша алынған комиссиялар қайта сақтандыру шартына қол қойған және ол күшіне енген сәттен бастап кіріс ретінде есепке алынады.

Сақтандыру полисін сатып алу құны жаңа бизнесті ашумен тікелей байланысты және түрленеді, мерзімі кейінге қалдырылған болып табылатын және сақтандыру активтерінің құрамында қоса берілген Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте сақтандыру активтерінде көрсетілетін сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленген комиссиялардан тұрады. Мерзімі кейінге шегерілген сатып алу бойынша шығындарға жататын активтер кейіннен тиісті сыйақы еңбегі ақталған кезең ішінде амортизацияланады және оның баланстық құнының орны толатын болмауы мүмкін жағдайларда құнсыздануы тұрғысынан тексеріледі. Егер актив сомасы орны толтырылатын құн сомасынан көп болса, ол дереу есептен шығарылады. Қалған өзге шығындар пайда болу ретіне қарай шығын болып танылады.

Сақтандыру бойынша шығындардың және шығындарды реттеу бойынша шығыстардың резерві

Сақтандыру қызметі бойынша мүмкін болатын шығындардың және сақтандыру шығындарын реттеу шығыстарының резерві қоса беріліп отырған Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепке қосылған және әлі реттелмеген есептік күнге дейін сұратылған шығындардың ақысын төлеуге болжанған сомаға және болған, бірақ есептік кезеңге жатқызылатын жарияланбаған шығындар бойынша бағалауға негізделген.

Орын алған, бірақ жарияланбаған автокаско және жауапкершілікті сақтандыру бойынша зияндар резерві (бұдан әрі - «ОЖЗР») актуарлық негізде анықталады және бизнестің санаттар мен қосалқы санаттар зияндары пайда болуы үшін қалыптас кезең үшін сақтандыру төлемдері бойынша статистикалық деректерге және Топтың алдыңғы тәжірибесіне негізделген.



Топтың нақты тарихи деректерінің және бизнестің басқа бағыттары бойынша салыстырмалы деректерінің болмауына байланысты ОЖЗР КРҰБ нұсқаулығын қолдану арқылы анықталды. Осы ОЖЗР нұсқаулығы талаптарының деректерін сәйкес сақтандырудың осы класында есептеу күнінің алдындағы соңғы он екі айдың ішінде күшіне енген сақтандыру шарттары бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысы сомасының 5 %-ы мөлшерінде анықталды.

Мұндай бағалауларды анықтау тәсілі және соның нәтижесінде алынған резервтерді жасау тұрақты түрде қайта қаралып және жаңартылып отырады. Осының нәтижесінде алынған түзетулер олар анықталған кезеңде пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есептерде көрінеді.

Қайта сақтандыру

Топ өзінің әдеттегі қызметін іске асыру барысында қайта сақтандыру операцияларын жүзеге асырады. Қайта сақтандыру туралы мұндай келісімдер бизнесті одан әрі әртараптандыруды қамтамасыз етеді, басшылыққа тәуекелдерді сақтандыру нәтижесінде пайда болатын ықтимал шығындарды бақылауды іске асыруға мүмкіндік береді және өсімге қол жеткізу үшін қосымша мүмкіндік туғызады.

Қайта сақтандыру активтері басқа қайта сақтандыру компанияларының төленген және төленбеген зияндар үшін берешек сомасынан және зияндарды реттеуге жұмсалатын шығыстардан, сондай-ақ әлі алынбаған сақтандыру сыйлығынан құралады. Қайта сақтандырушылардан алынатын ақша сомасы қайта сақтандыру полистеріне байланысты сақтандыру өтемдерін төлеуге жұмсалатын шығыс ретінде бағаланады.

Қайта сақтандыру міндеттемелері егер қайта сақтандырушыдан алынған комиссияға қарсы есепке алу құқығы жоқ болса жиынтық сомамен ескеріледі және қоса берілген Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте сақтандыру активтерінің құрамына қосылады.

Қайта сақтандыру бойынша келісімшарттар сақтандыру тәуекелі едәуір шығынның ақылға сыйымды мүмкіндігі ретінде анықталғанына, ал уақыттық тәуекел Топтың қайта сақтандырушыға берген ақшалай қаражаттың қозғалысы мерзімінің едәуір ауытқуының ақылға сыйымды мүмкіндігі ретінде анықталғандығына көз жеткізу үшін бағаланады.

Топ өзінің қайта сақтандыру активтеріне құнсыздану мәні бойынша үнемі бағалау жүргізеді. Егер Топ келісімшарт талаптары бойынша өзіне тиесілі соманы ала алмауы мүмкін болса және бұл оқиғаның қайта сақтандырушыдан Топтың алатын сомасына сенімді анықталған әсері бар екендігі туралы объективтік куәландыру болса, қайта бағаланатын актив құнсызданады.

БАНКТІК ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР

Негізгі қызметі Банктен проблемалық инвестициялық активтер мен коммерциялық жылжымайтын мүлікті сатып алу, сондай-ақ оларды одан әрі басқару және / немесе осындай активтерді сату болып табылатын Топтың банктік емес еншілес кәсіпорындарының кірістері мен шығыстары банктік емес қызметтен түскен кірістер

мен шығыстардың құрамында нетто негізде пайда мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте танылады. Банктік емес қызметтен түскен кірістер мен шығыстар инвестициялық жылжымайтын мүлікті, коммерциялық жылжымайтын мүлікті және сатуға арналған активтерді өткізуден түскен кірістерді / шығыстарды, сондай-ақ операциялық жалдаудан түскен кірісті, тіркеу шығыстарын және тиісті мүлікті сатудан түскен кірістерді / шығыстарды қамтитын жылжымайтын мүлікпен өзге де операциялар бойынша кірістерді / шығыстарды қамтиды.

СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Сегмент – бұл Топтың өнімдерді немесе қызметтерді (операциялық сегмент) ұсынатын немесе басқа сегменттерден ерекшеленетін тәуекелдер мен пайдаларға ұшырайтын белгілі бір экономикалық ортада (географиялық сегмент) өнімдерді немесе қызметтерді ұсынатын ерекше құрамдас бөлігі.

ҚАРЖЫ КЕПІЛДІКТЕРІ МЕН АККРЕДИТИВТЕРІ

Топ ұсынатын қаржы кепілдіктері мен аккредитивтері, егер дебитор борыштық құрал түрлендірілген немесе алғашқы талаптарына сәйкес өз уақытында ақы төлеу жүргізе алмайтын болса, басталатын шығындардың өтемақысы ретінде төлемді іске асыруды қарастыратын кредит операцияларын қамтамасыз ету болып табылады. Мұндай қаржы кепілдіктері мен аккредитивтері бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі. Кейіннен олар резерв ретінде көрсетілген сомаға (а) және қаржы кепілдігі немесе аккредитиві бойынша алынған сыйлық түрінде келешектегі кезек кірістердің жинақталған амортизациясына жол берілуі шегерілгеннен кейін бастапқы көрсетілген сомаға (б) қатысты көрсетілген соманың қайсысының артық екендігіне байланысты бағаланады.

ТОП ЖАЛҒА БЕРУШІ РЕТІНДЕ

Топ жалдау шарты бойынша жалға беруші ретінде әрекет еткен жағдайларда, әрбір жалдау шарты операциялық жалдау немесе қаржылық жалдау ретінде жіктеледі. Жалға алынатын активтерге меншік құқығымен байланысты, бірақ оларға меншіктің заңды құқығы міндетті емес барлық тәуекелдер мен пайдаларды беруді көздейтін шарттар қаржылық жалдау ретінде жіктеледі. Жалдау басталған күні Топ өзінің қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есебінде қаржылық жалдаудағы активтерді таниды және оларды жалға алуға таза инвестицияға тең сомада дебиторлық берешек ретінде ұсынады. Бастапқы тікелей шығындар жалға берілетін таза инвестицияның бастапқы бағасына енгізіледі және жалдау мерзімі ішінде танылатын кіріс сомасын азайтады. Алынатын қаржылық кіріс жалдау мерзімі ішіндегі пайыздық кірістердің құрамында таза жалға берілетін инвестициялардың кірістілігінің тұрақты нормасын қамтамасыз ететіндей ескеріледі.

Жалға алынатын активтерге меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды іс жүзінде беруді көздемейтін, бірақ оларға меншіктің заңды құқығы міндетті емес шарттар операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалдау мәні болып табылатын активтер олар жатқызылған санатқа (баланс бабына) сәйкес Топ балансында есепке алынуын жалғастырады. Операциялық жалдау шарттары бойынша дебиторлық берешек есептеу әдісімен жалдау мерзімі ішінде көрсетіледі.

ТОП ЖАЛҒА АЛУШЫ РЕТІНДЕ

Топ жалға алушы ретінде әрекет еткен жағдайларда жалдау шарттарын есепке алу пайдалану құқығының моделін қолдана отырып жүзеге асырылады. Бұл үлгі жалдау басталған күні жалға алушының жалдау мерзімі ішінде базалық активті пайдалану құқығы үшін жалға берушінің пайдасына жалдау төлемдерін жүзеге асыруға қаржылық міндеті бар деп болжайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құны жалдау бойынша міндеттемені бастапқы бағалау шамасын, жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдерін шегергендегі жалдау басталған күнгі немесе осындай күнге дейінгі жалдау төлемдерін, сондай-ақ жалдау шартын жасасуға негізделген, егер жалдау шарты жасалмаса, көтерілмейтін қосымша шығындарды қамтиды.

Пайдалану құқығы нысанындағы активті кейіннен есепке алу бастапқы құны бойынша жүзеге асырылады:

- жинақталған амортизацияны және құнсызданудан түскен жинақталған шығындарды шегергенде; және
- жалдау бойынша міндеттемені қайта бағалауға түзетумен.

Амортизация жалдау шарты аяқталған күнге дейін желілік әдіспен жүргізіледі.

Жалдау жөніндегі міндеттеме осы күні әлі жүзеге асырылмаған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бастапқы тану кезінде бағаланады. Келтірілген құн жалдау шартында кепілге салынған пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып немесе қосымша қарыз қаржыны тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып, жалдау төлемдерін дисконттау жолымен есептеледі.

Жалдау басталған күннен кейін топ жалдау міндеттемесін келесідей бағалайды:

- жалдау бойынша міндеттеме бойынша пайыздарды көрсету үшін баланстық құнын ұлғайта отырып;
- жүргізілген жалдау төлемдерін көрсету үшін баланстық құнды азайта отырып; және
- жалдау шарттарын қайта бағалауды немесе өзгертуді көрсету үшін баланстық құнын қайта бағалай отырып.

Пайдалану құқығының моделі базалық активті сатып алуға арналған опционды қамтымайтын қысқа мерзімді жалдау шарттарына (12 айдан аспайтын мерзімге), сондай-ақ базалық активтің құны төмен шарттарға (5,000 АҚШ долларына дейін) қолданылмайды. Мұндай жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде есептеу әдісімен шығыс ретінде танылады.



АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛҒА ҚАТЫСТЫ КҮШІНЕ ЕНГЕН ЖАҢА ЖӘНЕ ТҮЗЕТІЛГЕН ХҚЕС

Төмендегі стандарттар мен түсіндірулерге түзетулер топ үшін 2021 ж. 1 қаңтардан бастап қолданыла бастады:

ХҚЕС 9 (IFRS), ХҚЕС 39 (IAS) және ХҚЕС 7 (IFRS), ХҚЕС 4 (IFRS) 4 және ХҚЕС 16 (IFRS) түзетулер	«Негізгі пайыздық мөлшерлеме реформасы – 2-кезең»
ХҚЕС 16 (IFRS) түзетулер	«COVID-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша жеңілдіктер»

Жоғарыда көрсетілген стандарттар мен түсіндірмелер Топ басшылығы тарапынан қаралды, бірақ Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер еткен жоқ.

ШЫҒАРЫЛҒАН, БІРАҚ ӘЛІ КҮШІНЕ ЕНБЕГЕН ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН ХҚЕС СТАНДАРТТАРЫ

Осы қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіту сәтінде Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген мынадай жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қолданбаған:

Жаңа немесе қайта қаралған стандарт немесе түсіндіру	Келесіден ерте басталмайтын жылдық кезеңдерге арналған күшіне енетін күні
ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары» түзетулер	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 1 «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу» түзетулер (ХҚЕС жыл сайынғы жақсартуға арналған тұжырымдамалар жобасы аясында, цикл 2010-2012 жж.)	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 8 «Бухгалтерлік бағалауды анықтау» түзетулер	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 1 және ХҚЕС «Есептік саясатты ашу» бойынша 2 Практикалық Нұсқаулыққа түзетулер	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС стандарттарын жыл сайынғы жетілдіру: цикл 2018-2020 жж.:	
ХҚЕС (IFRS) 3 «Бизнесі біріктіру» - «Тұжырымдамалық негізге сілтеме» түзетулер	2022 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 16 «Негізгі құралдар» - «Болжамды пайдалануға дейінгі түсім» түзетулер	2022 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 37 «Резервтер, шартты міндеттемелер және шартты активтер» - «Шығынды шарттар-келісімшартты орындау құны» түзетулер	2022 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IAS) 12 «Бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық» түзетулер	2023 ж. 1 қаңтар
ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелердегі активтерді сату немесе жарна салу»	Күні ХҚЕС тарапынан белгіленеді

Топ жоғарыда аталған стандарттарды қолдану төменде сипатталғандай «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17 қоспағанда, болашақ кезеңдерде Топтың қаржылық есептілігіне елеулі әсер етеді деп күтпейді.

ХҚЕС (IFRS) 17 «САҚТАНДЫРУ ШАРТТАРЫ»

ХҚЕС (IFRS) 17 сақтандыру шарттарын тану, бағалау, ұсыну және ашу қағидаттарын белгілейді және ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттары» алмастырады.

ХҚЕС (IFRS) 17 тікелей қатысу талаптарымен сақтандыру шарттары үшін өзгертілетін және ауыспалы сыйақы әдісі ретінде айқындалатын жалпы модельді ұсынады. Егер белгілі бір критерийлер қанағаттандырылса, жалпы модель сыйлықақыны бөлу әдісін қолдана отырып, қалған өтеу бойынша міндеттемені бағалау арқылы жеңілдетіледі.

Жалпы модель болашақ ақша ағындарының сомасын, мерзімдерін және белгісіздігін бағалау үшін ағымдағы болжамдарды қолданады және мұндай белгісіздіктің құны бөлек бағаланады. Модель нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді және сақтану-шылардың опциондары мен кепілдіктерінің әсерін ескереді.

Стандарт мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе одан кейін басталатын жылдық есептік кезеңдерге қатысты қолданылады. Егер бұл іс жүзінде мүмкін болса, ол ретроспективті түрде қолданылады, әйтпесе өзгертілген ретроспективті тәсіл немесе әділ күн бойынша есепке алу қолданылуы тиіс. «ХҚЕС (IFRS) 17 түзетулері» жобасы ХҚЕС (IFRS) 17 шығарылғаннан кейін анықталған қиындықтарды енгізуге байланысты мәселелер. Осыған байланысты стандарттың ресми күшіне ену күні 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін кейінге қалдырылды (бастапқыда – 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап).

Өтпелі талаптар мақсатында ұйым осы стандартты алғаш рет қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталуы бастапқы қолдану күні болып табылады, ал көшу күні бастапқы қолдану күнінің тікелей алдындағы кезеңнің басталу күні болып табылады.

Топ басшылығы осы стандартты қолдану болашақта Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етеді деп күтеді. Өтуден күтілетін әсерді есептеу 2022 жыл ішінде заңнамалық база бекітілгеннен кейін жүргізілетін болады.

4. 4А. ЕЛЕУЛІ БУХГАЛТЕРЛІК БАҒАЛАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау, басшылықтан есептілікте шоғырландырылған қаржылық есептілігі жасалатын күнгі жағдайға сәйкес көрсетілген активтер және міндеттемелер, есеп берілетін кезең ішінде көрсетілген кірістер мен шығындар сомасына әсерін тигізетін бағалау мен тұжырымдар жасауды талап етеді. Басшылық үнемі өз бағалаулары мен жорамалдарын тұрақты қарастырып отырады. Басшылық өзінің бағалаулары мен жорамалдарын тарихи тәжірибеге және жағдайларда орынды деп есептелетін

әртүрлі басқа факторларға негіздейді. Нақты нәтижелер басқаша жорамалдар мен жағдайларда берілген бағалаулар мен тұжырымдардан ерекшеленуі мүмкін. Келесі бағалаулар мен жорамалдар Топтың қаржылық жағдайын көрсету үшін маңызды деп саналады.

КРЕДИТ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ЕДӘУІР ҰЛҒАЮЫ

3-ескертуде келтірілгендей, ККШ шамасы 12 айдың ішінде (1-сатыдағы активтер үшін) немесе бүкіл кредиттеу ішінде (2-ші және 3-ші сатылардағы активтер үшін) күтілетін кредиттік шығындарға тең есептелген бағалау резервінің сомасында бағаланады. Актив бастапқы тану сәтінен бастап кредит тәуекелінің елеулі ұлғаюымен екінші кезеңге ауысады. Жеке актив бойынша кредиттік тәуекелдің ұлғаюының маңыздылығын бағалау кезінде Топ ақылға қонымды және растауға болатын сапалы және сандық болжамды ақпараттарды ескереді. Толығырақ ақпарат 33-ескертуде келтірілген.

ӨНІМНІҢ/НАРЫҚТЫҢ ӘРБІР ТҮРІ ҮШІН БОЛЖАНҒАН СЦЕНАРИЙЛЕРДІҢ САНЫН ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ САЛМАҒЫН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ӘРБІР СЦЕНАРИЙГЕ ҚАТЫСТЫ БОЛЖАМДЫҚ АҚПАРАТТЫ АНЫҚТАУ

Қазынашылық операциялар бойынша Топ есепті күндегі контрагент/эмитенттің кредиттік сапасының ағымдағы бағалауларына ғана емес, сондай-ақ болашақта контрагент (эмитент) ортасының қолайсыз макроэкономикалық факторларының салдарынан қаржылық жағдайының ықтимал нашарлауын ескере отырып, ККШ-ны қаржы активі бойынша есептейді. Атап айтқанда, қазынашылық операциялар бойынша ККШ-ның деңгейіне дефолт ықтималдығына (PD) әсер ететін халықаралық рейтингтік агенттіктер тарапынан белгіленетін (позитивтік, тұрақты, жағымсыз) рейтингтік болжам ықпал етеді.

Банктік қарыздар бойынша ККШ-ның есебі болжалды ақша ағындарына, ұжымдық қарыздардың көші-қонына және кепілмен қамтамасыз етумен өтеуге макро-экономикалық көрсеткіштердің өзгеруіне ықтимал бағалау әсерін есепке алады.

ККШ-ны бағалағанда Топ негізделген болжамды ақпаратты пайдаланады, ол ақпарат әртүрлі экономикалық факторлардың болашақ қозғалысына қатысты және аталған факторлардың бір-біріне қалай әсер ететініне қарай негізделген. Толығырақ ақпарат алу үшін 33-ескерпені қараңыз.

ККШ-ны бағалау үшін пайдаланылатын негізгі бастапқы деректері мыналардан құралады:

- Дефолттың ықтималдығы («PD»);
- Дефолт жағдайында болатын шығындар («LGD»);
- Дефолт тәуекеліне ұшырағыш болып келетін кредит талабының көлемі («EAD»).

ДЕФОЛТТЫҢ ЫҚТИМАЛДЫҒЫ

Дефолттың ықтималдығы ККШ бағалауының негізгі кіріс параметрі болып табылады. Дефолт ықтималдығы – бұл есебі тарихи деректерден, болжамдар мен болашақ талаптарды күтуден тұратын берілген уақыт шегіндегі бағалау.

Қазынашылық операциялар бойынша дефолттың ықтималдығы дефолт ықтималдығының мәндері бар кестелік деректер жарияланатын халықаралық рейтингтік агенттіктердің (S&P, Fitch, Moody's) дефолтты зерттеу деректеріне сәйкес анықталады. Дефолт ықтималдығы өзекті күйде болуы қамтамасыз етіледі және дефолт статистикасының жаңартылуына қарай мерзімді негізде жаңартылады.

Корпоративтік, шағын және орта бизнестердің жеке қарыздары бойынша дефолт ықтималдығы қарызшының санды және сапалы сипаттамаларының негізінде ішкі рейтингтік үлгі көмегімен бағаланады. Ұжымдық негізде бағаланатын банктік қарыздар бойынша дефолттың ықтималдығын есептеу көші-қон және roll-rates матрицаларын қолдану арқылы тарихи деректер негізінде жүзеге асырылады.

ДЕФОЛТ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАТЫН ШЫҒЫНДАР

Дефолт жағдайында болатын шығындар дефолт кезінде туындайтын шығындардың бағалануы болып табылады. Ол құнсызданудан және интегралдық кредиттік жақсартулардан болған ақша ағындарын есепке алғанда, шарт бойынша тиесілі және кредитор алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырмаға негізделген.

Қазынашылық операциялар бойынша дефолт кезіндегі шығындың деңгейі (LGD) халықаралық рейтингтік агенттіктердің (S&P, Fitch, Moody's) дефолттарды зерттеу деректеріне (Default Study) сәйкес анықталады және қаржы активі бойынша борыш түріне байланысты: үлкен қамтамасыз етілген/ қамтамасыз етілмеген, реттелген, тәуелсіз. Сонымен қатар LGD, егер актив бойынша қамтамасыз ету қарастырылған болса, сондай-ақ қаржы активі бойынша құнсыздану белгілері бар болған жағдайда (2-саты немесе 3-саты), түзетілуі мүмкін.

Ұжымдық негізде бағаланатын банктік қарыздар бойынша LGD есебі кепілмен қамтамасыз етуді іске асыру мерзімдеріне сәйкес келетін дисконттау мерзімдерін қолдана отырып кепілмен қамтамасыз ету іске асырылған жағдайда, міндет-темелердің қайтарымдылығын бағалау негізінде жүзеге асырылады.



ДЕФОЛТ ТӘУЕКЕЛІНЕ ҰШЫРАҒЫШ БОЛЫП КЕЛЕТІН КРЕДИТ ТАЛАБЫНЫҢ КӨЛЕМІ

«Дефолт тәуекеліне ұшырағыш болып келетін кредит талабының көлемі» көрсеткіші борыштың негізгі сомасы мен пайыздарды қоса, есепті кезеңнен кейін тәуекелдердің күтілетін өзгертулерін, сонымен қатар мақұлданған кредит қаражатының күтілетін таңдауларын есепке ала отырып, болашақта дефолт күніне тәуекелдің бағалануы болып табылады. Топтың осы көрсеткішті модельдеуге деген көзқарасы амортизация профильдері, мерзімінен бұрын өтеу немесе артық төлеу, кредиттік міндеттемелер бойынша таңдалмаған сомаларды пайдаланудағы өзгерістер және дефолт басталғанға дейін тәуекелдерді жеңілдету үшін қабылданған шаралар сияқты ағымдағы шарттық талаптармен рұқсат етілген өтеу мерзімі ішінде өтелмеген соманың күтілетін өзгерістерін ескереді. Дефолт тәуекеліне ұшыраған кредиттік талаптарды бағалау үшін Топ тиісті портфельдердің сипаттамаларын көрсететін модельдерді пайдаланады.

ҚОЛДАНЫЛАТЫН МОДЕЛЬДЕР МЕН БОЛЖАМДАР

Қаржы активтерінің әділ құнын бағалағанда, сондай-ақ ККШ бағалағанда Топ әртүрлі модельдер мен болжамдарды пайдаланады. Активтің әрбір түрі үшін ең лайықты модельді анықтау үшін, сондай-ақ кредит тәуекелінің негізгі факторларына жататын болжамдарды қоса, осы модельдерде пайдаланылатын болжамдарды анықтау үшін пайымдау қолданылады. Күтілетін кредиттік шығындарға резервтер туралы толығырақ ақпарат алу үшін 5, 8, 9, 10, 11, 17 және 33-ескертулерді, ал әділ құнын бағалау туралы толығырақ ақпарат алу үшін 36-ескертуді қараңыз.

Топ статистикалық деректер, нақты және болжамды ақпарат, сондай-ақ ағымдағы жағдайларда негізделген болып табылатын болашақ оқиғаларға қатысты күтулерді қоса алғанда, басшылық тәжірибесі негізінде үнемі талданатын бағалаулар мен пайымдаулар жасайды.

Басым макроэкономикалық жағдайлардың әсерін объективті түрде көрсету үшін және Халықаралық қаржы есіптілігінің стандарттары жөніндегі Кеңестің ұсынымдарына сәйкес Топ 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілген сомаларға неғұрлым елеулі әсер ететін күтілетін кредиттік шығындардың деңгейін бағалаудың негізгі тәсілдерін түзетті:

- Топ 33-ескертуде ашылғандай, қарызшылардың дефолт ықтималдығының макроэкономикалық параметрлерін есептеу тәсілін бысықтады. Макро-экономикалық көрсеткіштердің әсері бағаланады, олар өзгеретін экономикалық жағдайларды дәл көрсетеді және ең өзекті ақпарат негізінде макроэкономикалық көрсеткіштердің жаңартылған болжамы қолданылады.

2021 жылы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі қаржылық активтер бойынша ККШ бойынша резервтер қазіргі экономикалық және саяси жағдайлар мен қолжетімді болжамды ақпарат негізінде айқындалды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген ККШ бойынша резервтердің баланстық құны 378,032 миллион теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсан – 378,041 миллион теңге; 2019 жылғы 31 желтоқсан – 408,718 миллион теңге).

ӘДІЛ ҚҰНЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Қаржы активінің немесе міндеттемесінің әділ құнын бағалағанда Топ қадағаланатын нарықтық деректерді олардың қолжетімді болу шамасына қарай пайдаланады. Егер мұндай 1-ші деңгейдегі шығыс деректер болмаса, Топ қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін бағалау модельдерін пайдаланады. Әділ құнды бағалау туралы қосымша мәліметті 36-ескертуде қараңыз.

ҚАЙТА БАҒАЛАНҒАН ҚҰН БОЙЫНША ЕСКЕРІЛЕТІН НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Фимараттар мен құрылыстар қайта бағаланған құн бойынша көрсетіледі. Соңғы бағалау 2020 жылғы қарашада жүргізілді. Бағалау әдістемесі туралы ақпарат 14-ескертуде ұсынылған.

САЛЫҚ САЛУ

Қазіргі уақытта Қазақстанда және Топ өз қызметін жүргізіп отырған басқа елдерде уәкілетті мемлекеттік және өңірлік органдар енгізген түрлі салықтарға байланысты бірқатар заңдар әрекет етеді. Мұндай салықтарға қосымша құн салығы, табыс салығы, әлеуметтік салық, т.б. жатады. Қолданылатын ережелер көпшілік жағдайда онша айқын болмайды немесе бұрынғы оқиғалар санының шектеулілігіне байланысты мүлдем жоқ. Кейде ережелерге заңдық түсінік беру мәселесіне келгенде, түрлі ведомстволар арасында немесе тіпті бір ведомствоның өз ішінде түрлі пікірлер туындап жатады, ал бұл өз кезегінде пікір қайшылығына әкеп соғады. Салықтық декларациялар, сонымен қатар заңдық реттеудің басқа жақтары (мәселен, кедендік және валюталық бақылау мәселелері) бірнеше ведомствоның қолына берілген, олардың әрқайсысы бұзушылықтарға жол берілгенге өз тараптарынан заңға сәйкес елеулі сомада айыппұлдар мен өсімпұлдар салуға құқылы. Мұндай жағдай салықтық заңнама жүйесі елеулі жетілдірілген басқа дамыған елдермен салыстырғанда, Қазақстандағы салықтық тәуекелдер қаупінің деңгейі әлі де біршама жоғары екендігін көрсетеді.

Топ өз қызметін жүргізетін елдердің коммерциялық заңнамасы бойынша берілетін түсінік бір мәнді болмауы мүмкін. Сонымен қатар салық органдарында іскерлік қызметке қатысты еркін пікір қалыптасты тәуекелі де болады. Салық органдарының Топ қызметіне қатысты мұндай пікірлеріне байланысты басшылық тарапынан дауласу болған жағдайда қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар туындауы мүмкін.

Мұндай белгісіздік, мәселен, қаржы құралдарына салықтық түсініктеме беру және мәмілелер бойынша баға көрсеткіштерінің нарықтық деңгейін анықтау мәселесіне қатысты туындауы мүмкін. Сондай-ақ клиенттерге берілген қарыздар мен қарыздарға теңестірілген берешек бойынша мүмкін болатын зиян резервін құрастыру және қалпына келтіру жөніндегі мезгілді салықтық айырма салық органдары тарапынан салық салынатын базаны азайту ретінде қаралып, әртүрлі түсіндірілуі мүмкін.

Қазақстанда салық органдары соңғы бес жыл ішіндегі салықтық есептемеге тексеру жүргізе алады. Дегенмен, жоғарғы сатыдағы салық органы қажет болған жағдайда қосымша тексеру жүргізе алады. Мұнымен қатар сот органдарының түсініктемесіне сәйкес, сот тарапынан салық органдарының тексеру жүргізуіне кедергі келтіру фактісі анықталған жағдайда салықтық есептеме тексерілетін мерзім ұзартылуы мүмкін.

Басшылықтың пікірінше, Топ өз қызметін салықтық заңнамаға сәйкес жүргізеді, алайда тиісті органдардың салық мәселелері бойынша түсінік беруге қатысты басқаша көзқарас ұстану тәуекелі бар.

Мерзімі кейінге қалдырылған таза салық міндеттемесінің қозғалысы:

	2021	2020	2019
Жыл басындағы кейінге қалдырылған таза салық міндеттемесі	51,047	45,373	65,865
Пайда немесе шығын құрамында таңылған, кейінге қалдырылған салық бойынша (үнем)/шығындар	(944)	3,596	(20,510)
Өзге жиынтық кірісте танылған, кейінге қалдырылған салық бойынша шығын	116	2,078	18
Жыл аяғындағы кейінге қалдырылған таза салық міндеттемесі	50,219	51,047	45,373

22. ӨЗГЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Өзге міндеттемелер мыналардан құралады:

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан	2019 ж. 31 желтоқсан
Жалғасатын қатысудан міндеттемелер	71,989	46,933	26,167
Қызметкерлермен есеп айырысу, сыйлықақылар мен демалыстар бойынша есептеу	27,125	20,270	19,243
Банктік емес қызмет бойынша кредиторлар	21,655	8,187	4,421
Салықтар бойынша берешек, пайдаға салынатын салықтан басқа	10,435	5,961	5,394
Алынған өзге аванстар	6,605	9,415	8,144
Жалдау бойынша міндеттемелер	6,477	5,930	4,871
Банктік қызмет бойынша кредиторлар	5,817	1,142	1,266
Төленетін жалпы және әкімшілік шығындар	2,935	2,424	2,083
Коммерциялық жылжымайтын мүлік бойынша кредиторлар	1,585	2,305	2,252
Басқасы	524	45	201
Өзге міндеттемелердің жиыны	155,147	102,612	77,042

Жалғасып жатқан қатысудан міндеттеме «7-20-25» атты мемлекеттік ипотекалық бағдарламасымен және басқа да бағдарламалармен байланысты, «Қазақстанның тұрақтылық қоры» АҚ (бұдан әрі – «Оператор») алдындағы міндеттемені білдіреді. Аталған бағдарламаның талаптарына сәйкес Банк қарызшыларға ипотекалық қарыздар ұсынады және қарыздар бойынша талап ету құқығын бағдарламаның Операторына табыстайды. Бағдарламаға және сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес Банк табысталған ипотекалық қарыздар бойынша сенімгерлікпен басқаруды іске асырады. Бұл ретте кредит бойынша негізгі борыш пен сыйақының мерзімі күнтізбелік 90 күннен артық кешіктірілген жағдайда Банк табысталған ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқығын сатып алуға тиісті. Кері сатып алу сатып алатын күні қарыздың номиналды құнымен іске асырылады.

Банк аталған активтерге берілген меншік құқығына байланысты барлық тәуекелдерді, атап айтқанда кредит тәуекелін және пайдаларды бермегенін және сақтамағанын, бірақ табысталған активтерге бақылауды сақтап қалғанын және қарыздарды қатысу көлеміне сай тануды жалғастыра беретінін белгіледі. Қатысу көлемі, Банктің әрі қарай қайтасыу табысталған актив бойынша келілікті түрін қабылдайтындықтан, Банк қайтаруға тиіс, алынған өтемінің ең жоғарғы сомасымен шектеледі. Банк активті клиенттерге берілетін қарыздар құрамында өзінің әрі қарай қатысу көлемінде тануды жалғастыратындықтан, Банк онымен байланысты міндеттемені де таниды. 2021, 2020 және 2019 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аталған қарыздар бойынша негізгі борыш 71,989 миллион теңгені, 46,933 миллион теңгені және сәйкесінше 26,167 миллион теңгені құрады.

23. КАПИТАЛ

2021, 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес жарияланған, шығарылған және толығымен төленген акциялар саны мынадай түрде берілген:

	Шығаруға рұқсат етілген акциялар	Рұқсат етілген, бірақ шығарылмаған акциялар	Толығымен төленген және айналымға шығарылған акциялар	Құны өтеліп сатып алынған меншікті акциялар	Айналымдағы акциялар
2021 ж. 31 желтоқсан:					
Жай акциялар	25,000,000,000	(11,552,455,218)	13,447,544,782	(2,551,539,932)	10,896,004,850
2020 ж. 31 желтоқсан:					
Жай акциялар	25,000,000,000	(11,552,455,218)	13,447,544,782	(1,763,204,067)	11,684,340,715
2019 ж. 31 желтоқсан					
Жай акциялар	25,000,000,000	(11,552,455,218)	13,447,544,782	(1,790,959,592)	11,656,585,190

Барлық акциялар теңгеде көрсетілген. Айналымдағы акциялар қозғалысы мынадай түрде берілген:

	Акциялар саны Жай акциялар	Номинал (орналастыру бағасы) (миллион теңгеде) Жай акциялар
2018 ж. 31 желтоқсан	11,679,756,429	97,586
Құны өтелген акцияларды сатып алу	(46,726,224)	(16,304)
Құны өтелген акцияларды сату	23,554,985	13,111
2019 ж. 31 желтоқсан	11,656,585,190	94,393
Құны өтелген акцияларды сатып алу	(63,622,022)	(6,697)
Құны өтелген акцияларды сату	91,377,547	10,304
2020 ж. 31 желтоқсан	11,684,340,715	98,000
Құны өтелген жай акцияларды сатып алу	(845,775,545)	(153,973)
Құны өтелген акцияларды сатып алу	(24,003,844)	(3,541)
Құны өтелген акцияларды сату	81,443,524	9,219
2021 ж. 31 желтоқсан	10,896,004,850	(50,295)

2021 жылдың желтоқсан айында Банктің Директорлар кеңесі Банктің орналастырылған жай акцияларын және негізгі активі Банктің орналастырылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттарды сатып алу туралы шешім қабылдады. Бір акция үшін бағасы 182.10 теңгемен 845,775,545 дана жай акцияны сатып алу, оның ішінде Банктің жарияланған жай акциялары базалық активі болып табылатын 3,675,151 дана нысанында

147,006,040 дана жаһандық депозитарлық қолхаттың бір данасын 16.78 АҚШ доллары бағасымен жалпы сомасы 154 миллиард теңгеге сатып алу Банктің Директорлар кеңесінің жоғарыда аталған шешімімен белгіленген шарттарда, тәртіпте және мерзімде жүргізілді. Құнын өтеп сатып алудың мақсаты – Топ капиталының құрылымын оңтайландыру.

Сатып алу көлемі сол сәтте Банктің айналымдағы акцияларының 7.2% құрады, нәтижесінде Банктің құнын өтеп сатып алынған меншікті акцияларының жиынтығы, есептік күнге жалпы саны 2,539,270,930 дананы немесе Банктің жарияланған акцияларының жалпы санынан 18.9% құрады.

Сатып алынған бағалы қағаздар өздерінің сатып алынған акциялары ретінде сақталады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың күшін жоюға болмайды. Бұл ретте Банктің сатып алынған меншікті акциялары акцияға базалық және бөлінген пайданы және акцияға арналған дивидендті есептеу кезінде есепке алынбайды. Банк сатып алынған акцияларды өткізген жағдайда жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген стандартты рәсім қолданылады.

Жай акциялар

2021, 2020 және 2019 жж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарғылық капитал 209,027 миллион теңгені құрады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 259,322 миллион теңге сомасына саны 2,551,539,932 дана (2020 жылғы 31 желтоқсанда – 111,027 миллион теңге сомасына саны 1,763,204,067 данада, 2019 жылғы 31 желтоқсанда – 114,634 миллион теңге сомасына 1,790,959,592 дана) сатып алынған меншікті жай акцияларға ие болды.

Айналымдағы жай акциялардың әрқайсысының бір дауысқа және дивидендке құқығы бар. Құны өтелген акциялар дауыс беру құқығы мен дивидендке құқығы жоқ.

Өткен қаржылық жылдарда төленген дивидендтер төмендегі кестеде келтірілген:

	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға 2021 жылы төленген	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға 2020 жылы төленген	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға 2019 жылы төленген
Кезең ішінде жарияланған дивидендтер	210,783	199,778	125,923
Бір жай акцияға ақшалай дивидендтің мөлшері	18.00	17.08	10.78

Эмиссиялық кіріс

Эмиссиялық кіріс – шығарылған акциялардың номиналдық құнынан артық қаражаттың түсімі.

24. ШАРТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Топтың шартты қаржылық міндеттемелері мыналардан құралады:

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан	2019 ж. 31 желтоқсан
Берілген кепілдіктер	626,319	422,672	408,027
Коммерциялық аккредитивтер	65,267	38,306	68,312
Қарыздарды беру бойынша міндеттемелер	58,101	45,647	53,151
Шартты қаржылық міндеттемелер	749,687	506,625	529,490
Минус – аккредитивтер бойынша ақшалай қамтамасыз ету	(35,469)	(16,922)	(33,453)
Минус – резервтер	(13,193)	(9,287)	(3,924)
Шартты қаржылық міндеттемелер, нетто	701,025	480,416	492,113

Берілген кепілдіктер клиенттердің өтініштері бойынша Топ шығарған және есеп берілетін күнге әрекет ететін банктік кепілдік болып табылады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ең ірі он клиент/клиенттер тобы үшін шығарылған өтелмеген кепілдіктер Топтың жалпы қаржы кепілдіктерінің 60%-ін құрады (2020 жылдың 31 желтоқсанында – 52%, 2019 жылдың 31 желтоқсанында – 59%), олар Топ капиталының 24% (2020 жылдың 31 желтоқсанында – 15%, 2019 жылдың 31 желтоқсанында – 18%) құрды.

Коммерциялық аккредитивтер клиенттердің өтініштері бойынша Топ шығарған, есепті күні төлем жүргізілмеген аккредитивтерді білдіреді. 2021 ж. 31 желтоқсанға, он ең ірі өтелмеген аккредитивтерге Топтың коммерциялық аккредитивтерінің барлық сомасының 44% келді (2020 ж. 31 желтоқсанда – 60%, 2019 ж. 31 желтоқсанда – 52%) және олар, Топ капиталынан 2% құрады (2020 ж. 31 желтоқсанда – 2%, 2019 ж. 31 желтоқсанда – 3%).

Топ, қарыз алумен байланысты, егер бұл қажет болса, қаржы құралдары пайда болғанда, кепілмен қамтамасыз етуді талап етеді. Әдетте, Топ қарызшының кредит тәуекелін бағалау немесе топ ұстап отырған басқа депозиттерге талдау жасау арқылы, қажетсіздігі айқындалғаннан басқа жағдайларда, кепілмен қамтамасыз етуді талап етеді. Кепілмен қамтамасыз етудің түрлері көп және банктерде сақтаулы тұрған салымдардан, мемлекеттік бағалы қағаздардан және басқа да активтерден құралуы мүмкін.

Резервтер берілген кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша резервтерді білдіреді.

Резервтері қозғалыс былайша берілген:

	2021 ж. 31 желтоқсан			
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
Жыл басына	(640)	(1,343)	(7,304)	(9,287)
2-кезеңге аудару	258	(258)	-	-
3-кезеңге аудару	14,004	1,419	(15,423)	-
(Қосымша резервтерді қалыптастыру)/ резервтерді қалпына келтіру	(14,044)	(6,289)	16,331	(4,002)
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған айырмашылық	116	38	(58)	96
Жыл аяғына	(306)	(6,433)	(6,454)	(13,193)

	2020 ж. 31 желтоқсан			
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
Жыл басына	(365)	(838)	(2,721)	(3,924)
1-кезеңге аудару	(33)	-	33	-
3-кезеңге аудару	3,550	276	(3,826)	-
Қосымша резервтерді қалыптастыру	(3,798)	(759)	(468)	(5,025)
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған айырмашылық	6	(22)	(322)	(338)
Жыл аяғына	(640)	(1,343)	(7,304)	(9,287)

	2019 ж. 31 желтоқсан			
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Жиыны
Жыл басына	(152)	(1,061)	(1,333)	(2,546)
3-кезеңге аудару	-	38	(38)	-
(Қосымша резервтерді қалыптастыру)/ резервтерді қалпына келтіру	(208)	194	(1,294)	(1,308)
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған айырмашылық	(5)	(9)	(56)	(70)
Жыл аяғына	(365)	(838)	(2,721)	(3,924)

Күрделі шығындар бойынша алдағы кезеңдердің міндеттемелері

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың аяқталмаған құрылысқа қатысты күрделі шығындары бойынша шартты міндеттемелері 5,998 миллион теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанда – 12,210 миллион теңге, 2019 жылғы 31 желтоқсанда – 38 миллион теңге).

Операциялық жалдау шарттары бойынша алдағы кезеңдердің міндеттемелері

2021, 2020 және 2019 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың кейінге шегерілмейтін операциялық жалдау шарттары бойынша елеулі міндеттемелері болған жоқ.

25. ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайыздық кіріске мыналар кіреді:			
Клиенттерге берілген қарыздар	634,858	508,537	449,120
- Корпоративтік бизнес	282,512	228,044	206,137
- Бөлшек бизнес	263,709	206,938	182,640
- ШОБ	88,637	73,555	60,343
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизациялық құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	99,429	98,949	94,951
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	94,649	80,871	109,171
Ақшалай қаражат және оның баламасы және кредит мекемелеріндегі қаражат	18,228	20,464	37,890
Басқа қаржы активтері	11,079	8,867	10,218
Тіміді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданып есептелген пайыздық кірістер	858,243	717,688	701,350
Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері	21,622	15,546	8,954
Өзге пайыздық кірістер	21,622	15,546	8,954
Пайыздық кірістердің жиыны	879,865	733,234	710,304
Пайыздық шығыстарға мыналар кіреді:			
Клиенттердің қаражаты	(303,169)	(232,823)	(216,588)
- Жеке тұлғалар	(165,142)	(135,175)	(131,958)
- Заңды тұлғалар	(138,027)	(97,648)	(84,630)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(45,853)	(80,578)	(82,800)
Кредит мекемелерінің қаражаты	(8,829)	(9,572)	(4,760)
Өзге пайыздық шығыстар және ұқсас шығыстар	(8,264)	(10,269)	(7,784)
Басқа қаржы міндеттемелері	(677)	(499)	(394)
Пайыздық шығыстардың жиыны	(366,792)	(333,741)	(312,326)
Кредиттік шығындар бойынша шығысқа дейін таза пайыздық кіріс	513,073	399,493	397,978

Өзге пайыздық және ұқсас шығыстарға ұзақ мерзімді қаржылық дебиторлық берешекті, бастапқы танудан болатын, шығын кіреді.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін ТПМ әдісі бойынша есептелген жалпы пайыздық кіріс амортизациялық құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері үшін 763,593 миллион теңге (2020 ж. 31 желтоқсанда: 636,817 миллион теңге, 2019 ж. 31 желтоқсанда: 592,179 миллион теңге).

26. ҚЫЗМЕТТЕР МЕН КОМИССИЯЛАР БОЙЫНША КІРІСТЕР

Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістер мынадай табыс көздерінен алынған:

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пластик карталар бойынша қызмет көрсету	82,531	69,228	63,147
Банктік аударымдар – есеп айырысу шоттары	25,746	18,625	15,878
Берілген кепілдіктер және аккредитивтер	11,477	10,131	9,718
Кассалық операциялар	10,484	10,376	11,335
Клиенттерге зейнетақы төлеу	7,381	8,599	8,131
Банктік аударымдар – жалақы	4,494	6,045	6,925
Клиенттердің шоттарына қызмет көрсету	3,938	3,129	3,310
Басқасы	7,826	5,266	4,812
Ниеттестік бағдарламасы	(15,488)	(7,278)	(2,613)
Қызметтер мен комиссиялар бойынша кірістердің жиыны	138,389	124,121	120,643

Қызметтер мен комиссиялар бойынша шығыстарға мыналар кіреді:

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Төлем карталары	(60,700)	(48,746)	(37,231)
Депозиттерді сақтандыру	(5,965)	(8,635)	(12,121)
Банктік аударымдар	(2,254)	(1,634)	(1,327)
Кассалық операциялар	(861)	(1,130)	(1,106)
Коллекторларға төленген комиссиялар	(186)	(326)	(314)
Басқасы	(1,823)	(2,713)	(2,547)
Қызметтер мен комиссиялар бойынша шығыстардың жиыны	(71,789)	(63,184)	(54,646)

27. ПАЙДА НЕМЕСЕ ШЫҒЫН АРҚЫЛЫ ӘДІЛ ҚҰНМЕН БАҒАЛАНАТЫН ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА/(ШЫҒЫН)

Пайда немесе шығын арқылы әділ құнмен бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайда/(шығынға) мыналар кіреді:

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Саудаға арналған деп жіктелінген қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайда/(пайда):			
Туынды құралдармен операциялар бойынша жүзеге асырылған таза пайда/(шығын)	8,289	(2,106)	2,736
Туынды құралдар бойынша жүзеге асырылмаған таза пайда/(шығын)	5,018	4,517	(20,055)
Сауда операциялары бойынша таза пайда/(шығын)	1,764	790	(1,415)
Саудаға арналған деп жіктелінген қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайданың/(шығындың) жиыны	15,071	3,201	(18,734)

28. ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫМЕН ЖАСАЛҒАН ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША ТАЗА ПАЙДА

Шетел валютасымен жүргізілетін операциялар бойынша таза пайда мыналардан құралады:

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Сауда операциялары, нетто	38,175	51,273	37,212
Бағамдағы айырма, нетто	(7,639)	(10,333)	8,167
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайданың жиыны	30,536	40,940	45,379

29. САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНЕН АЛЫНҒАН КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР

Сақтандыру қызметінен алынған кірістер мен шығыстар мыналардан құралады:

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Сақтандыру сыйлықақылары, брутто	227,027	147,214	132,329
Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	(79,371)	(61,976)	(37,173)
Әлі алынбаған сақтандыру сыйлықақысы резервіндегі өзгеріс, нетто	(7,618)	610	(2,173)
Сақтандыру қызметінен алынған кіріс жиыны	140,038	85,848	92,983
Сақтандыру резервтері бойынша шығыстар	(32,933)	(11,677)	(24,201)
Сақтандыру төлемдері	(31,113)	(25,147)	(22,193)
Агенттерге комиссиялық сыйақы	(26,971)	(26,542)	(42,531)
Қайта сақтандыруды шегеріп тастағанда, сақтандыру төлемдерінің жиыны	(91,017)	(63,366)	(88,925)
Сақтандыру қызметінен түсетін таза кіріс	49,021	22,482	4,058

30. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

Операциялық шығыстар мыналардан құралады:

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Жалақы және сыйлықақылар	105,410	85,286	79,231
Тозу және амортизация	14,909	13,027	11,596
Табыс салығын қоспағандағы салықтар	9,607	8,281	7,786
Ақпараттық қызметтер	6,909	5,593	4,515
Байланыс	5,546	5,455	4,243
Күзет	5,403	4,885	4,459
Коммуналдық қызметтер	4,312	3,868	4,248
Жарнама шығыстары	4,261	1,808	1,544
Жеңдеу және қызмет көрсету	3,639	4,263	3,875
Жалдау	2,996	2,762	3,476
Қайырымдылық	2,944	2,719	2,004
Кәсіби қызметтер	1,843	1,091	1,495



Кеңселік және офистік заттар	1,744	1,756	1,555
Көлік	731	665	766
Иссапарлық шығыстар	696	491	1,324
Басқасы	5,658	3,864	3,208
Операциялық шығыстардың жиыны	176,608	145,814	135,325

31. БАНКТІК ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕН КІРІСТЕР

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Коммерциялық қожымайтын мүлікті сатудан алынған таза пайда	16,048	18,828	22,845
Сатуға арналған ұзақмерзімді активтерді сатудан алынған таза пайда	2,754	3,980	1,851
Банктік емес қызметтен алынған өзге кіріс	2,338	3,688	3,703
Инвестициялық қожымайтын мүлікті сатудан алынған таза пайда	1,544	749	2,902
Банктік емес қызметтен кірістер	22,684	27,245	31,301

32. АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА

Акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда бас компанияның акционерлеріне тиесілі бір жылдағы таза пайданы жыл ішінде айналымдағы таза пайданы бөлуге қатысатын акциялардың орташа өлшемделген санына бөлу арқылы есептеледі.

Акционерлік қоғамдар туралы қазақстандық заңнамаға сәйкес, жай акциялар бойынша дивиденд мөлшері осы кезең ішіндегі артықшылықты акциялар бойынша дивиденд мөлшерінен аспауға тиіс. Ендеше, кезең ішіндегі таза пайда жай және артықшылықты акциялар арасында олардың бөлінбеген пайдаға заңдық және келісімшарттық құқықтарына сәйкес бөлінеді.

Төменде бір акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда туралы мәліметтер келтірілген:

	2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда			
Бас компанияның акционерлеріне қатысты кезең ішіндегі таза пайда	462,377	352,653	334,511
Жай акцияларды ұстаушыларға қатысты таза пайда	462,377	352,653	334,511
Акцияға шаққандағы базалық пайданың есебі үшін акциялардың орташа саны	11,684,338,205	11,693,073,338	11,678,815,976
Акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда (теңгемен)	39.57	30.16	28.64

ҚҚБ талаптарына сәйкес сауда-саттық тізіміне енгізілген компаниялар үшін бір жай акцияның баланстық құны 2021, 2020 және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мына төмендегі кестеде көрсетілген:

Акциялар түрі	2021 ж. 31 желтоқсан		
	Айналымдағы акциялар саны	Капитал (ҚҚБ ережесі негізінде есептелген)	Бір акцияның баланстық құны, теңгемен
Жай	10,896,004,850	1,560,057	143.18
		1,560,057	

Акциялар түрі	2020 ж. 31 желтоқсан		
	Айналымдағы акциялар саны	Капитал (ҚҚБ ережесі негізінде есептелген)	Бір акцияның баланстық құны, теңгемен
Жай	11,684,340,715	1,481,060	126.76
		1,481,060	

Акциялар түрі	2019 ж. 31 желтоқсан		
	Айналымдағы акциялар саны	Капитал (ҚҚБ ережесі негізінде есептелген)	Бір акцияның баланстық құны, теңгемен
Жай	11,656,585,190	1,297,502	111.31
		1,297,502	

Жай акцияларға қатысты капитал сомасы капиталдың қорытынды сомасы мен материалдық емес активтердің қалдық құнының сомасы арасындағы айырма ретінде есептеледі. Топ басшылығы есеп беріліп отырған күнгі жағдайға сәйкес ҚҚБ талаптары толығымен орындалып отыр деп есептейді.

33. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ

Топтың қаржылық қызметі үшін тәуекелдерді басқарудың маңызы зор. Топ қызметіне тән болатын негізгі тәуекел түрлері мыналар:

- Кредит тәуекелі;
- Өтімділік тәуекелі; және
- Нарықтық тәуекел.

Тәуекелдерді басқарудың пәрменді әрі тиімді саясатын қамтамасыз ету үшін Топ тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттарын айқындады, бұлардың басты мақсаты Топты қазіргі бар тәуекелдерден қорғауға және жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік беруді көздейді. Бұл аталған қағидаттарды Топ мынадай тәуекелдерді басқару кезінде пайдаланады.

Тәуекел-тәбетті басқару

Тәуекел-тәбет – тәуекелдердің жиынтықты деңгейі және түрлері, оларды Банк стратегиялық міндеттер мен бизнес-жоспарға қол жеткізу кезінде қабылдауға дайын.

Банктің тәуекел-тәбетін басқарудың тиімді жүйесін құру мақсатында «Қазақстан Халық Банкі» АҚ тәуекел-тәбетінің стратегиясы әзірленді және бекітілді.

Тәуекел-тәбет стратегиясы қабылданатын елеулі тәуекелдердің көлемінің анық шекарасын анықтайды, онда «Халық» тобы дамуының жалпы стратегиясын жүзеге асыру аясында Банк қызметі іске асырылады, сондай-ақ тәуекелдердің жүзеге асырылуын болдырмау мен олардың Банктің қаржылық жағдайына теріс әсер етуін барынша азайту мақсатымен Банк қызметінің тәуекел-бейінін анықтайды.

Тәуекелдердің әрбір елеулі деңгейі бойынша тәуекел-тәбет стратегиясын әзірлеу және ендіру шеңберінде Директорлар кеңесі Банктің қабылданған бизнес үлгілерін, қызметінің ауқымын, операциялар түрлері мен олардың күрделілігін есепке алып, тәуекел-тәбеттің (кредит тәуекелі, нарықтық тәуекел, өтімділік тәуекелі, операциялық тәуекел бойынша) деңгейлерін бекітті.

Капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі

Екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидаларының талаптарына сәйкес Топ Директорлар кеңесі бекіткен, капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесін әзірледі және ендірді. Капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі («КЖБП») – активтер көлемі, қызметтің сипаты мен күрделілік деңгейі, ұйымдық құрылым, стратегиялық жоспарлар, тәуекел-бейін, нормативтік құқықтық база ескерілген, елеулі тәуекелдерді басқару процесінің жинағы, осындай тәуекелдерді тұрақты қаржылық жағдайды және төлем қабілеттілікті ұстап тұру үшін Топтың капитал жеткіліктілігінің мақсатты деңгейін анықтау мақсатымен бағалау және біріктіру.

КЖБП әзірлеу мақсаты – Топ қызметіне тән тәуекелдерді, соның ішінде: кредит тәуекелін, нарықтық тәуекелді, өтімділікті жоғалту тәуекелін, операциялық тәуекелді жабу үшін жеткілікті капиталдың қажетті деңгейін анықтау мақсатында олардың елеулі түрлерін анықтау, бағалау, біріктіру және бақылау. Топ меншікті капиталдың жеткіліктілігін бағалауды тәуекел-тәбеттің ағымдағы деңгейін және даму стратегиясын есепке алумен, бекітілген бюджеттің негізінде жүзеге асырады. Меншікті капиталдың жеткіліктілігін бағалау Топқа тән тәуекелдердің стресс-тестілеу нәтижелері ескеріліп іске асырылады. Капитал жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі оның нәтижелері, тәсілдерін стресс-тестілеуге қолдануды, тәуекелдерді анықтауды және ақпарат жинау процесін, тәуекелдерді бағалау модельдерін валидтеуді қоса алғанда, сандық, сондай-ақ сапалық көрсеткіштерге үздіксіз шолу жасайды.

Кредит тәуекелі

Кредит тәуекелі – қарызшының/контрагенттің Топ алдындағы өз қаржы міндеттемелерін орындамауы, дер кезінде орындамауы немесе толығымен орындамауы салдарынан Топтың шығынға ұшырау тәуекелі.

Кредит тәуекелдерін басқару және бақылауда тәуекел-менеджмент бөлімшесі маңызды рөл атқарады. Бұл бөлімше кредит тәуекелін сәйкестендіру, бағалау, бақылау және мониторинг шараларын енгізуді жүзеге асырады. Кредит тәуекелін басқару жүйесі шеңберінде Топ провизиялардың жеткілікті деңгейін ұстап тұруды, шешімдер қабылдау үшін ақпараттың толықтығы мен шынайылығын қамтамасыз ету бойынша қажетті шараларды қолданумен, ішкі саясатты және бизнес бөлімшелерге тәуелді емес кредит тәуекелдерін бағалау рәсімдері бар рәсімдерді сақтаумен кредит тәуекелін бағалау процесіне бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Тәуекел-менеджмент бөлімшесі кредиттік шешімдер қабылдау, кредит беру ережелері мен бағдарламаларын келісу, кредит тәуекелін азайту үшін шаралар қолдану бойынша тәуелсіз нұсқаулар беру, лимиттерді бақылау, кредит тәуекелдері, кредит тәуекелі бойынша тәуекел-тәбеттің деңгейінің мониторингін, есептеме құрастыру, сондай-ақ сыртқы заңнамалық реттеу, сол сияқты ішкі талаптар мен рәсімдерге сәйкестікті бақылауды қамтамасыз ету процесіне тікелей қатысады.

Топ өзінің кредит тәуекелінің деңгейін бір қарызшыға /контрагентке немесе қарызшылар тобына қатысты, сондай-ақ салалық (және географиялық) сегменттер бойынша ең жоғары тәуекел мөлшерін анықтау арқылы айқындайды. Экономика салалары бойынша кредит тәуекелінің барынша жоғары шоғырлану лимитін Активтер мен Пассивтерді басқару (АПКОМ) комитеті белгілейді және бақылап отырады. Топ кредит беру түрлері: корпоративтік бизнес, шағын және орта бизнес, Банктің кредиттік портфельіне бөлшек бизнес түрлері бойынша несиелік портфельдің шоғырлануына, Банктің 10 ірі қарызшылары бойынша портфельдің шоғырлануына, валюталық қарыздар бойынша портфельдің шоғырлануына, кредит беру сегменттері бойынша кредиттік портфельде шағын және бөлшек бизнесте рейтингтің рұқсат етілген деңгейі, PD деңгейі және NPL деңгейі бойынша кредит портфельінің шоғырлануына тәуекел-тәбеттің деңгейін белгілейді. Кредит беру бағдарламалары (Шағын және орта бизнеске кредит беру, бөлшек кредиттер) бойынша кредит тәуекелдерінің деңгейіне қатысты шектеулерді Басқарма бекітеді. Әрбір контрагент бойынша, оның ішінде банктер мен брокерлерді қоса алғанда, баланстық және баланстан тыс жекелеген тәуекелдер деңгейін тиісті Кредит комитеттері мен АПКОМ қарастырады. Белгіленген лимитті салыстырып отыру арқылы күн сайын тәуекелдердің нақты мөлшеріне мониторинг жүргізіледі.

Әрбір контрагент бойынша міндеттемелердің орындалмау тәуекелі баланстық және баланстан тыс тәуекелдерді қамтитын лимиттермен шектеледі.

Баланстан тыс кредиттік міндеттемелер пайдаланылмаған кредит желілері, кепілдемелер немесе аккредитивтер түрінде болады. Баланстан тыс шоттарда есепке алынатын қаржы құралдары бойынша кредит тәуекелі контрагенттің келісімшарт талаптары мен мерзімін орындай алмауынан мүмкін болатын шығын ретінде анықталады. Баланстан тыс қаржы құралдарымен байланысты кредит тәуекелдеріне қатысты Топ пайдаланылмаған кредит желілерінің жалпы көлеміне тең мөлшерде шығындалады. Дегенмен, мүмкін болатын шығын көлемі жалпы пайдаланылмаған міндеттемелер көлемінен аз болады, өйткені көпшілік жағдайда кредит беруге байланысты туындайтын міндеттемелер контрагенттің кредит төлеудің ерекше

стандарттарына сай келу мүмкіндігіне тікелей қатысты. Шартты міндеттемелерге қатысты Топ қаржы құралдарының балансында көрсетілген несие беруді бекіту, тәуекелді шектейтін лимиттер пайдалану және ағымдағы мониторинг жүргізу рәсімдеріне негізделген кредит саясатын ұстанады. Топ кредиттің өтелу мерзімін жіті қадағалайды, өйткені қысқа мерзімділерге қарағанда ұзақ мерзімді міндеттемелердің кредит тәуекелінің қауіпі жоғарырақ.

Кредит комитеттерінің құрылымы мен өкілеттігі

Топтың Кредиттік саясатын жүзеге асыруды және кредиттік шешімдердің ретімен қабылдануын қамтамасыз етуші алқалық кредиттік органдарға кредит комитеттері, АПКОМ, Басқарма, Тәуекелдер жөніндегі комитет және Директорлар кеңесі жатады.

Коммерциялық Дирекция («КД»)

Кредиттік операциялар және корпоративтік клиенттердің кредиттік өтінімдері бойынша Банктің ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыру – басты мақсаты болып табылатын Банктің алқалық органы.

Филиалдардың және филиалдар желісінің кредит комитеттері («ФКК», «ФЖКК»)

Банктің ФКК, ФЖКК - олардың негізгі мақсаты филиалдар арқылы шағын және орта бизнес субъектілеріне қаржы құралдарын беру бөлігіндегі Банктің ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыру болып табылады.

ФКК мен ФЖКК кредит беру лимитін филиалдар бойынша Банк Басқармасы белгілейді. ФКК үшін белгіленген кредит беру лимиті шеңберінде филиал қаржы құралын беруге байланысты мәселелер бойынша өз бетімен шешім қабылдайды. ФЖКК лимиттен тыс жобалары бойынша және олар бойынша шешім қабылдау ФЖКК өкілеттілігіне кірмейтін жобалар бойынша шешімді ФЖКК қабылдайды. ФЖКК шешімдер қабылдау рәсімінде сондай-ақ Банк қызметтерінің сарапшылық қорытындыларын кешенді талдау негізінде жасақталған кредиттік топтаманы қарастыруды қамтиды.

Бас Банктің бөлшек кредит комитеті («ББ БКК») және Шешімдер қабылдау орталығы («ШҚО»)

Филиалдар арқылы бөлшек бизнес субъектілеріне қаржы құралдарын беруге қатысты Банктің ішкі кредиттік саясатын жүзеге асыру – басты мақсаты болып табылатын Банктің ББ БКК және ШҚО.

ШҚО төрт көз қағидатында негізделген, шешімдерді қабылдау бойынша өкілеттігі бар кредиттік андеррайтерлерден құралады. ШҚО Банк Басқармасы бекіткен өкілеттіктер мен ББ БКК бекіткен лимиттер шеңберінде шешімдер қабылдайды. ББ БКК лимиттен тыс және нормативтен тыс өтінімдерді қарастыру Банк Басқармасы бекіткен өкілеттіктер шеңберінде басқа да мәселелерді қарастыруға уәкілетті.

ШҚО мен ББ БКК жұмыс істеуімен қатар, жеке тұлғаларға кредит беру кезінде шешімдер қабылдау үшін автоматтандырылған тәсіл бар. Шешім қабылдауды автоматтандыру тәуекелге бағытталған тәсілге, соның ішінде Risk Based Pricing (тәуекелге негізделген баға белгілеу) және клиенттердің кредитті төлеу қабілетін бағалау кезінде

қосымша параметрлерді қолдануға негізделген. Өтінімдерді қарастыру нәтижелері бойынша кредиттік ұсыныстар сұратылған талаптар бойынша, сол сияқты жеке тұлғалардың өтініш берушілерінің барлық сегменттері үшін (жалақы жобасына қатысатындар/қатыспайтындар, зейнеткерлер және т.с.с.) альтернативті шешімдер ұсыну жолымен жасалады. Мұндай тәсіл қарызының тәуекел бейінін ескереді және шешім қабылдауда тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Шағын Бизнес бойынша Шешімдер Қабылдау Орталығы («ШБ бойынша ШҚО»)

Шағын бизнес саласында 150 миллион теңгеден аспайтын мөлшердегі кредит өтінімдерін қарау – негізгі міндеті болып табылады.

ШБ бойынша ШҚО төрт көз қағидатында негізделген, шешімдерді қабылдау бойынша өкілеттігі бар кредиттік андеррайтерлерден құралады. ШҚО Банк Басқармасы бекіткен өкілеттіктер мен ФЖКК бекіткен лимиттер шеңберінде шешімдер қабылдайды.

Бас банктің, филиалдардың проблемалық кредиттері жөніндегі комитеті

Банктің алқалы органдары, олардың басты мақсаты – Банктің және оның филиалдарының проблемалық кредиттер бойынша қаражатты басқару, қызмет көрсету және олардың қайтарылуын қамтамасыз ету бойынша қызметін ұйымдастыруға және бақылауға қатысты Банктің ішкі кредит саясатын жүзеге асыру болып табылады.

Еншілес кәсіпорындардың уәкілетті /алқалы органдары

Еншілес кәсіпорындардың кредиттік өтінімдерін қарастыру және бекітуді еншілес кәсіпорнының ішкі құжаттарына сәйкес еншілес кәсіпорнының уәкілетті/алқалы органы жүзеге асырады. Нормативтен тыс және лимиттен тыс кредиттік өтінімдерді еншілес кәсіпорнының Директорлар кеңесі Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіпте Бас Банктің тиісті Кредит комитетінде алдын ала қарау кезінде бекітеді.

АПКОМ

Ақша тарту және оны орналастыруға байланысты банктік қызметтің кірістілігін ұлғайту және тәуекелдерді шектеу, сонымен қатар активтер мен пассивтерді басқару жөнінде орта мерзімді саясатты белгілеу мақсатын көздейтін Банктің алқалық органы. АПКОМ-ның басты мақсаттары: өтімділікті басқару, нарықтық тәуекелдерді басқару, Банктің атқарушы органдарының қаржылық тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметіне тиімді бақылауды қамтамасыз ету және Банк тәуекелдерін барынша азайтудың басым бағыттарын айқындау.

АПКОМ, сондай-ақ контрагент банктерге елдік лимиттер мен лимиттер белгілеу функцияларын жүзеге асырады. АПКОМ Директорлар кеңесіне есеп береді.

Банк Басқармасы

Бас Банктің кредиттік комитетінің, Филиал желісі кредиттік комитетінің, Бас Банктің бөлшек бизнестің кредит комитетінің өкілеттіктері тыс немесе филиал желісі кредит комитетіне, Бас Банктің бөлшек бизнестің кредит комитетінің белгілі бір шегінен асатын кредиттік өтінімдер Банк Басқармасында қаралады.

Тәуекелдер жөніндегі комитет

Комитет Директорлар кеңесі жанындағы алқалы орган болып табылады және тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін және Банкте ішкі бақылауды қалыптастыру, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша функцияларды жүзеге асыруда көмек көрсетеді және Директорлар кеңесін Банк қабылдайтын тәуекелдердің деңгейі туралы хабардар етіп отырады.

Директорлар кеңесі

Банктің меншікті капиталының 5%-нан асатын сомаға берілген кредиттік өтімдер, сондай-ақ Банкпен ерекше қарым-қатынаспен байланысқан тұлғалармен жасалатын мәмілелер Директорлар кеңесінде қаралады.

Кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері

Топтың кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері нақты активтерге тән жекелеген тәуекелдер мен жалпылама нарықтық тәуекелдердің әсеріне қарай елеулі өзгеріске ұшырап отырады.

Төменде беріліп отырған кестеде қаржы активтері мен шартты міндеттемелер бойынша кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері көрсетілген. Баланс шоттарындағы қаржы активтері үшін кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері активтерді есепке алуды және міндеттемелер мен қамтамасыз етуді қоспағанда осы активтердің баланстық құнына тең болады. Қаржы кепілдіктері мен басқа да шартты міндеттемелер үшін кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері кепілдеме бойынша төлем қажеттігін туындағанда немесе ашылған кредит желілері шеңберінде несие талап етілген жағдайда Топ төлеуге тиіс болатын ең жоғары көлемде тең болады (27-ескерту). Кепілді қамтамасыз ету осы кепіл қамтамасыз ету ретінде алынған қаржы құралының баланстық құнымен көрсетіледі.

	2021 ж. 31 желтоқсан	
	Есепке алудан кейінгі кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері және кредит тәуекелінің таза мөлшері	Қамтамасыз ету
Ақша баламасы*	1,192,906	208,728
Міндетті резервтер	194,931	-
Пайда немесе шығын арқылы әділ күнмен бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде)	262,066	-
Кредит мекемелеріндегі қаражат	602,125	-
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ күнмен бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде)	1,862,516	-
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизациялық құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	1,288,178	-
Клиенттерге берілген қарыздар	5,872,228	5,158,676
Өзге қаржы активтері	71,233	-
Шартты қаржы міндеттемелері (провизиялар шегерілгенде)	736,494	35,469

	2020 ж. 31 желтоқсан	
	Есепке алудан кейінгі кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері және кредит тәуекелінің таза мөлшері	Қамтамасыз ету
Ақша баламасы*	1,542,784	194,467
Міндетті резервтер	170,128	-
Пайда немесе шығын арқылы әділ күнмен бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде)	224,532	-
Кредит мекемелеріндегі қаражат	709,310	-
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ күнмен бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде)	1,250,182	-
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизациялық құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	1,229,539	-
Клиенттерге берілген қарыздар	4,446,275	3,789,113
Өзге қаржы активтері	95,648	-
Шартты қаржы міндеттемелері (провизиялар шегерілгенде)	497,338	16,922

	2019 ж. 31 желтоқсан	
	Есепке алудан кейінгі кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері және кредит тәуекелінің таза мөлшері	Қамтамасыз ету
Ақша баламасы*	1,483,784	58,331
Міндетті резервтер	141,006	-
Пайда немесе шығын арқылы әділ күнмен бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде)	155,531	-
Кредит мекемелеріндегі қаражат	53,161	-
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ күнмен бағаланатын қаржы активтері (үлестік бағалы қағаздар шегерілгенде)	1,628,406	-
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтерді шегергенде амортизациялық құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	1,212,981	-
Клиенттерге берілген қарыздар	3,752,445	3,277,632
Өзге қаржы активтері	102,424	-
Шартты қаржы міндеттемелері	525,566	33,453

* Бұл сома қысқа мерзімді қарыздар мен бастапқы өтеу мерзімі 90 күннен аспайтын салымдарды білдіреді, бұлар ақшалай қаражаты мен оның баламасының құрамына кіргізілген.



2021, 2020 және 2019 жж. 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша есепке алуан кейінгі кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері және кредит тәуекелінің таза мөлшері арасында айырмашылық жоқ.

Кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюуы

4-ескертуде айтылғандай, Топ құнсыздануға қатысты талап етілетін барлық қаржы активін бастапқы таныған сәттен бастап кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюу жағдайына мониторинг жүргізеді. Кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюуы анықталған жағдайда Топ кезекті 12 айда ғана емес, кредит берудің бүкіл мерзімі ішінде күтілетін кредиттік шығындардың шамасы негізінде бағалау резервінің шамасын есептейді.

Топ кредит тәуекелінің бағалауын тәуекелдер үшін дефолт ықтималдылығының уақыттық құрылымын анықтаудағы негізгі үлес ретінде пайдаланады. Топ құзыреті немесе аймағы бойынша, сондай-ақ өнім мен қарызшы түрі бойынша, кредит тәуекелін жіктеу бойынша талданған кредит тәуекелі бойынша тиімділік және дефолт туралы ақпарат жинайды. Пайдаланылатын ақпарат бағаланатын портфельге байланысты ішкі және сыртқы болып табылады. Топ активтер портфеліне кредит тәуекелі айтарлықтай ұлғайғандығын анықтау үшін әртүрлі критерийлерді пайдаланады. Критерийлер ретінде дефолт ықтималдылығының сандық өзгерістері де сапалық өзгерістері де пайдаланылады.

Қазынашылық операциялары (банкаралық операциялар, бағалы қағаздар, кері РЕПО келісімдері) үшін кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюуы әрбір қаржы активі үшін жеке бастапқы танылған сәттен сандық көрсеткіштер (бастапқы танылған сәттен 3 немесе одан көп тармаққа рейтингінің төмендеуі, бастапқы танылған сәттен 1 немесе одан көп күнге мерзімін кешіктіру) және сапалық көрсеткіштер (эмитентке/контрагентке қатысты жағымсыз ақпарат, оның ішінде қаржы жағдайының нашарлауы, акционерлерінің ауысуы, беделін жоғалту тәуекелінің іске асуы, пруденциалық нормативтерді жүйелі түрде бұзу) негізінде анықталады.

Ұжымдық негізде бағаланатын банктік қарыздар бойынша – кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюуы бастапқы танылған сәттен 30 күннен асатын мерзімі өткен берешегі бар қарыздар үшін және сегменттелген біртекті портфельдер үшін белгілі бір шекті мәндерді пайдалана отырып бастапқы танылған сәттен бастап кредит берудің бүкіл мерзімі ішінде дефолт ықтималдылығының ұлғаюуы негізінде, жеке негізде бағаланатын қарыздар бойынша – ішкі кредит рейтингі төмендеген кезде және ішкі рейтингті үлгіге сәйкес 10 пайыздық тармаққа қалған әрекет ету мерзімінің бойына дефолт ықтималдығы ұлғайған кезде (3-кезеңге жіктеу үшін қаржы жағдайы нашарлаған кезде қайта құрылымдаудың болуы) қосымша анықталады, қарызшының сандық және сапалық көрсеткіштерінің өзгеруі, кепілді қамтамасыз етудің айтарлықтай нашарлауы және бастапқы таныған сәттен айтарлықтай қаржы қиындықтарының басқа да объективті растаулары негізінде Банк мамандарының сараптамалық қорытындылары анықталады.

Ұжымдық негізде бағаланатын қарыздар үшін 3-кезең берешектің мерзімі 60–90 күннен аса өткен кезде, жеке негізде бағаланатын қарыздар бойынша – 60 күннен аса мерзімі өткен, қаржы жағдайының нашарлауына байланысты қайта құрылымдалған, ішкі кредит рейтингі және Банк мамандарының сараптамалық пікірі нашарлаған кезде анықталады.

Топ төмен кредит тәуекелі бар кейбір қаржы құралдарының есеп беру күніндегі кредит тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған деп санайды. Топ тек тәуелсіз және қаржы мекемелері үшін ғана шығарылған қаржы құралдарына қатысты аталған саясатты қолданады. Топ қаржы құралының сыртқы кредиттік рейтинг халықаралық рейтингтік агенттіктер «инвестициялық деңгей» анықтамасына балама жасаған төмен кредит тәуекелі бар деп есептейді.

Топ кредиттің айтарлықтай ұлғайғанын анықтау үшін пайдаланылатын критерийлер тиімді болып табылатынына көз жеткізу үшін мониторинг жүргізу рәсімдерін ендірі, бұл дегеніміз кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюуы тәуекел бойынша дефолтқа дейін және активтің 30 күнге мерзімі кешіктірілген деп саналғанда сәйкестендіріледі.

Болжамды ақпарат беру

Топ артық шығындарсыз және күш кетірмей қолжетімді болып табылатын болжамдық ақпаратты кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюуын бағалаған, сонымен қатар ККШ бағалаған кезде пайдаланады.

Болжамдық элементтерді беру Топтың болжауын көрсетеді және әрбір сценарий үшін ықтималдылықты бағалауды қоса алғанда екі сценарий («базалық нұсқа» және «қолайсыз» сценарийлері) жасауды шамалайды. Күтілетін кредиттік зияндарға макроэкономикалық факторлар туралы жорамалдардың желілік емес ықпалын үлгілеу бірнеше сценарийді пайдалану мақсаты болып табылады. «Базалық» сценарийдің ықтималдығы 75%, ал «қолайсыз» сценарийдікі – 25%.

Болжамдарды әзірлеуді «Halyk Finance» АҚ тиісті экономикалық ауыспалының болашақ болжамының «базалық нұсқасын» және «қолайсыз нұсқасын» жасау үшін ішкі және сыртқы ақпаратты, сонымен қатар болжамның басқа ықтимал сценарийлерінің ауқымын пайдалана отырып, жүзеге асырады. Пайдаланылатын сыртқы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдар және ақша-кредиттік реттеу органдары жариялайтын экономикалық деректер мен болжамдарды қамтиды.

Топ белгілі бір болжамдау сценарийлеріне ықтималдылықты қолданады. Базалық сценарий аса ықтимал нәтиже болып табылады және Топ бюджетті жоспарлау және жасау үшін пайдаланатын ақпараттан тұрады. Топ қаржы құралдарының портфеліне әсер ететін негізгі көрсеткіштерді анықтады және ұқжаттады, және тарихи деректердің статистикалық талдауын пайдалана отырып, макроэкономикалық ауыспалылар, кредит тәуекелдері мен кредиттік зияндар арасындағы өзара байланысты бағалады.



Көрсетілген стресс-факторларды қолданған кезде 2021 жылдың соңында жүргізілген стресс-тестілеу нәтижелері Топтың жеке қаржылық көрсеткіштерінің біршама төмендегенін көрсетеді (күтілетін кредиттік шығындарға резервтің ұлғаюы, таза пайданың азаюы және клиенттердің қаражатының кетуі).

Сол уақытта, Топтың меншікті капиталы мен өтімді активтерінің жеткілікті мөлшері бар екенін ескере отырып, Топтың қаржы жағдайының айтарлықтай нашарлауы және нормативтік талаптар мен нормалардың бұзылуы болжамдалмайды.

Тұтас алғанда, әрбір сценарий үшін болжамдалған макрофакторлардың нашарлауы және «қолайсыз» сценарийдің туындау ықтималдылығының ұлғаюы 1-кезеңнен 2-кезеңге өтетін қарыздар санының ұлғаюына да, ККШ бойынша шамаланған резервтердің ұлғаюына да алып келеді. Керісінше, болжамдалған макрофакторлардың жақсаруы немесе «базалық нұсқа» сценарийінің туындау ықтималдылығының ұлғаюы жағымды әсер етеді. Ауыспалылар арасындағы өзара байланыстың себебінен нақты бір сценарий үшін түрлі макрофакторлардағы өзгерістердің ықпалын, сонымен қатар нақты бір сценарийге тән пессимизм деңгейі мен оның туындау ықтималдылығы арасындағы өзара байланысты анықтау мүмкін емес.

Төменде келтірілген кестеде Топ өз қызметін жүргізетін ел және сәйкесінше ККШ-ға маңызды ықпал ететін ел болып табылатын Қазақстан үшін 2021, 2020 және 2019 жж. 31 желтоқсан жағдайы бойынша пайдаланылатын экономикалық сценарийлерге енгізілген негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер берілген.

Пайдаланылатын макрофакторлардың тізімі	2021 ж. 31 желтоқсан		2020 ж. 31 желтоқсан		2019 ж. 31 желтоқсан	
	Анықтау	Ауқымы	Анықтау	Ауқымы	Анықтау	Ауқымы
ЖІӨ өсімі	% өзгеріс	2.5% мен 3.7% арасында	% өзгеріс	2.4% пен 3.0% арасында	% өзгеріс	2.4% мен 3.6% арасында
Инфляция	Инфляция %	7.5% пен 9.0% арасында	Инфляция %	6.5% пен 8.0% арасында	Инфляция %	5.8% пен 10.4% арасында
Мұнай бағасы	Бір баррельдің бағасы	50 АҚШ доллары мен 68 АҚШ доллары арасында	Бір баррельдің бағасы	35 АҚШ доллары мен 45 АҚШ доллары арасында	Бір баррельдің бағасы	45 АҚШ доллары мен 55 АҚШ доллары арасында

Қаржы активтері халықаралық рейтинг агенттігінің ағымдағы кредит рейтингіне немесе Топтың ішкі бағалау жүйесіне сәйкес жіктеледі. Ең жоғарғы мүмкін болатын рейтинг - AAA. Инвестициялық класқа жатқызылған қаржы активтеріне AAA-дан BBB-ге дейінгі рейтинг берілуі мүмкін. BBB-ден төмен рейтинг берілген қаржы активтері алып-сатарлық деңгей ретінде жіктеледі.

Топтың қаржы активтерінің кредит рейтингі (төменде егжей-тегжейлі көрсетілген клиенттерге берілген қарыздарды қоспағанда) күтілетін кредиттік шығындар резервіне дейін мынадай түрде берілген:

	AA	AA-	A	BBB	<BBB	Кредиттік рейтинг берілмеген	2021 ж. 31 жел. Жиыны
Ақшалай қаражат және оның баламасы*	220,128	13,360	9,539	911,214	24,133	14,574	1,192,948
Міндетті резервтер	-	-	-	194,931	-	-	194,931
Пайда немесе шығын арқылы әділ күнмен бағаланатын қаржы активтері	190	188	7,297	172,764	89,238	13,656	283,333
Кредит мекемелеріндегі қаражат	-	17,428	73,943	467,644	24,121	19,187	602,323
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ күнмен бағаланатын қаржы активтері	20,052	75,029	134,835	1,583,770	54,281	6,387	1,874,354
Амортизациялық күн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар	-	-	43,187	1,058,187	6,275	181,074	1,288,723
Басқа қаржы активтері	-	-	-	-	-	90,829	90,829
Шартты қаржы міндеттемелері	-	-	-	-	-	749,687	749,687

	AA	AA-	A	BBB	<BBB	Кредиттік рейтинг берілмеген	2020 ж. 31 жел. Жиыны
Ақшалай қаражат және оның баламасы*	85,871	21,315	16,871	1,362,247	43,927	12,599	1,542,830
Міндетті резервтер	-	-	-	170,128	-	-	170,128
Пайда немесе шығын арқылы әділ күнмен бааланатын қаржы активтері	8,241	148	6,889	175,273	15,678	36,096	242,326
Кредит мекемелеріндегі қаражат	6,949	5,130	207,854	464,553	6,408	18,677	709,571
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ күнмен бааланатын қаржы активтері	55,370	10,553	110,284	922,213	139,968	19,481	1,257,868
Амортизациялық құн бойынша бааланатын борыштық бағалы қағаздар	-	-	-	1,050,974	4,805	174,334	1,230,113
Басқа қаржы активтері	-	-	-	-	-	126,284	126,284
Шартты қаржы міндеттемелері	-	-	-	-	-	506,625	506,625

	AA	AA-	A	BBB	<BBB	Кредиттік рейтинг берілмеген	2019 ж. 31 жел. Жиыны
Ақшалай қаражат және оның баламасы*	333,315	150,360	192,281	746,969	52,473	8,406	1,483,804
Міндетті резервтер	-	-	-	133,033	7,973	-	141,006
Пайда немесе шығын арқылы әділ күнмен бааланатын қаржы активтері	8,360	332	1,167	19,616	114,002	41,554	185,031
Кредит мекемелеріндегі қаражат	2,557	6,700	5,151	9,009	16,741	13,170	53,328
